KAZATOMPROM
NATIONAL ATOMIC COMPANY

Бүгінгі болашақ энергиясы

Біріктірілген жылдық есеп 2025





Мазмұны

Директорлар кеңесі төрағасының жолдауы 2
Басқарма Төрағасының жолдауы....4
Компанияның сандық түрдегі сипаттамасы 2025....6
2025 жылдың басты оқиғалары....8

1 КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ 10

Қызметтің қысқаша сипаттамасы....12
Бизнес-модель 14
Активтердің құрылымы мен қызмет географиясы....16
Қауымдастықтарға мүшелік....18

2 СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ 20

Уран өнімдері нарығына шолу және бәсекелес орта....22
Қызмет нәтижелерінің қарқыны....26
Сатылымдар және өткізу 30
Даму стратегиясы 32
Қазатомөнеркәсіптің инвестициялық жобалары....36

3 ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ 38

Топ қызметінің нәтижелеріне әсер ететін елеулі факторлар....40
Қызметтің негізгі көрсеткіштерін талдау 47
Уран сегменті....50
ҮМЗ сегменті 54
Өткізудің өзіндік құны....55
Күрделі шығындарға шолу....58
Қорлар мен геологиялық зерттеулер....62
Өтімділік және капиталдық ресурстар....62
Берешек 69
Шығарылған акциялар....72
2026 жылға арналған болжамды көрсеткіштер 73

4 БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ 78

Тұрақты дамуды басқару 82
Ғылым және цифрландыру....102
Жеткізілімдер тізбегі 119

5 ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ 126

Энергиялық тиімділік және климаттық тұрақтылық....128
Табиғатты жауапкершілікпен пайдалану....146

6 ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК 178

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік....180
Қызметкерлер құрамын басқару 208
Адам құқықтары....244
Компания әрекет ететін өңірлердегі жергілікті тұрғындарды қолдау 250

7 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ 262

Корпоративтік басқару жүйесі....264
Тәуекелдерді басқару....295
Ішкі бақылау жүйесі 308
Ішкі аудит....308
Сыртқы аудит....309
Салықтық ашықтық....310
Іскерлік әдеп және комплаенс....313
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибесі....321
Мемлекеттік органдармен байланыс және лоббистік қызмет 325

8 ҚОСЫМШАЛАР 326

Есеп туралы 328
2023-2025 жылдардағы негізгі ESG көрсеткіштері 336
Басшылықтың растауы 352
Топ құрылымы 353
GRI көрсеткіштерінің кестесі 356
TCFD көрсеткіштерінің кестесі 378
TNFD көрсеткіштерінің кестесі 379
SASB көрсеткіштерінің кестесі 380
UNCTAD көрсеткіштерінің кестесі 384
Тәуелсіз аудитордың қорытындысы....387
Шоғырландырылған қаржылық есептілік....400
Глоссарий 495
Ұлыбританиядағы салық салу туралы ақпарат....499
Байланыс ақпараты....502



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Директорлар кеңесі төрағасының жолдауы

GRI 2-22



Арман Арғынғазин

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

Құрметті акционерлер!

Сіздердің назарларыңызға Компания қызметінің негізгі нәтижелерін, оның стратегиялық басымдықтары мен одан әрі даму бағыттарын көрсететін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың 2025 жылғы біріктірілген жылдық есебін ұсынамын.

2025 жыл Қазатомөнеркәсіп үшін тұрақты өсу, нарықтағы орнын нығайту және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту кезеңі болды. Компания бәсекелестік артықшылықтарды ұзақ мерзімді нығайтуға, бизнес тиімділігін арттыруға және атом энергетикасына жаһандық қызығушылықтың өсуіне байланысты мүмкіндіктерді пайдалануға бағытталған 2025–2034 жылдарға арналған жаңартылған даму стратегиясын дәйекті түрде іске асыруда.

Компания стратегиясы негізгі бағыттар бойынша құрылымдалған: минералдық-шикізат базасын дамыту, операциялық тиімділікті арттыру және тұрақты даму қағидаттарын нығайту. Оның негізінде нарықтық сұранысты ескере отырып өндірісті ұлғайтуға тәртіпті тәсіл, ұзақ мерзімді келісімшарттарға басымдық беретін өткізу саясатын дамыту, сондай-ақ корпоративтік басқарудың ашықтығы мен тиімділігін арттыру жатыр.

Жоғары операциялық тиімділік қаржылық нәтижелерде көрініс тапты. 2024 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтік төлемдердің жалпы көлемі шамамен 328 млрд теңгені құрады, бұл алдыңғы кезеңнің көрсеткішінен 13,2 млрд теңгеге артық. Қазатомөнеркәсіп «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниялары арасында дивидендтердің ең ірі төлеушісі мәртебесін сақтап отыр.

Есепті жылы Компания үшін «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекске енгізілген өзгерістер айтарлықтай маңызға ие болды. Бұл өзгерістер уранды барлауға лицензиялар алу, өндіруге арналған келісімшарттарды беру және ұзарту шарттарын нақтылайды, сондай-ақ технологиялық дамуға және ресурстық базаны толықтыруға бағытталған қосымша талаптарды енгізеді. Қабылданған шаралар Қазатомөнеркәсіптің ұлттық оператор ретіндегі рөлін күшейтеді және инвестициялық жобаларды тиімді іске асыру үшін қосымша жағдайлар жасайды. Қазіргі уақытта жалпы ауданы 1 мың км²-ден асатын келешегі зор жеті уран аумақтарын зерттеу бойынша жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар тантал, ниобий және бериллий сияқты сирек металдар бағыты дамытылуда.

Компания жаһандық нарық конъюнктурасының ауытқуына қарамастан, сату географиясын дәйекті түрде әртараптандыруда.

Есепті жылы Еуропа және Азия елдеріндегі серіктестермен жаңа келісімдер жасау, сондай-ақ халықаралық клиенттермен ұзақ мерзімді қатынастарды дамыту есебінен экспорттық позициялар нығайтылды.

Директорлар кеңесі тұрақты даму мәселелеріне ерекше назар аударады. 2025 жылдың қорытындысы бойынша S&P Global CSA бағасы 50/100 деңгейін құрады, ал жиынтық ESG-көрсеткіші 51 балға жетіп, өткен жылғы деңгейден 2 тармаққа жоғары болып, саланың орташа көрсеткіштерінен екі есе дерлік асып түсті. Бұл Компания қызметінің экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік аспектілерін басқарудағы жүйелі әрі дәйекті тәсілін растайды.

Орта мерзімді перспективада Компания таңдалған стратегияны ұстануды, өзіндік құны төмен ең тиімді өндірушілердің бірі мәртебесіне, сондай-ақ қаржылық көрсеткіштер мен акционерлік құнның дәйекті өсуіне назар аударуды жоспарлап отыр.

Атом холдингінің ел экономикасына қосқан үлесі маңызды болып қала береді. Жыл қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының бюджетіне салықтар мен міндетті төлемдер түрінде 850 млрд теңгеден астам қаражат аударылды, бұл экономиканың тұрақты дамуына және қатысу өңірлеріндегі әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға ықпал етеді.

Қол жеткізілген нәтижелер Қазатомөнеркәсіп командасының кәсібилігі, жауапкершілігі және жоғары деңгейдегі қатысуының арқасында мүмкін болды.

Директорлар кеңесінің атынан Компания қызметкерлеріне, акционерлеріне, серіктестеріне, клиенттеріне және барлық стейкхолдерлеріне сенім білдіргені мен ортақ нәтижелерге қол жеткізуге қосқан үлесі үшін алғыс білдіремін. Бірлескен күш-жігерімізбен біз Қазатомөнеркәсіптің әлемдік нарықтағы орнын одан әрі нығайтуды және жаңа маңызды жетістіктерге қол жеткізуді жалғастыратынымызға сенімдімін.

Құрметпен,
Арман Арғынғазин
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Басқарма төрағасының жолдауы

GRI 2-22



Мейіржан Юсупов

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма төрағасы

Құрметті әріптестер, серіктестер және инвесторлар!

2025 жыл Қазатомөнеркәсіп қызметінің негізгі бағыттары бойынша елеулі дамумен, сондай-ақ ресурстық әлеуеттің өсуімен және халықаралық әріптестіктің кеңеюімен ерекшеленді. Компания өзгеріп жатқан салада одан әрі жетілдіруге және ұзақ мерзімді дамуға, ағымдағы процестерді оңтайландыруға және жаңа мүмкіндіктерді зерделеуге бағытталған 2025–2034 жылдарға арналған жаңартылған даму стратегиясын іске асыруға кірісті.

Уран өндірісіне назар аудара отырып, Компания елдің уран қорларын тиімді және ұтымды пайдалану мақсатында минералдық-шикізат базасын белсенді түрде кеңейтуде. 2025 жылы Түркістан облысындағы екі жаңа аумақта барлау жұмыстары басталды, ал таяу жылдары геологиялық барлауға инвестицияларды едәуір ұлғайту жоспарлануда.

Сонымен қатар, Қазатомөнеркәсіп сирек металдар — тантал, ниобий және бериллийдің минералдық-шикізат базасын дамытуды жалғастыруда. Компания Қарағанды облысында барлауға жаңа лицензиялар алып, қорларды бағалау және растау үшін одан әрі геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуді жоспарлауда.

Өндірістік процестердің сенімділігін қамтамасыз етуге, өндіріс тиімділігін арттыруға және сату портфелін күшейтуге ерекше көңіл бөлінеді. Бұл уран өнімдеріне әлемдік сұраныстың артуы жағдайында айрықша маңызды.

Біз табиғи уранды өткізу нарықтарын әртараптандыруды жалғастырудамыз: 2025 жылы 8 елде 21 клиентке жеткізу жүзеге асырылды. Швейцария, Чехия және Жапония атом электр станциялары үшін қазақстандық уранды жеткізуге жаңа келісімшарттарға қол қойылды, бұл Компанияның негізгі экспорттық нарықтардағы позициясын нығайтуға мүмкіндік берді.

Біз сондай-ақ халықаралық капитал нарықтарындағы позицияларымызды нығайтуды жалғастырудамыз. 2018 жылы IPO-ға шыққаннан бері Қазатомөнеркәсіптің нарықтық капиталдануы жеті еседен астам өсті. Бұл инвесторлардың Компания стратегиясына деген сенімін көрсетіп, оның тұрақтылығы мен әлемдік уран нарығындағы мықты позициясын растайды.

Технологиялық даму жолындағы маңызды қадам өндіріс тиімділігін арттыруға, өнімнің жаңа түрлерін жасауға, атом саласында озық және инновациялық шешімдерді енгізуге, сондай-ақ Компанияның одан әрі өсуіне негіз құруға бағытталған он жылдық ғылыми-технологиялық даму стратегиясын қабылдау болды.

Қызметкерлердің, олардың отбасыларының және қатысу өңірлері тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру біздің негізгі басымдықтарымыздың бірі болып қала береді. 2025 жылы Компания өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына шамамен 5 млрд теңге, сондай-ақ келісімшарттық міндеттемелер аясында 6 млрд теңге бөлді.

Адами капиталды дамыту да басты назарда. Қазақстанда алғаш рет Қазақстан-Британ техникалық университеті тұсында «Уран ісі» бакалавриат мамандығы ашылды, Қазатомөнеркәсіп кәсіпорындарында «IZBASAR» бағдарламасы бойынша тағылымдамалар жалғасуда, қатысу өңірлеріндегі жастарға арналған «Murager» білім беру гранттарын ұсыну жобасы іске асырылуда. Осындай бастамалардың, сондай-ақ персоналды дамыту бойынша жүйелі жұмыстың арқасында Қазатомөнеркәсіп Қазақстандағы ең тартымды жұмыс берушілердің үштігіне кіріп, тау-кен-металлургия секторында бірінші орын алды.

Компания Қазақстанның әлемдік атом саласындағы позициясын нығайта отырып, ел экономикасына және өңірлердің дамуына елеулі үлес қосып, барлық мүдделі тараптар үшін ұзақ мерзімді құндылық қалыптастыруды жалғастыратынына сенімдімін.

Қазатомөнеркәсіптің жиырма мыңдық ұжымының әрбір қызметкеріне кәсібилігі мен ісіне деген адалдығы үшін, ал серіктестер мен инвесторларға – сенім мен жемісті ынтымақтастық үшін алғыс білдіремін. Біз стратегиялық мақсаттарды жүзеге асырып, жаңа мүмкіндіктер ашу және Компанияның тұрақты өсуін қамтамасыз ету арқылы бірге сенімді түрде алға жылжып келеміз.

Құрметпен,
Мейіржан Юсупов
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ
Басқарма төрағасы

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Компанияның сандық түрдегі сипаттамасы 2025

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР



13 519

тонна

Уран өндіру көлемі (қатысу үлесіне пропорционалды)

19,6

тонна

Ниобий өнімін өндіру көлемі

723,3

тонна

Бериллий өнімін өндіру көлемі

108,2

тонна

Тантал өнімін өндіру көлемі

257,3

тонна

Отын таблеткаларын өндіру көлемі

ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР



1 803

млрд теңге

Түсім

806,7

млрд теңге

Таза пайда

(0,12)

Таза борыш/ түзетілген EBITDA

2 200

теңге/акция

Акцияға шаққандағы пайда

327,9

млрд теңге

Төленген дивидендтер (2024 жыл үшін)

ТҰРАҚТЫ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ



22 947

адам

Компания қызметкерлерінің саны

26,02%

Компания мен ЕТҰ басқару органдарындағы әйелдердің үлесі

11,419

млрд теңге

Қатысу өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына салынған инвестициялар

0,14

LTIFR (1 млн адам-сағатқа шаққанда)

906 240

тонна CO_2-экв.

Парниктік газдар шығарындылары (1+2-қамту аясы)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

8. ҚОСЫМШАЛАР

2025 жылдың басты оқиғалары

Қаңтар

- Инкай-Мыңқұдық учаскесінде уранды барлау құқығын алу

Ақпан

- Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласында «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниялары арасында бірінші орын алу.

Наурыз

- «Жер сағаты» халықаралық экологиялық акциясын қолдау;
- «Көшбасшылар мектебі» корпоративтік бағдарламасын өткізу.

Сәуір

- Чехияға уран концентратын жеткізу бойынша ČEZ a. s. компаниясымен келісімшартқа қол қою;
- «Бастау» бағдарламасын іске асыру;
- «Әйелдер көшбасшылығын дамыту» воркшобын өткізу.

Мамыр

- Қазақстанның үздік жұмыс берушілерінің бірі және тау-кен металлургия секторындағы көшбасшы ретінде танылу, сондай-ақ елдің үздік 3 жұмыс берушісінің қатарына кіру.

Маусым

- «Атом IQ 2025» білім беру жобасын іске қосу;
- Компания Басқармасы төрағасының Дүниежүзілік ядролық қауымдастықтың (WNA) Басқарушылар кеңесінің құрамына кіруі;
- «Алтын Гефест – 2025» конкурсында өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы көшбасшы ретінде танылу.

Шілде

- Slovenské elektrárne словакиялық энергетикалық компаниясымен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою;
- «Жас мамандар мектебін» өткізу.

Тамыз

- Қазатомөнеркәсіп пен Jordan Uranium Mining Company (JUMCO) мемлекеттік уран өндіру компаниясы арасында «Иорданияның орталық уран жобасын» іске асырудың негізгі қағидаттары туралы келісім жасасу;
- Кәсіпорын қызметкерлерінің қатысуымен корпоративтік спартакиада өткізу.

Қыркүйек

- МАГАТЭ-нің 69-шы Бас конференциясына қатысу;
- Шымкент қаласында Жас мамандар форумын өткізу.

Қазан

- Қарағанды облысында қатты пайдалы қазбаларды барлауға лицензия алу;
- 500-ден астам шырша отырғызу бойынша экологиялық акцияға қатысу.

Қараша

- ESG бағасын 51 балға және S&P Global Corporate Sustainability Assessment бағасын 50 балға дейін арттыру;
- «IZBASAR» таланттарды дамыту бағдарламасы беделді WOW! HR Central Asia 2025 сыйлығында Level Up номинациясында жеңіске жетті.

Желтоқсан

- «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының «Үздік инновациялық компания – 2025» конкурсында жеңіске жету;
- Kansai Electric компаниясымен Жапонияның атом электр станциялары үшін уран жеткізу туралы келісімге қол қою.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

8. ҚОСЫМШАЛАР

1. Компания бейнесі

Қызметтің қысқаша сипаттамасы 12
Бизнес-модель 14
Активтердің құрылымы мен қызмет географиясы 16
Қауымдастықтарға мүшелік 18

20%

Уранды әлемдік бастапқы өндірудегі үлесі

27 кен орны

өндіруші активтер портфелінде

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Қызметтің қысқаша сипаттамасы

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ (Қазатомөнеркәсіп, Қоғам, Компания) 1997 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған. Қазатомөнеркәсіп уран мен оның қосылыстарын, атом электр станцияларына арналған ядролық отынды, арнайы жабдықтар мен технологияларды, қосарлы мақсаттағы материалдарды импорттау-экспорттау бойынша ҚР ұлттық операторы болып табылады. Компания әлемдегі аса елеулі уран ресурстарының біріне басымдық қолжетімділігі бар табиғи уранның әлемдік өндірушілері қатарында көшбасшылық орынды иеленеді.

Компанияның активтер құрылымына конверсия мен байытуды қоспағанда, уранды барлау мен өндіруден, ядролық отын циклі үшін өнімдерді өндіруден бастап, ғылыми зерттеулерге, әлеуметтік қамсыздандыруға және персоналды оқытуға дейінгі түпкілікті өнімді жасау процесіне қатысатын кәсіпорындардың толық спектрі кіреді.

Сонымен қатар Қоғам кәсіпорындары сирек металдарды қайта өңдеу, бериллий, тантал және ниобий өнімдерін өндіру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

Компанияда 22 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Қазатомөнеркәсіп тұрақты даму қағидаттарын қатаң ұстанады және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы халықаралық стандарттарды ұстанады. Компанияның жетістіктері халықаралық және ұлттық деңгейде жоғары бағаланған.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ – үлесіне уранның әлемдік бастапқы өндірісінің шамамен 20%-ы тиесілі әлемдегі ең ірі уран өндіруші.

Топ кәсіпорындары қолданатын уран өндірудің негізгі әдісі – жер асты ұңғымалық шаймалау (in-situ leaching, ISL). Бұл технология дәстүрлі өндіру жұмыстарын жүргізусіз уранды кен қабаттарынан алуға мүмкіндік береді, ал бұл қоршаған ортаға әсерді айтарлықтай азайтады, аршу жұмыстарының көлемі мен судың тұтынылуын азайтады, сондай-ақ өндірудің экономикалық тиімділігін арттырады. Жерасты ұңғымалық шаймалау әдісін пайдалану неғұрлым қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз етеді, және экологиялық және әлеуметтік жауапкершіліктің жоғары стандарттарының сақталуымен уранды өндіруге жағдай туғызады.



КОМПАНИЯ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

- **Қауіпсіздік**
- **Кәсіпқойлық**
- **Жауапкершілік**
- **Даму**
- **Команда**



KAZATOMPROM NATIONAL ATOMIC COMPANY

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК


7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

8. ҚОСЫМШАЛАР

Бизнес-модель

GRI 2-6

КАПИТАЛДАР	ҚЫЗМЕТІ	ҚҰНДЫ ҚҰРУ
ҚАРЖЫЛЫҚ КАПИТАЛ	Табиғи уранды өндіру	₸1 803 млрд Түсім ₸327,9 млрд Дивидендтер төлемі (2024 жыл үшін)
ТАБИҒИ РЕСУРСТАР		₸3 199 млн Табиғатты қорғау қызметі ₸2 511 млн Энергиялық тиімділік есебінен үнем
ӨНДІРІСТІК КАПИТАЛ		₸398 187 млн[1] Кен өндіруші кәсіпорындардың күрделі шығындары (100%-дық негізде) ₸518,2 млрд Сатып алулардың сомасы
ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК		₸3,2 млрд[2] Оқыту шығыстары ₸1,46 млрд Тікелей ҒЗТКЖ
АДАМИ КАПИТАЛ		₸14,99 млрд ЕҚ мен ӨҚ-ға инвестициялар 22 947 адам Персонал саны



Табиғи уран — Компания түсімінің

27

Кен орны

ЯОЦ өнімдері

- ядролық керамикалық сұрыпты UO_2 ұнтақтарын өндіру;
- отын таблеткаларын өндіру;
- жылу бөлгіш құрастырмаларды фабрикациялау.

Ғылыми қызмет

- уран шикізатын өндіру және қайта өңдеу технологияларын жетілдіру, жаңа ЯОЦ-тың қайта өңдеу сатыларын меңгеру, СМ және СЖМ бағыттарын дамыту және ESG міндеттемелерін орындау бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Геологиялық барлау

- уранның минералдық-шикізат базасын толықтыру бағдарламасын іске асыру.

Сирек және сирекжер металдар



[1] 100%-дық негіздегі 14 уран өндіру кәсіпорнының күрделі шығындарын ғана қамтиды; тарату қорлары мен тарату шығындары кірмейді.

[2] Қоғам мен оның ЕТҰ бойынша біліктілікті арттыру, оқыту және қайта даярлау, сондай-ақ білімді сақтау мен беру шығыстарын қамтиды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК


7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

8. ҚОСЫМШАЛАР

Активтердің құрылымы мен қызмет географиясы

GRI 2-1

Қазатомөнеркәсіп Қазақстандағы өндіру жерасты ұңғымалық шаймалау (ЖҰШ) әдісімен жүзеге асырылатын 27 уран кен орны/кен орны телімін игеретін 14 өндіруші кәсіпорынға иелік етеді.



Активтерінің құрылымы мыналарды қамтиды:

2 100% қатысу үлесі бар еншілес кәсіпорын

6 уран кен орнында жұмыс істейтін

12 уран өндіру әсіпорны

21 уран кен орны телімін игеретін Қазатомөнеркәсіптің ішінара иелігінде

АКТИВТЕР

1	«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС	100%
2	«РУ-6» ЖШС	100%
3	«Аппақ» ЖШС	65%
4	«Инкай» БК» ЖШС	60%
5	«Байкен-U» ЖШС	52,5%
6	«Орталық» ӨК» ЖШС	51%
7	«Семізбай-U» ЖШС	51%
8	«Буденовское» БК» ЖШС	51%
9	«Қаратау» ЖШС	50%
10	«Ақбастау» БК» АҚ	50%
11	Turanium» ЖШС[3]	50%
12	«Заречное» БК» АҚ	49,98%
13	«КАТКО» БК» ЖШС	49%
14	«Оңтүстік тау-химиялық компаниясы» БК» ЖШС	30%
15	«Үлбі металлургия зауыты» АҚ	94,33%
16	«Волковгеология» АҚ	99,78%
17	«KAP Logistics» ЖШС	100%
18	«СКЗ-U» ЖШС	49%
19	«SSAP» ЖШС	9,89%
20	«Qorgan-Security» ЖШС	100%
21	«KAP Technology» ЖШС	100%
22	«Уранэнерго» ЖШС	79,23%
23	«Жоғары Технологиялар Институты» ЖШС	100%
24	«ТН KazakAtom» AG	100%

Өндіруші активтер · ЯОЦ және металлургия · Көмекші кәсіпорындар · Ғылым, инжиниринг, білім · Сауда

[3] Бұрын – «Хорасан-U» БК».

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Қауымдастықтарға мүшелік

GRI 2-28

17 ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҮШІН СЕРІКТЕСТІК

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі бизнестің бірлескен күш-жігерінің маңыздылығын сезіне отырып, кәсіби қоғамдастықтармен, салалық бірлестіктермен және халықаралық ұйымдармен белсенді түрде өзара әрекеттеседі. Салалық бастамаларға қатысу тәжірибе алмасуға, озық тәжірибелерді енгізуге және стратегиялық міндеттерді шешуге ықпал етіп, Компанияға уран өнеркәсібіндегі ғаламдық үрдістердің алдыңғы қатарында қалуға мүмкіндік береді.

Ұйым	Сайт	Мүшеліктің басталған жылы
Халықаралық ұйымдар		
World Nuclear Association (Дүниежүзілік ядролық ассоциация), Лондон, Ұлыбритания	world-nuclear.org	1993
Tantalum-Niobium International Study Center (Тантал мен ниобийді зерттеудің халықаралық орталығы), Брюссель, Бельгия	tanb.org	1999
The World Nuclear Fuel Market (Әлемдік ядролық отын нарығы), Норкросс, Джорджия штаты, АҚШ	wnfm.com	2002
Nuclear Energy Institute (Ядролық энергетика институты), Вашингтон, Колумбия округі, АҚШ	nei.org	2018
World Nuclear Transport Institute (Дүниежүзілік ядролық көлік институты), Лондон, Ұлыбритания	wnti.co.uk	2019
The Group of Vienna IAEA (МАГАТЭ Вена тобы), Вена, Аустрия	iaea.org	2021
United Nations Global Compact (БҰҰ Жаһандық шарты)	unglobalcompact.org	2022
Ұлттық ұйымдар		
«Қазақстанның ядролық қоғамы» ЗТБ	nuclear.kz	2002
«Тау-кен металлургия кәсіпорындарының республикалық қауымдастығы» ЗТБ (АГМП)	agmp.kz	2006
KAZENERGY қауымдастығы	kazenergy.com	2009
«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы	atameken.kz	2013
Қазақстан машина жасаушылары одағы	smkz.kz	2023
Қазақстан Республикасы жұмыс берушілерінің ұлттық конфедерациясы «PARYZ»	paryz.org	2024

2025 жылы Компанияның халықаралық салалық бірлестіктерге қатысуы одан әрі кеңейе түсті: «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ басқарма төрағасы Мейіржан Юсупов Дүниежүзілік ядролық қауымдастықтың (World Nuclear Association, WNA) Басқарушылар кеңесіне сайланып, бұл органдағы Қазақстанның алғашқы өкілі атанды. Бұл оқиға Компанияның әлемдік кәсіби қоғамдастықтағы қатысуын нығайтып, оның халықаралық салалық күн тәртібін қалыптастыруға қатысуын кеңейтті.

Төмендегі іс-шараларды қоса алғанда, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Қазақстан Республикасындағы атом өнеркәсібінің дамуына, сондай-ақ Компания қызметінің халықаралық аспектілеріне ықпал ететін нормативтік өзгерістерді қоса алғанда, мемлекеттік органдармен салалық реттеу мәселелері бойынша бейінді кеңес берулер мен сараптамалық талқылаулар аясында өзара әрекеттеседі.

2025 жылы Компания 2025 жылдың 26 желтоқсанында Мемлекет басшысының көмірсутек және уран секторларында жер қойнауын пайдалануды жетілдіру мәселелері бойынша «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойғанын хабарлады.

Сондай-ақ 2025 жылғы мамырда Түркістан қаласында Түркістан облысы бойынша Экология департаменті «Қоршаған ортаға әсерді төмендету (шығарындылар, төгінділер, қалдықтарды жинақтау және көму), Түркістан облысы бойынша I санаттағы объектілер үшін ең озық қолжетімді техникаларды енгізудің перспективалық жоспарын талқылау» тақырыбында кеңес өткізді, оған өңірдегі Компанияның барлық ЕТҰ-лары қатысты.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

2. Стратегиялық шолу

Уран өнімдері нарығына шолу және бәсекелес орта 22
Қызмет нәтижелерінің қарқыны 26
Сатылымдар және өткізу 30
Даму стратегиясы 32
Қазатомөнеркәсіптің инвестициялық жобалары 36

39%

Топтың активтері арқылы уранның әлемдік өндірісіндегі Қазақстанның үлесі

13 519 тонна

Уран өндірісі

KAZATOMPROM NATIONAL ATOMIC COMPANY

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ


8. ҚОСЫМШАЛАР

Уран өнімдері нарығына шолу және бәсекелес орта

Минералды активтер

GRI 2-1

ҚМК СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕС УРАН ОРЛАРЫНЫҢ ҮЛЕСТІРІЛУІМЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ УРАН ПРОВИНЦИЯЛАРЫ[4]



Компанияның минералды-ресурстық базасы Қазақстан Республикасының төрт негізгі аймағындағы (Қызылорда, Түркістан, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстары) активтермен ұсынылған. Мұндай географиялық үлестіру Қазатомөнеркәсіпке әлемдегі ең ірі уран қорларының біріне қолжетімділікті қамтамасыз етеді және ұзақ мерзімді әрі жауапты даму үшін сенімді негіз қалайды.

2025 жылдың негізгі нәтижелері

78 540 тонна уран

АЭС-тің реакторлық қажеттіліктері мен коммерциялық және стратегиялық сипаттағы қорларды қалыптастырудың есепке алынуымен уранға деген әлемдік сұраныс

81 800 тонна уран

Әлемдік уран ұсынысының көлемі

66 490 тонна уран

Табиғи уранның әлемдік өндірісі

72,75 АҚШ долл.

Орташа апталық споттық баға (U_3O_8 фунтына)[5]

73,54 АҚШ долл.

Ай соңындағы орташа споттық баға (U_3O_8 фунтына)[5]

[4] Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссия (МҚК). Қорлардың үлестірілуі пайыздық арасалмақпен көрсетілген.

[5] Дереккөз: TradeTech и UxC.

KAZATOMPROM NATIONAL ATOMIC COMPANY

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

8. ҚОСЫМШАЛАР

Әлемдік уран саласы нарығының маңызды оқиғалары

Әлемдегі геосаяси жағдай

АҚШ

2 сәуірде АҚШ президенті Қазақстанды қоса алғанда, АҚШ-тың сауда серіктестерінен импортқа баждарды енгізуді ескеретін Атқарушы жарлыққа қол қойды. Сонымен қатар, табиғи уран және ядролық отынның басқа түрлері жаңа тарифтерден босатылды. Бұдан басқа, 1962 жылғы Сауданы кеңейту туралы заңның 232-бөліміне сәйкес тергеудің нәтижелері бойынша уран және оның туындыларын қоса алғанда, өңделген аса маңызды пайдалы қазбалардың импортымен байланысты ұлттық қауіпсіздік тәуекелдерін жоюға бағытталған шараларды қолдану туралы Прокламация қабылданды. Егер АҚШ президенті сауда серіктестерімен келіссөздер дер кезінде жүргізілмей жатқан немесе тәуекелдерді азайту үшін жеткіліксіз деп шешетін болса, ол импортқа шектеулерді қоса алғанда, қосымша шараларды қолдануы мүмкін.

Атом энергетикасын қаржыландыру

Дүниежүзілік банк пен Азия даму банкі өздерінің ұзақ мерзімді атом энергетикасына қатысты саясатын қайта қарап, дамушы елдерде ұқсас жобаларды қаржыландыру мүмкіндіктерін ашты.

Атом саласын дамыту

АҚШ

АҚШ президенті ядролық энергетиканың жеделдетілген дамуына және 2040 жылға қарай АҚШ-тағы ядролық қуатты төрт есеге арттыруға бағытталған төрт жарлыққа қол қойды. Негізгі шараларға жаңа ядролық реакторларды лицензиялау үдерісін жеделдету, АЭС-та өндірілген электр энергиясын үкіметтің кері сатып алу құқығын кеңейту, отандық ядролық отын өндірісін қолдау және ғылыми-зерттеу ынтымақтастығын кеңейту жатады.

ҮНДІСТАН

Ел үкіметі ядролық қуатты 2047 жылға қарай ағымдағы 8,1 ГВт-тан 100 ГВт-қа дейін арттырудың өршіл жоспары туралы жариялады. Мұндай кеңейтуге қаржыландыруды тарту үшін Үндістан Парламенті атом саласына жеке инвестицияларды тартылуға рұқсат ететін «Үндістанды түбегейлі өзгерту үшін ядролық энергияны тұрақты пайдалану және дамыту туралы» заң жобасын мақұлдады.

ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен ұлттық азаматтық ядролық бағдарламаны дамыту аясында Атом энергиясы жөніндегі агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) құрылды. Кешенді бағалаудан кейін «Росатом» МК еліміздегі алғашқы үлкен қуатты АЭС-ті салу бойынша халықаралық консорциумның көшбасшысы ретінде таңдалды, China National Nuclear Corporation (CNNC) екінші орынға ие болып, Қазақстанда екінші және үшінші АЭС-тің құрылысын басқара алады.

2025 ЖЫЛЫ ЯДРОЛЫҚ РЕАКТОРЛАРДЫ ІСКЕ ҚОСУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУДАН ШЫҒАРУ[6]

Санаты	Саны	Қуаттылығы	Елдер
Пайдалануға берілген	3	3,0 ГВт	Қытай, Үндістан, Ресей
Пайдаланудан шығарылған	7	2,8 ГВт	Ресей (3), Бельгия (3), Тайвань
Құрылысы басталған	10	11,9 ГВт	Қытай (9), Ресей

2025 жылы Қытайда, Үндістанда және Ресейде үш жаңа энергетикалық блоктың іске қосылуының есебінен әлемдік ядролық қуатқа ~3 ГВт қосылды. Бұл дәл сол кезеңде жеті реактордың (жалпы 2,8 ГВт), негізінен Еуропада, пайдаланудан шығарылуын өтеген. Орта мерзімді келешекке болжамдар оң болып қала береді: 15 елде 60-тан астам реактор құрылыс сатысында, ал 2030 жылға қарай нарық талдаушылары белгіленген ядролық қуаттың 2025 жылмен салыстырғанда 15-20%-ға өсетінін болжайды.

2015-2025 ЖЫЛДАРДАҒЫ УРАН БАҒАЛАРЫ, U_3O_8 ФУНТЫНА АҚШ ДОЛЛАРЫ[7]



Соңғы он жылдықта уран нарығы ұзаққа созылған тоқыраудан белсенді өсу сатысына өтті. 2011 жылдың наурыз айындағы «Фукусима» АЭС-да орын алған апаттан кейін бағалар U_3O_8 фунтына 50 доллар деңгейінен төмендеп, 2016 жылдың қыркүйегінде U_3O_8 фунтына 22,25 долларға жетті. Бұл ұзаққа созылған төмендеу Жапониядағы реакторлардың тоқтатылуының және басқа да бірқатар елдерде (Германияда, Бельгия мен Тайваньда) жалғасып жатқан өндіріс пен нарықтағы ұсыныстың артылуы аясында саясаттың қайта қаралуы салдарынан әлемдік сұраныстың қысқаруына байланысты орын алды. Алайда, 2020-жылдардан бастап споттық және ұзақ мерзімді бағалардың біртіндеп өсуін қолдаған сұраныстың қалпына келуіне қарай тұрақты өзгеріс байқалуда.

2024 жылға қарай бағалар көпжылдық шыңға жетіп, U_3O_8 фунтына 100 доллардан асып түсті, ал бұл энергетикалық толыққандылыққа және көміртектікті бейтараптылыққа қол жеткізу бойынша елдердің өсіп келе жатқан талаптарының артуы аясында ядролық отынды жеткізу тізбегіндегі және бастапқы өндіріс тапшылығы қаупіне ерекше көңіл аударту.

Спот бағаларының өзгеріс қарқыны 2025 жыл бойы жоғары құбылмалылықпен сипатталған. АҚШ тарифтерінің кесірінен алаңдаушылық аясында бірінші тоқсанда баға белгіленімдері 73 доллардан U_3O_8 фунтына 64 долларға дейін төмендегеннен кейін, белсенді қалпына келу басталды. Екінші және үшінші тоқсандардағы өсімнің негізгі себепкері уран қорларының, ең алдымен Sprott Physical Uranium Trust қорының белсенділігі болды, нәтижесінде баға қыркүйекте шыңдық мәндерге жетті (U_3O_8 фунтына 82 доллар). Қазан мен қарашадағы құбылмалылық кезеңдеріне қарамастан, жыл соңына дейін сатып алушылардың жоғары белсенділігінің арқасында биылғы жыл өсу үрдісімен аяқталды.

Орта және ұзақ мерзімді келешекте сала мамандары ұсыныстың құрылымдық тапшылығымен шартталған уран бағасының өсу үрдісінің сақталуын болжайды. Азиядағы реакторлық қуаттың кеңеюі, сондай-ақ Еуропа елдері мен АҚШ-тағы ұлттық ядролық энергетикаға қатысты саясаттың біртіндеп өзгеруі өсудің негізгі себепкері болады. Нарық талдаушылары өсуді қолдаудың қосымша факторы ретінде елеулі инвестициялар мен ұзақ лицензиялау циклін қажет ететін жаңа кен өндірісі қуаттарының іске қосылу қарқынын атап өтеді.

[6] МАГАТЭ-нің энергетикалық реакторлар жөніндегі ақпараттық жүйесінің (PRIS) деректері бойынша.
[7] Дереккөз: TradeTech и UxC.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Қызмет нәтижелерінің қарқыны

Өндірістік көрсеткіштер

GRI 2-6, SASB EM-MM-000.A

Қазатомөнеркәсіп минералдық-шикізат базасын жауапты басқару және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану есебінен Қазақстандағы уран саласының тұрақты дамуын қамтамасыз етеді. Бұл Компанияға өзінің өндірістік көрсеткіштерінің тұрақты серпінін және ресурс базасының тиімді дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2025 жыл ішінде Қазатомөнеркәсіп әлемдік нарықтағы ең үлкен үлесті ұстап тұрып, ең ірі уран өндіруші ретіндегі көшбасшылық орнын растады. UxC ақпараты бойынша, Компанияның 2025 жылы өндірген уран үлесі бастапқы уран өндірісі көлемінің шамамен 20%-ын құрады. Сонымен қатар, Қазақстанда Қазатомөнеркәсіптің құрамына кіретін кәсіпорындар өндірген уранның үлесі дәл сол кезеңде әлемдік уран өндірісінің жалпы көлемінің шамамен 39%-ына жетті.

2025 жылы Компанияның ЕТҰ-на тиесілі жер қойнауын пайдалану келісімшарттары бойынша кен және минералдық қорлардың көлемі 2024 жылмен салыстырғанда тиісінше 4,9% бен 3,3%-ға төмендеді. БК мен қауымдастырылған компанияларға қатысты жер қойнауын пайдалану келісімшарттары бойынша да кен және минералдық ресурстардың 2024 жылмен салыстырғанда тиісінше 9,3%-ға және 8,7%-ға төмендеуі тіркелді.

Геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері

2025 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2025–2034 жылдарға арналған минералдық-шикізат базасын толықтыру бойынша функционалдық стратегиясы бекітілді. Осы стратегияны іске асыру шеңберінде есепті жылы геологиялық барлау жұмыстары бес телімде жүргізілген: Инкай кен орнының №2 телімінде, Жалпақ кен орнының Восточный телімінде, Инкай-Мыңқұдық телімінде, сондай-ақ Буденовское кен орнының 5/1 мен 5/3 телімдерінде.

Жұмыстар бекітілген геологиялық барлау жоспарларына сәйкес жүргізілуде және 2028 жылы аяқталуы жоспарлануда.
2025 жылдың нәтижелері бойынша жалпы орындалу деңгейі бүкіл кезеңге жоспарланған геологиялық барлау жұмыстарының жиынтық көлемінің шамамен 30%-ын құрады.

2026 жылы Компания Буденовское кен орнының Северное телімінде геологиялық барлау жұмыстарына кірісуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы жеті жаңа телім бойынша барлауға жер қойнауын пайдалану құқықтарын алуды және геологиялық барлау жұмыстарының жоспарларын әзірлеуді ұйғарып отыр.

2025 ЖЫЛЫ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ КЕЛІСІМШАРТТАРЫ БОЙЫНША КЕН ЖӘНЕ МИНЕРАЛДЫҚ РЕСУРСТАРДЫҢ КӨЛЕМІ

Компанияның ЕТҰ-ларына өндіру құқығын беретін, Қазақстанның Шу-Сарысу және Сырдария провинцияларында орналасқан жалпы 20 уран учаскесі/кен орны бойынша жер қойнауын пайдалану келісімшарттары.

413,6 мың тонна UME

Дәлелденген және ықтимал кен қорлары

652,3 мың тонна UME

Пайдалы қазбалардың өлшенген және болжамды минералды ресурстары

Қазатомөнеркәсіптің БК мен қауымдастырылған компанияларына Шу-Сарысу, Сырдария және Солтүстік Қазақстан провинцияларында орналасқан 7 уран телімінде/кен орнында кен өндіру құқығын беретін жер қойнауын пайдалану келісімшарттары.

117,4 мың тонна UME

Дәлелденген және ықтимал кен қорлары


134,1 мың тонна UME

Пайдалы қазбалардың жалпы минералдық ресурстары

(соның ішінде өлшенген, болжалды және алдын ала бағаланған минералдық ресурстар)



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР




ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІПТІҢ ТАБИҒИ УРАН ӨНДІРУДІҢ ӘЛЕМДІК НАРЫҒЫНДАҒЫ ҮЛЕСІ (ӨНДІРУДІҢ ТИІСТІ ҮЛЕСІ НЕГІЗІНДЕ), %




ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП УРАН ӨНДІРІСІНІҢ КӨЛЕМІ (ҚАТЫСУ ҮЛЕСІНЕ ПРОПОРЦИОНАЛДЫ), тонна



Жер қойнауын пайдалану келісімшарттары аясындағы міндеттемелерге сәйкес өндіру жоспарының ұлғаюына байланысты 2025 жылдың нәтижелері бойынша 100%-дық негіздегі және иелену үлесіне пропорционалды түрде өндіріс көлемі 2024 жылдың ұқсас көрсеткіштерінен жоғарырақ болды.



НИОБИЙ ӨНІМДЕРІ ӨНДІРІСІНІҢ КӨЛЕМІ, тонна



2024 жылғы деңгеймен салыстырғанда, есепті жылда заттай түрдегі ниобий өндірісінің көлемі 41%-ға өсті, бұл ниобий өнімдеріне сұраныстың артуымен түсіндіріледі



БЕРИЛЛИЙ ӨНІМДЕРІ ӨНДІРІСІНІҢ КӨЛЕМІ, тонна



2024 жылғы деңгеймен салыстырғанда есепті кезеңдегі бериллий өнімін өндіру көлемі заттай мәнде 2 %-ға қысқарды. Бұл төмендеу өнімнің жекелеген түрлеріне келіп түсетін тапсырыстардың қысқаруына байланысты өндірістік жоспарлардың түзетілуімен түсіндіріледі.




ТАНТАЛ ӨНІМДЕРІ ӨНДІРІСІНІҢ КӨЛЕМІ, тонна




2024 жылғы деңгеймен салыстырғанда, заттай түрдегі тантал өнімдері өндірісінің көлемі 2025 жылы 20%-ға төмендеді, бұл тапсырыс берушілер тарапынан сұраныстың төмендеуіне байланысты.



ОТЫН ТАБЛЕТКАЛАРЫ ӨНДІРІСІНІҢ КӨЛЕМІ, тонна



2025 жылы таблеткалардың толлингін қоса алғанда, отын таблеткаларын сату көлемі 257,3 тоннаны құрады, бұл жоспарланған мәндер деңгейінде, бірақ 2024 жылғы көрсеткіштер деңгейінен 12%-ға төмен.



КҮКІРТ ҚЫШҚЫЛЫН ӨНДІРУ КӨЛЕМІ, тонна[8]



2024 жылғы деңгеймен салыстырғанда, 2025 жылы заттай түрдегі күкірт қышқылын өндіру көлемі 3%-ға ұлғайып, 712 мың тоннаны құрады.

[8] «СКЗ-U» ЖШС-тегі күкірт қышқылын өндіру көлемі.

KAZATOMPROM
NATIONAL ATOMIC COMPANY

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Сатылымдар және өткізу

Уран өнімдерін сату

GRI 2-6

2025 жылы Компания уран өнімдерін тікелей және «ТН Kazakatom AG» (ТНК) еншілес компаниясы арқылы сатып, 8 елдегі 21 клиентке өнім жеткізген (2024 жылы – 8 елдегі 19 клиентке).

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ ЖӘНЕ ЕТҰ УРАН ӨНІМДЕРІНІҢ ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН САТЫЛЫМДАРЫ[9]

Өңір**	2023	2024	2025
Америка	26%	22%	25%
Азия	45%	50%	56%
Европа	29%	28%	19%

*БК бойынша серіктестерге уран өнімдерін сатуды қамтиды.

**Өңірлер бойынша бөлу контрагенттің заңды тіркелген елінің негізінде емес, контрагенттің ақырғы бенефициарын тіркеген елінің немесе шешім қабылдау кеңсесінің тіркелген елінің негізінде орындалған.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ ЖӘНЕ ТНК УРАН ӨНІМДЕРІНІҢ (U_3O_8) ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША САТЫЛЫМДАРЫ[9]**, (U_3O_8 САТУ КӨЛЕМІНІҢ* %-Ы)**

Өңір**	2023	2024	2025
Америка	19%	15%	20%
Азия	49%	58%	63%
Европа	32%	27%	17%

*Компанияның сату көлемі (Компанияның және ЕТҰ-ның көрсеткіштерінде есепке алынатын) Компания мен ТНК сыртқы сатып алушыларына өткізудің жалпы көлемін қамтиды. Компания мен ТНК арасындағы топішілік мәмілелер есепке алынбайды.

**Өңірлер бойынша бөлу контрагенттің заңды тіркелген елінің негізінде емес, контрагенттің ақырғы бенефициарын тіркеген елінің немесе шешім қабылдау кеңсесінің тіркелген елінің негізінде орындалған.

2025 жылдағы негізгі жетістіктер:

- Қазатомөнеркәсіп қоржынына 1 жаңа клиент қосылды;
- Сатылымдар географиясы кеңейтілді: табиғи уранды жаңа елге жеткізуге келісімшарт жасалды.

[9] Дереккөз: Қазатомөнеркәсіп деректері, көрсеткіштер дөңгелектелген.

Тасымалдау

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ уран өнімдерін теміржол және теңіз көлігі арқылы 20 футтық контейнерлерде тасымалдайды. Барлық тасымалдаулар форс-мажорлық жағдайларды қоса алғанда, логистикалық тәуекелдерден сақтандырылған.

2025 ЖЫЛЫ U_3O_8 ЖӘНЕ ДАЙЫН ӨНІМ ЖЕТКІЗІЛІМДЕРІ МЫНАДАЙ БАҒЫТТАР БОЙЫНША ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ:

Конверсиялық кәсіпорындар	Топ U_3O_8 өнімін Solstice Advanced Materials US, Inc. (АҚШ), Cameco (Канада) және Orano (Франция) сияқты компанияларға тиесілі лицензияланған конверсиялық кәсіпорындарға тасымалдайды. Тасымалдау алдымен Қазақстаннан теміржол арқылы, әдетте Ресейдегі Санкт-Петербург портына немесе Қазақстандағы Ақтау портына дейін жүзеге асырылады, содан кейін жүк АҚШ, Канада немесе Еуропадағы түрлі порттарға жеткізіледі. Бұдан кейін материал теміржол немесе автомобиль көлігімен қайта өңдеу кәсіпорындарының объектілеріне тасымалданып, меншік құқығы тапсырыс берушіге беріледі. 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстаннан батыс бағытқа уран жөнелтілімінің 48%-ы Транскаспий халықаралық көлік бағдары («ТХКБ») арқылы жүзеге асырылды. Көлік бағыттары арасындағы жөнелтілімдердің үлесі батысқа жөнелтудің жалпы көлеміне, сондай-ақ клиенттердің қажеттіліктері мен таңдаулы тасымалдау бағыты бойынша сұраныстарына байланысты өзгеруі мүмкін. Кейбір жағдайларда Топ тәуекелдер мен көлік шығындарын төмендету үшін конверсиялық объектіде своп-келісімдер жасайды. Бұл Топ серіктестерімен конвертерлерде U_3O_8 алмасуды қамтуы мүмкін.
Қытай	Материалдарды Қытайға тасымалдау кезінде Компания жүкті Қазақстан-Қытай шекарасына жақын орналасқан Алашанькоу теміржол станциясына жеткізеді.
Ресей	Ресей Федерациясына жеткізу кезінде Топ өнімнің түпкілікті межелі пунктіне байланысты жүктерді өз қызметі жүзеге асырылатын орыннан «РТЖ» ААҚ станцияларының біріне дейін теміржол көлігімен тасымалдайды.
Өзге бағыттар	Басқа елдерге тасымалдау тәсілдері мен бағыттары тапсырыс берушімен келісілген жеткізу шарттарына байланысты ерекшеленуі мүмкін.

2025 жылы тасымалдаудың орташа құны бағытқа, жеткізу тәсіліне және партия көлеміне байланысты уранның бір килограмы үшін 0,4-тен 7 АҚШ долларына дейін өзгерді. Мерзімдер мен шығындарды оңтайландыру үшін Қазатомөнеркәсіп логистиканы икемді басқаруға мүмкіндік беретін своп-келісімдер жасайды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Даму стратегиясы

2025 жылдан бастап жаһандық энергетика нарығының өзгермелі жағдайларына және ESG күн тәртібіне бейімделу қажеттілігін қамтып көрсететін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2025–2034 жылдарға арналған жаңартылған даму стратегиясы күшіне енді.

Жаңартылған даму стратегиясы 2018 жылдан бері әрекет еткен стратегияның логикалық жалғасы болып табылады, және климаттық бастамаларды, жаһандық және өңірлік геосаяси өзгерістерді, сондай-ақ тұрақты дамуға арта берген назарды ескереді. Стратегияны жаңарту қажеттілігі 2018–2028 жылдарға белгіленген негізгі стратегиялық мақсаттарға мерзімінен бұрын қол жеткізумен, сондай-ақ ядролық саладағы түбегейлі өзгерістермен шартталған.

2025–2034 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру Қазатомөнеркәсіптің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қолдап тұруға және «ядролық қайта өрлеу дәуірінде» өсу мүмкіндіктерін тиімді ашуға бағытталған.

Компанияның даму стратегиясы негізгі Жалпыұлттық басымдықтармен, Мемлекет басшысының 2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасы халқына жолдауымен және Қордың басымдықтарымен үйлеседі, ал бұл еліміздің ұзақ мерзімді даму бағытын анықтайтын ең жоғары деңгейдегі ұлттық құжат – «Қазақстан 2050» стратегиясын іске асыруға ықпал ететін болады.

Миссиясы

Тұрақты даму арқылы таза энергияға жаһандық көшуге жәрдемдесу.

Пайымы

Атом саласындағы жаһандық көшбасшы.

Компания уран және ядролық секторлардың дамуына елеулі әсер ететін және энергетикалық қауіпсіздік пен экологиялық тұрақтылықты нығайтуға үлес қосатын атом өнеркәсібіндегі жаһандық көшбасшы ретінде танылуға талпынады.



Стратегиялық бағдарларға қол жеткізу үшін келесі стратегиялық мақсаттар анықталған:

- Қызметтің негізгі түріне назар аударуды сақтап тұру және ресурстық базаны ұлғайтуға және тиімді пайдалануға күшті шоғырландыру
- Экономикалық орындылықпен расталған өсіп келе жатқан перспективаларды ескере отырып, ядролық отын циклiндегі қатысуды кеңейту
- Аса маңызды минералдарға деген сұраныс жағдайында сирек және сирекжер металдар бағытын дамыту және кеңейту
- Сатуды әртараптандыруды және трейдингтік функцияны күшейтуді жалғастыру
- Бизнестің тұтастығын қамтамасыз ету және қолдап тұру үшін озық бизнес және ESG тәжірибелерін жетілдіру

2025–2034 жылдарға арналған Даму стратегиясы ұзақ мерзімді құндылық құрудың басымдығын қамтып көрсететін «Value over Volume» қағидатына сәйкес іске асырылуда. Бұл ретте, Компания ядролық отын нарығындағы өзгерістерді және өсіп келе жатқан уран өнімдеріне, сондай-ақ сирек және сирек жер металдарға сұранысты есепке алады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

2025 ЖЫЛДА СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Қызметтің негізгі түріне назарды сақтап, ресурстық базаны ұлғайтуға және тиімді пайдалануға күш-жігерді шоғырландыру

- 2025 жылы Қазатомөнеркәсіп әлемдегі ең ірі уран өндіруші ретіндегі өз орнын сақтап қалды (өндірістегі тиісті үлесінің негізінде). UxC деректеріне сәйкес, Компанияның 2025 жылдағы уран өндірісі жиынтық әлемдік бастапқы уран өндірісінің шамамен 20%-ын құраған. Қазақстандағы бүкіл уран өндірісін қамтитын Холдингтің үлесі 2025 жылы әлемдік уран өндірісінің шамамен 39%-ын құрайды;
- Қазатомөнеркәсіп Түркістан облысының Созақ ауданындағы Шу-Сарысу уран провинциясында орналасқан Инкай-Мыңқұдық телімінде уран барлауға жер қойнауын пайдалану құқығына ие болды. Инкай-Мыңқұдық телімінің P1 және P2 санаттары бойынша болжамды ресурстары 20 000 тоннадан асады;
- Компания жиынтық ауданы 1 000 шаршы км-дан асатын алты телімде геологиялық барлауды жүргізу үшін дайындық жұмыстарын жүргізуде;
- Түркістан облысының Созақ ауданында жылына 2 000 тонна уран өндіретін жаңа уран өңдеу зауыты іске қосылды. Жаңа қуаттар «KATKO» қазақстандық-француздық бірлескен кәсіпорны игеріп жатқан Төртқұдық телімінің оңтүстік бөлігінен уран ерітіндісін өңдеуге арналған;
- Қазатомөнеркәсіп пен Jordan Uranium Mining Company (JUMCO) мемлекеттік уран өндіру компаниясы арасында «Иорданияның орталық уран жобасын» іске асырудың негізгі қағидаттары туралы Келісімге қол қойылды.

Экономикалық орындылықпен расталған өсіп келе жатқан болашақтың ескерілуімен ядролық отын цикліндегі қатысуды кеңейту

- Ядролық отын циклі нарықтарын талдау және зерттеу жүргізілді;
- 2025 жылы «Үлбі-ЖБҚ» ЖШС жылу бөлгіш құрастырмалардың (ЖБҚ) алты топтамасын (200 тоннадан сәл астам төмен байытылған уран) жеткізді. Жеткізілген топтамалардағы барлық ЖБҚ қабылдау бақылауынан өтті және ҚХР-дағы атом электр станцияларымен қабылданды.

Аса маңызды минералдарға деген сұраныс жағдайында сирек және сирек жер металдар бағытын дамыту және кеңейту

- 2025 жылдың 25-27 маусымы аралығында «Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ-та «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның қатысуымен «Сирек металдар: озық технологияларды әзірлеу» атты ғылыми-техникалық сессия өткізілді. 60-тан астам ғалым мен техникалық маман қатысты. ҒТТ Қазақстан кен орындарының бериллий және тантал кендерін бөлу және байыту технологияларын әзірлеуге бағытталған;
- Жылжымалы қондырғыда техникалық таза аммоний перренатын өндіруге арналған өндіріс телімін жобалау жұмыстары басталды;
- Уран өндірісі кезінде өнеркәсіптік өнімдерден сирек металдарды (селен, иттрий) ілеспе айырып алу технологияларын әзірлеу бойынша ҒЗЖ бастамаланды.

Сатуды әртараптандыруды және трейдингтік функцияны күшейтуді жалғастыру

- Қазатомөнеркәсіп және Kansai Electric Жапония АЭС-тері үшін уран жеткізу туралы келісімге қол қойды. Келісім елдің ұлттық энергетикалық теңгеріміне атомдық генерацияның біртіндеп оралуы аясында Жапонияның атом энергетикасы үшін тұрақты жеткізілімдерді құрудағы маңызды кезеңді білдіреді. Келісімнің іске асырылуы Қазақстан мен Жапонияның энергетика салалары арасындағы байланыстың нығаюын қамтып көрсетеді;
- Қазатомөнеркәсіп және чехиялық ČEZ компаниясы Чехия АЭС-тері үшін уран жеткізуге келісімшартқа қол қойды. Алдағы жеті жылда қазақстандық уран жеткізілімдері Темелин АЭС-те қолданылатын Westinghouse жылу бөлгіш құрастырмаларды өндіруге қажетті ураннның шамамен үштен бір бөлігін жабады;
- Компания өзінің маркетингтік саясатын өзектендірді. Құжат коммерциялық қызметті өзгермелі нарық жағдайларына бейімдеудің кешенді тәсілін бекіткен және келесі негізгі бағыттарға көңіл бөледі:
  - баға белгілеу тәсілдерін әртараптандыру;
  - жаһандық қатынасу және сатылымдар географиясын әртараптандыру;
  - сату арналарын жетілдіру;
  - сатылас біріктіруді дамыту.

Бизнестің тұтастығын қамтамасыз ету және қолдап тұру үшін озық бизнес және ESG тәжірибелерін жетілдіру

- 2025 жылы «ESG қағидаттарын енгізу және өзекті тақырыптар», «ESG-дің ескерілуімен шешім қабылдау», «Климаттық тәуекелдерді басқару», «Жер Сағаты», «Дармарка», «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті», «Корпоративтік әлемдегі әйелдердің сенімділігі және өзкөрсетімі» және «ESG қағидаттарын орындау бағытындағы корпоративтік басқару» сияқты тұрақты даму мәдениеті тақырыптары бойынша бірқатар іс-шаралар өткізілді;
- 2025 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та ESG тәжірибелерін жетілдіру бойынша 2025 жылға арналған Жол картасының 46 іс-шарасы орындалды. 2025 жылдың нәтижелері бойынша Жол картасының орындалу деңгейі – 100%;
- 2025 жылдың нәтижелеріне қарай келесі бағыттар бойынша 30 ҒЗТКЖ жүргізілген: 2025 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның ғылыми-технологиялық дамуының басым бағыттары бойынша 30 ҒЗТКЖ жобасы бойынша жұмыс жүргізілді;
- 2025 жылдың сәуірінен қарашасына дейін климаттық тәуекелдерді анықтау және бағалау жұмыстары жүргізілді. Осы жұмыстың шеңберінде климаттық тәеукел факторлары анықталып, сапалық және сандық бағалаулар жүргізілді, климаттық мүмкіндіктер анықталып, басқару бойынша іс-шаралар жоспары әзірленді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Қазатомөнеркәсіптің инвестициялық жобалары

Буденовское кен орнында өнімділігі жылына 6000 тонна уран құрайтын өңдеу кешенінің құрылысы

Жоба мақсаты	Табиғи уранның химиялық концентраты (ТУКК) түрінде дайын өнімді алу.
Жобаны іске асырудың құндылығы	Уран өндіру көлемін кеңейту; Өндірістік және өңдеу қуаттарын дамыту; Қызмет ету аймағындағы экономикалық өсуге оң әсер ету; Жаңа жұмыс орындарын құру – құрылыс мерзіміне шамамен 300 және пайдалану кезеңінде шамамен 700; Бюджетке елеулі салық түсімдері.
Іске асыру мерзімі	I іске қосу кешені – 2024–2025 жж.; II іске қосу кешені – 2025–2026 жж.
Ағымдағы мәртебесі	I іске қосу кешені – Іске асыру; II іске қосу кешені – Анықтау.

Түркістан облысының Созақ ауданындағы Инкай уран кен орнының №3 телімінде уран өндіруді игеру

Жоба мақсаты	Кен орнын тиімді игеру, келісімшарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды құру.
Жобаны іске асырудың құндылығы	Өндіруді кеңейту; Өндірістік және өңдеу қуаттарын дамыту; Қатысу өңіріндегі экономикалық өсуге оң әсер ету; Жаңа жұмыс орындарын құру; Бюджетке елеулі салық түсімдерін қамтамасыз ету.
Іске асыру мерзімі	2025–2030 жж.
Ағымдағы әртебесі	Анықтау.

Жалпақ кен орнында өндірістік қуаттылығы жылына 900 тонна уран құрайтын жер үсті өңдеу кешенінің құрылысы

Жоба мақсаты	Құрамында уран бар тауарлы десорбаттың күкірт қышқылы ерітіндісінің алынуын қамтамасыз ету.
Жобаны іске асырудың құндылығы	Уран өндіру көлемін кеңейту; Өндірістік және өңдеу қуаттарын дамыту; Қызмет ету аймағындағы экономикалық өсуге оң әсер ету; Жаңа жұмыс орындарын құру – пайдалану кезеңінде шамамен 260; Бюджетке елеулі салық түсімдері.
Іске асыру мерзімі	2022–2027 жж.
Ағымдағы мәртебесі	Іске асыру.

«КАТКО» БК» ЖШС-нің Мойынқұм кен орнындағы «Оңтүстік Төртқұдық» жобасы

Жоба мақсаты	Уран өндірісін 4 мың тонна деңгейінде ұстап тұру.
Жобаны іске асырудың құндылығы	Уран өндіру көлемін кеңейту; Өндірістік және өңдеу қуаттарын дамыту; Қызмет ету аймағындағы экономикалық өсуге оң әсер ету; Жаңа жұмыс орындарын құру; Бюджетке елеулі салық түсімдері.
Іске асыру мерзімі	2018–2025 жж.
Ағымдағы мәртебесі	Пайдалану.

Тайқоңыр кентінде қуаттылығы жылына 800 мың тонна құрайтын күкірт қышқылы зауытының құрылысы

Жоба мақсаты	Ішкі күкірт қышқылы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету.
Жобаны іске асырудың құндылығы	Жаңа жұмыс орындарын құру (құрылыс сатысында 150 және пайдалану кезеңінде 500); Салық түсімдерін жылына 4 миллиард теңгеден астамға арттыру; Күкірт қышқылы импортына тәуелділікті төмендету; Қазақстанда болжалды күкірт қышқылы тапшылығын жою; Қосымша 30 МВт электр энергиясын өндіру; Өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту және ШОБ-ты дамыту; Экология және энергия үнемдеу саласындағы әлемдік стандарттарды ескере отырып, күкірт қышқылын өндірудің озық технологияларын енгізу; Уран өнімдерінің төмен өзіндік құны есебінен бәсекелестік артықшылықтарды сақтау.
Іске асыру мерзімі	2023–2026 жж.
Ағымдағы мәртебесі	Анықтау.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

3. Қаржылық шолу

Топ қызметінің нәтижелеріне әсер ететін елеулі факторлар 40
Қызметтің негізгі көрсеткіштерін талдау 47
Уран сегменті 50
ҮМЗ сегменті 54
Өткізудің өзіндік құны 55
Күрделі шығындарға шолу 58
Қорлар мен геологиялық зерттеулер 62
Өтімділік және капиталдық ресурстар 62
Берешек 69
Шығарылған акциялар 72
2026 жылға арналған болжамды көрсеткіштер 73

1 803 млрд теңге

Компания түсімі

806,7 млрд теңге

Таза пайда

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Осы бөлімде «Топ» Компания және оның шоғырландырылатын еншілес кәсіпорындарын, яғни (i) кәсіпорындардың табысына елеулі әсерін тигізетін негізгі қызметін басқару өкілеттігінің, (ii) осы кәсіпорындарға қатысудан әртүрлі кірістерді алу құқықтарының, (iii) бұл кәсіпорындарға қатысты өз өкілеттігін Топтың табысының мөлшеріне әсер ету үшін пайдалану мүмкіндігінің болу салдарынан Топ оларды бақылайтын кәсіпорындарды білдіреді. Топтың басқа кәсіпорынға қатысты өкілеттігінің бар-жоғын бағалаған кезде, нақты әлеуетті дауыс беру құқықтыран қоса алғанда, нақты құқықтардың болуы мен әсерін қарастыру қажет.

Топ, бірлескен кәсіпорындар (БК) және оның қауымдастырылған кәсіпорындар бірлесе «Холдинг» деп аталады.

Жоғарыдағы терминология Топтың 2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің негізінде пайдаланылады.

Топ қызметінің нәтижелеріне әсер ететін елеулі факторлар

Топтың 2025 және 2024 жылдардағы қызметінің нәтижелеріне әсерін тигізген және Компанияның болжамы бойынша болашақта Топ қызметінің нәтижелеріне әсерін тигізуін жалғастыратын елеулі факторларға төмендегілер кіреді:

- табиғи уранды сатудан алынған баға және уран өнімдері бағаларының өзгерістері;
- Топ құрылымындағы өзгерістер;
- валюта бағамдары өзгерістерінің әсері;
- пайдалы қазбаларды өндіру салығын қоса алғанда, салық салу;
- күкірт қышқылының құны мен қолжетімділігі;
- инфляциялық қысымға байланысты бағалар өзгерісі, сондай-ақ жеткізулер тізбегіндегі іркілістерге байланысты маңызды операциялық материалдардың бар болуы;
- қорларды бағалаудағы өзгерістердің әсері;
- еншілес кәсіпорындармен, БК-мен, БҰ-мен және қауымдастырылған кәсіпорындармен мәмілелер.

Табиғи уранды сатудан алынған баға және уран өнімдері бағаларының өзгеруі

Топтың негізгі тауары болып табылатын U_3O_8-дің споттық нарықтық бағалары Топтың түсіміне ең елеулі әсерін тигізеді. Топ түсімінің үлкен бөлігі баға белгіленімі споттық бағаларына байланыстырылған келісімшарттар бойынша U_3O_8-ден сатудан түседі. Споттық бағаларға қосымша, Топтың тиімді өткізу бағасы осы кезеңдегі келісімшарттар қоржынындағы бекітілген баға құрауышы бар келісімшарттардың үлесіне байланысты. Тиісінше, әр қаралатын кезеңдегі орташа өткізу бағасы споттық нарық бағасынан ерекшеленуі мүмкін.

Келесі кестеде көрсетілген кезеңдер үшін U_3O_8 фунтына орташа споттық баға мен орташа өткізу бағасы берілген:

		2025	2024	Өзгеріс
Орташа апталық споттық баға (U_3O_8 фунтына)[10]	АҚШ долл.	72,75	86,28	(16%)
	теңге	37 927	40 474	(6%)
Топтың орташа өткізу бағасы (U_3O_8 фунтына)	АҚШ долл.	65,32	69,48	(6%)
	теңге	34 058	32 592	4%
Қазатомөнеркәсіптің орташа өткізу бағасы (U_3O_8 фунтына)[11]	АҚШ долл.	62,33	65,78	(5%)
	теңге	32 495	30 858	5%

Компанияның келісімшарттық қоржынының баға белгілеуі уранның ағымдағы спот бағаларымен өзара байланысты. Тұтынушыларға қысқа мерзімді жеткізілімдер кезінде қазақстандық трансферттік баға белгілеу заңнамасына сәйкес келісімшарттық баға белгілеу күні мен нақты жеткізу сәтіндегі спот нарықтық бағасы арасында белгілі бір уақыт лагы бар. Мұндай уақыт лагтары кезіндегі нарықтық құбылмалылықтың әсері нарықтық трендтің көтеріліп келе жатқан немесе түсіп бара жатқан болуына қарамастан, бағаның күрт ауытқулары кезінде айқынырақ болады. 2025 жылы ұзақ мерзімді келісімшарттар бойынша бірқатар жеткізілімдер өзге нарықтық жағдайларда белгіленген бағалардың шекті мәндерін (баға шектерін) қоса алғанда, бекітілген баға белгілеу механизмдерінің қолданылуымен іске асырылған.

2025 жылы уран бағасына әсерін тигізген нақты нарықтық үрдістер туралы қосымша ақпаратты www.kazatomprom.kz корпоративтік интернет-ресурсында қолжетімді «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2025 жылдың 4-ші тоқсанындағы қызметінің операциялық нәтижелері» есебінен табуға болады.

Топ құрылымындағы өзгерістер

2025 жылы Топ құрылымында елеулі өзгерістер орын алмаған.

2024 жылы:

- 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Топ дауыстардың көпшілігіне ие болу және Байқаушы кеңесіндегі өкілдік арқылы «Буденовское» БК» ЖШС-ті еншілес компания ретінде шоғырландырады, бұл ретте Топтың қатысу үлесі өзгеріссіз қалады – 51%. Топ бақылауды сатып алу үшін ешқандай ақшалай төлемдерін жүргізген жоқ. Пайда немесе залал және өзге де жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте қамтылып көрсетілген бизнесті сатып алудан түскен табыс сомасы 295 719 млн теңгені құрайды;
- 2024 жылдың басында Компания «Taiqonyr Qyshqyl Zauyty» ЖШС-тегі (TQZ) 49% үлесін «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС-ке және «РУ-6» ЖШС-ке сатты. Иелену құрылымын жеңілдету және оңтайландыруға бағытталған қайта құрылымдау аясында «РУ-6» ЖШС TQZ-дағы иелену үлесін «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС-ке берді. 2024 жылдың соңына қарай жаңа күкірт қышқылы зауытын салу жобасын жүзеге асыру мақсатында итальяндық Ballestra S.p.A. компаниясымен стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойылды. «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС TQZ-дағы үлесінің 60%-ын Қазақстан Республикасындағы Ballestra серіктесіне сатты, бұл Қазатомөнеркәсіптің TQZ-дағы жанама үлесін 40%-ға дейін төмендетті.

[10] Дереккөз: TradeTech и UxC.
[11] Қазатомпромның мәмілелер бойынша орташа сату бағасы: Қазатомпром мен ТНК арасындағы сыртқы сату үшін уран концентратының фунтына шаққандағы орташа салмақталған баға. Қазатомпром мен ТНК арасындағы ішкі топтық мәмілелер бойынша бағалар қосылмаған.

KAZATOMPROM NATIONAL ATOMIC COMPANY

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, «Азия Строй Сервис Групп» ЖШС-ке өзге инвестицияның қосылуына байланысты Топтың еншілес компанияларының, бірлескен кәсіпорындарының, бірлескен операциялық компанияларының, қаумдастырылған компанияларының және өзге де инвестицияларының саны 37-ге дейін өсті (2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша – 36).

Валюта бағамдары өзгерістерінің әсері

Топтың валюта бағамдарының ауытқуына ұшырағыштығы сатуларды, сатып алуларды және қарыздарды тартуды шетел валютасында іске асырумен байланысты. Топтың негізгі ақша ағындары төмендегі себептерге байланысты АҚШ долларымен көрсетіледі:

- уран бағалары АҚШ долларымен көрсетілген, сондықтан Топтың шоғырландырылған түсімінің көп бөлігі АҚШ долларымен немесе теңгемен жасалып, АҚШ долларымен көрсетілген баға белгілеуге байланыстырылады (2025 жылы – 93%; 2024 жылы – 94%);
- Компания уран мен уран өнімдерін өзінің БК-дан және қауымдастырылған кәсіпорындарынан теңгемен білдірілген келісімшарттарға сәйкес U_3O_8 спот нарығында АҚШ долларымен көрсетілген бағаларды ескере отырып анықталған бағалар бойынша сатып алады;
- Топ қарыздарының елеулі бөлігі оның негізгі кірістерінің валютасы болып табылатын АҚШ долларымен деноминацияланған (2025 жылы – 94%; 2024 жылы – 70%).

Топ шығыстарының едәуір бөлігі, соның ішінде операциялық, өндірістік және күрделі шығындары теңгемен көрсетілген. Топ түсімінің көп бөлігі АҚШ долларымен көрсетілген, ал шығындарының анағұрлым бөлігі теңгеге түседі. Нәтижесінде, АҚШ долларының теңгеге қатысты нығаюы әдетте Топқа пайда әкеледі, ал бұл оның қаржылық көрсеткіштеріне оң әсерін тигізеді. Алайда, Топтың АҚШ долларымен көрсетілген міндеттемелері де бар, яғни бұл АҚШ доллары нығаюының оң әсері ішінара немесе толығымен жойылуы мүмкін екендігін білдіреді. Бұдан басқа, Компания уран мен уран өнімдерін өзінің БК-дан және қауымдастырылған кәсіпорындарынан олар бойынша бағалар АҚШ долларымен көрсетілген ағымдағы U_3O_8 споттық бағаларына байланыстырылған теңгемен білдірілген келісімшарттар бойынша сатып алады. Демек, АҚШ долларының едәуір нығаюы осы келісімшарттардың теңгедегі бағасының өсуіне де әкеледі.

Топ шетел валютасында көрсетілген төлемдердің өзінің шетел валютасында көрсетілген ақша ағындарына қатынасын бақылап тұру арқылы валюта бағамдарының ауытқу тәуекелдерін барынша жоюға тырысады. Мұндай қатынастың арқасында Топ туынды қаржылық құралдарды қолданбай табиғи хеджирлеуге қол жеткізеді.

2025 жылы теңгенің АҚШ долларына шаққандағы айырбас бағамы 488,53 теңгеден 549,15 теңгеге дейін (2024 жылы 439,40 теңгеден 524,66 теңгеге дейін) болған. 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚҰБ) теңгенің АҚШ долларына шаққандағы айырбас бағамы 502,57 теңгені құрады (2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бағам 523,54 теңгені құрады). Валюталар бағамдары ауытқуының әсері 2025 жыл нәтижелері бойынша Топтың қаржылық нәтижелеріне теріс әсерін тигізді. Топтың 2025 жылдағы бағамдық айырма бойынша таза залалы 32 848 млн теңгені құрады (2024 жылдағы бағамдық айырма бойынша таза кіріс 73 494 млн теңгені құрады).

Төмендегі кестеде ҚҰБ-тің 2025 және 2024 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша деректеріне сәйкес кезеңдегі және жылдың соңындағы теңгенің/АҚШ доллары орташа айырбас бағамдары келтірілген:

		2025	2024	Өзгеріс
Кезеңдегі орташа айырбас бағамы[12]	теңге / АҚШ долл.	521,37	469,11	11%
Кезең соңындағы айырбас бағамы	теңге / АҚШ долл.	502,57	523,54	(4%)

Салық салу және пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық (ПҚӨС)

2025 жылы уранға арналған ПҚӨС бойынша салық базасы өндірілген уран көлемі мен 9% мөлшеріндегі ПҚӨС мөлшерлемесіне көбейтілген белгілі бір есепті кезеңдегі мемлекеттік дереккөздерден алынған уранның (U_3O_8 табиғи уран концентраты түрінде) орташа өлшенген бағасы ретінде анықталған (2024 жылы: 6%).

ПҚӨС өндіруші кәсіпорын деңгейіндегі әрбір жер қойнауын пайдалану келісімшарты бойынша бөлек есептеледі.

Келесі кестеде көрсетілген кезеңдердегі Топтың салықтары келтірілген:

(миллион теңгеде)	2025	2024	Өзгеріс
Корпоративтік табыс салығы[13]	212 651	252 893	(16%)
Пайдалы қазб. өндіруге салынатын салық[14]	137 042	86 576	58%
Басқа салықтар мен бюджетке төленетін өзге төлемдер[15]	232 760	237 490	(2%)
Жалпы есептелген салық	**582 453**	**576 959**	**1%**

2024 жылмен салыстырғанда, есептелген салықтардың жалпы сомасы 2025 жылы жалпы 1%-ға аздап өсті, алайда салықтардың қимасында келесі өзгерістер орын алған:

- Қосымша трансферттік баға белгілеу бойынша қосымша есептеулердің азаюына, сондай-ақ пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтың (ПҚӨС) артуын қоса алғанда, шегерімдердің жалпы өсуіне байланысты корпоративтік табыс салығы (КТС) 16%-ға төмендеді.
- ПҚӨС бұрын енгізілген ПҚӨС мөлшерлемесінің 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап 6%-дан 9%-ға дейін артуынан кейін 58%-ға ұлғайды.

Бұрын хабарланғандай, 2024 жылдың 1 шілдесінде Қазақстан Республикасы Үкіметі уранға арналған ПҚӨС-ті есептеуге қатысты Қазақстан Республикасының Салық кодексіне түзетулер енгізді. 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданылатын ПҚӨС мөлшерлемесі 9% мөлшерінде белгіленген (тек 2025 жылға). 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап әрбір жер қойнауын пайдалану келісімшарты бойынша нақты жылдық өндіру көлеміне және табиғи уран концентратының (U_3O_8) бағасына байланысты уранға арналған ПҚӨС мөлшерлемесін есептеу үшін сараланымдық ыңғай енгізілді.

[12] Орташа бағамдар әрбір күнтізбелік күн үшін күнделікті айырбас бағамдарының орташа мәні деп есептеледі.
[13] Қолданыстағы мөлшерлеме: 20%; есептеу: пайда салығы мөлшерлемесіне көбейтілген салық салынатын табыс (салық есептілігінің негізінде).
[14] 2024 жылдағы қолданыстағы мөлшерлеме және есептеу: 6% × (кезеңдегі ай соңындағы споттық бағалардың орташа арифметикалық мәні) × өндірілген уран көлемі.
2025 жылдағы қолданыстағы мөлшерлеме және есептеу: 9% × (кезеңдегі ай соңындағы споттық бағалардың орташа арифметикалық мәні) × өндірілген уран көлемі.
[15] Мүлік салығын, жер салығын, көлік салығын, әлеуметтік салықты, өзге бюджетке төленетін төлемдерді, ҚҚС пен ЖТС-ты қамтиды (ЖТС бойынша Компания салық агенті болып табылады).

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

ПҚӨС мөлшерлемесін есептеудегі өзгерістен күтілетін ықтимал әсерді бағалау үшін Компания 2026 жылғы мысалдың негізінде әртүрлі уран өндірісі мен бағаларының сценарийлері бойынша ПҚӨС мөлшерлемесінің сезімталдығына талдау дайындады. ПҚӨС мөлшерлемесінің есебі Компанияның 2026 жылға арналған өндіру болжамдарына негізделген.

Орташа жылдық споттық баға (АҚШ долл. / фунт)	2026 жылға арналған болжамды өндіріс көлемінің шектері (тонна уранмен)		
	27 500	28 250	29 000
60	11,2%	11,6%	11,8%
70	11,7%	12,1%	12,3%
80	12,2%	12,6%	12,8%
90	12,7%	13,1%	13,3%
100	13,2%	13,6%	13,8%
110	13,7%	14,1%	14,3%

Күкірт қышқылының құны мен қолжетімділігі

ЖҰШ әдісімен уранды өндіру үшін күкірт қышқылының едәуір көлемі қажет. Күкірт қышқылының жоқтығы Топтың өндіру кестесін бұзуы мүмкін, ал күкірт қышқылы бағасының өсуі Топтың пайдасына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Шикізаттың қымбаттауына, Қазақстан нарығындағы уақытша тапшылыққа, сондай-ақ күкірт қышқылының импортталатын көлемдерінің жоғарырақ бағаларына байланысты Топтың күкірт қышқылының бір тоннасына төлейтін орташа өлшенген бағасы 2025 жылы ҚҚС-пен бірге 42,6%-ға өсіп, бір тоннасына 70 092 теңгені құрады (2024 ж.: ҚҚС-пен бірге 49 153 теңге). 2025 жылы күкірт қышқылына жұмсалған шығыстар орташа есеппен Топтың уран өндіру кәсіпорындарының өндірістік өзіндік құнының шамамен 14,7%-ын құрады (2024 ж.: 12,5%).

Жергілікті нарықтағы орын алып жатқан күкірт қышқылының тапшылығы орта мерзімді болашақта отандық түсті металдарды өндіру және өңдеу кәсіпорындары мен балқыту зауыттарының қуаттарын арттыруына, сондай-ақ Taiqonyr Qyshqyl Zauyty ЖШС-ні қоса алғанда, Қазақстанда жаңа күкірт қышқылы зауыттарының, құрылысына байланысты төмендейді деп күтілуде. Бұрын хабарланғандай, жаңа зауыттың құрылысы Компанияға қолданыстағы өзіндік күкірт қышқылы өндіру бойынша қуатын арттыруға мүмкіндік беретін болады, және күкірт қышқылының жеткізілімдеріне қатысты тәуекелдерді төмендету мақсатында өзіндік өндірісті қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың шеңберінде іске асырылады деп жоспарлануда. Зауыттың атаулы қуаты жылына 800 мың тонна күкірт қышқылын құрайды деп күтілуде. «СКЗ-U» ЖШС пен «SSAP» ЖШС-тен шамамен 680 мың тоннаны құрайтын қазіргі жеткізілім көлемдерін қоскқанда, Қазатомөнеркәсіптің еншілес және тәуелді ұйымдары жеткізетін күкірт қышқылының жалпы жылдық көлемі 2027 жылдан бастап шамамен 1,5 млн тонна деңгейінде болады деп күтілуде.

Инфляцияға байланысты аса маңызды өндірістік материалдар мен жабдықтың бар болуы және олардың бағаларының өзгеруі

ЖҰШ әдісімен уран өндіру белгілі бір негізгі өндірістік материалдар мен құрауыштарды импорттауды қажет етеді. Бұл позицияларды не Топ тікелей Қазақстанға импорттайды не Топ олардан сатып алатын жергілікті жеткізушілер импорттайды.

Кейбір жағдайларда жеткізу мен қолжетімділікке байланысты шектеулер қажетті өндірістік материалдарды сатып алуға жұмсалатын шығындардың, соның ішінде шикізаттық тауарлар бағаларының өзгеруінен туындайтын инфляциялық қысым есебінен ұлғаюына әкелді, ал бұл өз кезегінде өндірістік шығындарының өсуіне әкеліп соқтырды.

Қорларды бағалаудағы өзгерістердің әсері

Топ білікті үшінші тараптың есептеулердің бағалауын қоса алғанда, өз қорлары мен ресурстарын жыл сайын JORC кодексіне сәйкес бағалап тұрады. Нәтижесінде, қорлар мен ресурстар қолданыстағы стандарттарға сәйкес жыл сайын қайта жіктеліп тұруы мүмкін. Мұндай қайта жіктеу Топтың қаржылық есептілігіне әсер етіп тұруы мүмкін. Мысалы, егер қайта жіктеу Топтың жоспарланатын кеңішті игеру мерзімінің өзгеруіне әкелетін болса, бұл әдетте кеңішті игеру мерзімі өткеннен кейін пайда болатын амортизациялық шығыстарға, құнсыздану шығыстарына, сондай-ақ кеңішті жою шығыстарына тиісті әсерін тигізуі мүмкін.

Еншілес компаниялармен, БК-мен, БҰ-мен және қауымдастырылған кәсіпорындармен мәмілелер

Компания U_3O_8-ді өзінің еншілес кәсіпорындарынан, БҰ-дан, БК-дан және қауымдастырылған кәсіпорындарынан, негізінен, мөлшері өзгеше болып тұруы мүмкін қолданыстағы нарықтық жеңілдіктердің ескерілуімен споттық бағамен сатып алады. Негізінен, сатып алынатын U_3O_8 көлемдері Компанияның тиісті сатушы кәсіпорындарынағы қатысу үлесіне сәйкес келеді.



Топтың Уран сегментінен түсетін түсімі негізінен екі ағымнан тұрады:

- БК-дан және қауымдастырылған кәсіпорындардан, сондай-ақ үшінші тараптардан сатып алынған U_3O_8-ді сату, және
- Компания мен оның шоғырландырылған еншілес кәсіпорындары мен БҰ өндірген U_3O_8-ді сату.

Сатып алынған уранды өткізудің өзіндік құны негізінен тиісті жеңілдіктермен басым споттық баға болып табылатын БК мен қауымдастырылған кәсіпорындардан сатып алу бағасына тең. Тиісінше, БК мен қауымдастырылған кәсіпорындар нәтижелерінің үлесі Топ пайдасының елеулі бөлігін құрайды және оны Топтың қаржылық көрсеткіштерін бағалаған кезде ескеру қажет. 2025 жылы U_3O_8 споттық бағаға 3,70% мөлшердегі орташа өлшенген жеңілдікпен сатып алынған (2024 жылы – 3,74%).

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Компания, оның шоғырландырылған еншілес кәсіпорындары және БҰ өндірген уранды сатқан кезде өткізудің өзіндік құны негізінен өндірістің өзіндік құнымен көрсетілген. Мұндай сатылымдар үшін уран өнімінің толық маржасы уранды экспортқа өткізудің ескерілуімен Топтың шоғырландырылған нәтижелерінде көрініс табады.

Келесі кестеде көрсетілген кезеңдерде Компания сатып алған көлемдер келтірілген:

(тонна)	2025	2024	Өзгеріс
БК мен қауымдастырылған кәсіпорындардан сатып алынған U_3O_8	3 375	2 738	23%
БҰ мен еншілес кәсіпорындардан сатып алынған U_3O_8	10 402	10 263	1%
Жиыны*, тонна	**13 777**	**13 001**	**6%**
Жиыны, U_3O_8 млн фунты	**35,82**	**33,80**	**6%**

*Белгілі бір БК бойынша, егер серіктес өндірістегі өз үлесін сатып алудан бас тартатын болса, Компанияның мұндай қосымша көлемді (Компанияның акцияларына пропорционалды өндіріс көлемінен асыра) сатып алуға құқығы бар.

13 777 тонна

20БК-дан, БҰ-дан, қауымдастырылған және еншілес кәсіпорындардан сатып алынған U_3O_8 жалпы көлемі 13 777 тоннаны құрады (2024 жылы 13 001 тонна құраған).

Жоғарыда аталған көлемдерден басқа, Компания (оның сауда еншілес компаниясы ТНК-ны қоса алғанда) көлемдерді үшінші тараптардан әртүрлі бағамен сатып ала алады.



Қызметтің негізгі көрсеткіштерін талдау

Шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер

Осы бөлімдегі талдау 2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған 12 аймен салыстырғандағы 2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған 12 айдағы деректерге негізделген. Төмендегі кестеде Топтың 2025 және 2024 жылдардағы шоғырландырылған нәтижелеріне қатысты қаржылық ақпарат көрсетілген:

(миллион теңгеде)	2025	2024	Изменение
Түсім	**1 803 049**	**1 813 352**	**(1%)**
Өткізудің өзіндік құны	(940 653)	(931 621)	1%
Жалпы пайда	**862 396**	**881 731**	**(2%)**
Өткізу бойынша шығыстар	(34 107)	(26 216)	30%
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(49 311)	(48 666)	1%
Операциялық пайда	**778 978**	**806 849**	**(3%)**
Өзге табыс/(залал), соның ішінде келесі бір реттік әсер:	17 455	402 700	(96%)
Бизнесті сатып алудан түскен кіріс (бір реттік әсер)[16]	–	295 719	(100%)
Қауымдастырылған кәсіпорындар нәтижелеріндегі үлес	170 022	142 533	19%
Бірлескен кәсіпорындар (БК) нәтижелеріндегі үлес	29 217	17 030	72%
Салық салынғанға дейінгі пайда	**995 672**	**1 369 112**	**(27%)**
Табыс салығы бойынша шығыстар	(188 965)	(236 997)	(20%)
Келесілерге жатқызылатын таза пайда:	**806 707**	**1 132 115**	**(29%)**
- Компанияның меншік иелеріне	570 460	872 263	(35%)
- бақыламайтын үлеске	236 247	259 852	(9%)
Меншік иелеріне жатқызылатын акцияға шаққандағы таза пайда (базалық және бытыраңқы) теңге/акция[17]	2 200	3 363	(35%)
Келесілерге жатқызылатын түзетілген таза пайда (бір реттік әсерлерсіз):	**806 707**	**836 396**	**(4%)**
- Компанияның меншік иелеріне	570 460	576 544	(1%)
Түзетілген EBITDA көрсеткіші[18]	1 133 489	1 096 711	3%
EBITDA көрсеткіші[19] (қатысу үлесіне пропорционалды)	872 191	788 681	11%

[16] «Буденовское» БК» ЖШС-ны бақылауды иелену нәтижесінде бизнесті сатып алудан алынған таза нәтиже.
[17] «Шығарылған акциялар» бөлімінен шығарылған акциялардың жалпы санына бөлінген, ең жақын бүтін теңгеге дейін дөңгелектелген Компания меншік иелеріне тиесілі жылдық пайда деп есептеледі.
[18] Түзетілген EBITDA көрсеткіші EBITDA-дан негізгі қызметке қатысы жоқ және бір ретік әсер бар барлық баптарды алып тастау арқылы есептеледі. Есептеу: салыққа дейінгі пайда – қаржылық табыстар + қаржылық шығыстар +/- бағамдық айырма бойынша таза (пайда)/залал + тозу мен амортизация + құнсызданулар – құнсыздануды қалпына келтіру +/- бір реттік және бірлі-жарым оқиғалар.
[19] Бұрын «Түзетілген EBITDA көрсеткіші (қатысу үлесіне пропорционалды)» ретінде көрсетілген, келесідегідей есептеледі: БК мен қауымдастырылған кәсіпорындардағы таза пайдадағы үлестің шегерілуімен түзетілген EBITDA көрсеткіші, плюс «АППАК» ЖШС, «Инкай» БК» ЖШС, «Байкен-U» ЖШС, «ОРТАЛЫҚ» ӨК» ЖШС, «Turanium» ЖШС (бұрынғы – «Хорасан-U» БК» ЖШС) және «Буденовское» БК» ЖШС түзетілген EBITDA көрсеткішіндегі бақыламайтын үлестің шегерілуімен және Топтың іске асырылмаған пайдасындағы кез келген өзгерістердің шегерілуімен уран сегментінде жұмыс істейтін бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардың түзетілген EBITDA көрсеткішінің үлесі.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Шоғырландырылған түсім және өзге қаржылық көрсеткіштер

2025 жылдың нәтижелері бойынша Топтың шоғырландырылған түсімі 1 803 049 млн теңгені құрады, бұл 2024 жылғы деңгейден (2024 жылы – 1 813 352 млн теңге) сәл төмен. Көрсеткіштің 1%-ға төмендеуі негізінен «Үлбі-ЖБҚ» ЖШС-ке БУӨ-ні өткізу көлемінің қысқаруымен шартталған; бұл фактор ішінара U_3O_8 сату көлемінің өсуімен, сондай-ақ теңгенің АҚШ долларына шаққандағы айырбас бағамының артуымен тегістелген.

Төменде келтірілген кестеде 2024 жылмен салыстырғандағы 2025 жылғы негізгі қызмет бағыттары бойынша түсім көрсетілген

(миллион теңгеде)	2025	2024	Үлес	Өзгеріс 2025	Өзгеріс 2024
Уран[20]	1 637 508	1 412 466	16%	91%	78%
Уран өнімдері мен байытылған уран өнімі[21]	–	252 369	(100%)	0%	14%
Бериллий өнімдері[22]	36 769	30 666	20%	2%	2%
Тантал өнімдері[22]	17 555	19 670	(11%)	1%	1%
Өзгелері	111 217	98 181	13%	6%	5%
Түсім жиыны	**1 803 049**	**1 813 352**	**(1%)**	**100%**	**100%**

2025 жылғы нәтижелер бойынша операциялық пайда 778 978 млн теңгені құрады, 2024 жылғы көрсеткіштен 3%-ға төмен (2024 ж.: 806 849 млн теңге), негізінен жоғарыда айтылғандай 2025 жылдағы түсімнің төмендеуіне байланысты.

2025 жылы өзге табыс 17 455 млн теңгені құрады, ал 2024 жылы өзге табыс 402 700 млн теңге болған, оның көп бөлігі – 295 719 млн теңге мөлшеріндегі табыс – 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Буденовское» БК» ЖШС-ті бақылауға алудан тиген бір реттік әсер.

2025 жылғы таза пайда 2024 жылғы көрсеткішпен (2024 ж.: 1 132 115 млн теңге) салыстырғанда төмендеуді көрсетіп, 806 707 млн теңгені құрады, бұл 2024 жылы 295 719 млн сомадағы «Буденовское» БК» ЖШС-ті шоғырландырудан тиген бір реттік әсер нәтижесінде орын алған, ал бір реттік әсерлерді ескере отырып түзетілген таза пайда ағымдағы жылы тек 4%-ға төмендеді. 2024 жылғы жоғарырақ көрсеткіштер негізінен жоғарыда аталған біржолғы табыстың алынуымен, сондай-ақ Dioxitek S.A. (Аргентина) компаниясынан уранды өткізу үшін 15 692 млн теңге сомасындағы дебиторлық берешек бойынша сақтық қордың қалпына келтірілуімен шартталған. Осыған қосымша, есепті кезеңдегі түзетілген таза пайдаға 2024 жылғы 73 494 млн теңге мөлшеріндегі бағамдық айырмадан түскен табысқа қарағанда, 32 848 млн теңге мөлшеріндегі бағамдық айырмадан туындаған таза залал теріс әсерін тигізді.

[20] Тек U_3O_8-ді өткізуден түскен түсімді ғана қамтиды (Топ бойынша).
[21] БУӨ-ні, UF6-ны сатуды, «ҮМЗ» АҚ-тың UO2 ұнтағы мен отын таблеткаларын өндіру мен өткізуін қоса алғандағы бірақ олармен шектелмей. 2025 жылы сатылымдар орын алған жоқ.
[22] Басшылық өңдеу қызметтерінен түскен табысты өнімдердің өздерін сатудан түскен табыстан бөлу арқылы түсім баптарының ұсынылуын жақсарту туралы шешім қабылдады; тиісінше, салыстырмалы сомалар түсім ішіндегі «Өзгелер» бөлімінде қайта топтастырылды.



U_3O_8 споттық бағасының құлауы нәтижесінде бақыламайтын үлесі бар өндіруші кәсіпорындардың таза пайданың төмендеуіне байланысты бақыламайтын үлеске жатқызылатын кезеңдегі пайда 2025 жылы 9%-ға төмендеп, 236 247 млн теңгені құрады.

Бір реттік әсерлердің ескерілуінсіз, Компанияның меншік иелеріне тиесілі Түзетілген таза пайда алдыңғы кезеңдегі 576 544 млн теңгемен салыстыруға болатын 570 460 млн теңгені құрады.

Түзетілген EBITDA көрсеткіші 2025 жылы 1 133 489 млн теңгені құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 3%-ға өсті (2024 ж.: 1 096 711 млн теңге), бұл негізінен бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындар нәтижелерінің үлесінің артуымен түсіндіріледі.

2025 жылдың нәтижелері бойынша қатысу үлесіне пропорционалды EBITDA көрсеткіші алдыңғы жылмен салыстырғанда 11%-ға өсіп (2024 ж.: 788 681 млн теңге), 872 191 млн теңгені құрады, бұл негізінен олардың өткізу көлемдерінің артуы нәтижесінде бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардың EBITDA көрсеткішінің артуымен шартталған.

570 460 млн теңге

Біржолғы әсерлерді есепке алмағанда, Компанияның меншік иелеріне тиесілі түзетілген таза пайда

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Уран сегменті

Уран сегментінің қаржылық көрсеткіштері

(өзгесі көрсетілмесе, миллион теңгеде)		2025	2024	Өзгеріс
Кезеңдегі орташа айырбас бағамы	теңге/АҚШ долл.	521,37	469,11	11%
Уран сегментінен түскен түсім[23]		1 640 653	1 666 978	(2%)
соның ішінде U_3O_8 өткізуден түскен түсім(Топ бойынша)[24]		1 637 508	1 412 466	16%
Түсімнің жалпы көлеміндегі U_3O_8-ден түскен түсім үлесі	%	91%	78%	17%

2025 жылы U_3O_8-ді сатудан түскен шоғырландырылған түсім 1 637 508 млн теңгені құрап, өткізу көлемдерінің артуы мен теңгенің долларға шаққандағы айырбас бағамының өсуі есебінен алдыңғы жылмен салыстырғанда 16%-ға өскен (2024 ж.: 1 412 466 млн теңге).

[23] Қаржылық есептілікке «Сегменттік ақпарат» Ескертпесінен уран сегменті бойынша сыртқы түсім мен басқа сегменттерден түскен түсімдердің қосындысы ретінде есептелген.
[24] Тек U_3O_8-ді өткізуден түскен түсімді ғана қамтиды (Топ бойынша).



Уран сегментінің өндірісі мен өткізілімінің көрсеткіштері

		2025	2024	Өзгеріс
U_3O_8 өндіріс көлемі (100%-дық негізде)	тонна	25 839	23 270	11%
	U_3O_8 млн фунты	67,18	60,50	
U_3O_8 өндіріс көлемі (қатысу үлесіне пропорционалды)[25]	тонна	13 519	12 286	10%
	U_3O_8 млн фунты	35,15	31,94	
U_3O_8 өткізу көлемі (шоғырландырылған)	тонна	18 494	16 670	11%
	U_3O_8 млн фунты	48,08	43,34	
Компанияның өткізу көлемін қоса алғанда[26]	тонна	13 699	12 769	7%
	U_3O_8 млн фунты	35,61	33,20	
Топтың дайын өнімдерінің қалдықтары (U_3O_8)	тонна	6 636	6 334	5%
	U_3O_8 млн фунты	17,25	16,47	
Компанияның дайын өнімдері қалдықтарын қоса алғанда (U_3O_8)[27]	тонна	5 964	5 431	10%
	U_3O_8 млн фунты	15,51	14,12	
Топтың орташа өткізу бағасы	АҚШ долл./фунт	65,32	69,48	(6%)
Компанияның орташа өткізу бағасы[11]	АҚШ долл./фунт	62,33	65,78	(5%)
Орташа апта сайынғы споттық баға	АҚШ долл./фунт	72,75	86,28	(16%)
Ай соңындағы орташа споттық баға[28]	АҚШ долл./фунт	73,54	85,14	(14%)

Компанияның бастапқы болжамдарына сәйкес өндіру жоспарының ұлғаюына байланысты 2025 жылдың нәтижелері бойынша 100%-дық негіздегі және иелену үлесіне пропорционалды түрде өндіріс көлемі 2024 жылдың ұқсас көрсеткіштерінен жоғарырақ болды.

Компанияның болжамдарына сәйкес, Топтың да, Компанияның да 2025 жылдағы сатылымдар көлемі өндіріс көлемінің ұлғаюының және сатулардың тек дайын U_3O_8 өнімдері түрінде іске асырылуының есебінен 2024 жылғы нәтижелерден асып түсті, ал 2024 жылы көлемнің бір бөлігі БУӨ түрінде (шамамен 1 800 тонна U_3O_8 баламасы) сатылған. 2025 жылы барлық сатылымдар U_3O_8 нысанында жүргізілген.

[25] U_3O_8 өндіріс көлемі (қатысу үлесіне пропорционалды) Компанияның корпоративтік орталығы (КО) сатып алған уран көлеміне тең емес.
[26] КО өткізу көлемі (Топ ішінде есепке алынатын): Компанияның КО-ның және ТНК-ның сыртқы сатып алушыларына өткізудің жалпы көлемін қамтиды. КО мен ТНК арасындағы топішілік мәмілелер есепке алынбайды. Бұл ретте, Топтың U_3O_8 өндіріс көлемінің кейбір бөлігі «Үлбі-ЖБҚ» ЖШС-те БУӨ-ні, отын таблеткалары мен жылу бөлгіш құрастырмалардың (ЖБҚ) өндірісіне пайдаланылуы мүмкін.
[27] Компанияның дайын өнім қалдықтарының көлемі (Топ ішінде есепке алынатын): Компанияның КО-ның және ТНК-ның қалдықтарының жалпы көлемдерін қамтиды.
[28] Дереккөз: UxC, TradeTech. Бағалар апта сайынғы споттық бағалар белгіленімінің орташа мәнін емес, ай соңындағы уранның споттық бағалар белгіленімдерінің орташа мәнін білдіреді, себебі келісімшарттық бағалардың талаптары әдетте ай соңындағы бағаға байланыстырылған.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайдағы Топ бойынша дайын U_3O_8 өнімдерінің шоғырландырылған қорлары (қалдықтары) 6 636 тоннаны құрады, бұл 2024 жылдың 31 желтоқсанымен салыстырғанда 5%-ға артық. Компанияның корпоративтік орталығы мен ТНК деңгейінде дайын U_3O_8 өнімдерінің қорлары (қалдықтары) 5 964 тоннаны құрады, бұл 2024 жылдың 31 желтоқсанымен салыстырғанда 10%-ға артық. 2025 жылы қорлардың (қалдықтардың) өсуі, ең алдымен, алдыңғы кезеңмен салыстырғанда өндіріс көлемінің жоспарланған өсуіне, сондай-ақ Компанияның дайын өнім қорларының жайлы деңгейін құрып, ұстап тұру стратегиясына байланысты.

Топ пен Қазатомөнеркәсіп бойынша 2025 жылдағы орташа өткізу бағалары жоғарыда аталған уранның споттық бағаларының төмендеуіне байланысты 2024 жылдағы ұқсас кезеңдерімен салыстырғанда төмендеді. Әйтсе де, есепті кезеңде ай соңындағы орташа споттық бағаның 14%-ға төмендеуі олар 2024 жылмен салыстырғанда тиісінше 6% және 5%-ға ғана төмендеген Топ пен Компанияның орташа өткізу бағаларына шектеулі әсерін тигізді. Компанияның ағымдағы сатылымдар қоржынына уранның споттық бағаларына байланыстырылған ұзақ мерзімді келісімшарттар кіреді. 2025 жылы ұзақ мерзімді келісімшарттар бойынша бірқатар жеткізілімдер өзге нарықтық жағдайларда белгіленген бағалардың шекті мәндерін (баға шектерін) қоса алғанда, бекітілген баға белгілеу механизмдерінің қолданылуымен іске асырылған.

Компанияның келісімшарттық қоржынының ағымдағы баға белгілеуі уранның споттық бағаларымен өзара байланысты. Түпкілікті тұтынушыларға қысқа мерзімді жеткізілімдер бойынша қазақстандық трансферттік баға белгілеу заңнамасына сәйкес келісімшарттық баға белгілеу күні мен нақты жеткізу сәтіндегі спот нарықтық бағасы арасында белгілі бір уақыт лагы бар. Бағаны белгілеу мен жеткізу арасындағы осындай уақыт лагтары кезіндегі нарықтың жоғары құбылмалылығының әсері құбылмалылықтың артуымен, бағаның өсуі мен төмендеуі жағдайында да айқынырақ болады.

Уран сегментінің өндіріс көлемдері

Төменде көрсетілген кестедегі ақпарат әрбір кәсіпорын бойынша жалпы уран өндіріс көлемін қамтып көрсетеді (100% негізінде). 2025 жылы кейбір негізгі материалдар мен жабдықтың кідірістерінің және/немесе оларға шектеулі қолжетімділіктің әсері барлық кәсіпорындар үшін ЖҰШ әдісімен өндіру үдерісінің ерекшеліктеріне, кен орындарының геологиялық құрылымындағы айырмашылықтарға, тау-кен дайындық жұмыстары жоспарларына және әрбір кәсіпорындағы игеру сатысына байланысты бірдей болған жоқ.

2025 жылы әрбір кәсіпорында уран өндірісінің көлемі өндіріс жоспарлары мен жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының талаптарына сәйкес келген. 2025 жылы екі кәсіпорын — «КАТКО БК» ЖШС және «Буденовское БК» ЖШС — кеніштерді игеру жоспарлары мен жер қойнауын пайдалану кестелеріне сәйкес (2024 жылы коммерциялық пайдалануға бергеннен кейін) өндіруді арттыруды жалғастырды.

Өндіріс көлемі (U_3O_8 түріндегі тонна)	Үлес	2025	2024	Өзгеріс
«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС	100%	821	1 020	(20%)
«РУ-6» ЖШС	100%	833	833	0%
«АППАҚ» ЖШС	65%	805	833	(3%)
«Инкай» БК» ЖШС [29]	60%	3 215	2 992	7%
«Байкен-U» ЖШС	52,5%	1 203	1 141	5%
«ОРТАЛЫҚ» ӨК» ЖШС	51%	1 789	1 739	3%
«Семізбай-U» ЖШС	51%	855	963	(11%)
«Буденовское» БК» ЖШС	51%	1 210	617	96%
«Қаратау» ЖШС	50%	3 622	3 299	10%
«Ақбастау» БК» АҚ	50%	2 227	2 001	11%
«Turanium» ЖШС («Хорасан-U» БК» ЖШС»)	50%	2 154	2 030	6%
«ЗАРЕЧНОЕ» БК» АҚ	49,98%	546	611	(11%)
«КАТКО» БК» ЖШС	49%	3 714	2 388	56%
«Оңтүстік тау-химиялық компаниясы» БК» ЖШС	30%	2 845	2 803	1%
Барлығы	**тонна U**	**25 839**	**23 270**	**11%**
Барлығы	**U_3O_8 млн фунты**	**67,18**	**60,50**	**11%**

[29] «Инкай» БК» ЖШС үшін жылдық өндіріс көлемі (иелену үлесіне пропорционалды) Іске асыру туралы Келісімге сәйкес анықталады. Жылдық өндіріс көлемі (Компанияның иелену үлесіне пропорционалды) 2025 жылы U_3O_8 түріндегі 1 797 тонна уранды құрады (2024 ж.: 1 619 тонна уран).



6 636 тонна

Топ бойынша дайын U_3O_8 өнімдерінің шоғырландырылған қорлары (қалдықтары)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

ҮМЗ сегменті

ҮМЗ уран өнімдерін өткізу

UO_2 ұнтағы мен отын таблеткалары[30]		2025	2024	Өзгеріс
Отын таблеткалары	Сатылымдар мен толлинг көлемі, тонна	257,3	295,0	(13%)
Қыш ұнтақтары	Сатылымдар мен толлинг көлемі, тонна	–	5,5	(100%)
Скраптардан алынған қос тотық	Сатылымдар мен толлинг көлемі, тонна	27,2	8,1	236%

2025 жылы отын таблеткаларын өткізу көлемі (таблеткалар толлингін қоса алғанда) 257,3 тоннаны құрады. Бұл нәтижелер келісімшарттық сатылымдар көлемі мен тұтынушылық сұранысқа сәйкес келеді. 2025 жылы қыш ұнтақтары өткізілмеген. Металқалдықтардан алынған диоксидтің сату көлемі тапсырыс берушілер сұранысының артуына байланысты елеулі түрде өсіп, 27,2 тоннаға жетті (2024 жылғы 8,1 тоннамен салыстырғанда).

ҮМЗ сирек метал өнімдерін өткізу

Сирек металдар[30]		2025	2024	Өзгеріс
Бериллий өнімдері	Сатылымдар мен толлинг көлемі, тонна	732,97	629,88	16%
Тантал өнімдері	Сатылымдар мен толлинг көлемі, тонна	109,26	141,59	(23%)
Ниобий өнімдері	Сатылымдар мен толлинг көлемі, тонна	28,43	9,18	>200%

2025 жылы бериллий өнімдерін (толлинг өнімдерінің көлемін қоса алғанда) өткізу көлемі тапсырыс берушілер тапсырыстарының көбеюіне байланысты 2024 жылмен салыстырғанда 16%-ға артты.

Сұраныстың төмендеуіне байланысты 2025 жылы тантал өнімдерін (толлинг өнімдерінің көлемін қоса алғанда) өткізу көлемі 2024 жылмен салыстырғанда 23%-ға төмендеді.

Сұраныстың ұлғаюына байланысты 2025 жылы ниобий сатылымдары (толлинг қызметтерін қоса алғанда) 2024 жылмен салыстырғанда айтарлықтай өсті.

[30] Толлинг қызметтері бойынша өткізілген өнімдер мен материалдарды өткізу көлемдерін қамтиды.

Өткізудің өзіндік құны

Төмендегі кестеде Топтың 2025 және 2024 жылдардағы құрауыштары бойынша өзіндік құны көрсетілген

(миллион теңгеде)	2025	2024	Өзгеріс	Үлес 2025	Үлес 2024
Шикізат пен материалдар	495 364	518 578	(4%)	53%	55%
Тозу мен амортизация	146 227	119 922	22%	15%	13%
Табыс салығынан басқа салықтар	137 186	91 487	50%	15%	10%
Қызметкерлер құрамының еңбекақысы	81 128	71 346	14%	9%	8%
Артық істелген уақыт пен өзге қызметтер	57 190	113 015	(49%)	6%	12%
Өзгесі	23 558	17 273	36%	2%	2%
Өткізудің өзіндік құнының жиыны	**940 653**	**931 621**	**1%**	**100%**	**100%**

2025 жылы өткізудің өзіндік құны 940 653 млн теңгені құрап, алдыңғы кезеңмен (931 621 млн теңге) іс жүзінде бір деңгейде қалды.

Шикізат пен материалдардың құны 2025 жылы 495 364 млн теңгені құрап, 2024 жылғы 518 578 млн теңгемен салыстырғанда 4%-ға төмендеген, бұл негізінен 2025 жылы споттық бағаның төмендеуіне байланысты бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардан сатып алынған уранды өткізу құнының төмендеуімен шартталған. Мұндай уранды өткізген кезде сатылымдардың өткізу құны негізінен тиісті қолданыстағы дисконттармен басымдықты споттық бағамен сатып алынған материалдың құнымен көрсетілген.

940 653 млн теңге

2025 жылдағы өткізудің өзіндік құны

Тозу мен амортизация 146 227 млн теңгені құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 22%-ға өскен (2024 ж.: 113 015 млн теңге), бұл негізінен тау-кен дайындық жұмыстарын (ТКДЖ) өтеуге байланысты шығыстардың артуына байланысты.

Табыс салығынан басқа, негізінен пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықпен байланысты салықтар 2025 жылы ПҚӨС мөлшерлемесінің 2024 жылғы 6%-дан 2025 жылы 9%-ға дейін өсуіне, сондай-ақ Қазатомөнеркәсіптің шоғырландырылатын еншілес кәсіпорындары өндіретін уран көлемінің артуына байланысты алдыңғы жылмен салыстырғанда 50%-ға өсіп, (2024 ж.: 91 487 млн теңге) 137 186 млн теңгені құрады.

2025 жылы қызметкерлер құрамының еңбек ақысы 81 128 млн теңгені құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 14%-ға өсті (2024 ж.: 71 346 млн теңге), бұл негізінен өндіріс көлемінің өсуіне сәйкес орташа жалақының да, өндірістік қызметкерлер құрамы санының да өсуіне байланысты.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР



2025 жылы өңдеу және басқа да өндірістік қызметтер шығындары 57 190 млн теңгені құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 49%-ға айтарлықтай төмендеді (2024 ж.: 112 366 млн теңге), бұл негізінен «Үлбі-ЖБҚ» ЖШС өндірісі үшін U_3O_8 өңдеу көлемінің төмендеуіне байланысты.

Техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді, тасымалдау мен басқа шығыстарды қамтитын басқа шығыстар баптары 2025 жылы 23 558 млн теңгені құрап, көлік пен коммуналдық шығыстардың артуына байланысты алдыңғы жылмен салыстырғанда 36%-ға өсті (2024 ж.: 17 273 млн теңге).

C1, AISC уран өнімдерінің ақшалай құны мен күрделі шығындары

(өзгесі көрсетілмесе, миллион теңгеде)		2025	2024	Өзгеріс
C1 Ақшалай өзіндік құн (қатысу үлесіне пропорционалды)	АҚШ долл./фунт	18,06	16,59	9%
Күрделі шығындар (қатысу үлесіне пропорционалды)	АҚШ долл./фунт	11,47	11,06	4%
AISC Ақшалай өзіндік құн+ күрделі шығындар (қатысу үлесіне пропорционалды)	долл. США/фунт	29,53	27,65	7%
Өндіруші кәсіпорындардың күрделі шығындары (100%-дық негізде)[31]		398 187	317 540	25%

2025 жылдың нәтижелері бойынша «C1 Ақшалай өзіндік құн, қатысу үлесі бойынша» (17,00 – 18,50 АҚШ дол./фунт) және «AISC Ақшалай өзіндік құн + күрделі шығындар, қатысу үлесі бойынша» көрсеткіштері болжамды күтулер шегінде болды (29,00 – 30,50 АҚШ дол./фунт).

2024 жылғы нәтижелермен салыстырғанда, «C1 Ақшалай өзіндік құн» және «AISC Ақшалай өзіндік құн + күрделі шығындар» көрсеткіштері тиісінше 9%-ға және 7%-ға өсті.

C1 көрсеткішінің ұлғаюы негізінен пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық мөлшерлемесінің өсуіне, сондай-ақ шығыс материалдар мен реагенттерге инфляциялық қысымның артуына байланысты орын алды.

[31] Тарату қорлары мен тарату шығындарын қамтымайды. Күрделі шығындарға шолу бөлімінде қорытынды нәтижелерге тарату қорлары мен тарату шығындары кіретініне назар аударыңыз.

Төмендегі кестеде C1 ақшалай өзіндік құнның жалпы бөлінісі келтірілген (ақпарат жалпы түсінік үшін берілген, себебі нақты пропорциялар кәсіпорынға, кен орнына және өңірге байланысты өзгеріп тұрады).

Жалпы қатысты болатын ақшалай шығындардың санаттары (C1)	2025	2024
ПҚӨС	36%	30%
Материалдар мен шығыс материалдар	23%	23%
Қызметкерлер құрамының еңбекақысы	15%	17%
Өңдеу және басқа қызметтер	11%	13%
Жалпы және әкімшілік шығыстар	4%	5%
Өткізу бойынша шығыстар	2%	3%
Өзгелері	9%	9%
Жиыны	**100%**	**100%**

AISC көрсеткішінің жоғарылауы төменде көрсетілген факторлармен шартталған өндіруші кәсіпорындардың күрделі шығындарының өсуіне (қатысу үлесіне пропорционалды) байланысты:

2025 жылы өндіруші кәсіпорындардың күрделі шығындары (100% негізінде) 398 187 млн теңгені құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 25%-ға өсті (2024 ж.: 317 540 млн теңге), және 2025 жылға арналған болжамды күтулер шегінде қалды (385–415 млрд теңге). Алдыңғы жылмен салыстырғандағы өсім төмендегі факторларға байланысты:

- жалпы сомасы 132 млрд теңге құрайтын «КАТКО» БК» ЖШС-та, «ОРТАЛЫҚ» ӨК» ЖШС-та және «Буденовское» БК» ЖШС-та ұңғымаларды құруға және пайдалануға берілетін жаңа нысандар бойынша инфрақұрылым құрылысына жұмсалған күрделі шығындар;
- шикізаттың, материалдар мен жабдықтың сатып алу бағаларының өсуі, сондай-ақ 2025 жылға арналған болжамдарға сәйкес 2025 жылы бұрғылау және ұңғымаларды дайындау қызметтер құнының өсуі (2024 жылмен салыстырғанда).

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Күрделі шығындарға шолу

Топтың күрделі шығындарының көп бөлігін табиғи уран өндірумен айналысатын еншілес ұйымдар, БҰ, БК және қауымдастырылған кәсіпорындар көтереді. Бұл шығыстар келесі негізгі құрауыштардан тұрады:

- Уран өндіру ұңғымаларын салу шығындары: бұл шығыстардың негізгі құрауыштары болып қолданыстағы және жаңа кен орындарында ұңғымаларды салу, ұңғымаларды байластыру және оларды қышқылдандыру шығыстары табылады;
- кеңейту шығындары, мұнда әдетте өндірістік қуатты кеңейту, соның ішінде қолданыстағы кен орындарында, әрекет ететін жер қойнауын пайдалану келісімшарттарына толықтыру ретінде жаңа учаскелерде қуатты кеңейту, қызметтер спектрін және жаңа тағайындалу орындарына көлік бағдарларын кеңейту, жаңа өндірістік жүйелер мен үдерістерді енгізу кіреді;
- олар әдетте өндіру тоқтатылғанға дейін үш жыл бұрын тоқтатылатын қолданыстағы және жаңа кен орындарындағы инфрақұрылымға жұмсалатын шығыстарды қамтып көрсететін, өндірісті қолдау күрделі шығыстары, ғимараттарды күтіп ұстау және жабдықты ауыстыру шығыстары; және
- тарату қорына жарналар және кеңішті жабу шығындары — олар aisc есебіне қосылмаған.

Төмендегі кестеде көрсетілген кезеңдердегі және 100% негізінде уран өндірумен айналысатын Топтың еншілес ұйымдарының, БҰ-ның, БК-нің және қауымдастырылған кәсіпорындарының күрделі шығындары көрсетілген. Күрделі шығындар сомалары Топтың жеке компанияларының тәуелсіз басқарушылық ақпаратынан кәсіпорындардың жеке аудиттелмеген бухгалтерлік деректерінің негізінде алынған болатын, және, демек, Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде қамтылып көрсетілген негізгі өндірістік құралдар мен жабдықты сатып алу сомаларымен салыстырыла алмайды немесе оларға сәйкес келмейді.

(миллион теңгеде)	Үлес	WC[32]	S&E[33]	LF/C[34]	2025 Жиыны	WC[32]	S&E[33]	LF/C[34]	2024 Жиыны
«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС	100%	13 097	6 604	378	20 079	11 681	2 035	1 512	15 228
«РУ-6» ЖШС	100%	7 635	1 964	485	10 084	6 786	1 429	1 065	9 280
«АППАҚ» ЖШС	65%	10 899	2 286	1 438	14 623	9 924	1 883	1 062	12 869
«Инкай» БК» ЖШС	60%	23 280	5 614	(12)	28 882	17 058	3 201	42	20 301
«Байкен-U» ЖШС	52,5%	12 510	1 819	94	14 423	8 123	1 318	442	9 883
«ОРТАЛЫҚ» ӨК» ЖШС	51%	24 125	7 695	(109)	31 711	21 337	5 726	1 153	28 216
«Семізбай-U» ЖШС	51%	13 503	2 157	1 903	17 563	10 641	902	925	12 468
«Буденовское» БК» ЖШС	51%	50 051	29 287	1 251	80 589	43 153	11 127	285	54 565
«Қаратау» ЖШС	50%	16 536	9 283	1 581	27 400	13 427	1 221	942	15 590
«Ақбастау» БК» АҚ	50%	28 543	5 772	1 549	35 864	23 280	3 916	534	27 730
«Turanium» ЖШС	50%	13 497	1 472	1 477	16 446	16 044	4 428	442	20 914
«ЗАРЕЧНОЕ» БК» АҚ	49,98%	8 903	707	–	9 610	6 512	861	2 186	9 559
«КАТКО» БК» ЖШС	49%	46 799	23 381	(195)	69 985	41 215	26 580	5 418	73 213
«Оңтүстік тау-химиялық компаниясы» БК» ЖШС	30%	21 419	9 348	5 095	35 862	19 926	3 805	1 544	25 275
Өндіруші активтер жиыны		**290 797**	**107 389**	**14 935**	**413 121**	**249 107**	**68 432**	**17 552**	**335 091**

[32] Геологиялық барлау шығыстарын қоспағанда, ұңғымалар құрылысы.
[33] Кеңейту шығыстарын қоса алғанда, өндірісті қолдау.
[34] Тарату қоры / жабу.

2025 жылы 14 уран өндіру компаниясының күрделі шығындары 2024 жылғы деңгейден асып түсті. Тарату қоры/жабу шығыстарын қоспағанда, күрделі салымдардың өсуі:

- инвестициялық жобалар аясында «Буденовское» БК» ЖШС, «КАТКО» БК» ЖШС (Оңтүстік Төртқұдық) және «ОРТАЛЫҚ» ӨК» ЖШС (Жалпақ) бойынша қажетті инфрақұрылым құрылысы мен ұңғымаларды салу шығындарымен;
- жоспарланған уран өнімдерін өндіру деңгейіне жету мақсатында қолданыстағы кен орындарында өндірістік қуатты кеңейтумен;
- келісімшарттық міндеттемелер шеңберінде өндіру деңгейіне жету және өндіруге дайын қорлармен қамтамасыз етілгендік коэффициентін қалпына келтіру үшін салынатын ұңғымалардың өсуімен;
- жұмыстар мен материалдардың сатып алу бағасының өсуімен байланысты.

(миллион теңгеде)	2025	2024	Өзгеріс
Ұңғымалар құрылысы	290 797	249 107	17%
Өндірісті қолдау[35]	71 796	40 915	75%
Құрылыс пен қолдауға жұмсалған шығыстар жиыны	**362 593**	**290 022**	**25%**
Кеңейту	35 593	27 517	29%
Өндіруші кәсіпорындардың күрделі шығындары (100%-дық негізде)[36]	**398 187**	**317 540**	**25%**

[35] Кеңейтуге жұмсалған жалпы шығыстарды қоспайды.
[36] Тарату қорлары мен тарату шығындарын қамтымайды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР



2025 жылдың нәтижелері бойынша өндіруші кәсіпорындардағы күрделі шығындардың жиыны 100%-дық негізде 2025 жылға арналған болжам шеңберінде болды (385–415 млрд теңге). Өндіруші кәсіпорындардың күрделі шығындарының өсуі, негізінен, «Буденовское» БК» ЖШС-та, «КАТКО» БК» ЖШС-та (Оңтүстік Төртқұдық) және «ОРТАЛЫҚ» ӨК» ЖШС-та (Жалпақ) пайдалануға беріліп жатқан жаңа нысандар бойынша ұңғымалар мен инфрақұрылым құрылысына байланысты. Жаңа нысандарды пайдалануға беру бойынша жалпы құн 132 млрд теңгені құрады (2025 жылға болжалды сома: 153 млрд теңге), сондай-ақ қолданыстағы кен орындарындағы өндірістік қуатты кеңейтумен байланысты болды.

Күрделі шығындардың өсуінің қосымша факторларына 2025 жылғы өндіріс жоспарының іске асырылуы, сондай-ақ шикізаттың, жабдық пен бұрғылау қызметтерінің сатып алу бағасының өсуінен туындаған инфляциялық қысым кірді.

Төмендегі кестеде келтірілген ақпарат 2025 жылы әрбір өндіруші кәсіпорын үшін тау-кен дайындық жұмыстарын өтеуді (ТКДЖ деп белгілі), негізгі құралдар мен амортизацияны қамтып көрсетеді.

(өзгесі көрсетілмесе, миллион теңге)	Дайын қорлар көлемі (тонна)	Кезең соңындағы ТКДЖ қалдығы	Кезең соңындағы ГБЖ қалдығы	Кезең соңындағы НҚ бастапқы (тарихи) құны (ТКДЖ-дан басқа)	Кезең соңындағы НҚ теңгерімдік құны (ТКДЖ-дан басқа)	Кезеңдегі амортизация (ТКДЖ-дан басқа)
«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС	2 567	30 615	15 463	30 209	15 882	2 248
«РУ-6» ЖШС	3 036	18 193	–	11 773	6 112	999
«АППАҚ» ЖШС	1 366	18 788	1 466	13 979	7 489	772
«Инкай» БК» ЖШС	6 030	31 557	14 589	110 891	60 738	2 654
«Байкен-U» ЖШС	2 987	20 642	3 947	24 859	10 385	1 376
«ОРТАЛЫҚ» ӨК» ЖШС	4 596	44 820	1 013	37 635	25 010	1 554
«Семізбай-U» ЖШС	1 904	20 618	35	22 358	9 076	1 469
«Буденовское» БК» ЖШС	2 846	89 026	12 326	43 216	42 565	463
«Қаратау» ЖШС	3 713	23 884	1 752	41 441	22 931	1 858
«Ақбастау» БК» АҚ	5 113	46 131	4 795	19 993	13 137	952
«Turanium» ЖШС («Хорасан-U» БК» ЖШС)[37]	4 905	27 199	9 412	23 047	12 632	1 428
«КАТКО» БК» ЖШС	8 488	105 542	9 224	138 611	90 115	6 706
«Заречное» БК» АҚ	1 300	13 973	1 266	12 391	2 860	1 375
«Оңтүстік тау-химиялық компаниясы» БК» ЖШС	5 158	27 792	5 139	43 596	25 389	1 891

[37] «Қызылқұм» ЖШС негізгі құралдарын қамтиды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Қорлар мен геологиялық зерттеулер

SRK Consulting (UK) Limited компаниясы дайындаған Минералдық ресурстар және кен қорлары туралы есепке (2026 жылғы 17 қаңтардағы) сәйкес, барлық өндіру активтерінің (геологиялық барлау активтері бойынша болжамды ресурстарды қоспағанда) кен қорлары 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша (жыл сайынғы сарқылуды еспке алғанда) 531,0 мың тонна уран (100%) құраған, соның ішінде 282,9 мың тонна уран Компанияның үлесіне тиесілі (2024 ж.: 100%-дық негізде 564,3 мың тонна уран; Компанияға тиесілі – 300,3 мың тонна уран). Минералдық ресурстардың жалпы көлемі (кен қорларын қоса алғанда) 786,4 мың тонна уран (100%-дық негізде) деп бағаланады, соның ішінде 474,4 мың тонна уран Компанияға тиесілі (2024 ж.: 100%-дық негізде 821,3 мың тонна; Компанияға тиесілі – 492,9 мың тонна).

2024 жылмен салыстырғанда минералдық ресурстардың жалпы көлемі шамамен 34,9 мың тонна уранға қысқарды. Төмендеу 2025 жылғы өндіріс жоспарының іске асырылуының, сондай-ақ жер қойнауының табиғи сарқылуының және 26,0 мың тонна уранды (100%-дық негізде) нақты өндіру кезіндегі ілеспе ысыраптың салдарынан орын алды.

Толығырақ ақпарат алу үшін Компанияның **корпоративтік сайтында** «Инвесторлар» атты бөлімде табуға болатын Қазатомөнеркәсіп активтері бойынша Минералдық ресурстар және кен қорлары туралы есепті қараңыз.


Өтімділік және капиталдық ресурстар

Компания үнемі өзгеріп тұратын нарық ортасында қаржылық тұрақтылықты сақтауды көздейді. Топтың қаржылық менеджмент саясаты қолданыстағы қызметті жалғастыру және бизнесті дамыту үшін тиісті деңгейдегі ақша қорларын қолдап тұруға бағытталған.

Топтың өтімділікке деген қажеттілігі негізінен айналым капиталын, күрделі шығындарды қаржыландыруға, борышқа қызмет көрсетуге және дивиденд төлеуге қатысты болады.

Тарихи тұрғыдан алғанда, Топ негізінен айналым капиталы мен капиталға деген ұзақ мерзімді қажеттіліктерін қаржыландыру үшін операциялық қызметтен түскен ақша ағындарын пайдаланған, және мұны қажет болған жағдайда сыртқы қаржы ресурстарын пайдалану мүмкіндігін сақтай отырып, болашақта да іске асыру жоспарлануда. Қажеттілігіне қарай, Компания белгілі бір инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін жобалық қаржыландыруды тарту мүмкіндігін қарастыратын болады.

ҚОРЛАР МЕН РЕСУРСТАР, мың тонна



786,4 мың тонна уран

Минералдық ресурстардың жалпы көлемі (кен қорларын қоса алғанда)

KAZATOMPROM NATIONAL ATOMIC COMPANY

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР



Ақшалай қаражат және қолжетімді қаржыландыру көздері

Топ өтімділікті өз міндеттемелерін дер кезінде орындау үшін жеткілікті ақшалай қаражаттың үнемі бар болуын қамтамасыз ететіндей басқарады.

Мұндай ақталмаған шығындардың алдын алуға мүмкіндік беріп, Топтың іскерлік беделіне төнетін тәуекелдерді болдырмайды.

(миллион теңгеде)	2025	2024	Өзгеріс
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	347 398	294 385	18%
Мерзімді депозиттер	28	28	0%
Барлығы ақшалай қаражат	**347 426**	**294 413**	**18%**
Қарыздар бойынша пайдаланылмаған сома	77 296	101 346	(24%)

2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша мерзімді депозиттерді қоса алғанда, ақшалай қаражат пен оның баламалары жалпы 347 426 млн теңгені құрап, 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы 294 413 млн теңгемен салыстырғанда 18%-ға көбейді.

Қарыздар бойынша пайдаланылмаған сома Топқа 12 айға дейінгі өтеу мерзімімен қолжетімді жаңартылмалы корпоративтік несие желілерін білдіреді. Олар өтімділіктің қосымша көзі болады және көбінесе саудалық дебиторлық берешек түсімдерінің мерзімдерімен байланысты мезгілдік кассалық алшақтықтарды жабу үшін пайдаланылады.

2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың жаңартылмалы несие желілерінің жалпы лимиті 114 661 млн теңгені (227 млн АҚШ долларын) құраған, соның ішінде 77 296 млн теңге (153 млн АҚШ доллары) пайдалануға қолжетімді болды (2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша: 194 млн АҚШ доллары).

Алынған және төленген дивидендтер

Топтың бас компаниясы бола тұра, Компания ақша ағындарын негізгі операциялық қызметі есебінен де, бірлескен кәсіпорындардан, қауымдастырылған ұйымдардан және басқа да инвестициялардан түскен дивидендтік төлемдер есебінен де қалыптастырады. Компания капиталды бөлуге тәртіпті тәсілді ұстанып, дивидендтерді барынша арттыру мақсаты мен өзінің еншілес бірлескен және қауымдастырылған ұйымдарының ұзақ мерзімді тұрақты даму міндеттері арасында теңгерімді қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын инвестиция объектілерінен алынатын дивидендтер салық салудан босатылатынын атап өткен жөн.

2025 жылы Компания өз акционерлеріне 2024 жылдағы қызмет нәтижелері бойынша 2025 жылдың шілдесінде төленген 327 858 млн теңге мөлшерінде дивидендтердің төленуі туралы жариялады (2024 жылы Компания 2023 жылдағы қызмет нәтижелері бойынша маусым айында 314 649 млн теңге мөлшерінде дивидендтер төледі).

Айналым капиталы

Төмендегі кестеде Топтың 2025 және 2024 жылдардағы айналым капиталының бөлінісі көрсетілген.

(миллион теңгеде)	2025	2024	Өзгеріс
Тауарлық-материалдық құндылықтар	415 319	388 157	7%
Дебиторлық берешек	339 944	676 161	(50%)
Өтелетін ҚҚС	274 180	219 672	25%
Өзге қаржылық активтер[38]	133 103	20 393	>100%
Өзге қаржылық емес активтер	19 443	18 235	7%
Алдын ала төленген пайда салығы	49 153	9 508	417%
Кредиторлық берешек	(191 429)	(281 672)	(32%)
Жұмыскерлерге төленген сыйақылар	(653)	(399)	64%
Пайда салығы бойынша міндеттемелер	(1 213)	(7 482)	(84%)
Өзге салықтық және міндетті төлем міндеттемелері	(54 464)	(47 931)	14%
Өзге ағымдағы міндеттемелер	(46 076)	(27 701)	66%
Таза айналым капиталы	**937 307**	**966 941**	**(3%)**

[38] 2025 жылы 28 млн теңге (2024 ж.: 28 млн теңге) сомасындағы депозиттерді қоспайды, себебі олар ақшалай қаражатқа теңестірілген.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Дебиторлық берешектің азаюы негізінен 2024 жылдың төртінші тоқсанында іске асырылған сатылымдардан түскен ауыспалы дебиторлық берешекті өтеу есебінен орын алды.

Өтелетін ҚҚС 2025 жылы Компанияның өзінің еншілес кәсіпорындарынан, БҰ-дан, БК-ден және қауымдастырылған кәсіпорындарынан сатып алған уран көлемінің артуына байланысты 274 180 млн теңгеге дейін өсті.

2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша өзге қаржылық активтер негізінен Топтың Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі, АҚШ Қаржы министрлігі және халықаралық қаржы институттары шығарған қысқа мерзімді борыштық бағалы қағаздарға инвестицияларымен ұсынылған. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мұндай инвестициялардың көлемі 133 103 мың теңгені құрады.

Кредиторлық берешектің азаюы, көбінесе, Компанияның бұрын жеткізілген уран көлемі үшін өзінің БК мен қауымдастырылған кәсіпорындарының алдындағы ауыспалы кредиторлық берешекті өтегенімен шартталған.

Топ ХҚЕС 15-ке сәйкес қаржыландыру туралы келісімдер ретінде есепке алынатын үшінші тараптармен кері сатып алу туралы келісімдер жасасты. Бұл ретте Топ тиісті негізгі активті тануды жалғастыруда және қаржыландыру туралы келісімдер бойынша міндеттеме ретінде қамтылып көрсетілген қаржылық міндеттемені (басқа ағымдағы міндеттемелер құрамында) таниды.

Топтың таза айналым капиталы барлық қарастырылатын кезеңдер ішінде оң болып қала берген.

Келесі кестеде 2025 және 2024 жылдардың соңындағы Топтың тауарлық-материалдық құндылықтарының (қорларының) құрауыштары көрсетілген.

(миллион теңгеде)	2025	2024	Өзгеріс
Дайын тауарлар мен қайта сатуға арналған тауарлар	329 224	317 727	4%
соның ішінде уран өнімдері	*324 635*	*314 367*	*3%*
Аяқталмаған өндіріс	52 440	36 712	43%
Шикізат пен материалдар	32 199	30 549	5%
Басқа материалдар	4 126	3 582	15%
Қосалқы бөлшектер	1 432	1 283	12%
Отын	968	974	(1%)
Айналымнан шығаруға және ықтимал өткізудің таза құнына дейін есептен шығаруға арналған сома	(5 070)	(2 670)	90%
Қорлар жиыны	**415 319**	**388 157**	**7%**

Топ уран нарығындағы жағдайды үздіксіз бақылауды жүргізіп тұрады, және нарықтық жағдаятына байланысты өзінің тауарлық-материалдық қорлары деңгейін көбейту стратегиясын ұстануы мүмкін.

Топтың негізгі қорлары құрамына көбінесе U_3O_8 мен басқа уран өнімдерін кіретін дайын тауарлар мен қайта сатуға арналған тауарлардан тұрады.

Қор теңгерімінің ұлғаюы, негізінен, Топ қоймаларындағы физикалық қалдықтардың көбеюіне байланысты. Аяқталмаған өндіріс, шикізат пен материалдар көлемінің ұлғаюы, көбінесе, U_3O_8 өндірісінің ұлғаюымен шартталған. Компанияның стратегиясына сәйкес, Қазатомөнеркәсіп қорларының деңгейлері кленттердің жеткізуге сұраныстарының түсу мерзімдеріне, жөнелту кестелеріне және өзгеріп тұрған нарық жағдайларына сәйкес өндіру мен сату көлемдеріне байланысты өзгеріп тұрады.



Ақшалай қаражат қозғалысы

Төмендегі талдау Қаржылық есептілік негізінде әзірленген және онымен және тиісті ескертпелермен бірге жиынтықта қаралуы тиіс.

Төмендегі кестеде Топтың 2025 және 2024 жылдардағы шоғырландырылған ақша ағындары көрсетілген.

(миллион теңгеде)	2025	2024
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражат[39]	809 845	516 487
Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражат	(258 557)	(42 415)
Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражат	(488 144)	(415 264)
Ақшалай қаражат пен оның баламаларының таза көбеюі/(азаюы)	**63 144**	**58 808**

Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты

2025 жылы операциялық ақша ағыны 809 845 млн теңгені құрап, 2024 жылғы 516 487 млн теңгемен салыстырғанда айтарлықтай ұлғайды. Өсу негізінен төмендегі факторлардың есебінен орын алды:

- 2025 жылы сатып алушылардан және своп мәмілелері бойынша операциялардан түскен ақша түсімдерінің 2024 жылмен салыстырғанда 535 413 млн теңгеге көбеюі. Ұлғаю U_3O_8 өткізу көлемінің өсуімен шартталған;
- 2025 жылы ҚҚС қайтарымы мөлшерінің 36 619 млн теңге сомасына көбеюі.

Бұл факторлар төмендегілермен ішінара тегістелді:

- Компанияның өзінің бірлескен және байланысты кәсіпорындарынан U_3O_8 сатып алу көлемдерінің өсуімен, сондай-ақ шикізат пен материалдар құнына инфляциялық қысыммен шартталған 2025 жылдағы жеткізушілерге және своп-мәмілелер бойынша ақшалай төлемдердің 238 500 млн теңгеге өсуі;
- өзге салықтардың негізінен пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық мөлшерлемесінің ұлғаюына байланысты 33 676 млн теңгеге өсуі. Бұл өсім U_3O_8 споттық бағасының төмендеуі аясында Қазақстан Республикасы аумағында топішілік сатылымдар көлемінің қысқаруы салдарынан қосылған құн салығы («ҚҚС») бойынша төлемдердің азаюымен ішінара тегістелді;
- салық салынғанға дейінгі пайданың өсуіне байланысты төленген табыс салығының 10 903 млн теңгеге артуы.

[39] пайда салығы мен төленген пайыздардың есепке алынуымен.

KAZATOMPROM NATIONAL ATOMIC COMPANY

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

8. ҚОСЫМШАЛАР

Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаты

2025 жылы инвестициялық қызметтен орын алған ақшалай қаражаттың таза кетісі 2024 жылғы 42 415 млн теңге мөлшеріндегі кетіспен салыстырғанда, 258 557 млн теңгені құрады.

2025 жылғы өзгерістер ең алдымен төмендегілермен шартталған:

- негізгі құралдарды (32 454 млн теңге), кен орындарын игеру активтерін (20 405 млн теңге) және барлау мен бағалау активтерін (3 007 млн теңге) сатып алуды қоса алғанда, жалпы сомасы 55 866 млн теңгедегі капиталдық салымдардың өсуі. Бұл серпін «ОРТАЛЫҚ» ӨК» ЖШС-те және «Буденовское» БК» ЖШС-те ұңғымаларды салу мен пайдалануға берілетін жаңа объектілер бойынша инфрақұрылым құрылысы шығындарына, сондай-ақ жабдықтың неғұрлым жоғары сатып алу бағаларына байланысты;
- борыштық бағалы қағаздарды сатып алу және өтеуден туындаған ақшалай қаражат таза кетісінің 169 938 млн теңгеге (нетто) ұлғаюы;
- 2024 жылы «Буденовское» БК» ЖШС-ті бақылауға алу және оның жалпы сомасы 11 885 млн теңгені құрайтын ақшалай қаражаты мен баламаларын шоғырландыру;
- 2025 жылы қауымдастырылған компаниялардан, БК-ден және өзге инвестициялардан алынған дивидендтер көлемінің 37 625 млн теңге сомасына өсуі.

Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаты

2025 жылы қаржылық қызметтен орын алған ақшалай қаражаттың таза кетісі 2024 жылғы 415 264 млн теңгемен салыстырғанда, 488 144 млн теңгені құрады.

Қаржылық қызметтен туындаған ақша ағындарының серпінін анықтаған негізгі факторлар:

- Компания акционерлеріне және бақыламайтын қатысу үлестері иелеріне дивиденд төлемдерінің тиісіне 13 209 млн теңгеге және 113 337 млн теңгеге ұлғаюы;
- қаржыландыру туралы келісімдер бойынша 13 034 млн теңге сомасындағы қаражаттың түсуі;
- төлемдердің оларды өтеу бойынша 110 055 млн теңгеге төмендеуімен ішінара өтелген тартылған несиелер мен қарыздар көлемінің 70 142 млн теңгеге қысқаруы. Нәтижесінде таза өзгеріс 39 913 млн теңгені құрады.



Берешек

Теңгерімнен тыс кепілдіктерді қоса алғанда, Топтың қаржылық міндеттемелері 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 230 128 млн теңгені құрады (2024 жылы 176 645 млн теңге), соның ішінде:

(миллион теңгеде)	2025	2024	Өзгеріс
Банктік қарыздар	90 417	1 988	>100%
Банктік емес қарыздар	117 080	147 719	(21%)
Теңгерімнен тыс кепілдіктер	22 474	26 692	(16%)
Жалдау бойынша міндеттемелер	157	246	(36%)
Барлығы борыш пен кепілдіктер	**230 128**	**176 645**	**30%**

Төмендегі кестеде Топтың 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша несиелері мен қарыздарының сомалары келтірілген:

(миллион теңгеде)	2025	2024	Өзгеріс
Ұзақ мерзімді	51 587	106 401	(52%)
Банктік несиелер	1 034	1 379	
Банктік емес қарыздар, соның ішінде:	50 553	105 022	
Шығарылған облигациялар	*50 553*	*105 022*	
Ағымдағы	155 910	43 306	>100%
Банктік несиелер	89 383	609	
Банктік емес қарыздар, соның ішінде:	66 527	42 697	
Шығарылған облигациялар	*52 909*	*457*	
Екінші қатысушының қарыздары	*13 618*	*42 240*	
Несиелер мен қарыздар жиыны	**207 497**	**149 707**	**39%**

2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың банк қарыздары 90 417 млн теңгені құраған және төмендегілерді қамтиды:

- Еуразиялық даму банкінен (ЕДБ) алынған, 2026 жылдың қыркүйегіндегі өтеу мерзімімен 100 миллион АҚШ доллары сомасындағы күрделі және операциялық шығыстарды қаржыландыруға арналған «Буденовское» БК» ЖШС-тің ұзақ мерзімді банк несиесі;
- ЕДБ-ден алынған, 2027 жылдың қарашасындағы өтеу мерзімімен 38,9 миллион АҚШ доллары сомасындағы күрделі және операциялық шығыстарды қаржыландыруға арналған «Буденовское» БК» ЖШС-тің ұзақ мерзімді банк несиесі;
- Citibank Europe Plc.-ден алынған, 2026 жылдың маусымындағы өтеу мерзімімен, 35 миллион АҚШ доллары сомасындағы «ТН Kazakatom» AG сауда қарызы;
- «Қазақстандағы Қытай Банкі» ЕБ АҚ-тан алынған, 2029 жылдың ақпанындағы өтеу мерзімімен, 1 525 миллион теңге қалдық теңгерімімен, вагон-цистерналарды, локомотивтер мен автокөлік құралдарын сатып алуға арналған «KAP Logistics» ЖШС ұзақ мерзімді банк несиесі.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың банктік емес қарыздары 117 080 млн теңгені құраған және төмендегілерді қамтиды:

- Astana International Exchange биржасының (AIX) ережелері бойынша шығарылған, Компанияның 2027 жылдың желтоқсанындағы өтеу мерзімімен 200 миллион АҚШ доллары сомасындағы ұзақ мерзімді купондық облигациялары. Бұл шығарылымның мақсаты болып айналым капиталын толықтыру табылады;
- «Буденовское» БК» ЖШС-тің екінші қатысушысы «Степногорск тау-кен-химиялық комбинаты» ЖШС-тен өнеркәсіптік нысандарды салу, өндіру жұмыстарын жүргізу, операциялық қызмет және өндіру өнкрәсіптік кешенінің құрылысы үшін жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және бекіту үшін алынған 13 618 млн теңге сомасындағы акционерлік қарыз.

Топтың 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша теңгерімнен тыс кепілдіктері 22 474 млн теңгені құрады және төмендегілерді білдіреді:

- «TQZ» ЖШС-нің күкірт қышқылы зауытын салу жобасы бойынша міндеттемелерін қамтамасыз ету ретінде берілген жалпы сомасы 16 733 млн теңгедегі кепілдіктер, және
- «Үлбі-ЖБҚ» ЖШС-тің «Қазақстан Халық банкі» АҚ-тағы қарызын қамтамасыз ету үшін берілген «ҮМЗ» АҚ-ның жалпы сомасы 5 741 млн теңгедегі қайтарылмайтын кепілдікті міндеттемелері.

Топтың өзге міндеттемелері қаржылық жалдау міндеттемелерін, өзге берешек пен операциялық жалдау бойынша міндеттемелерді қамтиды.

Несиелік келісімдер мен кепілдік шарттарының талаптарына сәйкес, Топ белгілі бір қаржылық ковенанттарды сақтауға міндетті. 2025 жылдың 31 желтоқсаны мен 2024 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ осы келісімдерде ескерілген барлық ковенанттарды толығымен сақтаған.

Төмендегі кестеде Топтың 2025 және 2024 жылдардағы несиелер мен қарыздар бойынша орташа өлшемделген пайыздық мөлшерлемесі келтірілген:

(%)	2025	2024
Орташа өлшемделген пайыздық мөлшерлеме, соның ішінде:	7,14	7,04
Бекітілген пайыздық мөлшерлеме	10,22	7,03
Құбылмалы пайыздық мөлшерлеме	5,17	7,15

2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қарыздар мен несиелер бойынша орташа өлшемделген пайыздық мөлшерлемесі 7,14%-ға дейін аздап өсті (2024 жылдың 31 желтоқсанында – 7,04%). Топтың орташа өлшемделген пайыздық мөлшерлемесінің өсуіне негізінен несие қоржыны құрылымының валюта мен пайыздық мөлшерлеме қимасындағы өзгеруі әсерін тигізді.

Егер 2024 жылы айнымалы құрамдас бөлігі ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі болып табылған қарыздардың көпшілігі теңгедегі құбылмалы мөлшерлеме бойынша тартылған болса, 2025 жылы негізгі индикатор (бенчмарк) ретінде Secured Overnight Financing Rate (SOFR) мөлшерлемесі пайдаланылатын шетел валютасындағы қарыздар басым болды.

2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың несиелер мен қарыздар бойынша міндеттемелерінің 51%-ы пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы борыш есебінен қалыптасқан (2024 жылдың соңында 72%).

КЕЛЕСІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГ АГЕНТТІКТЕРІ КОМПАНИЯҒА НЕСИЕЛІК РЕЙТИНГТЕР БЕРГЕН:



Baa1

MOODY'S INVESTORS SERVICE

болжамы «Тұрақты»
(2025 жылдың 10 қыркүйегінде расталған)

BBB

FITCH RATINGS

болжамы «Тұрақты»
(2026 жылдың 15 қаңтарында расталған).

Таза борыш / Түзетілген EBITDA

Келесі кестеде Компания басшылығы 2025 және 2024 жылдардың нәтижелері бойынша қаржылық тұрақтылықты өлшеу үшін пайдаланатын негізгі коэффициенттер келтірілген. Компания басшылығы «Таза борыш / Түзетілген EBITDA» коэффициентін 1,0-ден төмен деңгейде ұстап тұруды мақсат қояды.

(миллион теңгеде)	2025	2024	Өзгеріс
Барлығы борыш (кепілдіктерді қоспағанда)	207 653	149 953	38%
Барлығы ақшалай қаражат теңгерімі	(347 426)	(294 413)	18%
Таза борыш	(139 773)	(144 460)	(3%)
Түзетілген EBITDA көрсеткіші[40]	1 133 489	1 096 711	3%
Таза борыш / Түзетілген EBITDA көрсеткіші (коэффициент)	(0,12)	(0,13)	(8%)

[40] Түзетілген EBITDA көрсеткіші EBITDA-дан негізгі қызметке қатысы жоқ және бір ретік әсер бар барлық баптарды алып тастау арқылы есептеледі. Есептеу: салыққа дейінгі пайда – қаржылық табыстар + қаржылық шығыстар +/- бағамдық айырма бойынша таза (пайда)/залал + тозу мен амортизация + құнсыздануды қалпына келтіру +/- бір реттік және бірлі-жарым оқиғалар.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Шығарылған акциялар

2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның жарияланған және шығарылған жай акцияларының саны 259 356 608 дананы құрады (2024 жылдың 31 желтоқсанымен салыстырғанда өзгеріссіз), оның 62,99336549%-ы «Самұрық-Қазына» АҚ-қа, 12,00663451%-ы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне тиесілі, ал акциялардың/ғаламдық депозитарлық қолхаттардың (ҒДҚ) 25%-ы Астана халықаралық биржасындағы (AIX) және Лондон қор биржасындағы (LSE) листингімен еркін айналымда.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне тиесілі акциялар «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімгерлікпен басқаруында.

(2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша)	Акциялар және ҒДҚ	%
«Самұрық-Қазына» АҚ	163 377 456	62,99336549
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	31 140 000	12,00663451
Еркін айналымда	64 839 152	25
Шығарылған акциялардың жалпы саны	**259 356 608**	**100**



2026 жылға арналған болжамды көрсеткіштер

		2026 жылға арналған болжам	2025 жылғы нақты
		540 KZT/USD	521,37 KZT/USD
Өндіруші кәсіпорындардың U_3O_8 өндіріс көлемі (100%-дық негізде)[41], [42]	Уран тоннасы	27 500 – 29 000	25 839
	U_3O_8 млн фунты	71,49 – 75,39	67,18
Өндіруші кәсіпорындардың U_3O_8 өндіріс көлемі, (қатысу үлесіне пропорционалды)[42], [43]	Уран тоннасы	14 500 – 15 500	13 519
	U_3O_8 млн фунты	37,70 – 40,30	35,15
Топтың өткізу көлемі, (шоғырландырылған)[44]	Уран тоннасы	19 500 – 20 500	18 494
	U_3O_8 млн фунты	50,70 – 53,30	48,08
соның ішінде Компанияның өткізу көлемі (Топтың өткізу көлеміне қосылған)[45]	Уран тоннасы	13 100 – 14 100	13 699
	U_3O_8 млн фунты	34,06 – 36,66	35,61
Топтың жалпы түсімі (қарж. есептілікке сәйкес)[46], млрд теңге		2 200 – 2 300	1 803
соның ішінде U_3O_8 өткізімінен түскен түсім (Топ бойынша)[46], млрд теңге		2 075 – 2 175	1 638
соның ішінде U_3O_8 өткізімінен түскен түсім (Топ бойынша)[47]		23,50 – 25,00	18,06
AISC Ақшалай өзіндік құны + өндіруші кәсіпорындардың күрделі шығындары (қатысу үлесі бойынша), АҚШ долл. / фунт[48]		35,00 – 36,50	29,53
Күрделі шығындар (100%-дық негізде), млрд теңге[49]		415 – 430	398

[41] Өндіріс көлемі (100%-дық негізде): Компанияның қатысу үлесі бар кәсіпорындардың жиынтық өндіріс көлемін білдіреді, және осы өндіріс көлемдерінің бір бөлігі Топтың бірлескен кәсіпорындары бойынша серіктестерге немесе үшінші қатысушыларға тиесілі болуы мүкін екендігін есепке алмайды. Нақты өндіріс көлемдері конвертер деректерінің нәтижелері және өңдеу барысындағы материалдар бойынша деректер нәтижелері бойынша түзетуге жатады.

[42] Ресей мен Украина арасындағы қақтығысқа байланысты санкциялық қысымды және кейбір негізгі материалдарға шектеулі қолжетімділікті қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, ұзақтығы мен толық әсері белгісіз. Осыған орай, жылдық өндіріс көлемі ішкі күтулерден ерекшеленуі мүмкін.

[43] Өндіруші кәсіпорындардағы U_3O_8 өндіріс көлемі (иелену үлесіне пропорционалды): Компанияның иелену үлесіне пропорционалды үлесі бар кәсіпорындардың өндіріс көлемдерін білдіреді, және жылдық өндіріс көлемі (иелену үлесіне пропорционалды) Компанияның IPO аңдатпасында бұрын ашылған өткізу туралы келісімге анықталатын «Инкай» БК» ЖШС-ті қоспағанда, бірлескен кәсіпорын бойынша серіктестеріне немесе үшінші қатысушыларға қатысты болатын қалған бөлікті қамтымайды. Нақты өндіріс көлемдері конвертер деректерінің нәтижелері бойынша түзетуге жатады. «Буденовское» БК бойынша, 2025 жылдан 2026 жылға дейінгі кезеңдегі өндіріс көлемінің 100%-ы оффтейк-келісімшарт бойынша нарықтық талаптарда толығымен резервтелген.

[44] Топтың өткізу көлемі, тонна: Қазатомөнеркәсіп пен оның шоғырландырылатын еншілес кәсіпорындарының U_3O_8 сатылымдарын қамтиды (осы есептің 31 бетіндегі Топтың анықтамасына сәйкес). Топтық U_3O_8 сатылымдар көлеміне уранның басқа түрлерінің өткізілімі кірмейді (соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, отын таблеткалары мен байытылған уран өнімін өткізу).

[45] Компанияның өткізу көлемі (Топ бойынша сату көлеміне қосылған): Компания мен ТНК-ның жалпы сыртқы сатылымдарын ғана қамтиды. Компания мен ТНК арасындағы топішілік мәмілелер қосылмаған.

[46] Күтілетін түсім үшінші тарап көздерінен белгілі бір уақытта алынған уран бағалары мен теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбас бағамдарына негізделген. Пайдаланылатын бағалар мен теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбас бағамдары Қазатомөнеркәсіптің ішкі болжамдарын қамтып көрсетпейді, ал 2026 жылға арналған түсім нақты бағалар мен теңгенің АҚШ доллары айырбас бағамдары айырмашылықтарының үшінші тарап көздерінің болжамдарынан айырмашылықтарының әсеріне айтарлықтай ұшырауы мүмкін.

[47] кг уранды U_3O_8 фунтына қайта есептеу коэффициенті 2,5998 екенін ескеріңіз.

[48] Белгілі бір БК бойынша, егер серіктес өндірістегі өз үлесін сатып алудан бас тартатын болса, Компанияның мұндай қосымша көлемді (Компанияның акцияларына пропорционалды өндіріс көлемінен асыра) сатып алуға құқығы бар.

[49] Күрделі шығындар (100%-дық негізде): Өндіруші кәсіпорындардың күрделі шығындарын, соның ішінде инвестициялық жобаларға елеулі күрделі шығындарды қамтиды. Тарату қорлары мен тарату шығындарын қамтымайды. 2026 жылға «Буденовское» БК» ЖШС, «Орталық» ӨК» ЖШС (Жалпақ) және «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС (Инкай-3) бойынша кеңіштердің инфрақұрылымын дамытуға арналған жиынтық сомасы шамамен 121 миллиард теңге құрайтын шығындар қосылған.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Компанияның 2025 жылдың тамыз айында жарияланған Минералдық активтер туралы құзыретті тұлға есебінде көрсетілгендей, 2026 жылға арналған атаулы өндіріс деңгейі (100%-дық негізде) 32 777 тоннадан (85,21 млн фунт) 29 697 тоннаға (77,21 млн фунт) дейін түзетілді. Осылайша, азаю шамамен 3 мың тоннаны (~8 миллион фунт) немесе шамамен 10%-ды құрды.

Қазатомөнеркәсіптің 2026 жылдағы 100%-дық негіздегі және қатысу үлесіне пропорционалды өндіріс көлемі күкірт қышқылының бар болу шартымен тиісінше 27 500 – 29 000 тонна уран (71,49 – 75,39 млн фунт U_3O_8) және 14 500 – 15 500 тонна уран (37,70 – 40,30 млн фунт U_3O_8) деңгейінде болады деп күтілуде.

2026 жылы Топ бойынша сатылымдар көлемі 13 100 – 14 100 тонна уран (34,06 – 36,66 млн фунт U_3O_8) деңгейіндегі Компания сатылымдарының көлемі бойынша күтулерді қоса алғанда, 19 500 – 20 500 тонна уран (50,70 – 53,30 млн фунт U_3O_8) деңгейінде күтіледі.

Өндіріс көлемінің артуы көбінесе оның 2025 жылдан 2026 жылға дейінгі кезеңдегі 100%-ық өндіріс көлемі бұрын хабарланғандай, оффтейк-келісімшарт бойынша резервтелген «Буденовское» БК» ЖШС-тің жобалық қуатқа шығу аясында өндіруді кезең-кезеңмен ұлғайтумен шартталған. Қалған уран өндіру кәсіпорындарындағы өндіріс өсімін Компанияның қолайлы қор деңгейін құру және ұстап тұруға бағыттау жоспарлануда. Бұл тәсіл Компанияға ықтимал өндірістік шектеулер жағдайларын қоса алғанда, клиенттер алдындағы келісімшарттық міндеттемелерді үздіксіз орындауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ әлемдік сұраныс пен ұсыныс арасындағы өсіп келе жатқан теңгерімсіздік жағдайында қосымша құндылықты алуға мүмкіндік береді.

Компанияның түсім бойынша болжамдары оң келісімшарт жасасу серпінінің аясында алдыңғы жылдармен салыстырғанда айтарлықтай ұлғаюды көрсетіп, өсу үрдісін танытады. Компанияның сатылымдар қоржыны мен споттық баға арасындағы күшті корреляцияны ескере отырып, бұл ағымдағы баға циклінен пайда алуға мүмкіндік береді.

Компания өндіруші кәсіпорындарының күрделі шығындары бойынша 2026 жылы алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 100%-дық негізде өсуді күтеді. Өсім, бірінші кезекте, болашақ өндіру кезеңдерін қолдау үшін 2026 жылы ауқымды бұрғылау және ұңғымалар құрылысын қоса алғанда, кен орындарын дайындау және игеру жұмыстарының көбірек көлемін талап ететін өндіріс жоспарларының ұлғаюымен шартталған. Бұдан басқа, өсім ««Буденовское» БК» ЖШС-те, «Орталық» ӨК» ЖШС-те (Жалпақ) және «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС-те (Инкай-3) инфрақұрылым құрылысы мен өндірісті қамтамасыз етуге арналған күрделі шығындардың 121 миллиард теңгеге дейін болжалды өсуімен шартталған. Осыған байланысты, өндіруші кәсіпорындардың 100%-дық негізде күрделі шығындары болжамының шекаралары да кеңейтілді, бұл «Ақшалай өзіндік құн + өндіруші кәсіпорындардың күрделі шығындары» AISC көрсеткіші бойынша болжамның 2025 жылғы нәтижелермен салыстырғанда өсуіне әкелді.

«C1 Ақшалай өзіндік құн (қатысу үлесі бойынша)» көрсеткішінің артуы 2026 жылдан бастап сараланған салық мөлшерлемесін қолдану нәтижесінде пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық (ПҚӨС) бойынша шығыстардың күтілетін өсуін қамтып көрсетеді. 2025 жылғы нәтижелермен салыстырғанда, C1 «Ақшалай өзіндік құн» және AISC «Ақшалай өзіндік құн + өндіруші кәсіпорындардың күрделі шығындары» көрсеткіштері тиісінше 34%-ға және 21%-ға өсті. C1 көрсеткіші бойынша бұл өсім, негізінен, жоғарыда аталған ПҚӨС салығы мөлшерлемесінің жоғарылауымен, сондай-ақ күкірт қышқылын қоса алғанда, шикізат пен материалдардың құнына инфляциялық қысымның артуымен шартталған.



Қазатомөнеркәсіп өз акционерлері үшін ұзақ мерзімді құндылық жасау стратегиясына және тәртіпті нарықтық тәсілдемеге шынай берілген болып қала береді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҚ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Компания уранды сатып алу мәмілелерін спот нарығында жасауы мүмкін және Компанияның қор деңгейін оңтайландыруға жағдай туғызатын мүмкіндіктердің бар болуын анықтау үшін нарық жағдайларын қадағалап тұруды жалғастырады.

Егер 2026 жылы теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбас бағамы елеулі түрде теңселіп тұратын болса, түсім, сондай-ақ C1 «Ақшалай өзіндік құн» және AISC «Ақшалай өзіндік құн + Өндіруші кәсіпорындардың күрделі шығындары» көрсеткіштері жоғарыда келтірілген болжамдардан ерекшеленуі мүмкін. ПҚӨС-қа әсер ететін споттық нарық бағаларының өсуі, сондай-ақ өндірістік материалдар мен реагенттерге инфляциялық қысымды қоса алғанда, жеткізу тізбегімен шартталған тәуекелдер 2026 жыл ішінде сақталуы ықтимал. Бұл факторлар Компанияның 2026 жылғы қаржылық көрсеткіштеріне әсерін тигізуі мүмкін.

Уранды өткізу бағалары бойынша сезімталдықты талдау

Төмендегі кестеде Топтың орташа жылдық U_3O_8 өткізу бағасының тиісті жылдағы (жоғарғы қатарда көрсетілген) споттық бағалардың өзгеруіне (сол жақ бағанда көрсетілген) қалай жауап қайтара алатыны көрсетілген. Қазіргі таңда кестеде Топ бойынша U_3O_8 орташа өткізу бағалары мен уранның споттық нарық бағасы арасындағы тығыз корреляция айқын көрсетілген. Жыл ішінде аралық есептілікте қамтылып көрсетілген орташа өткізу бағаларына бағаның құбылмалылығы едәуір әсерін тигізуі мүмкін екендігін айта кеткен жөн. Бұл қысқа және орта мерзімді сатылымдарды іске асырудың ерекшеліктері мен мерзімдерімен, сондай-ақ клиенттердің сауалдарына сәйкес жеткізу кестелерімен шартталған.



Осы сезімталдық талдауын тек анықтамалық ақпарат ретінде пайдалану керек. Уран нарығындағы нақты споттық бағалар осы кестеде көрсетілгендерден ерекше болатын орташа жылдық U_3O_8 өткізу бағаларының басқа мәндеріне әкелуі мүмкін. Кесте олар өзгеруі мүмкін және Топтың бақылауынан тыс тәуекелдер мен белгісіздіктерге ұшырайтын бірнеше негізгі жорамалға, соның ішінде бизнес үшін болашақ мүмкіндіктердің бағаларына негізделген. Осы кестенің астындағы сілтемелерге назар аударуыңызды сұраймыз.

Орташа жылдық споттық баға (АҚШ долл./фунт)	2026E	2027E	2028E	2029E	2030E
40	42	40	39	39	39
60	58	57	57	58	58
80	72	72	75	75	76
100	81	84	90	90	93
120	90	95	105	105	108
140	99	107	120	120	124
160	107	119	135	135	140

Мәндер доллардағы бүтін сомаларға дейін дөңгелектенген. Бұл сезімталдықты талдау келесі негізгі жорамалдарға негізделген:

- Осы талдау мақсаттары үшін АҚШ-тағы жылдық инфляция тарихи мәндер негізінде 2%-ды құрайды деген жорамал пайдаланды;
- Талдау 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жүргізілген, және Топтың сатылымдары қоржыны бойынша келісімшарт жасалғандық негізінде 2026–2030 жылдарға дайындалған. 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жасалған келісімшарттар бойынша сатылымдар көлемі қолданыстағы келісімшарттар (яғни, тиянақталған баға құраушы бар (келісілген баға формуласына сәйкес есептелген) және/немесе жеке споттық, орта мерзімді және ұзақ мерзімді бағалардың үйлесімі бар біріктірілген баға белгілеу тетіктері бар келісімшарттар) талаптарына сәйкес сатылатын болады. Қазатомөнеркәсіптің маркетингтік стратегиясы икемді қала беру және нарықтық сигналдарға тиісті түрде жауап қайтару үшін қоржынындағы бағасы тиянақталған және нарықтық келісімшарттардың нақты үлесін көздемейді;
- 2026 жылы өткізу бағасы мен споттық бағалар арасындағы айырманың орын алуы күтілуде, себебі 2026 жылы кейбір ұзақ мерзімді келісімшарттар бойынша жеткізілімдер неғұрлым төмен баға шарттарында келісілген тиянақталған бағалардың белгілі бір үлесін қамтиды;
- Қорытынды орташа жеткізу бағасына тек орташа жылдық споттық бағалардың деңгейі ғана емес, сонымен қатар жеткізуді іске асыру мерзімдері де әсерін тигізеді. Жыл ішіндегі споттық бағаның құбылмалылығына байланысты, сату сәтінде споттық бағаларға байланыстырылған өнімнің елеулі көлемдерін өткізген кезде, өткізудің қорытынды бағасы сезімталдық кестесінде көрсетілген мәндерге қатысты жоғары да, төмен де ауытқып тұруы мүмкін;
- Жаңа келісімшарттар жасалған сайын, орташа өткізу бағасының қорытынды мәні сезімталдық кестесінде көрсетілген мәндерден ерекшеленіп тұруы мүмкін.

KAZATOMPROM NATIONAL ATOMIC COMPANY

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

8. ҚОСЫМШАЛАР

4. Бизнестің тұрақтылығы

Тұрақты дамуды басқару.....82
Ғылым және цифрландыру.....102
Жеткізілімдер тізбегі.....119

50

CSA (Corporate Sustainability Assessment) S&P Global бағасы

100%

ESG тәжірибелерін жетілдіру бойынша Жол картасын іске асыру дәрежесі

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Тұрақты даму

Түйінді құжаттар

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның тұрақты даму саласындағы корпоративтік саясаты;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2024–2030 жылдарға арналған тұрақты даму бағдарламасы.

2025 жылғы басты оқиғалар

- PwC Kazakhstan нұсқасы бойынша ESG-ақпаратты ашу рейтингіндегі «А» бағасымен үздік 10 қазақстандық компания;
- «Алтын Гефест» сыйлығының «Үздік ESG стратегиясы» номинациясындағы 3-ші орын;
- KASE нұсқасы бойынша 2024 жылдағы қаржылық емес сектордағы үздік жылдық есеп;
- Қоғамның 20 ЕТҰ-да ESG жүйелерін диагностикалауды жүргізу;
- Sustainalytics бойынша 31,6 деңгейіндегі жаңа рейтинг алу, ESG аспектілерін басқару деңгейі «жоғары» деп бағаланды.

2025 жылғы негізгі көрсеткіштер

50

CSA (CORPORATE SUSTAINABILITY ASSESSMENT) S&P GLOBAL БАҒАСЫ

5,2 млрд теңге

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДА КҮРДЕЛІ САЛЫМДАРДЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ

100%

ESG ТӘЖІРИБЕЛЕРІН ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША ЖОЛ КАРТАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ДӘРЕЖЕСІ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Тұрақты дамуды басқару


Қазатомөнеркәсіп тұрақты дамуды стратегиялық және операциялық шешімдер қабылдаудың негізі ретінде қарастырады. Өз жауапкершілігін және қызметінің экологиялық, әлеуметтік және басқару аспектілеріне әсер ету ауқымын сезіне отырып, Компания ESG қағидаттарын корпоративтік басқару жүйесіне және өндірістік үдерістерге біріктіреді. Атом саласындағы Компаниясы үшін ESG тәсілі өнеркәсіптік, радиациялық және экологиялық қауіпсіздікке қойылатын талаптармен, өндірістік үдерістердің сенімділігімен және мүдделі тараптармен жауапты өзара іс-қимылмен тығыз байланысты.

Компанияның тұрақты дамуға деген көзқарасы бір мезгілде экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізуге, экологиялық тәуекелдерді төмендетуге және қатысу өңірлерінде әлеуметтік құндылық жасауға бағытталған. Осыған байланысты «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ корпоративтік ашықтыққа, іскерлік әдепке және қаржылық емес есептілікке қойылатын халықаралық талаптарды ескере отырып, ESG мәселелерін басқару жүйесін дамытуда.

Компания адам құқықтарын құрметтеуді, қауіпсіздік мәдениетін дамытуды, корпоративтік басқаруды нығайтуды және жеткізу тізбегінің тұрақтылығын арттыруды қоса алғанда, бизнесті жауапты жүргізу тәжірибелерін дәйекті түрде енгізуде. ESG қағидаттары жоспарлау, тәуекелдерді басқару және тиімділікті бағалау үдерістеріне біріктіріледі. Компанияның тұрақты даму саласындағы негізгі қағидаттары мен тәсілдері ESG факторларын басқару және өндірістік процестерге интеграциялауға қатысты бірыңғай бағдарлар мен талаптарды анықтайтын Тұрақты даму саласындағы корпоративтік саясатында бекітілген. Бұл ретте, тұрақты даму Компанияның 2025–2034 жылдарға арналған даму стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады және бизнестің ұзақ мерзімді тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы ретінде қаралады (толығырақ ақпарат алу үшін 2-бөлімді, «Стратегиялық шолу», қараңыз).

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның тұрақты даму жүйесі өзара байланысты үш бағытты қамтиды:

- **Экономикалық бағыт** – бизнестің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ету, тиімділікті ұлғайту, инвестициялық тартымдылықты арттыру, технологиялық даму және акционерлер үшін құн жасау;
- **Экологиялық бағыт** – қоршаған ортаға әсерді барынша азайту, ресурстарды ұтымды пайдалану, табиғатты қорғау тәсілдерін жетілдіру және қалдықтармен жауапты жұмыс істеу;
- **Әлеуметтік бағыт** – жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына басымдық беру, персоналды дамыту, еңбек құқықтарын сақтау, әлеуметтік бастамаларды қолдау және қатысу өңірлерінің дамуына үлес қосу.



Тұрақты дамуды басқару жүйесінің құрылымы

GRI 2-9, 2-12, 2-13, 2-14, 2-23, 2-24

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да тұрақты даму мәселелері корпоративтік басқару жүйесіне кіріктірілген және Компанияның стратегиялық басқаруының бөлігі болып саналады. Бұл тәсіл ұзақ мерзімді мақсаттар, басқарушылық шешімдер және оларды еншілес ұйымдарды қоса алғанда, операциялық қызметте іске асыру арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.

Тұрақты дамуды басқару төрт деңгей бойынша құрылымдалған – стратегиялық, басқарушылық, операциялық және еншілес және тәуелді ұйымдар деңгейі. Бұл үлгі басқарудың вертикалі бойынша рөлдердің бөлінуін қамтамасыз етеді және шешімдер қабылдау мен оларды іске асырудың тұтас жүйесін қалыптастырады. Стратегиялық деңгей Компанияның тұрақты даму қызметінің жалпы бағыттылығын белгілейді және кейінгі басқару шешімдерінің негізін құрайды, басқарушылық деңгей таңдалған басымдықтар шеңберінде жұмысты ұйымдастыруды және іс-қимылдардың үйлесімділігін қамтамасыз етеді, операциялық деңгей Компанияның ағымдағы процестері шеңберінде қызметті практикалық іске асыруға бағытталған, ал еншілес және тәуелді ұйымдар деңгейінде тиісті қызмет корпоративтік тәсілдер мен талаптарды ескере отырып жүзеге асырылады.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ-ТЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАТТАРЫ

- Ашықтық
- Заңдылық
- Есеп берушілік
- Адам құқықтарын сақтау
- Айқындық
- Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік
- Этикалық мінез-құлық
- Мүдделер қайшылығына жол бермеу
- Құрмет
- Жеке үлгі

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

1. Стратегиялық деңгей – стратегиялық басқару және бақылау

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

ТД саласындағы қызметке стратегиялық басқару мен бақылауды қамтамасыз етеді, стратегиялық бағыттар бойынша мәселелер мен нәтижелерді қарастырады

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ	ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ	СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ	ТАҒАЙЫНДАУЛАР МЕН СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ
Заңнаманың, биржалардың және әдеп нормаларының талаптарын сақтау рәсімдерін қадағалайды; тәуекелдерді басқару мониторингін жүргізіп, қаржылық және қаржылық емес есептіліктің сапасын бақылайды	ТД саласындағы іс-қимылдарды қадағалап, мақсаттарға қол жеткізуді бағалайды, түзету шараларын қолданады және үздіксіз жақсарту мәдениетін енгізеді	Экономикалық ортадағы өзгерістерді және олардың Компанияның даму стратегиясына әсерін қадағалайды, Компанияның стратегиялық бағыттары бойынша ұсынымдар береді және инвестициялық пен инновациялық қызметті бекітеді	Директорлар кеңесі мен басқарманың құрамын қарайды және бекітеді, ДК мүшелерінің біліктілігін арттыру, тәуелсіз директорлардың сыйақы деңгейі және Компанияның кадрлық саясатын жақсарту бойынша ұсынымдар береді

2. Басқарушылық деңгей – басқарушылық шешімдер қабылдау, Директорлар кеңесі мен комитеттердің ұсынымдарын орындау

БАСҚАРМА

Стратегиялық даму бағыттары, бағдарламалар және іс-шаралар бойынша қызметті бақылап қадағалайды, сондай-ақ ТД қызмет саласындағы мақсаттар мен ҚНК-нің орындалуын қадағалайды

СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ БАС ДИРЕКТОР

ТД басқару жүйесін және мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуді жақсарту бойынша қызметті бақылап қадағалайды

3. Операциялық деңгей – бастамаларды жоспарлау және ішкі бақылау

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ

Стратегиялық және тұрақты даму департаменті – бастамаларды жоспарлау мен іске асыруды негізгі үйлестіруші орган

Құрылымдық бөлімшелер – бастамаларды іске асыру және олардың функциялары шеңберінде тұрақты даму қағидаттарын біріктіру

ТД саласындағы бастамаларды әзірлейді, сондай-ақ тұрақты даму қағидаттарын өз жауапкершілік аймағындағы негізгі процестер мен қызмет аспектілеріне интеграциялайды

4. Еншілес және тәуелді ұйымдар деңгейі – бастамаларды іске асыру

ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАР

ТД нақты аспектілерін операциялық басқаруға, құрылымдық бөлімшелерінің жауапкершілігі аймағында ТД саласындағы бастамаларды, бағдарламаларды, жоспарлар мен іс-шараларды іске асыруға жауапты

Тұрақты даму саласындағы хабардарлықты арттыру

GRI 2-17

2025 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметкерлер мен басқару органдары мүшелерін оқыту және хабардар ету арқылы тұрақты даму мәдениетін дамытуды жалғастырды. Іс-шаралар ESG қағидаттарын корпоративтік басқару мен басқару шешімдерінде практикалық қолдануға, сондай-ақ басқару органдар мен ЕТҰ-ның ESG күн тәртібін іске асырудағы рөлін біртұтас түсінуге бағытталған.

- 2025 жылы Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері үшін «Тұрақты дамудың негізгі аспектілері және ESG күн тәртібіндегі басшылықтың рөлі» тақырыбындағы оқыту тренингі өткізілді. Бағдарлама барлық басқару деңгейлеріндегі гендерлік тепе-теңдік, жеткізу тізбегіндегі ESG мәселелерін және Директорлар кеңесі мен Басқарманың тұрақты дамуды басқарудағы рөлдерін қамтыды. 2025 жылы қызметкерлер арасында ESG құзыреттілігін дамыту бойынша іс-шаралардың шеңберінде 2025–2034 жылдарға арналған даму стратегиясының стратегиялық сессиясы мен таныстыру рәсімі кезінде тәжірибеге бағытталған сессиялар өткізіліп, еншілес және тәуелді ұйымдар үшін «ESG қағидаттарын енгізу және өзекті тақырыптар» тақырыбындағы оқыту ұйымдастырылды;
- Есепті жылы ESG факторларын басқарушылық тәжірибеге енгізу дағдыларын нығайтуға бағытталған «ESG-ді ескере отырып шешімдер қабылдау» тақырыбындағы шеберлік сыныбы да өткізілді.

ESG мәселелерін ЕТҰ-ның корпоративтік басқаруына біріктіру жұмысы жүргізілді. Қоғамның ЕТҰ Байқаушы кеңестерінің/Директорлар кеңестерінің мүшелерін қоса алғанда, корпоративтік орталық жұмыскерлері үшін, сондай-ақ ЕТҰ-ның корпоративтік хатшылары үшін «ESG қағидаттарын іске асыру бағытындағы корпоративтік басқару: ЕТҰ-ның Байқаушы кеңесінің/Директорлар кеңесінің мүшелері және корпоративтік хатшылары не білуі тиіс» тақырыбындағы нұсқаулық дайындалып, шеберлік сыныбы өткізілді.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Тұрақты даму саласындағы капиталдық жобалар

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ үшін тұрақты даму қағидаттарын бизнес-үлгіге біріктіру саясаттар мен регламенттердің шеңберінен тыс шығады. Компания мақсатты капиталдық жобаларды іске асыру арқылы ниеттер декларациясынан оларды іс жүзінде жүзеге асыруға көшуде.

Бұл жобалар экологиялық әсерді барынша азайтудың, өнеркәсіптік қауіпсіздікті арттырудың және қатысу өңірлерін дамытудың негізгі құралы болып табылады.

Ұзақ мерзімді даму стратегиясын іске асыру аясында Компания технологиялық жаңғырту мен инфрақұрылымды дамытуға инвестиция салуда, бұл өндірістік тиімділік пен болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді.

Есепті кезеңде Холдингтің тұрақты даму саласында тұрақты даму саласындағы капиталдық жобаларды игерудің жалпы көлемі 5,2 млрд теңгені құрады. Бұл қаражат барынша ұзақ мерзімді әсерге қол жеткізу үшін негізгі ESG векторлары бойынша бөлінген:

E – Environmental	S – Social	G – Governance
2025 жылғы жобалар		
▸ ЖЖМ-ді техникалық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі; ▸ Газбен жабдықтау және қазандық станцияларын газға көшіру; ▸ Биологиялық су тазарту станцияларын жайластыру; ▸ Гелиоколлекторлық және фотоэлектрлік станцияларды орнату; ▸ Компрессорлық станцияда жылу энергиясы рекуператорларын орнату.	▸ Кіріктірілген қауіпсіздік жүйесін орнату; ▸ Аффинаж өндірісінде УШТТ-ні жүктеу торабын автоматтандыру; ▸ Өнеркәсіптік алаңдарда бейнеталдауды енгізу; ▸ Автомобиль жолын күрделі жөндеу; ▸ Вахталық кентті күрделі жөндеу; ▸ Санитариялық өткізгішті кеңейту; ▸ Өрт сөндіру жүйесін құру.	▸ Ақпараттық қауіпсіздік жүйелерін енгізу.
Жобалардың негізгі мақсаттары		
▸ Көміртегі ізін азайту; ▸ Экологиялық қауіпсіздікті арттыру; ▸ Ресурстарды тиімді пайдалану; ▸ ЖЖМ-ға жұмсалатын шығындарды қысқарту.	▸ Объектілердегі қауіпсіздік деңгейін арттыру; ▸ Қызметкерлердің дайын өнімдермен жанасуын барынша азайту; ▸ Өндірістік жарақаттанушылық деңгейін барынша азайту; ▸ Жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру; ▸ Қызметкерлер үшін әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды қамтамасыз ету; ▸ Инфрақұрылымның қызмет мерзімін ұзарту; ▸ Денсаулықты қорғау мен гигиенаны қамтамасыз ету; ▸ Жайлы жағдайларды қамтамасыз ету.	▸ Өндірістік деректердің құпиялылығы мен тұтастығын қамтамасыз ету.
2025 жылғы Холдинг бойынша шығындар көлемі		
990 млн теңге	3 841 млн теңге	387 млн теңге

Тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару Компанияның тұрақты дамуының ажырамас бөлігі болып табылады. Қазатомөнеркәсіп экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерді, сондай-ақ ішкі және сыртқы мүдделі тараптардың күтулерін ескере отырып, тәуекелдердің дер кезінде анықталуын, бағалануын, бақылануын және басқарылуын қамтамасыз етеді.

Тәуекелдерді бағалау тұрақты дамуға деген жүйелік тәсілдеме негізінде жүргізіледі. Компания жаһандық тұрақтылық факторларымен шартталған ағымдағы және болашақ тәуекелдерді талдайды, экономикалық, әлеуметтік-демографиялық және экологиялық трендтерді есепке алады, ол жұмыс істейтін өңірлерге әлеуметтік, экологиялық және экономикалық әсерлерді бағалайды, теріс әсерлерді төмендету, тәуекелдерді басқару және мүмкіндіктерді іске асыру бойынша шараларды әзірлеп енгізеді, сондай-ақ тәуекел мәдениетін дамытып, қолданылған шаралардың тиімділігін бағалайды. Тәуекелдерді басқару жүйесінің және тиісті рәсімдердің егжей-тегжейлі сипаттамасы «Тәуекелдерді басқару» бөлімінде берілген.

ESG тәуекелдері корпоративтік басқару жүйесінде есепке алынған және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың Тәуекелдер тізіліміне енгізілген. Осы бөлімде Компания қызметінің негізгі экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық аспектілері бойынша Тізілімдегі тиісті позициялар ашылған.

E – Environmental	O-5.4	Экологиялық тәуекел
	O-11	Климаттық тәуекелдер
S – Social	S-2	Әлеуметтік шиеленістің өсуі
	O-4	Білікті персоналдың тапшылығы немесе төмен біліктілігі
	O-5.1	Өндірістік жарақаттанушылық
	O-5.2	Өрт қауіпсіздігі ережелерінің тәуекелі
	O-5.3	Ядролық және радиациялық қауіпсіздік тәуекелі
G – Governance	S-5	ESG саласындағы талаптарға сәйкес келмеу тәуекелі
	C-1	Сыбайлас жемқорлық және корпоративтік алаяқтық тәуекелі
	O-7	Ақпараттық қауіпсіздіктің төмендеуі
	S-4	Жер қойнауын пайдалану бойынша келісімшарттық міндеттемелерді орындамау тәуекелі

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР



Қызмет тиімділігін бағалау жүйесіндегі ESG

Тиімділікті басқару мақсатында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында қызметтің негізгі көрсеткіштері (ҚНК) жүйесі қалыптасуда. Осы жүйе аясында бірқатар көрсеткіштер басым тұрақты даму мәселелерін көрсетеді және Компания қызметінің экологиялық, әлеуметтік және басқару аспектілерін қамтиды. Осылайша, тұрақты даму мәселелері басқарма мүшелері мен негізгі функционалды жетекшілер қызметінің тиімділігін бағалау жүйесіне біріктірілген және стратегиялық және операциялық жоспарлау үдерістерінде де есепке алынады.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚНК

Жауапты жетекші	ҚНК атауы	ҚНК функциясы	Салмағы
Басқарма төрағасы	Еңбекке қабілеттілікті уақытша жоғалтумен байланысты жазатайым оқиғалар жиілігінің коэффициенті (LTIFR)	Өндірістік қауіпсіздіктің жалпы деңгейі мен мәдениетін жоғарылату	20%
	Өткізілген Қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиттерінің (ҚМА) саны		
	Тауарларды сатып алудағы елішілік құндылық үлесі	Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының тауарларын, жұмыстарын және қызметтерін сатып алудағы елішілік құнның үлесін арттыру; отандық ТЖҚ өндірушілерін қолдау	15%
	Жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы елішілік құндылық үлесі		
Өндіріс жөніндегі бас директор	Таза көміртегі ізін азайту	Қоғам қызметін көміртексіздендіру	15%
Стратегия және халықаралық даму жөніндегі бас директор	2025 жылдағы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ алған халықаралық ESG рейтингтерінің саны	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та ESG тәжірибелерін жетілдіру	35%
	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та 2025 жылға арналған ESG тәжірибелерін жетілдіру бойынша Жол Картасының іске асырылу деңгейі		
Коммерция жөніндегі бас директор	Сатып алушылар тарапынан наразылықтар мен ескертулердің болмауы	Сатып алушылар алдындағы өткізу бойынша келісімшарттық міндеттемелердің дер кезінде орындалуын қамтамасыз ету.	20%
Құқықтық сүйемелдеу және корпоративтік басқару жөніндегі бас директор	Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен жаңа редакциядағы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың Корпоративтік басқару кодексін дер кезінде бекіту	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тағы корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру	15%
	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың Ілгерілеу туралы Есебін дер кезінде дайындау және Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық Шарты есептілік жүйесінде орналастыру	Адам құқықтары, еңбек, қоршаған орта және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес салаларындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шартқа қатысушылардың талаптарына сәйкестік	15%
Сатып алу және жалпы мәселелер жөніндегі бас директор	«Самұрық-Қазына» АҚ әдістемесіне сәйкес цифрлық жетілуді бағалау	Цифрлық технологиялар арқылы негізгі бизнестің сыртқы факторларға бейімделу шапшаңдығын арттыру	20%
HR және өндірістік қауіпсіздік жөніндегі басқарушы директор	«Қазатомөнеркәсіп» АҚ-тың КО мен ЕТҰ-ның басқару және атқарушы органдары құрамындағы әйелдер үлесін арттыру	ҚР Мемлекет басшысының мемлекеттің қатысуымен компаниялардың басқару органдарында әйелдердің үлесін 2030 жылға қарай 30%-ға дейін арттыру туралы тапсырмасын орындау аясында	25%
	Samruk Research Services (SRS) индексі	ЕТҰ-дағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін жоғарылату	20%
	Еңбек қызметімен байланысты емес өлім оқиғалары коэффициенті (NWRF)	Жұмыскерлердің өмір сүру сапасын арттыру және жұмыскерлердің денсаулығын қорғау саласындағы жағдайды жақсарту үшін проактивті шараларды іске асыру	20%
	Автокөлік қауіпсіздігі	Техногендік сипаттағы апаттар мен жол-көлік оқиғаларының орын алу тәуекелін төмендету	15%
	Техногендік сипаттағы апаттарды болдырмау		

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР



Тұрақты даму саласындағы Бағдарламаны іске асыру

2025 жылы Компания белгіленген мақсатты көрсеткіштер мен іс-шараларға қарай жоспарлы ілгерілеуді қамтамасыз ете отырып, 2024–2030 жылдарға арналған Тұрақты даму саласындағы бағдарламаны жүзеге асыруды жалғастырды. Бағдарламаның іске асырылуы жүйелі түрде және тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін үнемі бақылаумен қатар жүргізілді.

Бағдарлама Компанияның тұрақты даму саласындағы мақсаттарын, міндеттерін және басым бастамаларын анықтайды, сондай-ақ оларды енгізу, орындалуын бақылау және нәтижелілігін бағалау тетіктерін белгілейді. Бұл құжат ESG факторларының ескерілуімен басқарушылық шешімдерді қабылдауға бірыңғай тәсілді қалыптастырады және тұрақты дамудың корпоративтік басқару жүйесін одан әрі дамыту бағыттарын белгілейді.

Жол картасының іс-шараларын іске асыру туралы толығырақ осы **Есептің тиісті ESG-бөлімдерін қараңыз.**

GRI 2-24

ESG тәсілдерін дамыту және алдыңғы есепті кезеңде қабылданған міндеттемелерді орындау мақсатында Компания 2025 жылға арналған «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та ESG тәжірибелерін жетілдіру бойынша жол картасын әзірлеп, бекітті. Есепті жылдың нәтижелері бойынша Жол картасының іс-шаралары 100%-ға орындалды. Негізгі бағыттарға ESG басқару жүйесі мен тәжірибелерін дамыту, комплаенсті нығайту, ЕТҰ-мен өзара әрекеттесу, жеткізу тізбегінің тәсілдерін жетілдіру және басқа да бастамалар кірді. Жол картасының іс-шараларын іске асыру туралы қосымша ақпаратты осы есептің тиісті ESG бөлімдерінен қараңыз.

100%

2025 жылға арналған ESG тәжірибелерін жетілдіру бойынша жол картасының іс-шараларын орындау

2025 ЖЫЛДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ БАҒДАРЛАМАНЫ ОРЫНДАУ БОЙЫНША ЕСЕП

Негізгі мақсатты көрсеткіштер	2025 жылдағы қол жеткізу прогрессі	2030 жылға дейінгі мақсатты мән	Орындалу мәртебесі
Экология (E)			
1 және 2-қамту аялары бойынша парниктік газдар (ПГ) шығарындыларын төмендету (Net), 2021 жылғы деңгейге қатысты %-бен	2,2	10	
Меншікті сутұтынуды азайту[50], 2022 ж. деңгейге қатысты %-бен	6,7	15	
Радиобелсенді қалдықтарды өңдеу/қатерсіздендіру үлесі[51], %	49,7	80	
ESRP[52] кешенді бағалауды жүргізу	+	+	
CDP (Climate Change) бағасы/рейтингі	B-	A-	
Әлеуметтік сала (S)			
LTIFR	0,14	0,01	
Мердігерлердің өндірістік қауіпсіздік туралы есептілік жүйесі бар ЕТҰ үлесі, %	100	100	
Персоналдың тұрақтамауы, %	14	12	
Жылына бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны, сағат	45	56	
ЕТҰ-дағы әлеуметтік тұрақтылықтың жыл сайынғы деңгейі, %	80	77	
«А» тобы персоналы үшін орташа сәулелену дозасын орташа тарихи мәндер деңгейінде ұстап тұру, м³в/жыл	1,44	1,46	
Корпоративтік басқару (G)			
ҚАӨ және ЕТҰ басқару органдары құрамындағы әйелдер үлесі, %	26,02	30	
Жыл сайынғы негізде адам құқықтары бойынша оқытумен қамтылған ҚАӨ мен ЕТҰ жұмыскерлерінің үлесі, %	68,2	100	
Жыл сайынғы негізде тәуекелдерді басқару бойынша оқытумен қамтылған ҚАӨ мен ЕТҰ жұмыскерлерінің үлесі, %	41,5	22,8	
2022 жылмен салыстырғанда халықаралық ESG рейтингісінің/бағасының артуы, %	22	10	
ҚАӨ және ЕТҰ сатып алуларындағы елішілік құндылық, тауарлар бойынша %-бен	65	50	
ҚАӨ және ЕТҰ сатып алуларындағы елішілік құндылық, жұмыстар мен қызметтер бойынша %-бен	94	91	

Орындалу барысында · Орындалды · Асыра орындалды

[50] Уран өндіру бағыты бойынша өнімдердің м³/тоннасы.
[51] Радиобелсенді ластанған металл сынығы, полимер өнімдері және жеке қорғану құралдары.
[52] Компания өндірістік қызметінің қоршаған ортаға және биоалуантүрлілікке әсерін бағалау.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

БҰҰ ТДМ-ға қол жеткізудегі үлес

Қазатомөнеркәсіп БҰҰ-ның тұрақты даму саласындағы күн тәртібінің құндылықтарын толығымен қолдайды. Компания БҰҰ-ның барлық 17 ТДМ-ның маңыздылығын мойындайды және өз қызметінің шеңберінде оларға қол жеткізуге қолдан келерлік үлес қосуға тырысады. Біздің қызметіміздің ерекшелігіне байланысты біз Компания оларға қол жеткізуге ең елеулі үлес қосатын алты басым БҰҰ ТДМ-ды анықтадық.



БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттары	Есеп бөлімі
3-ТДМ – Мықты денсаулық және әл-ауқат	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік
7-ТДМ – Қымбат емес және таза энергия	Экологиялық әсерлерді басқару;
8-ТДМ – Лайықты жұмыс және экономикалық өсу	Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік Қызметкерлер құрамын басқару
9-ТДМ – Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым	Ғылым және жаңартпалар
12-ТДМ – Жауапты тұтыну және өндіріс	Экологиялық әсерлерді басқару
13-ТДМ – Климат өзгерісімен күрес	Энергия тиімділігі және климаттық тұрақтылық

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік

GRI 2-25, 2-29

Қазатомөнеркәсіптің негізгі міндеті – өзінің барлық мүдделі тараптары үшін олардың қажеттіліктері мен күтулеріне сүйене отырып тұрақты құндылық жасау. Осы мәнмәтінде Компания тікелей диалог пен пікір алмасу жүйелерін жетілдіруге зор мән бере отырып, әртүрлі байланыс нысандары мен кері байланыс арналарын пайдалану арқылы стейкхолдерлермен тиімді өзара әрекеттесу әдістерін әзірлеп енгізеді.

Қазатомөнеркәсіптің ақпаратты ашу саясаты мен Стейкхолдерлер картасы мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу үдерістерін басқаратын негізгі нормативтік құжаттар ретінде пайдаланылады.

Қазатомөнеркәсіпте негізгі мүдделі тараптармен және Компания басшылығымен ESG мәселелерін талқылаудың айқын рәсімдері енгізілген. Бұл мәселелер директорлар кеңесінің мамандандырылған комитеттерінің отырыстарында, сондай-ақ Компанияның ЕТҰ-ның басқару органдарының отырыстары аясында көтеріліп, мұқият қаралады.

Бастапқы талдауды, негізгі мәселелерді егжей-тегжейлі талқылау мен шешімдерді қабылдау үшін ұсынымдар дайындауды қамтитын Директорлар кеңесі комитеттерінің жүйелі жұмысының арқасында Директорлар кеңесі Компанияны тиімді басқару үшін барлық қажетті құралдарға ие. Бұл Компанияға өзгермелі сыртқы ортаға жылдам бейімделуге және корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын ұстануға мүмкіндік береді.

Кейінгі ынтымақтастық үшін мүдделі тараптарды таңдау және анықтау олардың Қазатомөнеркәсіптің ағымдағы операциялық қызметіне және стратегиялық даму жоспарларына әсерінің бағасына негізделген. Бұл үдерісте Компанияның сыртқы мүдделі тараптармен бұрынғы жұмыс тәжірибесі де, олардың Компания қызметі нәтижелеріне тәуелділік дәрежесі де ескеріледі.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестіктің нәтижелері

GRI 2-29



Мүдделі тараптармен байланыс арналары:

- талдаушы күні;
- қызметтің нәтижелері бойынша конференциялық қоңыраулар;
- сұрастырулар мен сауалнамалау;
- ақпараттық таратылымдар;
- жеке және ортақ кездесулер;
- электрондық пошта және телефон арқылы тікелей байланыстар;
- салалық іс-шаралар;
- таныстырылымдар;
- корпоративтік есептілік;
- ресми сайт;
- БАҚ-тағы жарияланымдар;
- әлеуметтік желілер;
- шағымдарды беру тетіктері.

Компания жүйелі түрде ішкі талдау жүргізеді, және, қажеттілігіне қарай мүдделі тараптар картасын өзектендіріп тұрады. 2023 жылы жүргізілген соңғы ішкі сұрастыру оның өзектілігін растаған, және ешқандай өзгерістер енгізілмеген.

Акционерлер, инвесторлар және қор биржалары

Стейкхолдердің күтулері	Өзара іс-қимыл тәсілдері	Өзара әрекеттесу нәтижелері
▸ Пайда мен дивидендтердің өсуі; ▸ Ақпаратты ашудың ашықтығы мен сапасы; ▸ Бизнестің тұрақтылығы (листинг пен ESG стандарттарының талаптарын сақтау).	▸ Акционерлердің жалпы жиналыстары; ▸ Инвесторлармен кездесулер; ▸ Roadshow және халықаралық инвестициялық іс-шаралар; ▸ LSE мен AIX-та ақпаратты ашу; ▸ «Самұрық-Қазына» АҚ-пен өзара әрекеттесу.	▸ 2024 жылдағы қызметтің нәтижелері бойынша дивидендтер — 327,9 млрд теңге; ▸ Үш жалпы акционерлер жиналысы өткізілді.

Қызметкерлер мен кәсіподақтар

Стейкхолдердің күтулері	Өзара іс-қимыл тәсілдері	Өзара әрекеттесу нәтижелері
▸ Қауіпсіз еңбек жағдайлары және денсаулықтың қамын ойлау; ▸ Лайықты еңбекақы және әлеуметтік кепілдіктер; ▸ Кәсіби дамыту және оқыту; ▸ Кәсіподақтармен стратегиялық серіктестікті дамыту.	▸ Ұжымдық шарттар; ▸ Қатыстырушылық сұрастырулары; ▸ Корпоративтік байланыс арналары; ▸ Кәсіподақтық диалог; ▸ Жедел желі.	▸ Еңбекақы қоры — 210,6 млрд теңге; ▸ Жұмыскерлердің 95%-ы ұжымдық келісімшарттармен қамтылған; ▸ Әлеуметтік тұрақтылық индексі SRS – 80%; ▸ Кәсіподақтарды қолдауға жұмсалған шығындар — 2 726 млн теңге.

Іскерлік серіктестер мен жеткізушілер

Стейкхолдердің күтулері	Өзара іс-қимыл тәсілдері	Өзара әрекеттесу нәтижелері
▸ Ашық және бәсекелік сатып алулар; ▸ Тең қатысу шарттары; ▸ Уақтылы және түсінікті ақпарат; ▸ Ұзақ мерзімді ынтымақтастық.	▸ Талдамалы кездесулер мен келіссөздер; ▸ Іскерлік хат-хабар; ▸ Сатып алулар туралы ақпаратқа қол жеткізуді ұсыну; ▸ Шарттар, меморандумдар және стратегиялық келісімдер; ▸ Қызметті лицензиялау (қажеттілігіне қарай).	▸ Жеткізушілерден сатып алулар сомасы — 518,2 млрд теңге; ▸ Жергілікті жеткізушілердің ТЖҚ-ны сатып алудағы үлесі – 91%.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Мемлекеттік және жергілікті билік органдары

Стейкхолдердің күтулері	Өзара іс-қимыл тәсілдері	Өзара әрекеттесу нәтижелері
▸ Заңнама мен қадағалау органдарының талаптарын сақтау; ▸ Жер қойнауын пайдаланушының міндеттемелерін сенімді орындау; ▸ Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес және жұмыспен қамту; ▸ Жауапты экологиялық мінез-құлық.	▸ Тұрақты есептілік; ▸ Жұмыс кездесулері, келіссөздер және мәжілістер; ▸ Нормативтік актілерді әзірлеуге/талқылауға қатысу; ▸ Лицензиялық міндеттемелерді орындау мәселелері бойынша өзара әрекеттесу. ▸ Ынтымақтастық туралы меморандумдар жасасу.	▸ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ төлеген салықтар мен міндетті төлемдер жалпы сомасы – 492,5 млрд теңге; ▸ 22 000-нан астам жұмыс орнын құру және сақтау арқылы Компания жұмыс істейтін өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі қамтамасыз етілді.

Жергілікті халық

Стейкхолдердің күтулері	Өзара іс-қимыл тәсілдері	Өзара әрекеттесу нәтижелері
▸ Жұмыс орындарын құру; ▸ Инфрақұрылымды дамыту; ▸ Қоршаған ортаға әсер мен қауіпсіздік мәселелері бойынша ашықтық; ▸ Шешімдерді қабылдауға қатысу және кері байланыс алу мүмкіндігі.	▸ Ресми байланыс арналары; ▸ Жедел желі; ▸ Қоғамдық тыңдаулар; ▸ Жергілікті билік органдарымен, сарапшылармен және белсенділермен дөңгелек үстелдер; ▸ Әлеуметтік жобаларды іске асыру.	▸ Топ компанияларының жобалары бойынша 12 тыңдауды қоса алғанда, уран өндіру және өңдеу кәсіпорындарының экологиялық мәселелері және жобалау құжаттамасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілді; ▸ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың және оның ЕТҰ-ның әлеуметтік және қайырымдылық жобаларын іске асыруға жұмсалған қаржыландырудың сомасы – 4,673 млрд теңге.

Халықаралық ұйымдар мен бизнес-қоғамдастықтар

Стейкхолдердің күтулері	Өзара іс-қимыл тәсілдері	Өзара әрекеттесу нәтижелері
▸ Халықаралық талаптар мен стандарттарды сақтау; ▸ Қызмет ашықтығы; ▸ Салалық тәжірибелердің дамуына үлес қосу және бизнесті қауіпсіз жүргізу.	▸ Бейінді конференцияларға, форумдарға және іскерлік кездесулерге қатысу; ▸ Стратегиялық келісімдер жасасу; ▸ Тәжірибе алмасуға және ұсыныстар әзірлеуге арналған дөңгелек үстелдер, жұмыс топтары және келіссөздер.	▸ Венада өткен МАГАТЭ-нің 69-шы Бас конференциясына қатысу; ▸ 3 уран өндіруші ЕТҰ-да МАГАТЭ инспекциялары жүргізілді. ▸ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ басқарма төрағасының Дүниежүзілік ядролық қауымдастықтың (World Nuclear Association, WNA) Басқарушылар кеңесіне сайлануы.

Еншілес және тәуелді ұйымдар

Стейкхолдердің күтулері	Өзара іс-қимыл тәсілдері	Өзара әрекеттесу нәтижелері
▸ Түсінікті және бірыңғай талаптар мен стандарттар; ▸ Корпоративтік орталық тарапынан қолдау және кері байланыс; ▸ Жұмыскерлердің құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктердің сақтау; ▸ Процестердің қауіпсіздігі мен басқарылу деңгейін арттыру.	▸ ЕТҰ басшылығымен және ұжымдарымен кездесулер; ▸ Қоғамдық тыңдаулар; көзбе-көз және онлайн-конференциялар; ▸ Корпоративтік әлеуметтік желілер мен ішкі арналар арқылы байланыс; ▸ Бизнес- және әлеуметтік міндеттемелердің орындалуы туралы есептер; ▸ Өндірістік объектілерге бару.	▸ Омбудсмен 28 ЕТҰ-да көшпелі кездесулер өткізді; ▸ 20 ЕТҰ-да ESG жүйелерін диагностикалау жүргізілді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Тұтынушылар		
Стейкхолдердің күтулері	**Өзара іс-қимыл тәсілдері**	**Өзара әрекеттесу нәтижелері**
▸ Жеткізілімдердің сенімділігі мен тұрақтылығы; ▸ Өнімдер мен қызметтердің сапасы; ▸ Ақпараттың ашықтығы және уақтылы берілуі; ▸ Жедел кері байланыс және мәселелерді шешу.	▸ Тұтынушылармен кездесулер және келіссөздер; ▸ Жедел желі; ▸ БАҚ-та және корпоративтік сайтта жарияланымдар; ▸ Компанияның біріктірілген жылдық есебі; ▸ Маркетингтік байланыстар.	▸ Өнімдер 8 елдегі 21 клиентке жеткізіледі; ▸ Сатып алушылар тарапынан наразылықтар мен ескертулердің болмауы.

Сыртқы байланыстар

GRI 2-26

Қазатомөнеркәсіптің сыртқы байланыстары қызметтің ашықтығын қамтамасыз етуге, ақпаратты дер кезінде ашуға және Компанияның іскерлік беделін қалыптастыру мақсатында мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуді қолдап тұруға бағытталған.

Байланыстың негізгі арнасы – жаңалықтар, қаржылық есептілік, тұрақты даму, өндірістік қауіпсіздік, әлеуметтік жобалар, сатып алулар, мансаптық мүмкіндіктер туралы ақпарат және Компания қызметі туралы басқа да мәліметтер жарияланатын Қазатомөнеркәсіптің ресми корпоративтік сайты (www.kazatomprom.kz). Компанияның реттеушілік ақпаратты ашуы Лондон қор биржасының және Astana International Exchange биржасының ресми ақпараттық ресурстары арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ Компания Instagram, Facebook, Telegram, X (Twitter), Linkedin, YouTube және басқа платформаларды қоса алғанда, әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттары арқылы мүдделі тараптарды үнемі хабардар етіп тұруды қамтамасыз етеді.

Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу жүйелі негізде іске асырылады және:

- қазақстандық және халықаралық БАҚ-пен ынтымақтастықты;
- сұхбаттарды ұйымдастыру мен сараптамалық материалдарды жариялауды;
- баспасөз хабарламаларын дайындауды және таратуды;
- PR іс-шараларын (баспасөз турларын, брифингтерді, баспасөз түскі астарын) өткізуді;
- БАҚ сауалдарына жедел жауап қайтаруды қамтиды.

Кері байланыс жүйесі мүдделі тараптардың өтініштері үшін байланыс арналарының, оның ішінде мамандандырылған байланыс желілерінің, телефон байланысының, электрондық поштаның және Компанияның әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарының қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Тұрақты даму саласындағы бастамаларға қатысу

GRI 2-28

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ тұрақты даму қағидаттарын дамытуға, саланың үздік тәжірибелерімен алмасуға және қызметтің ашықтығын арттыруға бағытталған халықаралық бастамалар мен кәсіби платформаларға қатысады. Мұндай бастамаларға қатысу Компанияға ESG саласындағы халықаралық стандарттар мен тәсілдерді ескеруге және атомдық саладағы жауапты іскерлік тәжірибені дамытуға үлес қосуға мүмкіндік береді.

БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарына бейілділік

2022 жылдан бастап Қазатомөнеркәсіп БҰҰ Жаһандық шарты (БҰҰ ЖШ) бастамасының мүшесі болып табылады, және оның бизнесті жауапты жүргізу және тұрақты даму қағидаттарына деген бейілділігін растайды. Компания адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерін қамтитын БҰҰ ЖШ-ның Он қағидатын өзінің корпоративтік саясаттарына, рәсімдеріне және операциялық қызметіне дәйекті түрде енгізіп тұрады.

Бастамаға қатысу аясында Қазатомөнеркәсіп жыл сайын БҰҰ ЖШ қағидаттарын енгізу саласында іске асырылып жатқан шаралар мен қол жеткізілген нәтижелер туралы ақпаратты ашатын Прогресс туралы есепті (Communication on Progress) жариялайды. Есеп **БҰҰ Жаһандық шартының ресми платформасында** орналастырылады және компания қызметінің халықаралық қоғамдастық пен мүдделі тараптар үшін ашықтығын қамтамасыз етеді.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Жаһандық шарттың қағидаттары	Есеп бөлімі
Іскер топтар халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қолдап, құрметтеуі тиіс	Адам құқықтары
Іскер топтардың адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс	
Іскер топтар бірлестік еркіндігін және ұжымдық шарттар жасасу құқығын нақты мойындауды қолдауы тиіс	Персоналды басқару
Іскер топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық нысандарын жоюды жақтауы тиіс	
Іскер топтар балалар еңбегін толығымен жоюды жақтауы тиіс	
Іскер топтар еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды жақтауы тиіс	
Іскер топтар сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдауы тиіс	Экологиялық әсерлерді басқару
Іскер топтар қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдауы тиіс	
Іскер топтар экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдесуі тиіс	
Іскер топтар сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына, соның ішінде бопсалау мен парақорлыққа қарсы тұруы тиіс	Корпоративтік әдеп және комплаенс



World Nuclear Association

Компания азаматтық ядролық өнеркәсіптің бүкіл тізбегі бойынша шамамен 200 ұйымды біріктіретін Дүниежүзілік ядролық қауымдастыққа (World Nuclear Association, WNA) белсенді қатысады. Компания өкілдері ESG Working Group-ті қоса алғанда, WNA-ның бейінді жұмыс топтарына қатысады. 2025 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ SASB және IFRS Foundation салалық ақпаратты ашу стандарттарын талқылауға қатысып, тау-кен өндіру және уран саласына қатысты тақырыптар бойынша ұсынымдар берді.



2026 жылға арналған жоспарлар

- 2026 жылға арналған ESG тәжірибелерін жетілдіру бойынша жол картасын орындау;
- Климаттық тәуекелдерді бөлек Тәуекелдер тізіліміне бөлу;
- 2026 жылы Тұрақты даму саласындағы бағдарламаны орындау;
- «Тұрақты даму: білім мен құндылықтардың 5 аптасы» атты корпоративтік оқыту марафонын өткізу. Марафонға қатысу Қоғамның барлық жұмыскерлері үшін қолжетімді болады. Марафонның қорытындылары бойынша үздік нәтижелерге қол жеткізген Қоғам кәсіпорындары мен жұмыскерлерін Қоғам басқармасы төрағасының мақтау грамоталарын табыстау арқылы ынталандыру жоспарлануда.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Ғылым және цифрландыру

Түйінді құжаттар

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың 2025–2034 жылдарға арналған ғылыми-техникалық даму стратегиясы;
- «Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру» стандарты;
- 2022–2029 жылдарға арналған сирек металдар (СМ) және сирекжер металдары (СЖМ) саласындағы ғылыми-технологиялық даму, жаңа өнім түрлерін жасау және пайдалы құнды компоненттерді ілеспе алу технологияларын жетілдіру бағдарламасы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың 2025–2034 жылдарға арналған цифрландыру стратегиясы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдарында ақпараттық технологияларды басқаруды үйлестіру процесі саласындағы саясаты.

2025 жылғы басты оқиғалар

- «ҮМЗ» АҚ Қарағанды облысында қатты пайдалы қазбаларды барлауға лицензияларды алды;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ-тың портфельдік компаниялары арасында Жылдың үздік инновациялық компаниясы деп танылды;
- 24kap.kz порталында жаңа қызметкерлерге арналған электрондық жолнұсқа енгізілді.

2025 жылғы негізгі көрсеткіштер

1 455 млн теңге
ҒЗТКЖ-ҒА ТІКЕЛЕЙ ШЫҒЫНДАР

3 816 млн теңге
ЦИФРЛАНДЫРУ ЖОБАЛАРЫНА ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ

135 бизнес-үдеріс
eKAP ЖҮЙЕСІНДЕ АВТОМАТТАНДЫРЫЛДЫ

4-тен **3,4**
«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ӘДІСТЕМЕСІ БОЙЫНША ЦИФРЛІК ЖЕТІЛУ БАҒАСЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Ғылыми және инновациялық даму мәселелерін басқару

Ғылыми зерттеулер мен жаңартпашылық қызмет Қазатомөнеркәсіптің өндіріс көлемін қолдаумен, операциялық тиімділікті арттырумен және қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтумен байланысты стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуде негізгі рөл атқарады.

Ғылыми-технологиялық қызметті жалпы үйлестіруді, зияткерлік меншік объектілерін басқаруды және коммерцияландыруды, сондай-ақ ғылыми кадрларды даярлауды және технологиялар трансфертін Қоғамның Ғылым, СМ және СЖМ департаменті жүзеге асырады.

Қоғамның ЕТҰ құрамына үш ғылыми орталық кіреді:

- ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық институт – «Жоғары технологиялар институты» ЖШС;
- кәсіпорындардың ғылыми-өндірістік бөлімшелері – «Үлбі металлургия зауыты» АҚ Ғылыми орталығы;
- «Волковгеология» АҚ Орталық тәжірибелік-әдістемелік экспедициясы (ОТӘЭ) филиалы.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастырымдық жұмыстар

2025 жылы жалпы сомасы 5,96 млрд теңгені құрайтын 30 ҒЗТКЖ жобасы бойынша жұмыс жүргізілді, есепті кезеңдегі тікелей шығындар 1,46 млрд теңгені құрады. Іске асырылатын жобалар Компанияның ғылыми-технологиялық дамуының бірқатар негізгі бағыттарын қамтыды.





Ғылыми-технологиялық даму стратегиясы

2025 жылы Директорлар кеңесінің шешімімен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың 2025–2034 жылдарға арналған ғылыми-технологиялық даму стратегиясы бекітілген. Қоғамның стратегиялық мақсаты – әлемдік нарықтағы көшбасшы позицияларын сақтау және озық ғылыми білімді, технологияларды және жаңартпашыл шешімдерді жүйелі түрде жасау және енгізу арқылы бизнестің ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын нығайту. Көрсетілген мақсатқа жету үшін келесі стратегиялық міндеттер анықталған:

- Зерттеулер мен әзірлемелердің жоғары сапасы мен экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету үшін кіріктірілген ғылыми және жаңартпашылық қызметті басқару жүйесін құру;
- Өнімдердің өзіндік құнын төмендету және пайдалылықты арттыру үшін уран өндіру мен өңдеудің ресурс үнемдейтін технологияларын әзірлеу;
- Негізгі бизнесті әртараптандыру және нарықтағы қатысуын кеңейту үшін жаңа, жоғары технологиялық өнімдерді жасап шығару үшін технологияларды әзірлеу;
- Қоршаған ортаға әсерді азайту үшін тұйықталған сутұтыну циклдерін және радиобелсенді қалдықтарды ұстаудың экологиялық қауіпсіз технологияларын енгізу;
- Компанияның зияткерлік активтерінің құнын арттыру үшін жүйелі коммерцияландыру және технологиялар трансфері;
- Компанияның ғылыми кадрлар резервін қамтамасыз ету мақсатында біліктілігі жоғары мамандарды даярлау;
- Озық тәжірибемен бөлісу және технологиялық құзыреттілікті нығайту үшін жетекші әлемдік ғылыми және білім беру мекемелерімен серіктестікті кеңейту.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

ҒЗТКЖ жобаларының бағыттар бойынша бөлінуі

67,58 млн теңге

Қоршаған ортаны қорғау және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу
6 жоба

183,40 млн теңге

Геология және геотехнология
6 жоба

878,62 млн теңге

Уран технологиясы
11 жоба

325,74 млн теңге

СМ-ді ілеспе алу, байыту және қайта өңдеу
7 жоба



Есепті жылы экологиялық қауіпсіздікті арттыруға, өндірістік процестерді жетілдіруге және Компанияның технологиялық құзыреттерін дамытуға бағытталған ҒЗТКЖ саласындағы бірқатар маңызды жоба аяқталды.

«РУ-6» ЖШС өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу процестерін оңтайландыру бойынша зерттеулер жүргізу:

- Waste Reduction Model (WARM) әдістемесі бойынша қалдықтармен жұмыс істеудің әртүрлі нұсқалары үшін парниктік газдар эмиссиялары есептелді және ЕТҰ қалдықтарының парниктік газдардың жалпы эмиссиясына қосқан үлесі бағаланды;
- Өндірістік процестердің экологиялық қауіпсіздігін арттыру жөніндегі шараларды қоса алғанда, экологиялық тәуекелдерді төмендету және қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленді;
- Бұрғылау жұмыстарын жүргізу және технологиялық ұңғымаларды салу кезінде бұрғылау шламдарын ерітіндіден бөлудің қағидатты технологиялық сұлбасы әзірленді;
- «РУ-6» ЖШС-нің 2026–2035 жылдарға арналған қалдықтарды басқару бағдарламасы әзірленіп, бекітілді.

Күкірт қышқылының шығынын төмендету үшін уранды жерасты ұңғымалық шаймалау кезінде тотықтырғыштарды қолдану:

2025 жылы жоба аясында жобалау-сметалық құжаттама әзірленді, сутегі асқын тотығын беру торабы монтаждалып, тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар жүргізілді.

Нақты деректер бойынша тотықтырғышты қолдану күкірт қышқылының шығынын шамамен 10%-ға төмендетуге және блоктарды игеру мерзімін қысқартуға мүмкіндік берді. Алынған нәтижелер технологияны одан әрі оңтайландырудың перспективалылығын растады.

Табиғи уранның химиялық концентратын алу үшін уран ерітінділерін сорбциялық емес өңдеу технологиясын әзірлеу:

Есепті жылы ультра-, микро- және наносүзгілеу, сондай-ақ кері осмос әдістерін қолдана отырып, өнімді ерітінділерден уранды шоғырландыру бойынша эксперименттік жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар құбырлы экстракторларды пайдалана отырып, өнімді ерітінділерден уранды бөліп алу бойынша зерттеулер орындалды.

Өнімді ерітінділерді шоғырландыру технологиясын әзірлеу:

2025 жылы өнімді ерітінділерді шоғырландыру технологиясын әзірлеу және енгізу жобасы аяқталды. Жобалау-конструкторлық құжаттама әзірленді, мобильді қондырғы жасалып, монтаждалды, тәжірибелік-өнеркәсіптік және өнеркәсіптік сынақтар жүргізілді. Нәтижелері бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы сараптаманың оң қорытындысы алынып, технологиялық регламент әзірленді.

Сынақтар технологияның тиімділігін және концентрат сапасы мен қондырғы өнімділігі бойынша жобалық көрсеткіштерге қол жеткізілгенін растады.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

1 905 бастамалар

Қоғам мен ЕТҰ жұмыскерлеріне 2025 жылы ұсынылды



2025 жылы 2024 жылдың рационализаторлық қызмет қорытындылары бойынша жыл сайынғы байқау өткізілді. Байқау экономикалық, әлеуметтік және экологиялық әсер, сондай-ақ цифрлық шешімдер бойынша бірқатар номинацияны қамтыды.

Конкурс жеңімпаздарына салтанатты марапаттау рәсімі аясында грамоталар, дипломдар және ақшалай сыйақылар табысталды.

ЖҰШ уран ерітінділерінен кондициялық уран тетрафторидін (УТФ) алу бойынша зертханалық зерттеулер:

Термогидролиз әдісімен, сондай-ақ пероксидті және карбонатты-бикарбонатты аффинаж әдістерімен уран концентраттарын қоспалардан тазарту жұмыстары жүргізілді.

Қосымша мырыш пен алюминийді тотықсыздандырғыш ретінде пайдалана отырып, уранды қалпына келтіру процестері зерттелді, сондай-ақ уран тетрафторидіндегі негізгі зат пен қоспалардың мөлшерін анықтау әдістемелері әзірленді.

Аталған зерттеулерді іске асыру Компанияның технологиялық құзыреттерін дамытуға және уран шикізатын қайта өңдеу тиімділігін арттыруға бағытталған.

Рационализаторлық қызмет

2025 жылы Қоғам мен ЕТҰ жұмыскерлері 1 905 рационализаторлық бастама ұсынды, оның 1 116-сы өндірістік процестерге табысты енгізілді. Ұсыныстарды енгізуден күтілетін экономикалық әсер 578,91 млн теңгеге бағаланады. Ұсыныстардың авторлары жалпы сомасы 175,49 млн теңге сыйақы алды.

2024 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША ӨНЕРТАПҚЫШТЫҚ ҰСЫНЫСТАР БАЙҚАУЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Номинация	Бірінші орын	Екінші орын	Үшінші орын
2024 жылдағы экономикалық әсер тудыратын үздік өнертапқыштық ұсыныс	«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС, «Қалпына келтіру және қатерсіздендіру телімінде радиобелсенді ластанған металл сынығын қатерсіздендіру тәсілін әзірлеу және енгізу»	«Инкай» БК» ЖШС, «MPP1-CT-1 Marley 494A салқындату мұнарасын жасап шығару»	«ҮМЗ» АҚ, «Реагенттерді дайындау үдерісінің тиімділігін арттыру есебінен табиғи уранның шала тотық-тотығын өндірудің техникалық-экономикалық көрсеткіштерін жақсарту»
2024 жылдағы әлеуметтік немесе басқа әсер тудыратын үздік өнертапқыштық ұсыныс	«Волковгеология» АҚ, «АБҚ-ны шығаруға арналған құрылғы»	«Семізбай-U» ЖШС, «ПР Автоматты сынама алғышы»	«ҮМЗ» АҚ, «Вакуумдық доғалы балқыту телімінің таблеткаларды сығымдау операциясы алдында дайындалған шихтаның бөліп өлшеуін өзгерту»
2024 жылдағы «Green Mindset – Жасыл ойлау» бастамасы аясындағы үздік өнертапқыштық ұсыныс	«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС, «Пауловния ағаш сұрыбын өтемдік отырғызу арқылы көміртек ізін бейтараптандыру»	«ҮМЗ» АҚ, «БП №1 цехында B-2/7 ГМО скрубберінің суландыру ерітіндісінің pH деңгейін автоматты реттеу жүйесін қолдану»	«Семізбай-U» ЖШС, «Ластанған металл сынығын қатерсіздендіру үшін бір фазалы дәнекерлеу аппаратын пайдалану»
2024 жылдағы өндірістегі үздік сандық шешім	«ОТХК» БК» ЖШС, «Аммиакты су қоймасын автоматтандыруды жаңғырту»	«ҮМЗ» АҚ, «Alcatel-Lucent OmniPCX Enterprise» МӨАТС электрондық тақталары мен П-164 АҚ пен ТЖ құлақтандыру жүйесі аппаратурасының радиоқұрауыштарының ESR/LCF параметрлерін сұлбаішілік өлшеуге арналған құрылғы»	«ҮМЗ» АҚ, «Product tracking» БК бағдарламалық кешенінде ТББ сапаны бақылау нәтижелерімен өлшеу карталарын рәсімдеуді жетілдіру бойынша ұсыныс
2024 жылдағы үздік жас өнертапқыш	Дамир Бейсебайұлы Ильясов, «Волковгеология» АҚ	Сергей Александрович Аверин, «Қаратау» ЖШС	Ақерке Мұхтарқызы Пірманова, «Инкай» БК» ЖШС
2024 жылдағы үздік өнертапқыш	Үміт Мұсабекқызы Есімқанова, «ИВТ» ЖШС	Елнұр Қайратұлы, «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС	Жангелді Жүгенісұлы Құрманов, «Семізбай-U» ЖШС
2024 жылдағы өнертапқыштық қызмет нәтижелері бойынша жылдың үздік кәсіпорны	«Байкен-U» ЖШС (жеңімпаз)		

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Зияткерлік қызметті басқару

Қазатомөнеркәсіп зияткерлік меншік объектілерін (ЗМО) коммерцияландыру бағдарламасын дәйекті түрде жүзеге асырып келуде. 2025 жылы ЗМО-ны пайдаланудан түскен кіріс 208,8 млн теңгені құрады, бұл ретте осы соманың 30%-ы (62,6 млн теңге) ЗМО авторларына төленген. Есепті жыл ішінде зияткерлік меншік объектілерін тіркеуге 24 өтінім берілген болатын, және ЗМО-ны пайдалану құқығын беруге 1 лицензиялық келісім жасалған.

Ғылыми іс-шаралар

2025 жылдың 25-27 маусымы аралығында «Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КЕАҚ базасында "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК» АҚ «Сирек металдар: перспективалы технологияларды әзірлеу» атты ғылыми-техникалық сессия ұйымдастырылып, өткізілді. Іс-шараға 60-тан астам ғалым мен техникалық маман қатысты. Сессияның нәтижелері бойынша Қазақстан кен орындарының бериллий және тантал кендерін бөлу және байыту технологияларын әзірлеуге бағытталған ғылыми-техникалық тапсырмалар әзірленді.

Есепті жылы 23-25 шілде аралығында «Семізбай-U» ЖШС-нің Семізбай кенішінде ЕТҰ-ның 25 өкілінің қатысуымен "Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың ЕТҰ орындайтын ҒЗТКЖ нәтижелерін тыңдау платформасы өтті. Платформа қорытындылары бойынша аяқталған ҒЗТКЖ жобаларын одан әрі дамыту, енгізу және көбейтудің негізгі бағыттары анықталды, сондай-ақ кәсіпорындардың проблемалық мәселелерін талқылау, тәжірибе алмасу және идеяларды ұжымды тудыру үшін ми шабуылы өткізілді.

Тантал, ниобий және бериллий өнімдері үшін отандық минералдық-ресурсты базаны жасау

2020 жылдан бастап «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ «ҮМЗ» АҚ қызметін қамтамасыз ету үшін отандық минералдық-ресурсты базаны дамыту мақсатында болашақты отандық тантал, ниобий және бериллий кен орындарын белсенді түрде зерттеп, талдап келуде.

2025 жылы «ҮМЗ» АҚ Қарағанды облысында қатты пайдалы қазбаларды барлауға лицензиялар алды, және осы учаскелер бойынша геологиялық барлау жұмыстарына дайындық пен жоспарлау жұмыстары басталды.

Отандық минералдық-ресурсты базаны қалыптастыру бойынша қызмет өндірістің тұрақтылығына және Қазатомөнеркәсіптің өңірлік қатынасуын кеңейтуге себептесіп, жергілікті аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын қолдайтын болады.



Компанияның жаңартпашылық мәдениетін дамыту нәтижесі

2025 жылы Қазатомөнеркәсіп корпоративтік байқау нәтижелері бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ-тың портфельдік компаниялары арасында «Үздік инновациялық компания – 2025» деп танылды.

Компанияның еншілес ұйымдарының өкілдері де байқаудың жеке номинацияларында марапатталды. «Инкай» БК ЖШС қызметкері, ӨЕӨЦ технологы А.А. Тұранов «Үздік инноватор» санатында 2-ші орын алды. «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС қызметкерлерінің «Қалпына келтіру және қатерсіздендіру телімінде радиобелсенді ластанған металл сынығын қатерсіздендіру тәсілін әзірлеу және енгізу» жобасы «Үздік енгізілген өнертапқыштық ұсыныс» номинациясында 2-ші орын алды.

СМ мен СЖМ-ді ілеспе шығару мүмкіндіктері мен орындылығын зерделеу

2022–2029 жылдарға арналған СМ мен СЖМ-ді дамыту бағдарламасын іске асыру аясында Қазатомөнеркәсіп уран өндірісі өнімдерінен сирек металдарды ілеспе айырып алу мүмкіндіктерін зерделеуді жалғастыруда.

2025 жылы Компанияда техникалық таза аммоний перренатын айырып алуға арналған жылжымалы қондырғы жасалып, техникалық таза аммоний перренатын алуға арналған бұрын дайындалған мобильді қондырғы пилоттық режимде іске қосылып, өнімнің тәжірибелік партиясы алынды.

Жобаның кейінгі өнеркәсіптік іске асырылуын қамтамасыз ету үшін есепті жылы қосалқы учаскені жобалау және құрамында рений бар өнеркәсіптік өнімді өңдеуге арналған технологиялық желіні оңтайландыру, сондай-ақ жобаның техникалық-экономикалық көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша жұмыстар басталды.

Жаңа өнім түрлерін әзірлеу

Бизнесті әртараптандыру және жоғары қосылған құнға ие өнімдерді жасау үшін Компания 2025 жылы жаңа технологиялық шешімдерді әзірлеуге және өнімдер желісін кеңейтуге бағытталған жобаларды іске асыруды жалғастырды.

Негізгі бағыттардың бірі – тантал мен ниобийден сфероидталған ұнтақтарды өндіріп алу технологиясын әзірлеу. Жоба «ҮМЗ» АҚ өнімдері негізінде тантал, ниобий және/немесе олардың қорытпаларынан сфероидталған ұнтақтарды өндіру технологиясын жасауға бағытталған. Есепті жылда оның нәтижелері бойынша жоба орындаушысы таңдалған «Инновациялық технологиялар паркі» Автономды кластерлік қорының Сараптама комиссиясының отырысы өтті.

Сонымен қатар, 2025 жылы медициналық мақсаттағы радиоизотоптарды алу технологиясын әзірлеу бойынша жобаны іске асырудың дайындық жұмыстары жалғасқан. Жобаға «ҚБТУ» АҚ, «ҮМЗ» АҚ, «Волковгеология» АҚ, «Жоғары технологиялар институты» ЖШС, сондай-ақ шетелдік серіктестер — Невада университетінің радиохимия орталығы (АҚШ) және Sumitomo Corporation (Жапония) қатысады. Есепті кезеңде нарықты маркетингтік зерттеу мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған техникалық тапсырмалар бекітілді, жобаның жол картасы әзірленді де, бюджеттік жоспар қалыптастырылуда.

Бұдан басқа, сирек және ілеспе элементтерді өңдеу және айырып алудың жаңа технологияларын әзірлеуге бағытталған бірқатар ғылыми-зерттеу жобалары бастамаланды. Атап айтқанда, селен мен иттрийді ілеспелі айырып алу технологияларын әзірлеу бойынша ҒЗЖ-ні жүргізуге өтінімдер әзірленді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Ғылыми-білім беру саласындағы ынтымақтастықты және жаңартпашылық жобаларды дамыту

Компания жұмыс істейтін өңірлердегі колледждер мен университеттермен стратегиялық серіктестікті дамыту	▸ ЕТҰ бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін, экскурсияларды және ашық есік күндерін, сондай-ақ студенттер мен оқытушыларға арналған семинарлар мен тренингтер өткізді; ▸ Білім беру мекемелерін қолдау бағдарламасының аясында олардың материалдық-техникалық базасын дамыту үшін 200-ден астам мамандандырылған техника, жабдық пен басқа да материалдық құндылықтар бірлігі берілді; ▸ «ҚБТУ» АҚ базасында атом саласы үшін кадрларды даярлауға бағытталған «Уран ісі» (6В07206) атты алғашқы бакалавриат білім беру бағдарламасы ашылды.
Жаңа бағыттар	▸ «ҮМЗ» АҚ-пен бірлесіп, авиациялық газ турбиналық қозғалтқыштарына арналған турбина қалақтарын өндіруде қолданылатын ыстыққа төзімді никель қорытпаларын өндіріп алу технологиясын әзірлеу бойынша жоба бастамаланды.
ҒЗТКЖ гранттары	▸ «ҮМЗ» АҚ консорциум құрамында аса маңызды металдарды тұрақты жеткізу тізбегін дамытуға бағытталған халықаралық TiBeRIUM жобасын іске асыру үшін Horizon Europe грантын жеңіп алды; ▸ «ИВТ» ЖШС уранды жер асты шаймалау жағдайында технологиялық ұңғымаларды химиялық өңдеуге арналған жылжымалы қондырғыны әзірлеу бойынша ҒЗТКЖ нәтижелерін коммерциялandыруға грант алды (2025–2027 жж.); ▸ «ҚБТУ» АҚ уранды ион алмасу сорбциясымен ерітінділерден уранды айырып алу тиімділігін арттырудың экологиялық тұрғыдан тұрақты әдістерін әзірлеу жобасына ҚР ҒЖБМ бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру байқауын жеңіп алды (2025–2027 жж.).

2026 жылға арналған жоспарлар

- Жүргізіліп жатқан ҒЗТКЖ-нің ауыспалы жобалары бойынша жұмыстарды жалғастыру, сондай-ақ Қоғамның ғылыми-технологиялық дамуының басым бағыттары бойынша ҒЗТКЖ жобаларын бастамалау және іске асыру.
- Уран өндірген кезде СМ-ді ілеспелі алу мүмкіндігін зерттеу мақсатында жаңа ғылыми жобаларды бастамалау;
- «ҮМЗ» АҚ-ты отандық минералдық шикізатпен қамтамасыз ету аясында тантал және бериллий кен орындарында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу;
- Өнертапқыштық қызметтің нәтижелері бойынша жыл сайынғы байқау өткізу;
- Ғылыми-технологиялық қызмет нәтижелерін коммерциялandыру бойынша жұмыстарды жүргізу;
- XII Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияны ұйымдастыру және өткізу;
- Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер саласындағы адами капиталды дамыту бойынша жұмыстарды жүргізу.

Цифрландыру және IT

2025 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ цифрлық технологияларды негізгі бизнес функцияларының басқарылушылығын, ашықтығын және тиімділігін арттыру, сондай-ақ өндірістік қауіпсіздікті және АТ-ландшафт тұрақтылығын қамтамасыз ету құралы ретінде қарастыра отырып, цифрлық трансформацияны енгізуді жалғастырды.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың 2025–2034 жылдарға арналған цифрландыру стратегиясын бекіту, оны жүзеге асыру жоспарын қабылдау, сондай-ақ 2025–2029 жылдарға арналған Жасанды интеллектіні (ЖИ) енгізудің жол картасын әзірлеу есепті жылдың негізгі оқиғалары болып табылды.

Қосымша, 2025 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен оның ЕТҰ-да АТ басқаруды үйлестіруді күшейту және АТ үдерістеріне, қол жеткізуге, ресурстарды басқаруға және автоматтандыруға қойылатын бірыңғай талаптарды қамтамасыз ететін ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру жұмыстары жүргізілген.

Есепті жылда келесі құжаттар өзектендіріліп, бекітілді:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың 2025–2034 жылдарға арналған цифрландыру стратегиясы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдарында ақпараттық технологияларды басқаруды үйлестіру үдерісі бойынша саясаты.

2025 жылы Қоғамның Ішкі аудит қызметі оның нәтижелері бойынша іс-шаралар жоспары бекітілген Топ бойынша АТ үдерістері мен сәулетін басқару үйлестігінің аудитін жүргізді. Оны іске асырудың аясында еншілес және тәуелді ұйымдарда АТ қызметін үйлестіру мен бақылауды күшейтуді қоса алғанда, IT Департаментінің функцияларын нақтылауға және бөлуге бағытталған іс-шаралар жүргізілді.

Цифрлық көшу бағдарламасы

Компания 2025–2034 жылдарға арналған функционалдық цифрландыру стратегиясы аясында жұмыскерлерді цифрлық құралдарға бейімдеуге және өзгерістерді басқаруды қолдауға бағытталған цифрлық көшу бағдарламасын іске асыруда. Стратегия цифрлық мәдениет пен құзыреттіліктерді дамытуды, онлайн оқыту мен тәжірибеге бағытталған тренингтерді қоса алғанда, оқыту пішімдері мен қатыстыру құралдарын енгізуді ескереді.

2025 жылы 24kap.kz корпоративтік порталында жаңа қызметкерлерге арналған негізгі жүйелермен (SAP ERP/HCM, Documentolog, eKAP және т.б.) жұмыс істеу бойынша қысқа бейненұсқаулар пішіміндегі электрондық жолнұсқа енгізілді, бұл жаңа қызметкерлердің бейімделуін жеделдетіп, АТ қолдауына түсетін жүктемені төмендетеді.

Бір мезгілде Компанияның бірыңғай цифрлық ортасын әзірлеу жалғасты. IT қызметтерін басқаруды (ITSM) қоса алғанда, HSE, HR, IT, тәуекелдерді басқару үдерістерін қолдауды қамтамасыз ететін eKAP жүйесі жұмыс істеп тұр.

Сондай-ақ RPA және ETL құралдарының пайдаланылуымен деректерді автоматтандырылған жинау мен жүктеуді ескеретін Power BI базасындағы сатып алулар бойынша талдағыш есептілік енгізіліп, пайдаланушыларды дашбордтармен жұмыс істеуге оқыту жүргізілді және деректер негізіндегі шешім қабылдау мәдениетін дамыту жалғасуда.

Операциялық тиімділікті арттыру үшін есепті жылда 20-дан астам бағдарламалық роботтарды қоса алғанда, бизнес-үдерістерді роботтандыру (RPA) шешімдерінің пайдаланылуы және әзірленуі жалғасты.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Осының негізінде Компания басқару және өндірістік процестерді цифрландыруды, деректер платформаларын дамытуды, инфрақұрылымды жаңғыртуды және жасанды зиятқа негізделген шешімдерді енгізуді жалғастырды.

Оның үстіне, есепті кезеңде кадрлық әкімшілендіруді цифрландыру және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында SAP HCM жүйесін Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесімен (ЕШЕБЖ) біріктіру жобасы іске асырылды. «KAP Technology» ЖШС-мен бірлесіп әске асырылған шешім еңбек шарттарын жасасу, өзгерту және тоқтату, сондай-ақ белгілі бір демалыс түрлерін беру туралы деректердің автоматтандырылған берілуін қамтамасыз етеді. 2026 жылы SAP HCM – ЕШЕБЖ интеграциясын SAP-ты пайдаланатын еншілес және тәуелді ұйымдарға тираждау жоспарланған.

Өндірістік және корпоративтік үдерістерді цифрландыру

eKAP ақпараттық жүйесі корпоративтік және өндірістік процестерді автоматтандырудың бірыңғай платформасы ретінде дамуын жалғастырды. 2025 жылы жаңа бизнес-үдерістер өнеркәсіптік пайдалануға беріліп, мобильді қолданбаны пайдалану кеңейтілді, бұл есепке алу және бақылау рәсімдерінің еңбек сыйымдылығын азайтып, еңбек және өндірістік қауіпсіздік деңгейіне әсер ететін үдерістерді қоса алғанда, басқару талдамының сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

Платформа шеңберінде еңбек және өндірістік қауіпсіздікке әсер ететін үдерістерді қоса алғанда, қызметтің негізгі бағыттарын қамтитын барлығы 135 бизнес-үдеріс автоматтандырылды.

2025 жылы келесі шешімдер коммерциялық пайдалануға беріліп, кеңейтілді: 5 ЕТҰ-да «Батырмалы сорғылы агрегаттар мен олардың қосалқы бөлшектерін есепке алу» бизнес-үдерісі, 4 ЕТҰ-да «Активтерді есепке алу» бизнес-үдерісі, 19 ЕТҰ-да «Бағыттық қағаз» бизнес-үдерісі, ал 17 ЕТҰ-да eKAP мобильді қолданбасы енгізілді. Бұдан басқа, «ЕТҰ-дағы өндірістік орта» және «Кәсіпорынның жұмысын мониторингілеу» цифрлық шешімдерінің әзірленуі қамтамасыз етілді. Бұл бастамаларды іске асыру деректерді өңдеу жеделдігін арттырып, есепке алу және бақылау рәсімдерінің еңбек сыйымдылығын қысқартуға және өндірістік пен басқарушылық талдамның сапасын жақсартуға мүмкіндік берді.

Жасанды интеллект және бейнеталдам

2025 жылы Компанияда жасанды интеллектіні дамыту бойынша стратегиялық құжаттар, соның ішінде 2025–2029 жылдарға арналған жасанды интеллектіні дамыту жоспары және негізгі бағыттар (предиктивтік техникалық қызмет көрсету, энергиялық тиімділік, геологиялық үлгілеу, цифрлық комплаенс) бойынша ЖИ жобаларының жол картасы бекітілді. Сондай-ақ, «Қазақтелеком» АҚ-пен бірлесіп, АТ инфрақұрылымын диагностикалау жұмыстары жүргізіліп, NVIDIA H200 GPU-мен HDX серверлерін брондауды қоса алғанда, ЖИ бастамаларын масштабтау үшін есептеу ресурстары дайындалды.



135 бизнес-үдеріс

eKAP платформасы аясында автоматтандырылған

SafeEye AI бейнеталдау жүйесін енгізу

2025–2029 жылдарға арналған жасанды интеллект жол картасын іске асыру аясында Компания SafeEye AI бейнеталдау жүйесін енгізу бойынша жобаны іске қосты. Шешім өндіру мен өңдеу объектілерінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті күшейтуге, өндірістік тәуекелдерді барынша азайтуға және қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Енгізу ауқымы

Жүйе 2024 жылдан бері коммерциялық пайдалануда жұмыс істеп келуде. Есеп беру күніне шешім 14 еншілес және тәуелді ұйымды (ЕТҰ) қамтиды. Қосылған бейнекамералардың жалпы саны 700 бірліктен асады. 2025 жылы жүйе қосымша өндірістік объектілерге дейін масштабталып, негізгі жұмыс телімдерінің мониторинг тығыздығы ұлғайды.

Функционалдық мүмкіндіктер

Платформа нақты уақыт режимінде еңбекті қорғау ережелерінің сақталуын автоматтандырылған бақылау үшін жасанды зият (машиналық оқыту) алгоритмдерін пайдаланады, бұл адами факторды барынша азайтады.

Жүйенің негізгі функцияларына:

- өндірістік қауіпсіздік ережелерінің бұзушылықтарын (қауіпті сызықтардан өту, қауіпті аймақтарда болу) автоматты түрде анықтау;
- жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚҚ) пайдалануды бақылау;
- оператордың тұрақты араласуынсыз үлкен бейне ағындарын өңдеу кіреді.

2025 жылдың негізгі нәтижелері

Бейнеталдам жүйесін енгізу оқыс оқиғаларға жауап қайтарудан олардың жүйелі профилактикасына көшуге мүмкіндік берді. Есепті кезеңнің нәтижелері бойынша енгізу объектілерінде қауіпсіздік техникасы саласындағы бұзушылықтар мен оқыс оқиғалар саны 30%-ға азаюы тіркелген.

Технологияларды дамыту

2025 жылы құбыржолдарда ағып кетулерді, түтіндеу мен жануды анықтау үшін жылу көргіш камераларын («Инкай» БК» ЖШС базасында) пайдалану бойынша пилоттық жоба табысты аяқталды. Қол жеткізілген нәтижелер 2026 жылы басқа өндіріс алаңдарына таралатын болады.

2026 жылға арналған жоспарлар

2026 жылда жүйені одан әрі дамыту жоспарлануда:

- қосылған камералар санын 1 000-нан астамға дейін арттыру;
- бейнеталдау функциясын кеңейту және ЖИ алгоритмдерін жетілдіру;
- Компанияның негізгі өндірістік активтерінде жылу көргіштік мониторингін пайдалану тәжірибесін таралымдау.



>700 бірлік

ҚОСЫЛҒАН БЕЙНЕКАМЕРАЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

SAP S/4HANA жүйесіне көшуге дайындық

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың функционалдық цифрландыру стратегиясын іске асыру бойынша 2025–2034 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының аясында SAP S/4HANA жаңа нұсқасына көшу үшін жобаға дейінгі тексеруді жүргізуді қоса алғанда, SAP жүйесін дамыту жұмыстары анықталды. SAP-ты дамыту және жобаға дейінгі тексеруді жүргізу бойынша іс-шараларды іске асыру 2027–2030 жылдарға жоспарланған.

Магистральдық желіні жаңғырту және DWDM-ға көшу

2025 жылы Қоғамның ЕТҰ-ның кеніштерін қамтитын магистральдық деректерді беру желісін жаңғыртудың екінші кезеңі аяқталған. Жоба аясында қажеттіліктер өскен сайын одан әрі масштабтау мүмкіндігімен тасымалдау желісінің өткізу қабілетін 10 Гбит/с-қа дейін арттырған SDH технологиясынан DWDM-ға көшу орындалды. Бұдан басқа, сақиналы топология бойынша магистральдық желінің толыққанды резервтелуін қамтамасыз ету үшін оптикалық сақина құрылысын аяқтау жобасының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу аяқталды.

Өзіндік индустриялық деректерді өңдеу орталығының құрылысы

Есепті кезеңде Компанияның деректері мен ақпараттық жүйелері үшін географиялық резервтеуді қамтамасыз етуге арналған өзіндік индустриялық деректерді өңдеу орталығының (ДӨО) құрылысына арналған жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу де аяқталды. Жобалық-сметалық құжаттама сараптамадан өтті, содан кейін жобаны іске асыру кезеңіне өту үшін қажетті корпоративтік рәсімдер бастамаланды.

Бірыңғай корпоративтік деректер қоймасы мен интеграциялық шинаны енгізу

2025 жылы бірыңғай деректерді басқару платформасын дамытуға және корпоративтік ақпараттық жүйелерді біріктіруді қамтамасыз етуге бағытталған «Бірыңғай корпоративтік деректер қоймасын (КДҚ) және интеграциялық шиналарды (ИШ) енгізу» жобасын іске асыру жалғасқан. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жоба «Іске қосу» кезеңіне өту сатысында болған. Шешімді өнеркәсіптік пайдалануға беру үшін қажетті сынақ жұмыстары мен дайындық іс-шаралары жыл бойы жүргізілген. Жобаны іске асырудың кейінгі кезеңдері Жобаны басқару комитеті жұмыс нәтижелерін қарап, тиісті шешім қабылдағаннан кейін анықталатын болады.

Өндірістік объектілерде қорғалған байланыс үшін Private LTE желісін өрістету

- 2025 жылы ЕТҰ-да қорғалған сымсыз деректерді беруді қамтамасыз ету үшін Private LTE жеке желісінің ядросын өрістету бойынша шешім әзірленді.
- Жобаны іске асыруға шарт жасалды, ал желі ядросын іске қосу 2026 жылға жоспарланған.



КОМПАНИЯ 2025 ЖЫЛЫ ІСКЕ АСЫРҒАН МАҢЫЗДЫ БАСТАМАЛАР

Бастамалар	Сипаттамасы
«Көлденең мониторинг платформасы» АЖ жобасы	«Көлденең мониторинг платформасы» ақпараттық жүйесін енгізу салық есебінің ашықтығын және КМП АЖ-да қалыптастырылатын және ұсынылатын салық есептілігінің ақиқаттығын қамтамасыз етеді, бұл ҚР ҚМ МКК-ға тікелей өзара іс-қимыл шеңберінде есептеулердің дұрыстығын, салық талаптарының, ішкі бақылау жүйесі мен бақылау рәсімдерінің сақталуын растауға мүмкіндік береді.
SAP BPC бюджеттеу жобасы	Қоғамның жылдық бюджетін қалыптастыруды автоматтандыру
Қордың басқарушылық есептілік жүйесіндегі (SAP БЕЖ) бүкіл Қор тобы бойынша басқарушылық есептіліктің өтпелі платформасының жобасы	Қор компаниялары тобы басқарушылық есептілігінің өтпелі платформасында деректерді ашу: ▸ қаржылық есептілік бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ компаниялар тобында 2025 жылдың 30 қарашасында бірінші болып іске асырды; ▸ басқарушылық есептілік бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ 16 ЕТҰ-да сервистерді қосу бойынша сынақ жұмыстарын жүргізуде.
Шоғырландырылған қаржылық есептілікті автоматтандыру	«Шоғырландырылған қаржылық есептілікті автоматтандыру» жобасының жол картасы бекітілді, орындаушымен шарт жасалып, жобаны іске асыру басталды.
«Кіріктірілген жоспарлау жүйесі» АЖ-ны жаңғырту	2025 жылы Өндіруді болжау, АОКО (алдын ала оңтайландыру, кейінгі оңтайландыру), Қажеттіліктерді жоспарлау, Қызметкерлер құрамы, Амортизация және басқ. жаңартылған модульдерін қамтитын open-source шешімдерге негізделген «Кіріктірілген жоспарлау жүйесі» ақпараттық жүйесінің сынақ ортасы өрістетілді.

ҚАӨ және ЕТҰ бойынша материалдық емес активтер мен цифрландыру жобаларына, соның ішінде көлденең мониторингке ҚҚС-сыз 3 816,74 млн теңге игерілген.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР



2025 жылы басқарушылық, қаржылық, салықтық және сатып алу қызметін автоматтандыруға бағытталған бірқатар корпоративтік IT шешімдерін енгізу және олардың коммерциялық пайдаланылуы қамтамасыз етілді. Жобаны іске асыру аясында ERP, BW, EA, IS PGM, BPC ақпараттық жүйелері мен ЭСАЖ арасында негізгі интеграциялар жүзеге асырылды, сондай-ақ іске асырылған шешімдердің техникалық ерекшеліктерге сәйкестігі қамтамасыз етілді. Ағымдағы іске асырылған барлық жобалар сүйемелдеуге және техникалық қызмет көрсетуге табысталды.

2025 жылдың нәтижелері бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та көлденең мониторинг жүйесін енгізу жобасы аяқталды. Жоба аясында салық есептілігі пакеттерін қалыптастыру және ашу үдерістері автоматтандырылды. Сондай-ақ бақылау арақатынастарын тексеру, ақпаратты ашу нұсқаларын үйлестіру және жариялау, тәуекел карталары мен бақылау рәсімдерін жүргізу, ішкі бақылау жүйесінің деректер қиықтарын жасау және жариялау, сауал-жауап механизмі арқылы салық органымен екіжақты ақпараттық өзара іс-қимыл, сондай-ақ ұйымдық құжаттарды файлдық сервисте сақтау функциялары қамтамасыз етілді. Жобаны іске асыру салық тәуекелдерін басқару тиімділігін арттыруға және Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесуді оңтайландыруға жағдай туғызды.

2025 жылдың қорытындылары бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ әдістемесі бойынша цифрлық жетілуді бағалау жүргізілді және оның нәтижелері бойынша Компания 4-тен 3,4 орташа балл алды, бұл цифрлық үдерістердің жоғары деңгейдегі дамуын растайды және оларды одан әрі масштабтауға негіз қалайды.

2026 жылға арналған жоспарлар:

- ЖИ агенттерін корпоративтік орталық жұмыс үдерістеріне енгізу.
- Microsoft инфрақұрылымын жаңғырту.
- цифрландыру стратегиясы мен ЖИ-ті енгізу жол картасын іске асыру.
- АТ-ға қатысты ЕТҰ-мен ынтымақтастықты нығайту.
- eKAP функционалын кеңейту, мобильді қолданба жұмыс үдерістеріне біріктіру.
- SAP жүйесін бизнес қажеттіліктеріне сәйкес дамыту.
- АТ активтерін оңтайландыру және жабдық паркін жаңғырту.
- «Самұрық-Қазына» АҚ-ның АТ-ны басқару бойынша корпоративтік стандартының талаптарын іске асыру.
- Индустриялық деректерді өңдеу орталығын салудың, ТОБЖ-ны сақиналаудың және Private LTE жеке сымсыз деректерді беру желісін өрістетуинфрақұрылымдық жобалары бойынша іс-шараларды іске асыру.

Жеткізілімдер тізбегі

Басқару тәсілі

GRI 3-3, 2-6

Компания бизнесінің географиясы мен ауқымы кең, сондықтан ол сатып алудың оңтайлы шарттарымен бірге қажетті ресурстарға мұқтаждықты тиімді, дер кезінде және толыққанды қанағаттандыруға ерекше назар аударады.

Сатып алу қызметін реттейтін құжаттар:

- «Самұрық-Қазына ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестері) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібі;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды іске асыру қағидалары;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та SAP ERP жүйесінде сатып алуларды жоспарлау және шарттарды жүргізу» регламенті;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың еншілес және тәуелді ұйымдарында сатып алу қызметін бақылауды, талдауды және тексерулерін ұйымдастыру» нұсқаулығы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың Санаттық комитеті туралы ережесі;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та және ЕТҰ-да сатып алу санаттарын басқару тәртібі туралы ереже;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың контрагенттерінің комплаенс тексерісі туралы қағидалары.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың және ЕТҰ-ның сатып алуларға қатысты негізгі басымдықтары:

- Автоматтандыру және цифрландыру есебінен үдерістердің ашықтығын арттыру
- Сатып алу үдерістерін басқару құрылымын оңтайландыру
- Санаттық сатып алу үдерісін дамыту

Қазатомөнеркәсіп сапаны, уақтылықты, қауіпсіздікті, өнімділікті және тәуекелдерді төмендетуді қамтамасыз ете отырып, бизнес үшін құндылық құруды барынша арттыруға ұмтылады. Бұл үшін Компания жұмыскерлерінің кәсіби құзыреттіліктерін үнемі кеңейте тұра, сатып алу қызметін басқару саласында жаңа технологиялық шешімдерді енгізеді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Қазатомөнеркәсіптің қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша сатып алу үдерістері қатаң сақталатын жеткізушілермен белгіленген ережелер шеңберінде құрылымдалған. Қазатомөнеркәсіп пен ЕТҰ-ның (олардың дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызы немесе одан көбі меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-қа тікелей немесе жанама түрде тиесілі) сатып алу үдерістері «Самұрық-Қазына» АҚ-тың Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесінде» (ЭСАЖ – https://zakup.sk.kz) автоматтандырылған.

2025 жылы Компания басқарушылық есептіліктің мөлдірлігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған сатып алуларды басқаруды цифрландыру бастамасын іске асырды. Жоба шеңберінде Power BI платформасында ұзақ мерзімді сатып алулар, сондай-ақ арнайы сатып алулар бойынша деректерді дайындау және визуалдауға арналған есеп беру құралы әзірленіп, енгізілді. Шешім негізгі көрсеткіштерді ұсынуды бірыңғайлауға, есептерді жасауды жеделдетуді және сатып алу қызметін мониторингілеу сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

Жыл сайын кейіннен деректердің «Жер қойнауын пайдаланушылардың есептерін қабылдау жүйесі» порталында орналастырылуымен оның негізінде тоқсан сайын сатып алынған ТЖҚ туралы есептілік ұсынылатын ТЖҚ Жылдық бағдарламасы жасалады.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ ЖӘНЕ ЕТҰ БОЙЫНША ЖЕТКІЗУШІЛЕРМЕН ЖАСАСҚАН ШАРТТАРДЫҢ СОМАСЫ

Көрсеткіш	Жиыны, млрд теңге	Үлес, %
Бір көзден алу тәсілімен жүргізілген сатып алулар	293,74	57%
Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүргізілген сатып алулар	19,75	4%
Ашық тендер тәсілімен жүргізілген сатып алулар	204,27	39%
Тауар биржалары арқылы сатып алулар	0,70	0,01%
Электрондық дүкен арқылы сатып алулар	0,397	0,1%
Барлығы	**518,24**	**100%**

Компанияда контрагенттерге сатып алу рәсімдерінің (тендерлік құжаттаманың) шеңберінде жеткізілетін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жеткізушілері мен мердігерлерінің кодексі әрекет етеді. 2026 жылы ішкі зерттеуді жүргізу мен ірі жеткізушілердің ESG көрсеткіштерін мониторингілеуді қоса алғанда, жеткізу тізбегінде ESG факторларын есепке алудың ағымдағы тәсілін қайта қарау жоспарлануда. Бұл жұмыс тұрақты даму мәселелері бойынша жеткізушілермен өзара әрекеттесудің неғұрлым құрылымдалған тәсілін әзірлеудегі қадам ретінде қаралады.

293,74 млрд теңге

Бір көзден алу тәсілімен жүргізілген сатып алулар

Контрагенттердің комплаенс-тексеруі

GRI 205-1

Жеткізу тізбегінің сенімділігін қамтамасыз ету және заңсыз қызметке (сыбайлас жемқорлықты, ақшаны жылыстату мен лаңкестікті қаржыландыруды қоса алғанда) қатысы бар тұлғалармен, сондай-ақ халықаралық санкцияларға ұшыраған субъектілермен ынтымақтастық тәуекелдерін барынша азайту үшін Компания контрагенттерінің комплаенс-тексерісін жүргізеді. Тексерістерді Комплаенс қызметі Әдеп және комплаенс кодексіне және Контрагенттердің комплаенс-тексерісі бойынша ережелерге сәйкес жүргізеді. Бастамашы ретінде өтінім мен құжаттар пакетін электронды түрде ұсынатын бейінді құрылымдық бөлімше әрекет етеді, және қараудың нәтижелері бойынша Комплаенс қызметі қорытынды береді немесе тексерісті аяқтау және есеп дайындау үшін қосымша ақпарат сұрайды.

Комплаенс-тәуекелдерді қосымша басқару мақсатында Компания контрагенттермен жасалатын шарттарға тараптардың қолданылатын заңнама мен бизнесті адал жүргізу қағидаттарын сақтау міндеттемелерін ескеретін сыбайлас жемқорлыққа қарсы және санкциялық ескертпелерді енгізеді.

Тексеріс камералдық бақылау пішімінде жүргізіледі және ішкі базалар мен ашық ресми дереккөздердің пайдаланылуымен контрагент (соның ішінде, контрагенттің басшылығы, меншік иелері/түпкілікті бенефициарлары мен банкі) туралы құжаттар мен ақпаратты, сондай-ақ қажеттілігіне қарай өндіруші және жеткізілетін өнімдер туралы ақпаратты талдауды қамтиды. Тәуекелі жоғары факторлар анықталған кезде, контрагент тәуекелді деп жіктелуі мүмкін, ал бастамашыға кейінгі ынтымақтастық шарттары бойынша ұсынымдар беріледі; жауап қайтару шараларына мәміледен бас тарту/мәмілені бұзу, шарттарды қайта қарау және міндеттемелердің орындалуын бақылауды күшейту кіреді. Тексеріс нәтижелері бойынша есептің қолданылу мерзімі 12 айды құрайды.

2025 жылы құрылымдық бөлімшелердің сауалдары бойынша Компаниялар тобы бойынша 7 776 контрагенттің комплаенс-тексерісі жүргізілді, олардың 1 324-інде тәуекелдер анықталды. Тәуекелдердің сипатына байланысты мәмілелерді бұзу, шарттарды қайта қарау, міндеттемелердің орындалуын бақылауды күшейту және ықтимал бұзушылықтарды барынша азайтуға бағытталған басқа да шараларды қоса алғанда, жауап қайтару шаралары қолданылған.

Бұл тәсіл Компанияға жеткізу тізбегінің тұрақтылығын сақтап тұруға, сатып алулардың ашықтығын қамтамасыз етуге және контрагенттермен жұмысына адалдық талаптары мен ESG факторларын біріктіруге мүмкіндік береді.

Комплаенс-тексеріс рәсімдеріне қосымша, Компания жеткізу тізбегінде ESG тәжірибелерін дамытуға және жеткізушілер арасында тұрақты даму деңгейін арттыруға бағытталған іс-шараларды іске асырады. 2025 жылы ESG тәжірибелерін жетілдіру жол картасын орындау аясында келесі іс-шаралар жүзеге асырылған:

- 2025 жылдың қазан айында 28 ұйымның өкілдері қатысқан Компанияның ірі жеткізушілері үшін «ESG-ге кіріспе», «ESG саласында реттеу және есептілік» және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың тұрақты даму тәжірибесі» тақырыптары бойынша тұрақты даму жөніндегі тренинг өткізілді;
- Іскерлік серіктестермен өзара іс-қимыл кеңейтілді: барлық ЕТҰ үшін жеткізушілерге және өзге контрагенттерге таратуға арналған комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпараттық материалдар дайындалды, бұл бизнесті адал жүргізудің бірыңғай стандарттарын енгізуді және серіктестерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы қимыл жүйесіне қатыстыруды қолдайды.
- Корпоративтік құндылық құру тізбегі стандарты (Scope 3) әдіснамасы бойынша уран өндіру сегментінің құндылық құру тізбегін талдау жүргізілді: негізгі қатысушылардың (ТЖҚ жеткізушілері және өзге контрагенттер) картасы жасалды және үдерістердің кезеңдері бойынша негізгі ESG әсерлері анықталды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР



Жергілікті өндірушілерді қолдау

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ отандық жеткізушілерді белсенді түрде қолдауды және импорттың орнын басу бағдарламасын дамытуды жалғастыруда. 2025 жылы Қоғамның Жергілікті жобалық кеңсесі (ЖЖК) отандық өндірушілермен ұзақ мерзімді ынтымақтастықты дамытуға, олардың сатып алуларға қатысуын кеңейтуге және импортқа тәуелділікті төмендетуге бағытталған импорттың орнын басу бағдарламасын іске асыруды жалғастырды. Есепті жылы Қоғамның ЖЖК көмегімен жаңа өндіріс орындарын құруды қолдау үшін бағдарлама аясында өткізілетін тауарлар тізбесіне машина жасау саласындағы төрт жаңа жоба қосылды, соның ішінде модульдер мен контроллерлер өндірісі («Kaz PC» ЖШС), Т-35 бульдозері («Drive Industry» ЖШС), дренаждық кассеталар мен сорбциялық бағандар («Машзавод» ЖШС).

Отандық өндірушілермен ынтымақтастықты дамыту мақсатында 2025 жылы импорттың орнын басу, оқшаулау мен офтейк-келісімшарттары механизмдеріне қатысты мемлекеттік органдардың, Қоғамның ЕТҰ-ның және отандық өндірушілердің өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстел пішіміндегі салалық іс-шара ұйымдастырылып, өткізілді. Іс-шараға бизнестің, мемлекеттік органдардың және Қоғамның ЕТҰ-ның 50-ден астам өкілі қатысты, және оның нәтижесінде Қоғамның ЕТҰ-ның қажеттіліктері үшін Қазақстанда өндірілген өнімдерді жеткізу бойынша ұсыныстар қалыптастырылды.


2025 жылғы офтейк-келісімшарттарын жасасу және сүйемелдеу жұмысының шеңберінде Қоғамның ЕТҰ-лары жалпы сомасы 2,9 млрд теңге құрайтын 67 ұзақ мерзімді офтейк-келісімшарт жасасты. Бұл Қоғам ЖЖК-нің өндірушілер мен ЕТҰ-ны сүйемелдеу бойынша мақсатты жұмысының, сондай-ақ офтейк-келісімшарттарын қолдану рәсімдері мен механизмдерін түсіндіру жұмысының нәтижесі болып табылады.

2,9 млрд теңге

2025 жылғы ұзақ мерзімді офтейк-келісімшарттардың жалпы сомасы

2025 жылы тауарлар бойынша елішілік құндылықтың үлесі 2024 жылмен салыстырғанда 10%-ға, жұмыстар мен қызметтер бойынша 3%-ға төмендеді.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ ПЕН ЕТҰ-НЫҢ ТЖҚ-НЫ САТЫП АЛУЫНДАҒЫ ЕЛІШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ҮЛЕСІ, %



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

ӨҢІРЛЕР[53] БОЙЫНША ЖЕТКІЗУШІЛЕР

Өңір	Үлес, %	Жеткізушілер саны
Алматы қ.	24%	797
Астана қ.	12%	412
Оңтүстік Қазақстан облысы	10%	349
Шығыс Қазақстан облысы	9%	312
Қызылорда облысы	7%	220
Түркістан облысы	4%	126
Шымкент қ.	1%	35
Басқа облыстар	31%	1 036
Бейрезидент	2%	55

2025 ЖЫЛДАҒЫ «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ ПЕН ЕТҰ БОЙЫНША ЖЕТКІЗУШІЛЕР ҮЛЕСІ[53]

GRI 204-1

	Барлығы	Жергілікті жеткізушілер[54]	Үлес
Жеткізушілер саны, дана	**3 328**	3 285	99%
Топішілік сатып алуларды қоспағанда, дана	**3 299**	3 256	99%
Сатып алу сомасы, млрд теңге	**518,243**	451,557	87%
Топішілік сатып алуларды қоспағанда, млрд теңге	**435,231**	368,544	85%

87%

Жергілікті жеткізушілерден сатып алынған ТЖҚ үлесі

99%

2025 жылы жергілікті жеткізушілердің үлесі



«Қазатомөнеркәсіп «ҰАК» АҚ және ЕТҰ бойынша категориялық сатып алудың нақты көлемі 2025 жылы – 46,288 млрд теңгені құрады. БҚҚ іске асыру қорытындысы бойынша 6,85 млрд теңге көлемінде нақты пайдаға қол жеткізілді.

[53] 2026 жылдың 23 қаңтарындағы жағдай бойынша
[54] Жергілікті жеткізушілер деп Қазақстан Республикасының шегінде қызметін жүзеге асыратын жеткізушілер түсініледі.

Масштабы бойынша жеткізушілер (бейрезиденттерді қоса алғанда)	Үлес, %	Сатып алу сомасы, теңге
Ұсақ (1 млрд теңгеге дейін сома)	39%	201 211 695 577,86
Орташа (5 млрд теңгеге дейін сома)	32%	166 898 502 664,42
Ірі (5 млрд теңгеден асатын сома)	29%	150 133 546 051,08
Барлығы	**100%**	**518 243 744 293,36**

Сатып алуды санаттық басқару

2025 жылы Компания Сатып алулар жоспарын орындау шеңберінде Санаттық сатып алу стратегияларын (ССС) іске асыруды жалғастырды. Есепті жыл ішінде «Аппақ» ЖШС-нің көшуін қоса алғанда, оның шеңберінде арнайы киім мен ЖҚҚ-мен қамтамасыз етудің сервистік үлгісіне көшу бойынша жұмыс жалғасқан «Арнайы киім» ССС-ті іске асыру жүргізілді.

«Құбыр өнімдері» ССС аясында негізгі көрсеткіштерге қол жеткізу нәтижелері бойынша жеткізушілер қолданыстағы шарттарды ұзартты және нақты бағаларды төмендету туралы келіссөздер жүргізді, нәтижесінде шамамен 600 млн теңгедегі экономикалық әсер қамтамасыз етілді.

Бұдан басқа, 2025 жылы сатып алуларды талдауды, техникалық ерекшеліктерді бірыңғайлануын және қажеттілік көлемінің шоғырландырылуын қоса алғанда, «Медициналық қызметтер» санаты бойынша ССС-ті әзірлеу бастамаланды. Компания корпоративтік қағидаттар мен стандарттарға сәйкес сатып алу қызметін іске асыруды жалғастырып, отандық жеткізушілерді қолдайды және жеткізу тізбегінің тұрақтылығын арттырады.

2026 жылға арналған жоспарлар:

- Деректер парсингі арқылы дашбордты жаңғырту;
- «KAP Technology» ЖШС-те Сатып алу қызметі бойынша дашбордты қолдайтын Power BI Report Server және Apache Airflow бағдарламалық жасақтамаларына техникалық қолдауды беру бойынша жұмыс;
- «РУ-6» ЖШС-те аутсорсинг/жалдау негізінде арнайы киім мен ЖҚҚ-мен қамтамасыз ету бойынша сервистік үлгіге көшу бойынша жұмыс.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

5. Экологиялық әсерлерді басқару

Энергиялық тиімділік және климаттық тұрақтылық..... 128
Табиғатты жауапкершілікпен пайдалану..... 146

3,2 млрд теңге

Табиғатты қорғау шығындары қызметі

84 585 $м^3$

суды үнемдеу болды

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

8. ҚОСЫМШАЛАР

Энергиялық тиімділік және климаттық тұрақтылық

Негізгі құжаттар

- ҚР Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың климатқа төзімділік саласындағы саясаты;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың Көміртексіздендіру және 2060 жылға қарай көміртектік бейтараптыққа қол жеткізу стратегиясы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың 2024–2030 жылдарға арналған тұрақты даму саласындағы бағдарламасы;

2025 жылдағы басты оқиғалар

- I-REC сертификаттарын сатып алу;
- «Волковгеология» АҚ ӨТҚЖБ филиалында газ қазандығын салу есебінен қатты отыннан газға ауысу және Компанияның 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына қол жеткізу;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау және анықтау.

2025 жылғы негізгі көрсеткіштер

B-
CDP CLIMATE CHANGE БАҒАСЫ

906,2 мың тонна CO_2-экв
ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ (1 ЖӘНЕ 2-ҚАМТУ АЯСЫ)

287 мың ГДж
ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ҮНЕМДЕУ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Басқару тәсілі

GRI 3-3

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ әлемдік өндірістің шамамен 40%-ын қамтамасыз ете отырып әлемдегі жетекші табиғи уран жеткізушісі болып табылады. Компания жаһандық төмен көміртекті энергетиканы дамытуда маңызды рөл атқарады және көміртексіздендіруді тек негізгі әлемдік энергетикалық тренд ретінде ғана емес, сонымен қатар өзінің тұрақты дамуы мен операциялық тиімділігін арттырудың стратегиялық бағыттарының бірі ретінде қарастырады.

Ядролық энергетика тұрақты және үздіксіз электрмен жабдықтауды қамтамасыз ете отырып, парниктік газдар шығарындыларын азайтуда негізгі рөл атқарады. Жоғары қуаты мен үздіксіз жұмыс істеу режимінің арқасында атом электр станциялары климаттық мақсаттарға жетуге және тұрақты энергетикалық көшуге себептесетін сенімді төмен көміртекті энергия көзі болып табылады.

Көміртексіздендіруге бағытталған жаһандық тренд компанияның әлемдік уран нарығында алып жатқан орнын одан әрі нығайту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Атомдық энергетикаға деген қызығушылықтың артуы сұраныстың ұлғаюына себептеседі, ал ядролық отын ұзақ мерзімді келісімшарттар жасасу мен экспорттық жеткізілімдерді кеңейту үшін алғышарттар құрайды. Сондай-ақ, Қазатомөнеркәсіп өз қызметінің экологиялық әсерін төмендетуге бағытталған бірқатар бастамаларды іске асыруда. Оларға өндірістік процестердің энергиялық тиімділігін арттыру, экологиялық тұрғыдан неғұрлым таза өндіру технологияларын енгізу және парниктік газдар шығарындыларын мониторингілеу және басқару жүйелерін дамыту кіреді.

Тұрақты өндіру технологияларын дамыту компанияға қоршаған ортаға әсерін барынша азайтуға және ESG инвесторлары үшін инвестициялық тартымдылығын жоғарылатуға мүмкіндік береді. Атомдық энергетиканы төмен көміртекті энергия көзі ретінде тану «жасыл» қаржыландыру құралдарына қолжетімділікті кеңейтуге де ықпал етеді, бұл өндірістік процестердің энергиялық тиімділігін арттыру, экологиялық тұрғыдан тұрақты өндіру технологияларын енгізу және Парниктік газдар шығарындыларын мониторингілеу және басқару жүйелерін дамыту жобаларын іске асыруға жағдай туғызады. Осы бастамаларды іске асыру Қазатомөнеркәсіптің жаһандық ядролық отын жеткізу тізбегіндегі көшбасшылық орнын одан әрі нығайтуға себептеседі.

Сонымен бірге, климат өзгерістері және жаһандық энергетикалық ауысу сала үшін бірқатар сын-қатерлер туғызады. Өндіру операцияларына ауа райы жағдайларының өзгеруі мен су ресурстарының қолжетімділігін қоса алғанда, физикалық климаттық тәуекелдер әсерін тигізіп тұруы мүмкін. Бұдан басқа, көміртек ізін төмендетуге қойылатын халықаралық талаптардың қатаюымен және климаттық реттеудің дамуымен байланысты өтпелі тәуекелдер өндірістік пен басқарушылық тәжірибелерді үнемі бейімдеуді талап етіп тұрады.

Осы сын-қатерлерге жауап ретінде Қазатомөнеркәсіп өз қызметінің климаттық әсерін төмендету бойынша шараларды дәйекті түрде іске асырып келуде. Компания энергиялық тиімділік бағдарламаларын енгізіп, табиғи ресурстарды жауапты басқару тәжірибелерін жетілдіріп, климаттық факторларды стратегиялық және операциялық жоспарлау үдерістеріне біріктіруде.

Климаттық тәуекелдерді басқару «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың корпоративтік басқарудың барлық деңгейлерінде іске асырылады. Қазіргі таңда бұл үдеріс компанияның стратегиялық және операциялық үдерістерінде климаттық факторларды жүйелі түрде анықтауды, бағалауды және бақылауды ескеретін корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесіне біріктірілуде.


Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жүйесін қадағалайды, негізгі құжаттарды, мақсаттарды, көрсеткіштерді, есептілікті және іс-қимыл жоспарларын бекітеді, сондай-ақ олардың іске асырылуын бақылайды. Компания ұзақ мерзімді климаттық мақсаттарды белгілеуді, ақпаратты ашу жүйесін дамытуды және климаттық есептіліктің ашықтығын арттыруды қоса алғанда, климаттық күн тәртібін өзінің тұрақты даму стратегиясына дәйекті түрде біріктіреді.

«Компанияның Көміртексіздендіру және 2060 жылға қарай көміртектік бейтараптыққа қол жеткізу стратегиясымен» толығырақ Компанияның ресми веб-сайтында танысып шығуға болады.

Климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктер

2025 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ЕТҰ арасындағы нәтижелердің салыстырмалылығын және кейіннен Топ деңгейінде шоғырлануды қамтамасыз етумен қысқа, орта және ұзақ мерзімді келешекте сапалық және сандық физикалық және өтпелі климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалады. Бағалау өндіру активтері, логистика мен энергиямен жабдықтау, сондай-ақ химия-технологиялық және металлургиялық қуаттар секілді Компания жұмыс істейтін географиялық ауқымындағы құндылық құру тізбегінің негізгі элементтерін қамтыды.

Компания жұмыс істейтін өңірлердің климаттық ерекшеліктері және активтерге әсері
Компания активтері жұмыс істейтін аумақ далалық және жартылай шөлейт аймақтардан оңтүстіктегі шөлді аймақтарға дейін ендік градиентін қамтиды. Қазақстанның климаты күрт құбылмалы, маусымдығы айқын және жыларалық түрленгіштігі елеулі.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Маусымдық климаттық ерекшеліктер өндірістік пен инфрақұрылымдық активтерге айрықша әсерді қалыптастырады:

- **Қыс:** тұрақты теріс температура, дауылды желдер, көктайғақ пен ызғар ӘЖ мен тіректеріне механикалық жүктемені арттырып, автомобиль логистикасы шектеулерінің ықтималдығын және резервтеу қажеттілігін арттырады;
- **Көктем:** тасқынды құбылыстар мен жерасты суларының деңгейінің көтерілуі негіздердің тұрақтылығына және кірме инфрақұрылымның қолжетімділігіне әсерін тигізуі мүмкін;
- **Жаз:** ыстық толқындары, конвективті сипаттағы нөсерлер, дауылды жел және жоғары найзағайлық белсенділік бос тұрып қалулар, апаттық өшірулер тәуекелдерін арттырады, сондай-ақ электр энергиясына шыңдық сұранысқа әкеледі;
- **Маусымаралық:** температураның күрт ауысулары металл құрылмалар мен құбыржол арматурасындағы жылулық кернеуді күшейтеді.

Құндылық құру тізбегі деңгейінде келесі типтік әсерлер байқалады:

- Температура амплитудалары резеңке-техникалық бұйымдар мен БӨАжА тораптарының тозуын жеделдетеді;
- Қатты желдер шаңшығару мен қарбасуларды тудырып, техниканың жұмысын шектейді және байланыс желілері мен ӘЖ-нің зақымдану тәуекелін арттырады;
- Қарқынды жауын-шашын мен бұршақ жергілікті су басу мен зақымдану қауіптерін арттырады; көктайғақ мобильді бригадаларды және қуатты резервтеуді қажет етеді;
- Оңтүстік өңірлердегі жоғары күн радиациясы күн энергиясын өндіруді дамыту және алаңдардың энергиялық тиімділігін арттыруға әлеуетті қалыптастырады.

Физикалық климаттық тәуекелдер

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ активтері үшін физикалық климаттық тәуекелдерді бағалау барысында негізгі тәуекел факторлары анықталған. Анықтау бейінді мамандармен сұхбаттарға, өндіріс алаңдарындағы тәуекел сессияларын жүргізуге және тарихи оқыс жайттарды талдауға негізделіп орындалған.

Нәтижелері бойынша қауіпті және табиғи гидрометеорологиялық құбылыстар деп қаралатын физикалық климаттық тәуекелдердің құрылымдалған тізбесі жасалды:

- нөсерлер мен қара жаңбырлар;
- су тасқындары;
- дауылдар, қатты жел мен шаңды дауылдар;
- аптап ыстық;
- аномалды төмен температура;
- жауын-шашын режимі мен жерасты сулары деңгейінің (ЖСД) өзгеруі;
- қатты күн күркіреу мен найзағай;
- мұз басу.

Климаттық тәуекелдерді ықтималдық бағалауы климаттық үлгілер ансамблінің пайдаланылуымен SSP1-2.6, SSP2-4.5 және SSP5-8.5 үш әлеуметтік-экономикалық даму және Парниктік газдар шығарындылары сценарийі бойынша жүргізілді. Талдау барысында сценарийлер мен мезгілдік көкжиектер қимасында ықтималдық бағаларының ең жоғары тұрақтылығымен сипатталатын тәуекел факторлары анықталды. Бағалау нәтижелері бойынша, аптап ыстық, дауылдар, қатты жел мен шаңды дауылдар, сондай-ақ жауын-шашын режимі мен жерасты сулары деңгейінің өзгеруі ЕТҰ үшін елеулі факторлар деп танылды.

НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ КЛИМАТТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ ЖЕКЕ БЕЙІНІ

ЕТҰ	Елеулі тәуекел факторы					
	Аптап ыстық	Дауылдар, қатты жел, шаңды дауылдар	Мұз басу	Дауылдар	Нөсерлер мен қара жаңбырлар	Жауын-шашын режимі мен жерасты сулары деңгейінің өзгеруі
«Ақбастау» БК» АҚ	✓	✓				✓
«Аппақ» ЖШС	✓	✓				✓
«Байкен-U» ЖШС	✓	✓				✓
«Буденовское» БК» ЖШС	✓	✓				✓
«Заречное» БК» АҚ	✓	✓				✓
«Инкай» БК» ЖШС	✓	✓				
«Қаратау» ЖШС	✓		✓		✓	✓
«Катко» БК» ЖШС	✓	✓				
«Қызылқұм» ЖШС	✓					✓
«Орталық» ӨК» ЖШС	✓	✓				✓
«РУ-6» ЖШС	✓	✓				✓
«Семізбай-U» ЖШС	✓	✓		✓		✓
«ОТХК» БК» ЖШС	✓	✓				
«Kazatomprom-SaUran» ЖШС	✓	✓				✓
«ҮМЗ» АҚ	✓				✓	✓
«СКЗ-U» ЖШС	✓	✓				
«Уранэнерго» ЖШС			✓			
«KAP Logistics» ЖШС			✓	✓	✓	✓
«Волковгеология» АҚ	✓	✓				✓

Елеулі тәуекел факторы

Аптап ыстық · Дауылдар, қатты жел, шаңды дауылдар · Мұз басу · Дауылдар · Нөсерлер мен қара жаңбырлар · Жауын-шашын режимі мен жерасты сулары деңгейінің өзгеруі

Өтпелі климаттық тәуекелдер

Өтпелі климаттық тәуекелдерді бағалау IFRS S2 халықаралық стандарттарының және TCFD ұсыныстарының, Қазақстан Республикасының көміртекті реттеу талаптарының сондай-ақ Еуропалық Одақтың CBAM механизмінің ескерілуімен жүргізілген. Есептеулерде Компанияның тәуекел-менеджментінің қолданыстағы рәсімдері, MRV тәсілі және энергиямен жабдықтау, логистика және сатып алулар бойынша нақты деректер пайдаланылған.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

TCFD тәсіліне сәйкес өтпелі климаттық тәуекелдер төрт санатқа топтастырылған:

Саяси-құқықтық тәуекелдер – заңнамадағы өзгерістермен, шығарындылар туралы есептілік бойынша талаптармен, квоталармен саудалау жүйесін дамытумен және көміртектік реттеу ережелерінің ықтимал қатаюымен байланысты.

Технологиялық тәуекелдер – жабдықты жаңғырту және төмен көміртекті шешімдерді енгізу қажеттілігімен шартталған.

Нарықтық тәуекелдер – энергия ресурстарының, шикізат пен өнімдердің бағаларындағы ықтимал өзгерістерді, сондай-ақ сұраныстың түрлендірілуін қамтып көрсетеді.

Бедел тәуекелдері – инвесторлардың, кредиторлардың және басқа да мүдделі тараптардың Компанияның ESG көрсеткіштеріне қатысты күтулерімен байланысты.

Тәуекелдердің іске асырылу ықтималдығы талқыланған бастамалардан бастап қолданыстағы міндетті талаптарға дейін реттеуші және нарықтық айқындық дәрежесінің ескерілуімен корпоративтік шкала бойынша анықталған.

Қаржылық әсер ықтимал қосымша шығындар арқылы бағаланған және шоғырландырылған EBITDA-ның 20%-ы деңгейінде белгіленген корпоративтік тәуекел-тәбетпен салыстырылған.

Осыған қосымша, төмендегілерді қоса алғанда, негізгі сыртқы факторларға сезімталдық талдауы жүргізілді:

- көміртегі бағасы (ҚР мен ЕО-да);
- электр мен жылу энергиясының тарифтері;
- валюталық бағамдар;
- CBAM параметрлері;
- 3-қамту аясы бойынша шығындардың өсуі (логистика және материалдар).

Негізгі климаттық тәуекел-факторлар

Төмендегі кестеде Компания активтері үшін маңызы басым климаттық тәуекелдерді сандық бағалау нәтижелері ұсынылған. Қаржылық әсер әлеуетті қаржылық ысыраптың болжалды мөлшерінің кейінгі есептелуімен тиісті климаттық оқиғаның іске асырылу ықтималдығын және оның ықтимал әсерінің ауқымын бағалау негізінде анықталған.

Физикалық тәуекелдерді бағалау нәтижелері аптап ыстықтың, жел мен шаңды дауылдардың, жауын-шашын мен су тасқындарының, сондай-ақ мұз басудың операциялық үздіксіздік пен шығасыларға елеулі әсерін көрсетті. Бағалау нәтижелері бойынша ЕТҰ үшін техникалық және ұйымдастырушылық шешімдерді, CAPEX-жобаларына басымдық беруді және деректердің үнемі жаңартылуымен KPI мониторинг жүйесін енгізуді қоса алғанда, басым бейімделу шаралары анықталды.

Өтпелі тәуекелдер есептеулерінде реттеуші ортаның, нарықтық жағдайлардың және өндірістік көрсеткіштердің ықтимал өзгерістерін қамтып көрсететін сценарийлік пен операциялық параметрлер жиынтығы пайдаланылды. Бағалау шынайы сценарий аясында Компания үшін ықтимал қаржылық жүктеменің болжалды шамасын анықтауға мүмкіндік берді.

Климаттық тәуекел-факторлар	Ықтимал жылдық залал (бастапқы сценарий), млн теңге		
	2030	2040	2050
Физикалық климаттық тәуекелдер			
Дауылдар, қатты жел, шаңды дауылдар	1 376,4	1 203,8	1 124,6
Аптап ыстық	630,3	746,6	928,0
Жерасты сулары мен жауын-шашын режимінің өзгеруі	207,9	221,9	190,8
Өтпелі климаттық тәуекелдер			
Энергия ресурстары құнының өсуі	27 270,6	27 455,7	25 864,2
Парниктік газдар шығарындыларын реттеуді қатаңдату	1 723,9	2 396,3	1 809,5
ESG-талаптар	32,4	64,8	97,2
Трансшекаралық көміртектік реттеу механизмі (Carbon Border Adjustment Mechanism, CBAM)	1 858,4	3 476,6	3 295,4
Жеткізу тізбегіндегі қызметтер құнының реттелуі мен өсуі	109,6	402,3	759,4

Басқару және жауап қайтару

Өтпелі тәуекелдердің әсерін төмендету үшін Компания төмендегілерді қоса алғанда, бірқатар шараларды қарастырып, іске асыруда:

- энергияны үнемдеу және энергиялық тиімділікті жоғарылату бағдарламалары;
- төмен көміртекті электр энергиясының үлесін біртіндеп ұлғайту;
- 1 және 2-қамту аялары бойынша шығарындыларын азайту бойынша жобалар;
- жеткізушілермен бірге жеткізу тізбектерін көміртексіздендіру бойынша жұмыс істеу;
- ESG-ақпаратты ашудың ашықтығын арттыру және инвесторлар мен реттеуіштермен өзара әрекеттесу.

Қысқа мерзімді келешекте CBAM тәуекелі шектеулі деп бағаланады; алайда, егер механизмнің қамту аясы кеңейтілсе, қосымша жүктеме түсімнің 1,7–3,2%-ына жетуі мүмкін, бұл ұзақ мерзімді жоспарлауда есепке алынады.

Климаттық мүмкіншіліктерді бағалау

Климаттық мүмкіншіліктерді бағалау «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың көміртексіздендіру мақсаттары мен ESG бағдарларының есепке алынуымен жүргізілді. Шараларға басымдық беру ықтималдық, әсер және материалдылық шкалаларының (EBITDA – бағдар ретінде) пайдаланылуымен іске асырылған. Мұндай тәсіл климаттық бастамаларды Компанияның негізгі қаржылық көрсеткіштерімен бірыңғай логикада бағалауға мүмкіндік береді.

Негізгі бағыттар мен күтілетін әсерлер бойынша топтастырылған «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың климаттық мүмкіншіліктерінің жиынтық қоржыны қалыптастырылған. Тізбе энергия тұтынуды төмендету, көміртексіздендіру және Компанияның операциялық тұрақтылығын жақсарту бойынша басым шараларды қамтып көрсетеді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

ЕТҰ БОЙЫНША КЛИМАТТЫҚ МҮМКІНШІЛІКТЕР ТІЗІЛІМІ

Санаты	Мүмкіншілік	Салдары
Энергиялық тиімділік	Энергия аудиті іс-шараларын іске асыру: жылуды пайдаланатын жабдықтың энергия үнемі және энергиялық тиімділігі	▸ Электр энергиясын және отын тұтынуды төмендету; ▸ Бос тұрып қалулар тәуекелін азайту.
	Жиілікті түрлендіргіштерді (VFD) пайдалану	▸ Электр энергиясын тұтынуды төмендету; ▸ Жұмыс тұрақтылығын арттыру.
	Аз қуатты батырмалы сорғылы агрегаттарды пайдалану	▸ Электр энергиясын тұтынуды төмендету.
ЖЭК	50 МВт күн электр станциясы (инвесторлар)	▸ 2-қамту аясы бойынша ПГ шығарындыларын айтарлықтай қысқарту; ▸ PPA бойынша бағаны белгілеу.
	Алаңдарда КЭС-ті/ЖЭС-ті орнату/кеңейту	▸ Базалық жүктемені ішінара жабу.
	«Жасыл» электр энергиясын сатып алу	▸ 2-қамту аясы бойынша ПГ шығарындыларының есептік төмендеуі; ▸ ESG әсері.
Генерация	40 МВт газ піспекті генераторы (инвесторлар)	▸ Электр энергиясы бағасының және ажыратулар қаупінің төмендеуі.
Сертификаттар нарығы	I-REC-ті сатып алу	▸ 2-қамту аясы бойынша ПГ шығарындыларының есептік төмендеуі;
Көлік	Гибридті/электрлік автокөлік паркіне көшу	▸ Дизель отыны/бензин шығынын төмендету; паркті жаңарту.
ЭБЖ инфрақұрылымы	35/10 кВ ЭБЖ	▸ Шығындарды және ажыратулар тәуекелін төмендету; ▸ Электрмен жабдықтаудың тұрақтылығы.
Жылумен жабдықтау	Гелиоколлекторлық қондырғыларды орнату	▸ ДО-ны төмендету; ▸ Ұзақ мерзімді әсер.

Іске асырудың мезгілдік бейіні:

- қысқа мерзімді (3 жылға дейін): энергиялық тиімділік шаралары және нарықтық құралдар;
- орта мерзімді (3-10 жыл): жэк пен генерацияны масштабтау;
- ұзақ мерзімді (10+ жыл): инфрақұрылымдық және табиғи жобалар.

Ең үлкен жылдық қаржылық әсерді мыналар қалыптастырады:

- «жасыл» электр энергиясын сатып алу;
- 50 МВт КЭС құрылысы;
- I-REC сертификаттарын сатып алу;
- 40 МВт газ піспекті генераторын енгізу.

Ең ұзақ жинақталған әсер әрекет ету мерзімі 32 жылға дейінгі ЖЭК, I-REC, ЭБЖ-ді дамыту және көгалдандыру салаларындағы ұзақ мерзімді бастамалардан туындайды. Энергиялық тиімділік бойынша шаралар салыстырмалы түрде орташа CAPEX-пен қосымша жыл сайынғы әсерді қамтамасыз етеді.

Компания өзінің климаттық мүмкіншіліктер қоржынының іске асырылуын көміртек ізін бір мезгілде азайту, энергиялық тиімділікті арттыру және орта және ұзақ мерзімді келешекте тарифтер мен көміртекті құбылмалылыққа төзімділікті нығайту құралы ретінде қарастырады.

Басқаруға интеграциялау және одан әрі дамыту

Физикалық және өтпелі климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау нәтижелері келесі мақсаттарда қолданылады:


- бейімделу іс-шаралары мен CAPEX-бастамаларына басымдық беру;
- операциялық стандарттарды енгізу (триггер-шектер);
- бастапқы деректердің тұрақты жаңартылуымен KPI мониторингі жүйесін құру;
- Топ деңгейінде қаржылық көрсеткіштермен байланысты және салыстырмалылықты күшейту.

Тәсіл мен нәтижелер IFRS S2/TCFD талаптарын негізге ала отырып, климаттық ақпаратты ашу үшін, сондай-ақ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін негізді құрайды.

Көміртексіздендіру және төмен көміртекті даму

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Парниктік газдар шығарындыларын азайту және төмен көміртекті дамуға көшу саласындағы компанияның ұзақ мерзімді бағдарларын айқындайтын бекітілген Көміртексіздендіру стратегиясы шеңберінде көміртек ізін төмендету тәсілін іске асыруда.

Стратегияны әзірлеу кезінде жаһандық климаттық күн тәртібі және Қазақстан Республикасының 2060 жылға қарай көміртектік бейтараптыққа қол жеткізу жөніндегі ұзақ мерзімді мақсаты ескерілген. Құжат Парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша нысаналы көрсеткіштерді, сондай-ақ көміртексіздендіру бойынша іс-шараларды іске асырудың негізгі бағыттарын айқындайды.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Стратегияны әзірлеу барысында технологиялық, экономикалық және энергетикалық жағдайлардың өзгеруін, сондай-ақ төмен көміртекті технологиялардың дамуын ескеретін көміртексіздендірудің ықтимал сценарийлеріне талдау жүргізілді. Стратегия Парниктік газдар шығарындыларын азайтудың екі сценарийін қарастырады: компанияның белгіленген климаттық мақсаттарына қол жеткізуді көздейтін шындыққа негізделген сценарий және қосымша іс-шараларды іске асыру кезінде шығарындыларды неғұрлым айтарлықтай азайтуды болжайтын оптимистік сценарий.

Көміртексіздендіру стратегиясы шеңберінде Қазатомөнеркәсіп Парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша келесі сандық мақсаттарды айқындады:

- 2030 жылға қарай 2021 жылғы деңгеймен салыстырғанда 1 және 2-қамту аялары бойынша парниктік газдар шығарындыларын 10%-ға (шындыққа негізделген сценарий) немесе 15%-ға (оптимистік сценарий) азайту;
- 2060 жылға қарай көміртектік бейтараптыққа қол жеткізу.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін оның шеңберінде өндірістік қызметтің көміртек ізін төмендетубойынша шаралар іске асырылатын Компанияда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ көміртексіздендіру және көміртектік бейтараптыққа қол жеткізу жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспары әзірленді. Атап айтқанда, энергия тұтынуды оңтайландыру, өндірістік жабдықты жаңғырту, жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды кеңейту және жерасты ұңғымалы шаймалауды қоса алғанда, төмен көміртекті өндіру технологияларын қолдану бойынша шаралар енгізілуде.

Стратегияны іске асырудың негізгі бағыттары мыналарды қамтиды:

- өндірістік процестердің энергия тиімділігін арттыру;
- отын мен энергия ресурстарын пайдалануды оңтайландыру;
- өндірістік жабдықты жаңғырту;
- парниктік газдар шығарындыларын есепке алу және мониторингілеу жүйесін жетілдіру.

Бұл бағыттар компанияның ұзақ мерзімді климаттық саясатын іске асырудың негізін құрайды.

Төмен көміртекті энергетиканы дамытуға қосылған үлес

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ атом энергетикасында қолданылатын табиғи уранды әлемдегі ең ірі өндірушілердің бірі болып табылады. Компания шығаратын өнім атом электр станцияларында электр энергиясын өндіру үшін қолданылады.

Атом энергетикасы генерацияның өмірлік циклі бойы Парниктік газдар шығарындыларының деңгейі төмен электр энергиясы көздеріне жатады. Атом энергиясын пайдалану энергетика секторындағы Парниктік газдар шығарындыларын төмендетуге ықпал етеді және климаттық мақсаттарға қол жеткізу мен төмен көміртекті энергетикаға көшу құралдарының бірі ретінде қарастырылады.

Халықаралық нарықтарға табиғи уран жеткізе отырып, Қазатомөнеркәсіп атом энергетикасы үшін шикізат базасын қамтамасыз етуге қатысады, және, осылайша Парниктік газдар шығарындыларының деңгейі төмен электр энергиясы өндірісінің дамуына себептеседі.

Атом энергетикасын дамыту сенімді және тұрақты энергиямен жабдықтауды қамтамасыз етуде де маңызды рөл атқарады.

Энергия ресурстарын тұтыну және энергиялық тиімділік

Энергия ресурстарын тұтыну

GRI 302-1, SASB EM-MM-130A.1.

Отын-энергетика ресурстарын тұтыну уран өндіру мен қайта өңдеудің өндірістік процестеріне, сондай-ақ өндірістік алаңдар инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты.

Өнім өндіруге, шикізатты өндіруге және қайта өңдеуге пайдаланылатын отын-энергетика ресурстарының жалпы тұтынылуы 5 773 мың ГДж құрады.

КОМПАНИЯ БОЙЫНША ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКА РЕСУРСТАРЫН ТҰТЫНУ, мың ГДж

Көз түрі	2023	2024	2025
Көмір	65,3	45,5	45,1
Табиғи газ	9,9	14,7	5,4
Сұйытылған газ	0	2,1	3,8
Отын (бензин, дизель)	1 506	1 524	1 623
Отынның жалпы тұтынылуы	**1 581,2**	**1 586,3**	**1 677,3**
Жылу энергиясы	809	840	810
ЖЭК-тен алынатын жылу энергиясы	5	5	4
Электр энергиясы	3 148	3 318	3 266
ЖЭК-тен алынатын электр энергиясы	14	14	16
ОЭР-дың жалпы тұтынылуы	**5 557,2**	**5 763,3**	**5 773,3**

Энергиялық тиімділік және энергия үнемдеу

Қазатомөнеркәсіп қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып және операциялық үдерістерді оңтайландыра отырып, энергия тиімділігін арттыру және отын-энергетика ресурстарын тұтынуды төмендету бойынша шараларды дәйекті түрде іске асырып келуде. Компанияда энергия тұтынуды тиімді басқаруды қамтамасыз ететін ISO 50001:2018 халықаралық стандартына сәйкес келетін энергия менеджменті жүйесі енгізілген.

Энергиялық тиімділікті мониторингілеу және бақылау белгіленген ҚНК және уран өндірісіне жұмсалатын электр энергиясы шығысының реттелетін жылдық жоспарлы меншікті нормалары арқылы жүзеге асырылады.

Энергия үнемдеу әлеуетін бағалау үшін бес жылда бір рет нәтижелері энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі жыл сайынғы іс-шаралар жоспарының негізін құрайтын энергия аудиті өткізіледі.

Сонымен қатар, 2025 жылы 1 068 мың ГДж көлемінде электр энергиясын сатып алуды растайтын I-REC сертификаттары сатып алынды (мың кВт·сағ баламасында – 296,67 млн кВт·сағ). Бұл сертификаттар электр энергиясының баламалы көлемі жаңартылатын көздерден өндіріліп, желіге жеткізілгенін растайды. Аталған сертификаттар I-REC Standard халықаралық стандартына сәйкес келеді, сондай-ақ ESG-бағалау шеңберінде Қазатомөнеркәсіптің позициясын нығайтады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҚ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

GRI 2-4, 302-3

Өндірістің энергия сыйымдылығы энергоресурстарды пайдалану тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. 2025 жылы Компания бұл көрсеткішті есепке алу тәсілін өзгертті: енді онда алдыңғы жылдардағыдай уран өндіру көлеміне емес, отын-энергетикалық ресурстарды тұтынудың уранның шала тотығы-тотығын (U_3O_8) өндіру көлеміне қатынасы көрсетіледі.

0,223 мың ГДж/тонна U_3O_8

Меншікті энергия сыйымдылығы

Есепті кезеңде көрсеткіш 2024 жылғы 0,246 ГДж/тонна U_3O_8-ден 2025 жылы 0,223 ГДж/тонна U_3O_8-ге дейін төмендеді, бұл энергия сыйымдылығының 9%-ға азайғанын білдіреді. Бұл серпін отын-энергетикалық ресурстардың неғұрлым ұтымды пайдаланылғанын және өндірістік процестер тиімділігінің артқанын көрсетеді. Есепке алу тәсілінің өзгеруіне байланысты 2023 және 2024 жылдардағы деректер қайта қаралды.

ЭНЕРГИЯ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Өнім өндіруге, шикізатты өндіруге және қайта өңдеуге арналған ОЭР тұтынылуы, мың ГДж	5 538	5 731	5 773
Уран өндіру көлемі, тонна	21 112	23 270	25 839
Меншікті энергия сыйымдылығы, мың ГДж/тонна U_3O_8	0,262	0,246	0,223

GRI 302-4

2025 жылы Компания энергия тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар кешенін іске асырды, бұл 2 512 млн теңге үнемдеуге алып келді, бұл жоспарланған көрсеткіштерден 22%-ға жоғары. Энергия үнемдеу бастамаларын енгізу нәтижесінде 2025 жылғы ОЭР жалпы үнемі 286,99 мың ГДж құрады.

2025 ЖЫЛҒЫ БАҒЫТТАР БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Бағыт	Сома, мың теңге	ОЭР үнемі, мың ГДж
Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану	198 798	15,95
Энергия үнемдеу іс-шаралары	383 333	133,06
Энергетикалық жабдықты жаңғырту	699 288	59,80
Технологиялық үдерістердің энергия сыйымдылығын төмендету	201 528	36,99
Технологиялық жабдықты жаңғырту	987 145	39,65
ЖҚКЖ-ні жақсарту	41 734	1,54
Барлығы	**2 511 826**	**286,99**

Баламалы энергетика

Энергия тиімділігін арттыру және көміртек ізін азайту жөніндегі іс-шараларды іске асыру шеңберінде Қазатомөнеркәсіп өндірістік нысандарда жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды да дамытып келуде. Компания алаңдарында дәстүрлі энергия көздерін ішінара алмастыруға бағытталған шешімдер енгізілуде, соның ішінде:

- фотоэлектрлік станциялар (ФЭС);
- гелиоколлекторлар (немесе күн су жылытқыштары).

Бұл технологияларды пайдалану дәстүрлі энергия ресурстарын тұтынуды азайтуға және өндірістік процестердің экологиялық тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

ФОТОЭЛЕКТРЛІК СТАНЦИЯЛАРДАН ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2023	2024	2025
Өндірілетін электр энергиясының көлемі	мың МВт*сағ	3,02	3,09	4,33
	мың ГДж	10,87	11,12	15,57

2025 жылдың 12 айы ішінде Компания жабдықты жаңғыртуды, технологиялық үдерістерді жетілдіруді және энергия үнемдеуші шешімдерді енгізуді қоса алғанда, энергия тиімділігін арттыруға және энергия ресурстарын тұтынуды оңтайландыруға бағытталған 183 іс-шараны іске асырды. Бұл іс-шараларды іске асыру айтарлықтай экономикалық тиімділікті қамтамасыз етті және жоспарланған көрсеткіштерден асып түсті. Аталған шаралар энергия ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыруға, өндірістік процестердің энергия сыйымдылығын төмендетуге, сондай-ақ Компания қызметінің көміртекті қарқындылығын азайтуға себептеседі.



2025 ЖЫЛЫ БАЛАМАЛЫ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІН ПАЙДАЛАНУДАН ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН ӘСЕР, мың теңге



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҚ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Парниктік газдар шығарындылары

Компания GHG Protocol және ISO 14064 стандартын қоса алғанда, халықаралық нормалар мен ұсынымдарға сәйкес тікелей және жанама шығарындылар көлемін сандық анықтауды орындай отырып, парниктік газдар шығарындыларына тұрақты түрде бақылау жүргізеді. Есепке алуда пайдаланылатын парниктік газдардың тізбесіне көмірқышқыл газы (CO_2), метан (CH_4), азоттың шала тотығы (N_2O) кіреді. Парниктік газдардың әрбір түрі бойынша көрсеткіштерді CO_2 баламасының тоннасына ауыстыру үшін Қазатомөнеркәсіп Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобының (МӨҮСТ) бесінші бағалау баяндамасында айқындалған жаһандық жылыну әлеуетінің коэффициенттерін пайдаланады.

Парниктік газдардың жанама энергетикалық шығарындыларын есептеу (2-қамту аясы) Компания қызмет ететін өңірлердегі нақты жағдайлар мен шығарындылар бейіндерін көрсететін жергілікті эмиссиялық факторларды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Есептеулер кезінде Қазақстан Республикасының парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу қағидаларына сәйкес айқындалған меншікті шығарындылар коэффициенттері пайдаланылады. Бұған қоса, шығарындыларды неғұрлым дәл бағалауды және есепті кезеңдер арасындағы деректердің салыстырмалылығын қамтамасыз ететін елдің электр энергетикалық теңгеріміндегі отын түрлері бойынша электр энергиясы өндірісінің үлестері ескеріледі. Парниктік газдар шығарындыларын есепке алудың қолданыстағы тәсілі шеңберінде барлық ақпарат Компанияның бірлескен кәсіпорындардағы үлесінің мөлшеріне қарамастан, жүз пайыздық негізде шоғырландырылады. Деректердің салыстырмалылығын қамтамасыз ету және шығарындылар динамикасын бақылау мүмкіндігі үшін есептеулердің базалық жылы ретінде 2021 жыл белгіленді.

Парниктік газдар шығарындыларын сандық бағалау шығарындылар коэффициенттерін айқындау кезінде пайдаланылатын ғылыми білімнің шектеулігіне, сондай-ақ әртүрлі газдардың шығарындыларын агрегаттау үшін қажетті мәндерге байланысты ажырамас белгісіздікке ұшырайды.

GRI 305-1, 305-2, SASB EM-MM-110A.1.

2025 жылы парниктік газдардың тікелей шығарындыларының деңгейі (1-қамту аясы) 126 333 тонна CO_2-экв. құрады. Өсімнің негізгі факторы уран өндіру көлемінің артуы болды. Ал парниктік газдардың жалпы жанама энергетикалық шығарындыларының көлемі (2-қамту аясы) 779 907 тонна CO_2- экв. құрады, бұл 2024 жылғы деңгейден 1%-ға төмен.



.

ТІКЕЛЕЙ ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ КӨЛЕМІ, мың тонна CO_2-экв.



906,2 мың тонна CO_2-экв.

ПГ шығарындылары (1+2-қамту аясы) 2025 жылы

SASB EM-MM-110A.1

Сонымен қатар, Компанияның әрбір ЕТҰ-ның Парниктік газдар шығарындыларының көлемі Қазақстанның шығарындыларға квоталар саудасы жүйесіне міндетті түрде қатысу үшін белгіленген 20 000 тонна CO2-экв. ұлттық шегінен төмен болып қалуда, бұл Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 28 наурыздағы №91 «Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен реттеледі. Бұл Компанияға өзінің көміртек ізін тиімді басқаруға және көміртексіздендіру саласындағы ұлттық талаптарға сәйкес келуге мүмкіндік береді.

GRI 305-3

3-қамту аясы Компания қызметімен байланысты, бірақ оның тікелей операциялық бақылауынан тыс жерде, құн жасау тізбегінің кезеңдерінде туындайтын барлық жанама Парниктік газдар шығарындыларын қамтиды. Есептеулер GHG Protocol Scope 3 Standard (Corporate Value Chain Standard, 2011) стандартына сәйкес орындалады.

[55] Парниктік газдар шығарындыларын қысқартудың базалық жылы.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҚ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР



4,89 тонна CO_2-экв. /тонна

Тікелей ПГ шығарындыларының қарқындылығы (1-қамту аясы)

GRI 2-4, 305-4

2025 жылы парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы (1 және 2-қамту аялары) 35,07 т CO_2-экв./тонна U_3O_8 құрап, 2024 жылғы көрсеткішпен (38,99 т CO_2-экв./тонна U_3O_8) салыстырғанда 10%-ға төмендеді.

2025 жылы Компания бұл көрсеткішті есепке алу тәсілін өзгертті: енді онда алдыңғы жылдардағыдай уран өндіру көлеміне емес, парниктік газдар шығарындыларының уранның шала тотығы-тотығын (U_3O_8) өндіру көлеміне қатынасы көрсетіледі. Есепке алу тәсілінің өзгеруіне байланысты 2023 және 2024 жылдардағы деректер қайта қаралды.

ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ҚАРҚЫНДЫЛЫҒЫ

Көрсеткіш	Өлш. бірл.	2023	2024	2025
U_3O_8 өндіру көлемі	тонна	21 112	23 270	**25 839**
Тікелей ПГ шығарындыларының қарқындылығы (1-қамту аясы)	тонна CO_2-экв. /тонна	5,71	5,15	**4,89**
Жанама ПГ шығарындыларының қарқындылығы (2-қамту аясы)	тонна CO_2-экв. /тонна	36,83	33,85	**30,18**
ПГ шығарындыларының қарқындылығы (1 және 2-қамту аялары)	тонна CO_2-экв./тонна	42,54	38,99	**35,07**

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ 3-ҚАМТУ АЯСЫНДАҒЫ ШЫҒАРЫНДЫЛАРДЫ ЕСЕПТЕУ КЕЛЕСІ САНАТТАР БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛДІ:

1-санат

«Сатып алынған тауарлар мен қызметтер», соның ішінде сатып алынған тауарлық-материалдық құндылықтарды (ТМҚ) өндіруге байланысты шығарындылар;

4-санат

«Кіріс тасымалдау және бөлу», соның ішінде үшінші тарап тасымалдаушыларының сатып алынған ТМҚ-ны Компания объектілеріне дейін тасымалдауынан туындаған шығарындылар.

2025 жылы жанама Парниктік газдар шығарындыларының деңгейі (3-қамту аясы) 933 516 тонна CO_2-экв. құрады. Ең көп үлесті 1-санат «Сатып алынған тауарлар мен қызметтер» қосты – 661 759 тонна CO_2-экв., ал 4-санат «Кіріс тасымалдау және бөлу» бойынша шығарындылар 271 757 тонна CO_2-экв. құрады.

GRI 305-5

Энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру нәтижесінде парниктік газдар шығарындыларын қысқарту көлемі 53 030 тоннаны (1 және 2-қамту аялары) құрады.

2026 жылға арналған Парниктік газдар шығарындыларын одан әрі қысқарту жоспарлары

- Энергия тиімділігін арттыру іс-шараларын іске асыру есебінен Парниктік газдар шығарындыларын (1-Қамту) төмендету;
- Гелиоколлекторлық қондырғыларды орнату: дизель отынын тұтынуды түбегейлі азайту мақсатында суды жылытуға арналған коллекторларды орнату бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу;
- Қазандықтарды газдандыру: вахталық кент қазандықтарын техникалық қайта жарақтандыру; 2026 жылы қазандықтарды дизель отынынан сұйытылған газға көшіру үшін жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуді аяқтау/жалғастыру жоспарлануда;
- Сатып алынған компрессорлық станцияның жылу энергиясы рекуператорларын орнату: дизель отынын тұтынудытөмендету;
- Күн электр станциясын сатып алу және орнату: электр энергиясын тұтынуды төмендету;
- Төмен қуатты батырмалы сорғы агрегаттарын пайдалану: электр энергиясын тұтынуды төмендету;
- Еншілес және тәуелді ұйымдарда жүргізілген энергетикалық аудиттердің нәтижелері бойынша энергия үнемдеу және энергиялық тиімділік жөніндегі іс-шараларды іске асыру;
- Жасыл екпелерді отырғызу: Парниктік газдар шығарындыларын төмендету.

53 030 тонна

парниктік газдар шығарындыларын қысқарту көлемі

KAZATOMPROM NATIONAL ATOMIC COMPANY

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

8. ҚОСЫМШАЛАР

Табиғатты жауапкершілікпен пайдалану

Негізгі құжаттар

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, радиациялық және ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы саясаты;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың 2024–2030 жылдарға арналған тұрақты даму бағдарламасы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың 2023–2030 жылдарға арналған су ресурстарын басқару стратегиясы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың 2023–2030 жылдарға арналған радиобелсенді қалдықтармен жұмыс істеу бағдарламасы.

2025 жылдағы басты оқиғалар

- Корпоративтік бағдарламаларды және Су ресурстарын басқару стратегиясын іске асыру: Environmental and Social Research Program (ESRP), Zero Waste, Жыл құстарын әуе электр беріліс желілерінен (ӘЭБЖ) қорғау;
- «Парыз-2025» республикалық әлеуметтік жауапкершілік байқауында ірі кәсіпкерлік санаты бойынша «Экологияға қосқан үлесі үшін» номинациясында «СКЗ-U» ЖШС-не алтын марапат берілді;
- «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық науқандарына қатысу;
- Жаһандық халықаралық экологиялық бастамаларды қолдау – «Жер сағаты», «World CleanUp Day», Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні.

2025 жылғы негізгі көрсеткіштер

3,2 млрд теңге
ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ІС-ШАРАЛАРЫНА ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫНДАР

84 585 м³
СУДЫ НАҚТЫ ҮНЕМДЕУ

4 ҒЗТКЖ жобасы
67,58 МЛН ТЕҢГЕ СОМАСЫНА

«С»
CDP WATER SECURITY БАҒАСЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Басқару тәсілі

SASB EM-MM160A.1

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ экологиялық аспектілерді басқаруды тұрақты даму және корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Компания табиғи уран өндірудің қоршаған ортаға теріс әсер етуі мүмкін екенін түсінеді және осы әсерді барынша азайтуды өзінің стратегиялық мақсаты етіп қояды. Бұл ретте уран өндіру негізінен дәстүрлі өндіру әдістерімен салыстырғанда экологиялық тұрғыдан қауіпсіз технология болып табылатын және қоршаған ортаға әсерді айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік беретін жерасты ұңғымалық шаймалау әдісімен жүзеге асырылады. Компания экологиялық мониторингті жүйелі түрде жүргізеді, табиғатты қорғау іс-шараларын іске асырады, табиғи ресурстарды тиімді пайдаланады және экологиялық қауіпсіздіктің жоғары стандарттарын қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, инновациялық технологияларды енгізеді.

Қазатомөнеркәсіптің экологиялық саясаты Компанияның барлық өндірістік кәсіпорындарына енгізілген экологиялық менеджмент жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Жүйе өзара байланысты бағыттар кешенін қамтиды, соның ішінде:

- ауаның, топырақтың және су ресурстарының ластануын мониторингілеу және болдырмау;
- биоалуантүрлілікті сақтау;
- жүйенің нәтижелілігін бағалау үшін айқын мақсаттар мен көрсеткіштерді белгілеу;
- заңнамалық талаптар мен корпоративтік стандарттарға сәйкестік.

Экологиялық басқарудың негізгі қағидаттары Компанияның еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, радиациялық және ядролық қауіпсіздік саласындағы саясатында бекітілген және өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесіне біріктірілген.

Қоршаған ортаны қорғау (бұдан әрі – ҚОҚ) саласындағы қызметке стратегиялық басшылықты Директорлар кеңесі жанындағы Өндірістік қауіпсіздік жөніндегі комитет жүзеге асырады. Операциялық бақылау корпоративтік талаптар мен заңнама нормаларының сақталуын қамтамасыз ететін Өндірістік қауіпсіздік департаментіне жүктелген. Еншілес және тәуелді ұйымдарда экологиялық саясатты іске асыруға және өндірістік экологиялық бақылауға жауапты бейінді бөлімшелер жұмыс істейді.

Өндірістік қызметтің қоршаған ортаға және қызметкерлердің денсаулығына теріс әсерін барынша азайту үшін Компанияда Өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесіне біріктірілген сақтық қағидаты қолданылады. Бұл тәсіл өндірістік үдерістің барлық кезеңдерінде ҚОҚ саласындағы ықтимал тәуекелдерді ескеруге мүмкіндік береді.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы функционалдық тәуекелдер тізілімінде Қоршаған ортаны қорғау бағыты бойынша келесі тәуекелдер анықталған:

- қоршаған ортаға зиян келтіру тәуекелі;
- көздері климат, табиғи құбылыстар, жаһандық экологиялық мәселелер болып табылатын сыртқы экологиялық факторлардың өндірістік қызметке әсері.

Компания кен орындарының өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде – жобалау кезіндегі қоршаған ортаға әсерді бағалаудан (бұдан әрі – ҚОӘБ) бастап, пайдалану аяқталғаннан кейін жабу және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге дейін экологиялық әсерді барынша азайтуға ұмтылады. Экологиялық бағалау аясында Компания заңнама талаптарына сәйкес және мүдделі тараптардың қатысуымен қоғамдық қатысуды қамтамасыз етеді.

Экологиялық мониторингтің электрондық деректер базасы

Уран өндіру қызметінің қоршаған ортаға әсерін бақылау тиімділігін арттыру үшін Қазатомөнеркәсіп экологиялық мониторингтің электрондық жүйесін әзірледі. Ол Компанияның өндірістік нысандарындағы қоршаған ортаның жай-күйі туралы деректерді біріктіріп жүйелейді, бұл экологиялық көрсеткіштерді жедел талдауға және негізделген шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді. Деректер базасы жасалған және жүйелі түрде жаңартылып тұрады.



Есепті кезеңде Компания және еншілес және тәуелді ұйымдармен бірге мүдделі тараптарды хабардар етуді және белгіленген рәсімдердің сақталуын қамтамасыз ете отырып, қоғамдық тыңдаулар, сондай-ақ жақын маңдағы елді мекендердің тұрғындарымен қосымша кездесулер өткізді.

Компания өз жобаларын және бірлескен кәсіпорындардың жобаларын экологиялық сүйемелдеу бойынша жүйелі жұмысын жалғастырды. Өндірістік және инфрақұрылымдық бастамаларды іске асырған кезде міндетті түрде қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсімдері жүргізіледі және ықтимал әсерлер туралы есептер мен «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімдері дайындалады, сондай-ақ қажетті экологиялық рұқсаттар мен мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындылары алынады.

Есепті кезеңде Компанияның бірқатар жобалары бойынша тиісті рәсімдер жүргізіліп рұқсат құжаттары дайындалды, соның ішінде:

- аффинаж цехының құрылысы;
- автомобиль жолының құрылысы;
- магистральдық құбыржолдың құрылысы;
- жылыту жүйесін газдандыру;
- уран өндеу кешенінің өндірістік қуатын арттыру;
- кен орындарын игеру;
- Сырдария өзенімен шектесетін нысандарда су тасқынына қарсы бөгетшелер салу;
- өндірістік нысандарды жобалау және салу;
- уран өндіру мен өңдеу зардаптарын жою және бүлінген жерлерді қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар.

Жобалардың ҚОӘБ-ін жүргізу жобаларды дайындау мен іске асырудың барлық кезеңдерінде экологиялық факторлардың ескерілуін қамтамасыз етеді және Компанияның уран өндіру өндірісін жауапкершілікпен дамытуға бейілділігін растайды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Электрондық деректер базасының негізгі элементтері:

- топырақтың, судың, ауаның, биоалуантүрліліктің жай-күйі және қоршаған ортаға әсері туралы деректері бар интербелсенді карталар;
- топырақ пен судың химиялық құрамын, микробиологиялық көрсеткіштерді және флора мен фауна туралы мәліметтерді қоса алғанда, экологиялық зерттеулердің нәтижелерін қамтитын дерекқор;
- Жерді қашықтықтан зондтау деректерін пайдалана отырып, экожүйедегі өзгерістерді қадағалауға мүмкіндік беретін жерсеріктік мониторинг.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

2025 жылы Компания қоршаған ортаны қорғау саласындағы өзара іс-қимыл бойынша жүйелі жұмысын жалғастырды, соның ішінде:

- жұртшылықпен диалог (қоғамдық тыңдаулар, дөңгелек үстелдер, кездесулер, талқылаулар, конференциялар);
- экологиялық УЕҰ-мен және бейінді сарапшылармен ынтымақтастық;
- экологиялық мәселелер бойынша билік органдарымен өзара іс-қимыл (экологиялық бағдарламаны әзірлеу, мемлекеттік органдардың бастамаларына қатысу және т.б.).

2025 жылы экологиялық мәселелер бойынша өзара іс-қимыл аясында Компания және еншілес және тәуелді ұйымдар келесі іс-шараларға қатысқан:

- «Сот дауларында экологиялық құқықты қолдану» дөңгелек үстелі;
- «Реттеушілердің, инвесторлардың, банктердің және нарықтардың күтулері – нені білу маңызды» конференциясы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та ESG аясында еңбекті және қоршаған ортаны қорғау талаптарын интеграциялау мәселелері бойынша Petrocouncil мұнай-газ саласы кәсіпорындарының форумы;
- ядролық энергетика бағдарламаларында мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жөніндегі МАГАТЭ халықаралық конференциясы;
- ядролық қондырғылардың қауіпсіздік тұрғысынан сыртқы оқиғаларға төзімділігі (климаттың өзгеруіне назар аудару) жөніндегі МАГАТЭ халықаралық конференциясы;
- қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша түрлі мемлекеттік органдармен кеңестер;
- МАГАТЭ сарапшыларының «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ өкілдерімен бірлесіп «КАТКО» БК» ЖШС-ке сапары (радиобелсенді қалдықтармен (бұдан әрі – РБҚ) жұмыс істеу жүйесімен және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибелерімен танысу);
- тұрақты даму және сапа менеджменті жүйесі мәселелері бойынша сарапшылардың қатысуымен бір кәсіпорында жыл сайынғы аудит жүргізу;
- Ташкент қаласында өткен Eco Expo Central Asia 2025 халықаралық экологиялық көрмесіне қатысу, Қазақстан павильоны I орынды иеленді.

Жыл сайын «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың Корпоративтік орталығы мен ЕТҰ жұмыскерлері корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік аясында әлеуметтік және экологиялық бастамаларға ерікті түрде қатысады.

2025 жылы қызметкерлердің еріктілік және экологиялық қызметі келесі іс-шаралар мен нәтижелерді қамтыған:

- «Таза Қазақстан» науқаны (Топтың барлық кәсіпорындары): жыл бойы ағаш отырғызу мен сенбіліктер өткізілді; кен орындарының аумағында Қазатомөнеркәсіп Аллеялары ашылды, қызметкерлер жалпықалалық сенбіліктерге қатысты;
- «ОТХК» БК» ЖШС: «7 жасыл қадам» конкурсы және бөлімшелер арасында табиғатты қорғау тақырыбында жарыстар өткізілді; қайталама шикізаттан құстарға арналған ұяшықтар жасалды; кен орны аумағында еріген қар мен жаңбыр суын жинауға арналған шағын тоған салынды; Шу өзенінің жағалауы бойында қоқыс тазарту жұмыстары жүргізілді; Экологиялық ағарту: «Қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығы» КММ тәрбиеленушілері үшін экологиялық сағаттар өткізілді; пластик, қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу тақырыбында ойындар мен викториналар, қайталама шикізаттан бұйымдар жасау бойынша шеберлік сыныптары, суреттер байқулары ұйымдастырылды; қатысушыларға естелік сыйлықтар табысталды;
- «ЖТИ» ЖШС: «Алақандағы бақ» эко-челленджі өткізілді, 500-ден астам шырша отырғызу бойынша экологиялық науқан жүргізілді;
- «Ақбастау» БК» АҚ: Балаларды қолдау орталығының аумағын абаттандыру – ауланы жинау, қоқыс шығару, көгалдарды қырқу;
- «ҮМЗ» АҚ: 28 экологиялық науқанға қатысу (соның ішінде «Жер сағаты», «Пластиксіз күн», «Тазалық күні», «Қағазсыз күн», сенбіліктер, көгалдандыру);
- Аймақты көгалдандыруға қосқан үлесі үшін «ШҚО Табиғи ресурстар басқармасы» ММ-нен алғыс хат алынды. ШҚО Жоғарғы Үбі орман шаруашылығында 20 000 көшет отырғызылды;
- «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС: Jas mamandar kenesi-KSU корпоративтік еріктілер қозғалысы жұмыс істейді; «Таза Қазақстан» аясында 20 науқан өткізіліп, шамамен 11 000 кг қоқыс жиналды, 800-ден астам ағаш отырғызылды; қосымша Қанжуған кенішінің маңында 50 га алқапқа сексеуіл тұқымы себілді; кенішті тазарту жұмыстары жүргізілді, Таукент кентіндегі «Ұлы Жеңіс күні» ескерткішінің аумағында тазарту және әрлеу жұмыстары орындалды;
- «Байкен-U» ЖШС: Байкенже ауылдық округінің тұрғындарымен бірлесіп Сырдария өзенінің арнасын тазарту бойынша науқандар өткізілді;
- «Катко» БК» ЖШС: Түркістан трассасының бойына 6 149 өсімдік отырғызылды, сондай-ақ Арал теңізінің түбіне 605 052 сексеуіл көшеті отырғызылды.

Аталған бастамалар экологиялық мәдениетті арттыруға және Компания жұмыс істейтін өңірлерде жауапты мінез-құлық тәжірибесін дамытуға ықпал етеді.

2026 жылға арналған жоспарлар

- Қоршаған ортаны қорғау саласындағы корпоративтік бағдарламаларды іске асыру;
- Уран өндіруші кәсіпорындар мен ҮМЗ-ның ҮҚТ-ға сәйкестігі туралы қорытынды алу үшін кешенді технологиялық аудит жүргізу;
- Уранды, түсті және сирек металдарды өндіру және өңдеу бойынша үздік қолжетімді технологиялар/техникалар анықтамалығын әзірлеуге қатысу;
- Компанияның инвестициялық қоғамдастық алдындағы міндеттемелеріне сәйкес іс-шаралардың орындалу сапасын бағалау, жетілдіру бағыттарын анықтау және енгізіліп жатқан шаралардың тиімділігін арттыру мақсатында ESAP іске асырылуына диагностикалық техникалық аудит жүргізу.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҚ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Экологиялық комплаенс

SASB EM-MM150A.9, GRI 2-27

Қазатомөнеркәсіп экологиялық заңнаманы сақтауды өзінің табиғатты қорғау қызметінің негізі ретінде қарастырады. Өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде Компанияның барлық кәсіпорындарында қоршаған ортаға әсер ету көрсеткіштері жүйелі түрде бағаланады және қолданыстағы нормаларға сәйкестігі тексеріледі.

2025 жылы I санаттағы нысандар үшін жол берілетін шығарындылар нормативтерінің (ЖШН) және жол берілетін төгінділер нормативтерінің (ЖШТ) жаңартылған жобалары бойынша әсер етуге жаңа экологиялық рұқсаттар алынды.

Экологиялық комплаенсті басқару жүйесі

2025 жылы ЕТҰ-ның экологиялық заңнаманы сақтау саласындағы қызметі экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және өндірістік процестердің қоршаған ортаға әсерін барынша азайтуға бағытталған. Іске асырылып жатқан жобалар бойынша экологиялық заңнама талаптарына сәйкес рұқсат құжаттары алынды. Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспарлары бекітілген мерзімдерге сәйкес орындалды.

ESG қағидаттарын және ҚР Экологиялық кодексінің талаптарын іске асыру шеңберінде кәсіпорын кен орындарындағы жерасты суларының жай-күйіне қатаң бақылауды қамтамасыз етті. Ашықтық мәселесіне ерекше назар аударылды. Өндірістегі барлық жоспарланған өзгерістер ашық қоғамдық тыңдаулар рәсімінен өтіп, халық пен мемлекеттік органдардың мақұлдауын алды.

Кәсіпорындар әлеуметтік және экологиялық әсер туралы деректерге жұртшылықтың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, өздерінің ресми порталдарында өзекті экологиялық есептерді (SRS) және кәсіпорын төлқұжатын жариялайды.

Экологиялық бақылау нәтижелері және реттеу

Есепті жылы мемлекеттік органдар белгілеген қалдықтардың түзілу, шығарындылар мен төгінділер шектерінен асып кету жағдайлары тіркелген жоқ, сондай-ақ өндірістік нысандарда экологиялық апаттарға жол берілмеді. Мемлекеттік уәкілетті органдар тарапынан есеп беру құжаттамасына қатысты жазғыруулардың жоқтығы 2025 жылғы өндірістік бақылау нәтижелерімен расталды.

Сонымен қатар, уәкілетті органдардың тексерістерінің қорытындылары бойынша жекелеген еншілес және тәуелді ұйымдарда табиғатты қорғау заңнамасының кейбір талаптарын сақтамау жағдайлары анықталды, соған байланысты 2025 жылы жалпы сомасы 1 956 млн теңгеге әкімшілік айыппұлдар салынды.

1 956,24 млн теңге

2025 жылға төленген айыппұлдар сомасы

Аталған соманың едәуір бөлігі айыппұл сомасы 1 863,2 млн теңгені құраған және бұл айыппұл ағын сулардағы ластаушы заттардың белгіленген шектерден асып кетуіне байланысты есептелген «Орталық» ӨК» ЖШС-не қатысты бір ірі әкімшілік құқық бұзушылықпен байланысты болды.

Сонымен қатар, айыппұлдардың қалған бөлігі топырақ бетінің технологиялық ерітінділермен ластануы, бұрғылау қалдықтарын жинақтау мерзімдерінің сақталмауы, сондай-ақ экологиялық рұқсат талаптарының жекелеген бұзылуы сияқты оқиғаларға қатысты болды. Барлық анықталған жағдайлар бойынша себептерге ішкі талдау жүргізіліп, мұндай жағдайлардың қайталануын болдырмауға бағытталған түзету іс-шаралары әзірленіп іске асырылды.

Атап айтқанда, өндірістік процестерге өндірістік экологиялық бақылау күшейтілді, тазарту қондырғылары мен қалдықтармен жұмыс істеу инфрақұрылымының жай-күйіне қосымша тексеру жүргізілді, сондай-ақ экологиялық мониторинг тәртібін және уәкілетті органдарды жедел хабардар ету деңгейін арттыру бойынша іс-шаралар жүзеге асырылды. Экологиялық есептіліктің ашықтығын арттыру және экологиялық тәуекелдерді бағалау үшін Компания айыппұл санкцияларының туындау себептеріне де талдау жасайды.



Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар мен төлемдер

2025 жылы Қазатомөнеркәсіп экологиялық әсерді төмендетуге, қоршаған ортаны қорғау саласындағы қолданыстағы талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге және өндірістік қызмет аясында экологиялық шешімдерді дамытуға бағытталған табиғатты қорғау іс-шараларын іске асыруды жалғастырды. Қаржыландыру технологиялық және ұйымдастырушылық шараларды, сондай-ақ экологиялық тиімділікті арттыруға байланысты жобаларды қамтитын бірқатар бағыттар бойынша жүзеге асырылған.

Есепті кезеңде Компания экологиялық технологияларды енгізуді; экологиялық көрсеткіштердің автоматтандырылған мониторингін дамытуды; орман-климаттық бастамаларды іске асыруды; энергия тиімділігін арттыруды; экологиялық шешімдер саласындағы зерттеулер мен әзірлемелерді жүргізуді қоса алғанда, бірнеше бағыт бойынша іс-шараларды іске асырған. Эмиссиялар үшін төлемдер заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылған. Есепті кезеңнің қорытындылары бойынша қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындардың жалпы көлемі 3,2 млрд теңгені құрады.

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ЗАҢНАМАСЫН САҚТАМАҒАНЫ ҮШІН АЙЫППҰЛДАР, млн теңге

	2023	2024	2025
Төленген айыппұлдар сомасы	22,21	360,76	1 956,24

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫСТАР ІС-ШАРАЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН, мың теңге

Іс-шаралар	Шығындар көлемі
Технологияларды енгізу, соның ішінде	434 631
Мониторингілеудің автоматтандырылған жүйесі	15 129
Орман климаттық жобалар	106 306
Энергиялық тиімділік	154 827
Зерттеулер және әзірленімдер	158 369
Эмиссиялар үшін төлемдер сомасы	275 013
Басқасы	2 489 717
Барлығы	**3 199 361**

Жұмыскерлерді оқыту және экологиялық мәдениетті қалыптастыру



Экологиялық мәдениет

Экологиялық мәдениетті арттыруға, аумақтарды көгалдандыру мен абаттандыруға бағытталған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық науқаны аясында 2025 жылы топ кәсіпорындары экологиялық және ағартушылық іс-шаралардың кең кешенін іске асырды (626 мыңға жуық ағаш отырғызылды). Экологиялық бастамалар өндірістік алаңдарды, кәсіпорындар орналасқан өңірлердегі елді мекендер мен әлеуметтік мекемелерді қамтыды, сондай-ақ жұмыскерлерді, жергілікті қауымдастықтар мен жастарды табиғатты қорғау қызметіне тартуға бағытталған. Іс-шаралар аумақтарды көгалдандыруды, экологиялық ағартуды, табиғи экожүйелерді қалпына келтіруді және халықаралық экологиялық бастамаларға қатысуды қамтыған.

Озық халықаралық салалық практика (GIIP) саласындағы құзыреттерді арттыру және табиғатты қорғау қызметін тиімді басқару үшін Компанияда жүйелі түрде ЕТҰ-ның басшылары мен жер қойнауын қорғауға, экологиялық және әлеуметтік мәселелерге жауапты мамандарды оқыту жүргізіліп тұрады.

Корпоративтік орталықта ISO 19011:2018 стандарты негізінде ISO 14001:2015 және ISO 45001:2018 стандарттары бойынша біріктірілген менеджмент жүйесінің ішкі аудиторларын оқытуы да өткізілді (11 жұмыскер). Бұдан бөлек, бір жұмыскер экологиялық менеджмент саласындағы талаптарға кәсіби құзыреттілігінің сәйкестігін растайтын халықаралық ISEP (IEMA) сертификатын алды.

2025 жылы Компания мен ЕТҰ-ның 126 қызметкері өткен эколог мамандар мен өндірістік бөлімшелердің қызметкерлері үшін бейінді оқыту ұйымдастырылған.

2025 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР

Аумақтарды көгалдандыру және абаттандыру	Sumitomo Corporation-мен бірлесіп «Батыс Мыңқұдық» кенішінде 800 көшет отырғызылды; «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автотрассасына баратын жол бойына 1 300 ағаш отырғызылды; Жартытөбе ауылының тұрғындарына 1 000 қарағаш көшеті берілді.
Экологиялық науқандар мен сенбіліктер	Өндірістік алаңдарда және кәсіпорындар орналасқан өңірлердегі елді мекендерде сенбіліктер өткізілді; рұқсат етілмеген қоқыс үйінділері жойылды (15 машина қоқыс шығарылды).
Экологиялық білім беру және жастармен жұмыс	Экологиялық сабақтар мен қалдықтарды қайта өңдеу бойынша шеберлік сыныптары өткізілді; балалар байқаулары ұйымдастырылды («Менің экологиялық ізім», «Таза болса табиғат – аман болар адамзат»). Пластик қақпақтарды жинау науқаны аясында 40 кг (20 000 дана) пластик жиналды.
Экожүйелерді қалпына келтіру және табиғи аумақтарды көгалдандыру	«Оңтүстік Төртқұдық» телімінде 6 га алқапқа сексеуіл мен жүзгін тұқымдары себілді. Арал теңізінің құрғатылған түбіндегі орман мелиорациясы жобасы аясында 2 058 га алқапқа көшет отырғызу (600 000 сексеуіл көшеті) және 120 000 га алқапқа тұқым себу жұмыстары жүргізілді.
Халықаралық және ұлттық бастамаларға қатысу	Топ кәсіпорындары «World Cleanup Day», «Жер сағаты», «Қағазсыз күн», «Тазару күні», «ECO NOMAD» науқандарына қатысты, сондай-ақ Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне арналған іс-шаралар өткізді.
Корпоративтік экологиялық бастамалар	«Дармарка» корпоративтік іс-шарасы, экологиялық көрмелер мен биоалуантүрлілік туралы фотокөрмелер өткізілді, қоғамдық тыңдаулар ұйымдастырылып, кәсіпорындардың табиғатты қорғау қызметі туралы жарияланымдар шығарылды.

Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күнін мерекелеу

«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС №2 Балалар үйінің тәрбиеленушілері арасында өткізілген «Таза болса табиғат – аман болар адамзат» балалар суреттері байқауын қолдау мақсатында, сондай-ақ Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні аясында экологиялық науқан ұйымдастырды. Іс-шараға балалар үйінің барлығы 50 тәрбиеленушісі қатысты.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Ластаушы заттар шығарындылары

Атмосфераға шығарындылар

GRI 3-3

Қазатомөнеркәсіп өзінің операциялық қызметінің ерекшелігін ескере отырып, атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларын барынша азайтуды табиғатты қорғау қызметінің негізгі басымдықтарының бірі ретінде қарастырады. Компания озық технологиялық шешімдерді енгізу және өндірістік процестерді жетілдіру арқылы қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерді төмендетуге ұмтылады.

АТМОСФЕРАҒА ЛАСТАУШЫ ЗАТТАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН КӨЗДЕРІ, тонна

GRI 305-7, SASB EM-MM-120A.1

Ластаушы заттардың шығарындылары	2023	2024	2025
NOx шығарындылары	227	260	297
SOx шығарындылары	808	694	549
Қатты заттардың шығарындылары	225	290	127
CO шығарындылары	306	349	370
Ұшпа органикалық қосылыстар	140	161	90
1-ші қауіптілік сыныпқа жататын заттар	0,004	0,004	0,003

Ластаушы заттар шығарындыларының көздері

Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының негізгі көздеріне стационарлық көздер (қазандықтар, пештер, күйдіру пештері, компрессорлық жабдық, дизельдік генераторлар), мобильді көздер (автокөлік), сондай-ақ технологиялық үдерістер (механикалық өңдеу, еріткіштерді пайдалану, отын мен биомассаны жағу) жатады.

Қоғам мен оның ЕТҰ-да сынап шығарындылары жоқ. Қорғасын және оның қосындыларының шығарындылары тек «ҮМЗ» АҚ-та, «Қаратау» ЖШС-те, «РУ-6» ЖШС-те және «Семізбай-U» ЖШС-те бар, және тұтас алғанда 0,00013 тоннаны құрайды.

2024–2025 жылдары күкірт диоксиді (SOx) мен қатты заттар шығарындыларының айтарлықтай қысқаруы пайдаланылған газдарды тазарту тиімділігін арттыруға және атмосфералық ауаға түсетін жүктемені азайтуға бағытталған техникалық және ұйымдастырушылық іс-шаралар кешенін іске асырумен шартталған.

Есепті кезеңде өндірістік процестердің энергия тұтынуын оңтайландыруға және ластаушы заттардың түзілуін азайтуға мүмкіндік беретін автоматтандырылған мониторинг жүйелерін енгізу, заманауи газ тазарту жүйелерін, энергия үнемдейтін технологияларды және фотоэлектрлік станцияларды пайдалану жалғасты.



2025 жылы ластаушы заттардың шығарындыларын қысқарту үшін бірқатар шаралар іске асырылды:

- өндірістік учаскелерде, соның ішінде технологиялық жолдарда сумен шаң басу;
- өнеркәсіптік алаң аумағын көгалдандыру және абаттандыру;
- күкірт қышқылы буларының тұман ұстағышын дер кезінде жөндеу және пайдаланылған катализаторды ауыстыру;
- вахталық лагерьдегі қазандықтарды ауыстыру;
- технологиялық қондырғыларда қатты отынды газға ауыстыру, газбен жұмыс істейтін қазандық салу;
- шаң-газ тазарту қондырғыларына (циклон, скруббер) қызмет көрсету және оларды жөндеу;
- өндіріс корпустарындағы желдету жүйелерінің сүзгілерін жыл сайын ауыстыру;
- электр энергиясының шығынын азайту, энергия үнемдеу бойынша іс-шараларды іске асыру;
- энергия тиімділігі мен ресурстарды үнемдеуді арттыру бойынша іс-шараларды іске асыру, соның ішінде энергия үнемдейтін шамдарға көшу, тұрмыстық техниканы A+++ энергия тиімділігі сыныбындағы жабдыққа ауыстыру және бұрғылау ерітіндісін қайта пайдалану бойынша ҒЗЖ-ні жүргізу.

Бұдан бөлек, өндірістік нысандарда кейінгі гидросүзгілерде және импульстік қыш сүзгілері бар қондырғылардағы тазартумен күйдіру пештерінің шығатын газдарын салқындатуды қоса алғанда, технологиялық газдарды тазарту үшін шаң-газ ұстау қондырғылары пайдаланылады және жаңғыртылады. Аталған технологиялық шешімдер, атап айтқанда, «Байкен-U» ЖШС мен «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС-тің аффинаж цехтарында қолданылады.

Бұл іс-шараларды іске асыру технологиялық газдарды тазарту тиімділігін арттыруға және ластаушы заттар шығарындыларын айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік берді, атап айтқанда, 2024 жылмен салыстырғанда, SOx шығарындылары 21%-ға, ал қатты заттар шығарындылары 56%-ға төмендеді.

GRI 305-6

Компания озон қабатын бұзатын заттарды өндірмейді, экспорттамайды және импорттамайды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Су ресурстары

GRI 3-3, 303-1

Су – Қазатомөнеркәсіптің негізгі өндірістік объектілерінде де, кері осмос қондырғыларында да технологиялық үдерістердің аса маңызды элементі. Компания сонымен қатар бірқатар өңірлердегі халық пен өнеркәсіптік кәсіпорындарды сумен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Су ресурстарына әсер ету Қазатомөнеркәсіптің экологиялық жауапкершілігінің маңызды аспектісі болып табылады. Бұл, әсіресе, өндірістік нысандардың басым бөлігі аридті аймақтарда – ҚР Түркістан және Қызылорда облыстарында орналасқанын ескергенде өте өзекті. Бұл аймақтарда су ресурстары шектеулі қолжетімділігімен және антропогендік әсерге жоғары сезімталдығымен сипатталады. Тіпті су алудың шағын көлемі де сулы горизонттардың жай-күйіне, жергілікті халық үшін судың қолжетімділігіне және экожүйелердің тұрақтылығына әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты Компания су көздерінің жай-күйіне тұрақты мониторинг жүргізеді және суды үнемдеу тәжірибелерін енгізеді.

Қазатомөнеркәсіп қызметі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (66-бап) және су ресурстарын қорғау саласындағы қолданыстағы рұқсаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Сонымен қатар, 2025 жылы су ресурстарына байланысты заңнамалық талаптарды сақтамаудың бір жағдайы орын алды.

Өңірдің ерекшелігіне және технологиялық үдерістерге байланысты, бірқатар ЕТҰ-да сапасы әртүрлі судың пайдаланылуымен техникалық және шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін бөлек сумен жабдықтау қамтамасыз етілген. Дегенмен, кейбір ЕТҰ-да техникалық қажеттіліктер үшін ауыз су сапасындағы жерасты сулары әлі күнге дейін пайдаланылуда. Компания барлық өндірістік алаңдарда сумен жабдықтаудың неғұрлым орнықты тәсілдеріне көшу мүмкіндіктерін зерделеуде.

Өндірістік қызметті бастамас бұрын Компанияның ЕТҰ-лары су ресурстарының қолжетімді көлемін талдауды және болжамды су тұтынуды бағалауды қамтитын қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) рәсімін жүргізеді. Осы деректер негізінде рұқсат құжаттамасында бекітілетін су пайдалану шектері негізделеді. Су ресурстарын бағалау рәсімі Қазақстан Республикасының Су кодексі талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

2025 жылы Компания 2023 жылы әзірленген Су ресурстарын басқару жөніндегі стратегия мен стандартты іске асыруды жалғастырды. Бұл бастамалар суды тиімді пайдалануға, экожүйелерге түсетін жүктемені төмендетуге және сумен жабдықтаудың ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Стратегия әрбір кәсіпорынның ерекшеліктерін, өндірістік нысандардың орналасқан жерін және қызмет өңірлеріндегі су ресурстарының қолжетімділігін ескереді.

Компания жергілікті тұрғындар мен биоалуантүрлілік үшін ерекше құндылығы бар осал және күзетілетін көздерден ресурстардың пайдаланылуын болдырмай, су алуды бақылап тұрады. Суды үнемдеу стратегиясы аясында Қазатомөнеркәсіп су алу көлемін қысқарту және суды қайта пайдалану үлесін арттыру бойынша жұмыс істейді, сондай-ақ сумен жабдықтауға байланысты тәуекелдерге жүйелі мониторинг пен талдау жүргізіп тұрады.

Есепті жылы Компания қызмет өңірлеріндегі жергілікті тұрғындармен белсенді өзара әрекеттестікті жалғастырып, су ресурстарына тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз етті және суды ұтымды пайдалану жөніндегі бастамаларға қолдау көрсетті. Мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастық аясында қызмет өңірлеріндегі сумен жабдықтау жүйесін жақсарту және су көздеріне мониторинг жүргізу шаралары іске асырылуда.

Халықтың сауалдарына жедел жауап беру мақсатында жергілікті тұрғындарға сумен жабдықтау мәселелері мен ықтимал экологиялық тәуекелдер туралы хабарлауға мүмкіндік беретін кері байланыс арналары жұмыс істейді.

2025 жылдың қорытындылары бойынша негізгі нәтижелер

- Су ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік саясатты әзірлеудің басталуы;
- Су үнемдейтін технологияларды енгізу;
- Жасыл желектерді суару үшін тазартылған ағын суларды пайдаланатын айналмалы сумен жабдықтау жүйелерін енгізу;
- Суды ұтымды пайдалану бойынша оқыту іс-шараларын өткізу және ақпараттық материалдар мен бюллетеньдерді дайындау;
- Жасыл желектерді суару үшін қайталама материалдардан тамшылатып суару жүйелерін дайындау және енгізу;
- ТӨУ, САТ-1 және САТ-2 телімдерінде биологиялық тазарту станцияларын салу;
- Су пайдалануды оңтайландыру және суды қайта пайдалану тәжірибесін кеңейту;
- Ағаштар мен көгалдарды тамшылатып суармалауды және суару жүйелерін оңтайландыруды қоса алғанда, экологиялық бастамаларды іске асыру;
- Сумен жабдықтау инфрақұрылымын дамыту.

12 ЖАУАПТЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС

2025 жылы су ресурстарын басқару бағдарламасында ескерілген іс-шаралар толық көлемде орындалды; суды нақты үнемдеу көлемі 84 585 м³ құрады.

2025 жылы алынатын судың жалпы көлемі 2024 жылмен салыстырғанда 11,1%-ға, тиісінше 9 363,3 мың м³-ден 8 324,1 мың м³-ге дейін азайды.



Су тұтыну және су алу көлемі

GRI 303-1, SASB EM-MM-140A.1.

Су алу, соның ішінде ауыз сумен жабдықтауды қамтамасыз ету, су көздеріне айтарлықтай әсерін тигізбей, белгіленген нормативтік талаптарға және ЖҰШ әдісінің технологиялық регламенттеріне қатаң сәйкестікпен жүзеге асырылады. Орталықтандырылған немесе орталықтандырылмаған нысанына қарамастан, сумен жабдықтауға жауапты ұйымдар су тұтынуды есепке алуды жүргізіп, су алу имараттарының, ішкі сумен жабдықтау жүйелерінің және есепке алу тораптарының жай-күйін бақылайды. Суды есепке алу құрылғыларын пайдалануды реттеу Қазақстан Республикасының Су кодексіне, техникалық регламенттерге, сондай-ақ сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріндегі есептеуіштерді таңдау, орнату және пайдалану талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025

2025 ЖЫЛДЫҚ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

8. ҚОСЫМШАЛАР

АЛЫНАТЫН СУ КӨЛЕМІ, мың м³

GRI 303-3, SASB EM-MM-140A.1

Дереккөз	2023	2024	2025
Жер үсті сулары	6,5	6,3	6,4
-тұщы су	0	0	0
-басқа су	6,5	6,3	6,4
Жерасты сулары	7 877,6	8 564,4	7 531,2
-тұщы су	5 783,0	6 429,8	5 498,9
-су тапшылығы бар өңірлерде	*141,8*	*118,3*	*131,3*
-басқа су	2 094,6	2 134,6	2 221,3
Муниципалдық және басқа да сумен жабдықтау жүйелері	1 197,4	792,6	786,5
-тұщы су	1 197,4	792,6	786,5
-басқа су	0	0	0
Алынатын судың жалпы мөлшері	**9 081,4**	**9 363,3**	**8 324,1**

Алынатын судың жалпы мөлшерінің 90%-ы жерасты суларына тиесілі. Жер үсті көздерінен алынатын су үлесі 0,08%-ды құрайды. Есепті кезеңде жер асты көздерінен су алу көлемі 8 564,4 мың м³-ден 7 531,2 мың м³-ге дейін, яғни 12%-ға азайды.

Дүниежүзілік ресурстар институтының Aqueduct Water Risk Atlas деректеріне сәйкес, су тапшы өңірде тек «Заречное» БК» АҚ-тың өндірістік алаңдары ғана орналасқан. Кәсіпорында жерасты суларынан алынған тұщы су көлемі 131,3 мың м³ құрады.

Компания теңіз суын алмайды, ілеспе су ретінде жіктелетін су ағындары су алу құрылымында ескерілмейді.

Ыза сулар

Уранды ЖҰШ әдісімен өндіру үдерісінде жер асты су ресурстарына ықтимал әсердің алдын алу бойынша кешенді жұмыстар жүргізіледі. Тәуекелдерді барынша азайту мақсатында Қазатомөнеркәсіптің әрбір уран кенішінде санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға сәйкес белгіленген радиусы 500 метрлік санитариялық-қорғау аймағы бар.

Компания заңнамалық талаптар мен корпоративтік стандарттарды, соның ішінде «Уранды ЖҰШ әдісімен өндірудің ыза және жерасты суларына әсерін мониторингілеуді ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулықтарды» қатаң сақтайды. Экологиялық мониторинг жүйесі аясында жерасты суларының жай-күйіне тұрақты бақылау жүргізіледі. Бұл ықтимал тәуекелдерді дер кезінде анықтауға және алдын алуға мүмкіндік беріп, қызмет іске асырылатын өңірлердегі су ресурстарының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

8 324,1 мың м³

Алынатын судың жалпы мөлшері

Ағын суларды төгу

GRI 303-2, SASB EM-MM-140A.2

Қазатомөнеркәсіп нысандарындағы операциялық қызмет барысында өндірістік, нөсерлік және шаруашылық-тұрмыстық ағын суларды қоса алғанда, ағын сулардың түрлі санаттары түзіледі. Жер үсті су айдындарына су бұру тек өнеркәсіптік аумақтардан келетін нөсер сулары мен технологиялық үдерістерге тартылмаған сулар үшін ғана жүзеге асырылады. Тазартылған ағын суларды ағызу нөсерлік кәріз жүйелері арқылы белгіленген нормативтерге қатаң сәйкестікпен орындалады. Кеніштерде түзілетін ағын сулар кейіннен бақылау және қауіпсіз басқару үшін мамандандырылған жинақтаушы тоғандарға жіберіледі. Ұлттық заңнамаға сәйкес, егер ағын сулардың сапасы белгіленген жол берілетін төгінділер нормативтеріне сәйкес келмесе, оларды тазартылмаған күйде су объектілеріне немесе жер бедеріне төгуге тыйым салынады.

2017 жылдан бастап Қазатомөнеркәсіпте ағын сулардың қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерін болдырмау және табиғатты қорғау заңнамасының талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды реттейтін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың еншілес және тәуелді ұйымдарында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын жалпы талаптар» стандарты қолданылады.

Төгілуі тиіс барлық ағын сулар Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі бекіткен Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін анықтау әдістемесінде белгіленген сапа нормативтеріне сәйкес алдын ала тазартудан өтеді. Су ресурстарының сапасын бақылау, соның ішінде жер үсті, жер асты және ағын сулардың химиялық талдауы аккредиттелген зертханалармен тұрақты түрде жүргізіліп тұрады.

Мониторинг бағдарламасы орталықтандырылған кәріз жүйесіне қосылған барлық өндірістік аумақтарды қамтиды, және оған ағын сулар сапасының белгіленген экологиялық талаптарға сәйкестігін талдау кіреді.



Ағын сулар құрамында бақыланатын негізгі ластаушы заттарға: галогендердің органикалық қосылыстары және су ортасында осындай қосылыстар түзе алатын заттар, фосфордың органикалық қосылыстары, қалайының органикалық қосылыстары, металдар және олардың қосылыстары, көмірсутектер және олардың қосылыстары, цианидтер, мышьяк және оның қосылыстары, пестицидтер, қалқыма заттар мен суспензиялар, эвтрофикацияға ықпал ететін заттар (нитраттар мен фосфаттар), оттегі теңгеріміне қолайсыз әсер ететін заттар, сондай-ақ шекті жол берілетін концентрациялар белгіленген өзге де ластаушы заттар жатады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

GRI 303-4

ҚАБЫЛДАҒЫШТАР БОЙЫНША БӨЛІНГЕН АҒЫН СУЛАРДЫ ТӨГУ КӨЛЕМІ, мың м³

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Жер үсті сулары	1 724,9	1 718,1	972,4
-тұщы су	1 724,9	1 718,1	972,4
-басқа су	0	0	0
Жасанды су нысандары	1 676,7	1 652,9	1 565,3
-тұщы су	342,8	837,3	807,0
-су тапшылығы бар өңірлерде	*72,9*	*32,5*	*29,5*
-басқа су	1 343,9	815,6	758,3
Муниципалдық су бұру жүйелері	486,3	478,3	372,8
-тұщы су	486,3	478,3	372,8
-басқа су	0	0	0
Ағын сулар төгінділерінің жалпы көлемі	**3 887,9**	**3 849,3**	**2 910,5**

Ағын сулар төгінділерінің көлемі 2024 жылғы 3 849,3 мың м³-ден 2025 жылы 2 910,5 мың м³-ге дейін, яғни 24,4%-ға азайды. Бұл «УМЗ» АҚ-да жабдықты өнеркәсіптік суды (жерасты сулары) тұтынудан айналымдағы су тұтыну жүйесіне көшуге байланысты.

Дүниежүзілік ресурстар институтының Aqueduct Water Risk Atlas мәліметтеріне сәйкес, су тапшы өңірде тек «Заречное» БК» АҚ-тың өндірістік алаңдары ғана орналасқан. Кәсіпорындағы тұщы су төгінділерінің көлемі 29,5 мың м³ құрады.

Теңіз су объектілеріне ағын суларды төгу жүзеге асырылмайды.


GRI 303-5

2025 жылы су тұтынудың жалпы көлемі 5 413,6 мың м³ құрады, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 1,8%-ға төмен. Су тапшы өңірдегі су тұтынудың жалпы көлемі 101,8 мың м³ құрады.

2026 жылға арналған жоспарлар

- Техникалық сумен жабдықтау ұңғымаларындағы шығын өлшегіштерді ауыстыру немесе калибрлеу;
- Өндірістің әсер ету аймағындағы бақылау ұңғымаларында жерасты суларының гидрохимиялық режимін бақылау (сынамаларды жүйелі түрде алып тұру);
- Биологиялық тазарту станцияларын салу.

СУ ТҰТЫНУ КӨЛЕМІ, мың м³



Қалдықтармен айналысу

GRI 3-3, 306-1, 306-2, SASB EM-MM-150A.10

Қазатомөнеркәсіп кәсіпорындарының өндірістік қызметі қатты және сұйық радиобелсенді қалдықтарды, аршыма тау жыныстарын, бұрғылау шламдарын, күл-қоқыс қалдықтарын, коммуналдық қалдықтарды, пайдаланылған мұнай өнімдері мен тозған автомобиль шиналарын қоса алғанда, өндіріс және тұтыну қалдықтарының түзілуімен сүйемелденеді.

Компания сұйық немесе қатты радиобелсенді қалдықтарды дұрыс сақтамау қоршаған ортаның ластануына, ал бұрғылау шламдары мен өнеркәсіптік қалдықтарды рұқсатсыз төгу су ресурстары сапасының нашарлауына әкелуі мүмкін екенін мойындайды. Осыған байланысты Қазатомөнеркәсіп қалдықтармен қауіпсіз айналысуға, оларды қайта өңдеуге және қауіпсіз кәдеге жаратуға басымдықты назар аударады. Қайта өңдеу мүмкін болмаған жағдайда, оларды бейтараптандыру, экологиялық тұрғыдан қауіпсіз сақтау немесе мамандандырылған ұйымдарға беру қамтамасыз етіледі.

Компанияның уран өндіруші кәсіпорындарында бастапқыда қалдықтардың түзілуін барынша азайтуға және ресурстарды қайта пайдалануға бағытталған уранды жерасты ұңғымалы шаймалаудың тұйық жүйесі қолданылады. Өндіру үдерісінде пайдаланылатын ерітінділер технологиялық цикл ішінде рециркуляцияланады, бұл сұйық өндірістік қалдықтардың түзілуін болдырмайды, химиялық реагенттерді тұтынуды азайтады және қоршаған ортаға түсетін жүктемені азайтады.

Компания қалдықтармен қауіпсіз айналысуды қамтамасыз ете отырып, корпоративтік стандарттар мен Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады. Қалдықтарды басқару бағдарламалары әзірленіп, қалдықтардың атауы, құрамы, уыттылығы және сақтық шаралары туралы ақпаратты қамтитын қалдықтар төлқұжаттары рәсімделді. Қалдықтарды басқару жөніндегі іс-шаралардың қауіпсіздігі Қазақстан Республикасы заңнамасының, корпоративтік стандарттардың талаптарына сәйкес, сондай-ақ мемлекеттік бақылау және ішкі өндірістік тексерулер аясында қамтамасыз етіледі.

Өндірістік қызмет нәтижесінде түзілетін қалдықтардың негізгі түрлеріне қатты және сұйық радиобелсенді қалдықтар (ластанған топырақ, пайдаланылған ион алмасу шайырлары, радиобелсенді ерітінділер, бөлшектелген металл құрылымдар), өнеркәсіптік қалдықтар (аршыма тау жыныстары, бұрғылау шламдары, фторлы гипс, күл-қоқыс қалдықтары), коммуналдық қалдықтар (пластик, қағаз, шыны, тұрмыстық қоқыс) және қауіпті қалдықтар (пайдаланылған мұнай өнімдері, тозған шиналар) жатады.

Материалдардың қозғалысы мен қалдықтар ағынын кешенді түсіну үшін бірқатар кәсіпорындарда ҚР Экологиялық кодексі ұсынған әдіснамаға негізделген материалдар ағынының сұлбасы әзірленді. Мұндай сұлба:

- шикізат пен қосалқы материалдардың кіріс ағындарын;
- өндірістік циклдің әртүрлі кезеңдерінде қалдықтардың түзілуін;
- қалдықтарды қайта пайдалануды, қайта өңдеу мен сыртқы ұйымдарға беруді;
- ұзақ мерзімді сақтауға немесе көмуге жататын қалдық ағындарды қамтиды.

Бұл жүйелі тәсіл ресурстардың тиімділігін арттыруға, қалдықтар көп түзілетін «шиеленіс нүктелерін» қадағалауға және оларды қысқарту мен қауіпсіз басқару бойынша ұзақ мерзімді шараларды құруға мүмкіндік береді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Zero Waste бағдарламасын іске асыру

- Өндірістік қалдықтарды кейіннен қайта өңдеу, кәдеге жарату және орналастыру мақсатында оларды шарттық және/немесе өтеусіз негізде мамандандырылған ұйымдарға беру, сондай-ақ меншік құқығын беру қамтамасыз етілді;
- Бұрғылау шламын қайта пайдалану ұйымдастырылды, бұл оны мамандандырылған полигондарға тасымалдау шығындарын болдырмауға мүмкіндік берді;
- Қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнерлер орнатылды, бұл қалдықтарды бөлек жинау тәжірибесін енгізуді қамтамасыз етті;
- Үнемді өндіріс (lean production) бастамалары шеңберінде органикалық қалдықтарды компосттауға арналған жабдықты орнату жөнінде ұсыныс берілді;
- Өндірістік қауіпсіздік департаменті бұрғылау шламы мен өнеркәсіптік қалдықтарды кәдеге жарату жұмыстарын жүзеге асыратын мердігер ұйымға қалдықтарды басқару саласындағы заңнама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан аудиттер жүргізді;
- 2030 жылға қарай қайта өңделмейтін қалдықтардың түзілуін 25%-ға қысқарту мақсатына қол жеткізу шеңберінде (2019 жылғы базалық деңгей – 57%) 2023–2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары іске асырылды. 2025 жылдың қорытындысы бойынша қайта өңделмейтін қалдықтардың үлесі 37%-ға дейін төмендеді;
- Уран өндіруші кәсіпорындарда қалдықтардың толық спектрімен жұмыс істеу процестері жетілдірілді, оның ішінде қалдықтардың түзілу көлемін азайту, қайта пайдалану тәжірибесін кеңейту және кәдеге жарату процестерін оңтайландыру қамтылды. Нәтижелер Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне және GRI стандарттарына сәйкес жүргізілген зерттеулер шеңберінде қол жеткізілді («Орталық» ӨК» ЖШС).



ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ЖАЛПЫ МАССАСЫ, мың тонна

GRI 306-3, SASB EM-MM-150A.4, SASB EM-MM-150A.6, SASB EM-MM-150A.7

Қалдықтардың түрлері	2023	2024	2025
Қауіпті қалдықтар	1,6	1,4	1,5
Қауіпті емес қалдықтар, соның ішінде:	379,5	1 069,2	948,2
Аршыма тау жыныстары	–	634, 6	640,1
Бериллий өндірісінің шламы	119,5	122,6	118,6
Қатты радиобелсенді	19,9	25,8	13,8
Сұйық радиобелсенді	141,6	129,8	121,1
Жиыны	**662,1**	**1 348,6**	**1 203,2**

2025 жылы 1 203,2 мың тонна қалдық түзілді, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 11%-ға төмен.

Қазатомөнеркәсіп қалдықтарды жинауды, қалпына келтіруді және кәдеге жаратуды жүзеге асыратын бейінді компаниялармен өзара әрекеттеседі. Жасалған шарттар аясында келесі қызметтер көрсетіледі:

- төмен радиобелсенді қалдықтарды қабылдау және ұзақ мерзімді сақтау;
- қатты тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтарды кәдеге жарату.

Қоғамда қалдықтардың түзілуін азайтудың стратегиялық векторы айқындалған, сонымен қатар экологиялық тиімділікті арттыруға және қалдықтармен айналысу жүйесін жетілдіруге бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде іске асырылуда.

309,6 мың тонна

Минералдық емес қалдықтардың көлемі

Қазатомөнеркәсіп қалдықтар көлемін азайтуға және оларды ұтымды пайдалануға бағытталған іс-шаралар кешенін іске асырады:

- технологиялық құбыржолдарды байлау үшін полиэтилен құбырларын қайта пайдалану;
- өндірістік циклде рециклинг (recycling) үдерістерін енгізу және қалдықтарды (тозған шиналар, майлар) қайта қолдану;
- кеңселерде және кеніштердің вахталық қалашықтарында қатты тұрмыстық қалдықтарды (пластик, қағаз, шыны) бөлек жинау және кейіннен мамандандырылған қабылдау пункттеріне өткізу;
- өнеркәсіптік қалдықтармен айналысу, соның ішінде олардың түзілуін азайту және қауіпсіз кәдеге жарату шараларын әзірлеу үшін сынамалар алу және талдау;
- қалдықтарды арнайы жабдықталған орындарда уақытша жинақтау:
  - өндірістік қалдықтарды уақытша қоймалау алаңшалары;
  - қатты тұрмыстық қалдықтарды уақытша қоймалау алаңшалары;
  - бұрғылау шламдарына арналған қоқыржинағыштар;
  - қатты төмен радиобелсенді қалдықтарды уақытша сақтау алаңшалары.

KAZATOMPROM NATIONAL ATOMIC COMPANY

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

GRI 306-4, 306-5

ҚАЛДЫҚТАРМЕН АЙНАЛЫСУ, мың тонна

	Компания аумағында	Компаниядан тыс жерде	Барлығы
Қауіпті қалдықтар			
Қалпына келтірілді және қайта пайдаланылды	–	–	**–**
Көму	0,6	0,8	**1,4**
Қауіпті емес қалдықтар			
Қалпына келтірілді және қайта пайдаланылды	66,3	–	**66,3**
Көму	712,1	59,7	**771,8**

Сұйық радиобелсенді қалдықтар, сондай-ақ радионуклидтермен ластанбаған бериллий өндірісінің минералдық шикізатын гидрометаллургиялық өңдеу шламдары Компания тарапынан қалдық қоймасының қалдықтары ретінде жіктеледі.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде ескерілген қалдықтардың жаңа жіктемесіне сәйкес, қалдықтар қауіпті және қауіпсіз болып бөлінеді. Компанияда түзілетін қалдықтардың басым бөлігі — санитарлық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелері бойынша сараптамалық қорытындыға сәйкес қауіпті емес қалдықтарға жататын бұрғылау шламы (шамамен 90%).

Радиобелсенді қалдықтармен айналысу

SASB EM-MM-150A.5

Компания кәсіпорындарының өндірістік қызметі барысында оларды кәдеге жарату арнайы бөлінген орындарда жүзеге асырылатын қатты және сұйық радиобелсенді қалдықтар түзіледі.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары мен халықаралық стандарттарға сәйкес радиобелсенді қалдықтарды қауіпсіз және жауапты басқаруды жүзеге асырады. Компанияның негізгі басымдығы – радиобелсенді қалдықтармен жұмыс істеу үдерістерін жетілдіру арқылы олардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына әсерін барынша азайту.

Бағдарлама аясында келесі негізгі міндеттер сақталуда:

- Радиобелсенді қалдықтардың түзілуін азайту
- Радиобелсенді қалдықтармен айналысу жүйесін жетілдіру және жаңа тәсілдерді енгізу
- Қоғамның және оның ЕТҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарын дамыту, сондай-ақ радиобелсенді қалдықтармен айналысу саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау
- Стейкхолдерлер тарапынан сенім мен беделді нығайту.

2024 жылмен салыстырғанда ҚРБ түзілу көлемі 46,5%-ға төмендеді (2024 жылы – 25,8 мың тонна).

2025 жылы қалдықтарды басқару тиімділігін арттыруға және әлемдік озық тәжірибелерді енгізуге бағытталған **2023–2030 жылдарға арналған Радиобелсенді қалдықтармен айналысу бағдарламасын** іске асыру жалғасты. Есепті жылы Бағдарлама аясында нормативтік базаны дамыту, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастырымдық жұмыстарды дайындау мен іске қосу, радиобелсенді қалдықтармен айналысу инфрақұрылымын жетілдіру, сондай-ақ қызметкерлер құрамының құзыреттілігін арттыру және халықаралық ұйымдармен, соның ішінде МАГАТЭ-мен өзара әрекеттесу бойынша жұмыстар жүргізілді.

2025 жылы радиобелсенді қалдықтармен айналысу қызметі аясында «Радиобелсенді қалдықтармен айналысу бойынша әдістемелік нұсқаулықтар» стандарты өзектендірілді.

Стандартты өзектендіру шеңберінде барлық кәсіпорындарда түзілген радиобелсенді қалдықтарды есепке алу бойынша талаптардың егжей-тегжейі ашылды.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу және Радиобелсенді қалдықтармен айналысу бағдарламасын орындау аясында, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне арналған Қыземшек және Еңбекші кенттерінің жергілікті тұрғындарымен жұмыс кездесулері өткізілді.


2025 жылы Қоғам және оның ЕТҰ бойынша барлығы 13,8 мың тонна қатты радиобелсенді қалдықтар (ҚРҚ) түзілді. Радиобелсенді ластанған топырақ ҚРҚ-ның негізгі түрі болып қала береді. Бұл уранды жерасты ұңғымалы шаймалау әдісімен өндірудің технологиялық ерекшеліктерімен, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану зардаптарын жою және бүлінген жерлерді қалпына келтіру жұмыстарын орындаумен шартталған.

2025 ЖЫЛЫ ҚОҒАМ МЕН ЕТҰ-НЫҢ ҚРҚ-НЫҢ АЛУАН ТҮРЛЕРІНІҢ ҚРҚ-НЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІНДЕГІ ҮЛЕСІ, %

ҚРҚ түрлері	РБҚ-ның жалпы көлеміндегі үлесі
Ластанған топырақ	75,56
Құм тұндырғыштан алынған құм	17,27
Қара металл сынығы	2,14
Тот баспайтын металл сынығы	0,74
ЖҚҚ, шүберек	0,26
Пластик қалдықтар (құбырлар, полимерлер, полиэтилен)	1,41
«ҮМЗ» АҚ ҚРҚ	0,52
Құрылыс қалдықтары	0,60
Шайыр қалдықтары, шұңқырлардан алынған шөгінділер	0,59
Жабдық, құрал-саймандар	0,12
Пайдаланылған сорбент	0,04
Өзге радиобелсенді қалдықтар	0,73

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Сұйық радиобелсенді қалдықтар (СРҚ) тек «ҮМЗ» АҚ қызметі аясында түзіледі, себебі Қоғамның өндіруші кәсіпорындарында технологиялық регламентке сәйкес, пайдаланылған өнімді ерітінділер технологиялық үдерісте қайта пайдалану үшін құм тұндырғыштарға жіберіледі. 2025 жылы «ҮМЗ» АҚ-та 120,69 мың тонна СРҚ түзілді. 2024 жылмен салыстырғанда сұйық радиобелсенді қалдықтардың түзілу көлемі шамамен 7%-ға азайды (2024 жылы – 129,8 мың тонна). Бұдан басқа, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың 2025 жылға арналған тұрақты даму саласындағы бағдарламасы аясында химиялық концентратты өңдеу кезінде шығарылатын өнім бірлігіне шаққандағы СРҚ-ның меншікті түзілуін нысаналы деңгей 12,7 л/кгU болғанда, 11,6 л/кгU деңгейіне дейін төмендетуге қол жеткізілді. Түзілген СРҚ-ның бүкіл көлемі «ҮМЗ» АҚ-тың қалдық қоймасына орналастырылды.



2025 жылғы радиобелсенді қалдықтарды басқару саласындағы нәтижелер

- Екі ҒЗТКЖ-ді іске асыру қолға алынды: «Табиғи радионуклидтермен ластанған материалдарды үлдірлі қатерсіздендіру әдісін зерттеу» және «Табиғи радионуклидтермен ластанған топырақты үйінділеп шаймалау әдісімен қатерсіздендіру технологиясын әзірлеу (1-кезең – ғылыми зерттеулер)»; екі жоба бойынша да жұмыстардың басталуы 2026 жылға жоспарланған;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың 5 кәсіпорнында радиобелсенді қалдықтармен айналысу жүйесінің тексерістері жүргізілді;
- «ҮМЗ» АҚ қатты радиобелсенді қалдықтарды көму нысанын қайта құру бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеп, бекітті, бұл радиобелсенді қалдықтарды қауіпсіз және ұзақ мерзімді сақтауға арналған қолжетімді көлемді 1 000 м³-ге арттыруға мүмкіндік береді;
- Шымкент қаласында қызметкерлер үшін «Уран өндіру кезінде РБҚ-пен айналысу және жер қойнауын пайдалану зардаптарын жою» тақырыбында тренинг өткізілді;
- Компания ҚР Парламенті Мәжілісі жанындағы «Радиобелсенді қалдықтармен жұмыс істеу туралы» заң жобасын әзірлеу жөніндегі жұмысқа қатысты, сондай-ақ уәкілетті органдарға «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар жолдады;
- 2025 жылғы маусымда ЖҰШ әдісімен уран өндіру кезінде пайдаланудан шығару, қалпына келтіру және радиобелсенді қалдықтармен айналысу саласындағы әлеуетті арттыруға бағытталған KAZ 9019 Ұлттық жобасын іске асыру аясында МАГАТЭ сарапшыларының «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС пен «KATKO» БК» ЖШС-тің өндірістік нысандарына сапары ұйымдастырылды.

Қалдық қойманы басқару

SASB EM-MM-540A.1.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қалдық қоймаларды басқаруға жауапкершілікпен қарайды, олардың физикалық және технологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөледі. Қазіргі уақытта Компанияда Өскемен қаласындағы «ҮМЗ» АҚ-та орналасқан бір қалдық қойма жұмыс істейді. Қалдық қойманың құрамында сұйық қалдықтарды орналастыруға арналған құймалы ашық түрдегі 6 буландыру карталары бар.

SASB EM-MM-540A.2.

«Қалдық шаруашылығы» аймағы қалдық қойманы басқаруды, бақылауды және қауіпсіз пайдалануды жүзеге асыратын «ҮМЗ» АҚ сервис орталығының құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Қалдық қойманы басқару және оның тұрақтылығын сақтау келесі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады:

- Қалдық қойманың қалдықтарын басқару регламенті — мұнда 2023–2042 жылдарға арналған ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодексіне және ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес қалдықтарды жинақтау мен көму шарттары қамтылған;
- Қалдықтарды қабылдау, орналастыру, тасымалдау және есепке алу тәртібін айқындайтын технологиялық регламент.

SASB EM-MM-540A.3.

«ҮМЗ» АҚ-та апаттық жағдайларға жауап қайтару және дайындық саласында келесі құжаттар әзірленген және қолданылады:

- апаттарды жою жоспарлары — гидротехникалық имараттар мен сорғы станцияларындағы апаттарды болдырмау және жою шараларын қамтиды;
- қалдық қойманы жою жоспары — нысанды пайдалану зардаптарын жою құнының есебін қамтиды;
- гидротехникалық имараттардағы апаттарды жою жоспары;
- айдау (қойыртпақ сорғыш) станцияларындағы апаттарды жою жоспары;
- апаттарды жою жоспарларын әзірлеу және оқу-жаттығу дабылдарын өткізу жөніндегі нұсқаулық – қауіпті өндірістік нысандардағы апатқа қарсы жаттығуларды реттейтін құжат.

«Қалдық шаруашылығы» теліміндегі апаттарды жою жоспарлары «Қауіпті өндірістік нысандарда апаттарды жою жоспарларын әзірлеу және оқу-жаттығу дабылдарын және апатқа қарсы жаттығуларды өткізу жөніндегі нұсқаулықтың» мен ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңы талаптарын ескере отырып әзірленген.

«ҮМЗ» АҚ өз қалдық қоймасындағы төтенше жағдайларды жоюға және залалды тез арада жоюға қажетті барлық материалдық және қаржылық ресурстарға ие.

2026 жылға арналған жоспарлар

- МАГАТЭ-мен бірлескен «Capacity Building in Decommissioning, Remediation and Handling of Radioactive Waste in the Mining and Processing of Natural Uranium by In-situ leaching (ISL) method» KAZ 9019 Ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде РБҚ-мен айналысу бойынша оқыту курсын өткізу;
- МАГАТЭ-мен бірлескен KAZ 9019 «Capacity Building in Decommissioning, Remediation and Handling of Radioactive Waste in the Mining and Processing of Natural Uranium by In-situ leaching (ISL) method» Ұлттық жобасын іске асыру аясында білім алмасу, озық технологияларға үйрету және атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалануды дамыту үшін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мамандарының РБҚ-мен айналысу орталықтарының біріне баруы жоспарланған;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың 2026–2031 жылдарға арналған Радиобелсенді қалдықтармен айналысу бағдарламасын өзектендіру;
- Залалсыздандыру және тексерістер жүргізу бойынша жұмысты жалғастыру.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Биоалуантүрлілік

GRI 3-3

Компанияның ЕТҰ қызметі биоалуантүрлілікке айтарлықтай теріс әсер етпейді, соған қарамастан Компания оның маңыздылығын мойындайды және өзінің қатысу өңірлерінде, соның ішінде уран кен орындары аумақтарында флора мен фаунаның жай-күйін зерделеу бойынша шараларды қолданады.

Компания биоалуантүрлілікке төнетін қауіптердің алдын алуға және экологиялық тәуекелдерді басқаруға ерекше көңіл бөле отырып, қызметтің барлық кезеңдерінде оларға талдау жүргізеді. Негізгі әсерлер топырақ пен өсімдік жамылғысының бұзылуына, сондай-ақ жануарлардың өздерінің табиғи тіршілік ету ортасынан ығыстырылуына байланысты болып келеді. Тәуекелдерді барынша азайту мақсатында кен орындарын өнеркәсіптік игеру үдерісіндегі қоршаған ортаға әсерді және қалпына келтіруден кейінгі кезеңде экожүйелерді қалпына келтіру шараларын ескеретін биоалуантүрлілікті бағалау жөніндегі стандарт әзірленді.

Қазатомөнеркәсіп биоалуантүрлілікті сақтау саласында ғылыми және қоғамдық ұйымдармен белсенді түрде бірлесіп жұмыс істеуде. Биоалуантүрлілікті бағалау жұмыстарын жүргізген кезде халықаралық стандарттар, әдістемелік нұсқаулықтар және тиісті анықтағыштар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі мен «Уран кен орындарындағы, өндірістік нысандардағы және оларға іргелес аумақтардағы биоалуантүрлілікті бағалау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар» корпоративтік стандарты қолданылады.

GRI 304-1, 304-2

Қоғам мен оның ЕТҰ-ның меншігіндегі/жалға алуындағы/басқаруындағы жерлердің жалпы ауданы 121 610,2 га құрайды. Қоғамның барлық аймақтарында уран кенін өндіру ЖҰШ әдісімен жүргізіледі.

121 610,2 га

Қоғам мен оның ЕТҰ-ның меншігіндегі /жалға алуындағы / басқаруындағы жерлердің жалпы ауданы



Қоғам мен оның ЕТҰ-ның ерекше қорғалатын табиғи аумақтармен (қорықтармен/қаумалдармен) шектесетін аймақтары /кен орындары туралы ақпарат:

Нысан	Географиялық орналасуы (облыс, аудан)	Өндірістік алаңның өлшемі (км²-мен)	Қорғалатын аумақтың мәртебесі (жер үсті аумағы)
Солтүстік Харасан кен орнының 2-учаскесі («Байкен-U» ЖШС)	Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы	**43,401**	Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағы
Оңтүстік Қарамұрын учаскесі («РУ-6» ЖШС)		**46,22**	Қарғалы мемлекеттік табиғи қаумалы
Буденовское кен орнының 2-телімі («Қаратау» ЖШС)	Түркістан облысы, Созақ ауданы	**17,28**	Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағы
Буденовское кен орнының 3-4 телімдері («Ақбастау» БК» АҚ)		**13,438**	
Инкай (Оңтүстік) кен орнының 4-телімі («ОТХК» БК» ЖШС)		**79,37**	
Инкай кен орнының 1-учаскесі («Инкай» БК» ЖШС)		**139**	
Мыңқұдық кен орнының Батыс телімі («Аппақ» ЖШС)		**70,228**	
Мыңқұдық кен орнының Шығыс телімі («Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС)		**30,69**	
Мыңқұдық кен орнының Орталық телімі («Орталық» ӨК» ЖШС)		**46,979**	
Жалпақ кен орны («Орталық» ӨК» ЖШС)		**146,106**	
Ақдала кен орны («ОТХК» БК» ЖШС)		**38,89**	
Уванас кен орны («Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС)		**89,081**	
Мойынқұм кен орнының Орталық телімі («Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС)		**37,428**	
Мойынқұм кен орнының Оңтүстік телімі («Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС)		**17,4**	
Қанжуған кен орны («Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС)		**70,42**	
Заречное кен орны («Заречное» БК» АҚ)	Түркістан облысы, Отырар ауданы	**56,7**	Арыс және Қарақтау мемлекеттік қорықтық аймағы

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

GRI 304-2

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Компания елді мекендер аумақтарымен шектесетін өнеркәсіптік мақсаттағы жерлерде қызметін жүзеге асырады. ESRP корпоративтік бағдарламасын және Экологиялық бақылау бағдарламасын орындау аясында 2025 жылы Компанияның уран өндіруші ЕТҰ орналасқан аумақтарында биоалуантүрлілікті жай-күйін бағалау бойынша жүйелі жұмыс жалғастырылды.

Жұмыстар «Уран кен орындарындағы, өндірістік нысандардағы және оларға іргелес аумақтардағы биоалуантүрлілікті бағалау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар» корпоративтік стандартына сәйкес жүргізілді. Зерттеу барысында топырақ, табиғи және ауыз су сынамаларын алу жүзеге асырылды, топырақ-өсімдік жамылғысының антропогендік бұзылуына және биоалуантүрліліктің жай-күйіне баға берілді, соның ішінде сирек кездесетін және Қызыл кітапқа енген түрлерге (ҚК, ХТҚО) баса назар аудара отырып, өсімдіктер мен жануарлардың түрлік құрамы сипатталды. Нәтижелер геоақпараттық дерекқорға біріктіріліп, картаға түсірілді.

2025 жылы «KAP Logistics» ЖШС аумақтарына кешенді экологиялық зерттеулер жүргізудің екінші кезеңі орындалды. Бірінші жартыжылдықта филиалдардың өндірістік нысандары орналасқан аудандарда (өндірістік және аялық аумақтар, жақын маңдағы елді мекендер – Таукент кенті, Шиелі ауылы) экспедициялық экологиялық зерттеулер жүргізілді. Екінші жартыжылдықта алынған сынамаларға зертханалық сынақтар және алынған нәтижелерге талдау жасалды. 2026 жылы зерттеулерді жалғастыру жоспарлануда.

Санитариялық-қорғау аймағын (бұдан әрі – СҚА) белгілеудің қорытынды кезеңі үшін «Turanium» ЖШС және «Қызылқұм» ЖШС аумақтарының шекарасынан бастап, алдын ала СҚА радиусында химиялық және физикалық көрсеткіштер бойынша зерттеулер жүргізілді. Өлшеу нәтижелері бойынша қоршаған ортаға нормативтен тыс әсер ету жағдайлары тіркелген жоқ.

2025 жылғы далалық зерттеулердің нәтижелері бойынша кеніштердің геотехнологиялық полигондары аумақтарында өсімдік жамылғысының антропогендік бұзылу деңгейі әртүрлі — қалыпты деңгейден өте күшті деңгейге дейінгі, соның ішінде өсімдіктердің толық жойылуына дейінгі учаскелердің басымдығы анықталды. Бұзылудың негізгі факторлары:

- өндіру учаскелерінде жаңа ұңғымаларды салу және құбыржолдарды тарту бойынша жұмыстар жүргізу;
- ауыр арнайы техниканың қозғалысы салдарынан жол тозуы;
- иелерінің қарауынсыз мал жаю.

Трансформация деңгейі күшті кейбір аймақтарда өсімдіктердің құлдырауы байқалады, бұл проекциялық жабынның азаюынан және арамшөп түрлерінен тұратын қайталама қауымдастықтардың басым болуынан немесе бұзылған топырақта биржылдық сораңдардың жеке түрлерінің өсуінен көрінеді. Бұл ретте, геотехнологиялық алаптың пайдаланылмайтын аймақтарында жануарлардың ұзақ уақыт бойы жайылымы болмаған жағдайда, топырақ-өсімдік жамылғысының қалыпты деңгейдегі бұзылуы және оның әртүрлі жылдамдықпен табиғи қалпына келуі байқалуда.

Зерттелетін аумақтардың өсімдік жамылғысы өздігінен қалпына келу әлеуетін сақтап отыр. Сонымен бірге, геотехнологиялық алап блоктарын игеру аяқталғаннан кейін қалпына келтіру және фитомелиорациялау жұмыстарын жүргізу қажет болады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, қызмет аяқталысымен жерлер ҚР заңнамасы талаптарына сәйкес күйде мемлекеттік жер қорына бастапқы күйінде қайтарылуы тиіс.

Осылайша, 2025 жылғы жағдай бойынша биоалуантүрлілікке әсер ету деңгейі бұрынғысынша жергілікті, уақытша және қайтымды сипатқа ие. Ол әлі де жекелеген биологиялық түрлерге айтарлықтай әсерін тигізбей, өнеркәсіптік инфрақұрылымды салу және көлік жүктемесі аймақтарымен шектеледі.

Әуе электр беру желілерінің құстарға әсерін бағалау

2025 жылы кешенді экологиялық және әлеуметтік зерттеулердің екінші кезеңі жүргізілді. ЕТҰ-да «Аппақ» ЖШС-тің «Осенний + восточный», «Западный», «Осенний» және «Песчаный» телімдерінде әуе электр беру желілерінің құстарға әсеріне мониторинг жүргізілді. Зерттеу қорытындылары бойынша құстар үшін қауіпті 31 тірек анықталды; №2 тірек құстар көп шоғырланған аймақ ретінде белгіленді. Критикалық нүктелердің 93%-ы трансформаторлық қосалқы станциялармен байланысты екені анықталды.

2025 жылы электр беру желілерін құстардан қорғайтын құрылғылармен жарақтандыру жоспары 100%-ға орындалды. Сондай-ақ диэлектрлік құстардан қорғау құрылғыларын қолдану стандарты қабылданды. Құстардың электр тоғынан қырылуын болдырмаудың ең тиімді жолы болып тоқ өткізгіш сымдардың оқшаулағыштарға бекітілетін жерлерін оқшаулау табылатындығы расталды.

Құстардан қорғау құрылғылары «ОТХК» ЖШС-те орнатылды, сондай-ақ «KATKO» БК» ЖШС-те орнату ескерілген. «Turanium» ЖШС-те электр беру желілерінің тіректерін құстардан қорғайтын құрылғылармен жарақтандыру жобасы әзірленді. 2026 жылы «Turanium» ЖШС-те 837 құстардан қорғау құрылғысын орнату, сондай-ақ «УМЗ» АҚ-та орнатылған құрылғыларға тексеру жүргізу және қызмет көрсету жоспарлануда.

100%

ЭЛЕКТР БЕРУ ЖЕЛІЛЕРІН ҚҰСТАРДАН ҚОРҒАЙТЫН ҚҰРЫЛҒЫЛАРМЕН ЖАРАҚТАНДЫРУ ЖОСПАРЫ ОРЫНДАЛДЫ



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

КОМПАНИЯНЫҢ БИОАЛУАНТҮРЛІЛІККЕ ӘСЕРІН БАҒАЛАУ

Әсер түрі	Сипаттамасы
Өндірістік нысандарды салу немесе пайдалану, көлік инфрақұрылымы, кен орындарын игеру немесе өндіру қызметін жүргізу	Өсімдік жамылғысына тікелей механикалық әсер ету топырақ қабаты мен табиғи өсімдік жамылғысының тұтастығын бұзатын құрылыс-монтаждау, бұрғылау және жер қазу жұмыстарымен шартталған. Құрылыс және бұрғылау үдерісінде топырақ-өсімдік жамылғысына қосымша жүктеме тудыратын өндірістік учаскелердің маңында дала жолдарының саны артады. Күрт құбылмалы климатты, құрғақшылықты, топырақтың сорлануын және Арал экологиялық проблемасының салдарын ескерсек, бұзылған өсімдік жамылғысының өздігінен қалпына келу үдерісі бірнеше жылға созылуы мүмкін. Бұл кезеңде мынадай жағдайлар орын алуы ықтимал: ▸ жергілікті флораның доминантты түрлерін ығыстыруы мүмкін арамшөптердің аумақтарды басып кетуі; ▸ шаңдану түріндегі жанама әсерлер, сондай-ақ автокөліктен шығатын отынның жану өнімдерінің топырақ пен өсімдіктерге шөгуі. Дегенмен, күшейген жел режимі жағдайында шашырау жылдамдығының жоғары болуына байланысты, азотты және күкіртті қосындылар өсімдік жамылғысының тіршілік қабілетіне айтарлықтай әсерін тигізбейді. Жануарлар әлеміне тікелей әсер ету көздері анықталмаған. Жанама әсер етудің негізгі факторы болып топырақ-өсімдік жамылғысының бұзылуы табылады, бұл жануарлардың уақытша мазасызданауына әкеледі. Құрылыс жұмыстары кезеңінде бауырымен жорғалаушылар, құстар мен сүтқоректілер әсер ету аймағынан уақытша кетіп қалуы мүмкін. Бұл сондай-ақ жануарлардың тіршілік ету ортасында фрагменттік өзгерістерді тудыруы мүмкін. Құрылыс аяқталғаннан кейін жануарлар әлеміне әсері айтарлықтай төмендейтін болады. Мазасыздық факторы салдарынан аумақтан кеткен ірі сүтқоректілер мен құстар оралып, бұрынғы көші-қон жолдарын қалпына келтіруі мүмкін. Жат жерлік жануарлар түрлерінің жерсінуі мүмкін, бірақ бұл үдеріс қайтымсыз сипатқа ие емес және жергілікті фаунаның популяцияларына елеулі әсер етпейді. Жалпы алғанда, әсер ету деңгейі төмен деп бағаланады.
Қоршаған ортаның ластануы	Анықталмаған.
Экожүйеге инвазивті түрлердің, зиянкестер мен патогендердің енуі	Анықталмаған.
Түрлер санының азаюы	Анықталмаған.
Тіршілік ортасының өзгеруі	Құрылыс жұмыстары мен көлік жүктемесі есебінен маңызды тіршілік ортасы аумақтарының қысқаруы.
Экологиялық үдерістердің табиғи күйінен ауытқуы (мысалы, тұздану, ыза сулары деңгейінің өзгеруі)	Анықталмаған.

GRI 304-4

Компанияның қызметі Халықаралық табиғатты қорғау одағының (ХТҚО) Қызыл кітабына және Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген, жойылып кету қаупі төнген санатқа жатқызылған жануарлар мен өсімдіктер түрлеріне теріс әсерін тигізбейді.

Бұған дейін жүргізілген зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес, Компания қызмет ететін аумақтарда олардың қазіргі қорғау мәртебесіне сәйкес Қызыл кітапқа енгізілген жануарлар мен өсімдіктердің жекелеген түрлері тіркелген (тізбе өткен жылғы Есепте келтірілген кестеде көрсетілген).

Есепті кезеңде Қызыл кітапқа енгізілген түрлер бойынша қосымша далалық зерттеулер жүргізілген жоқ.

Сонымен қатар, бұрын орындалған зерттеулердің қорытындылары бойынша берілген ұсынымдарды іске асыру аясында корпоративтік бағдарламаларға табиғатты қорғау іс-шаралары енгізілді. 2025 жылы құстардың қырылу қаупін азайтуға және биоалуантүрлілікті сақтауға бағытталған әуе электр беру желілеріне құстардан қорғау құрылғыларын орнату жұмыстары орындалды.

ХТҚО Қызыл тізімінің санаттары	Сүтқоректілер, ихтиофауна, герпетофауна	Құстар	Флора	Жиыны
Жойылып кету қаупі ең аз / Ең аз алаңдаушылықты тудыратындар (LC)	39	146	15	**200**
Осал / Осал (VU)	3	7	1	**11**
Жойылып кету қаупіне таянғандар / Қауіп төнуге жақын күйдегілер (NT)	3	7	3	**13**
Жойылып кету қаупі төнген / Жойылып бара жатқандар (EN)	0	3		**3**

2026 жылға арналған жоспарлар

- «KATKO-ның өндірістік нысандарының экологиялық әсерін зерттеу» ҒЗЖ-ның 3-кезеңін жалғастыру;
- Құрылыс кезеңінде жобалық құжаттамаға ҚҚҚ-ны енгізу үшін салынып жатқан ЭБЖ-ге превентивті тексеру жүргізу;
- Биоалуантүрлілік бойынша жыл сайынғы есепті қалыптастыру үшін кен орындары аумағында құстардың сирек түрлерін тіркеу және есепке алу жүйесін енгізу.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Салдарды жою және бұзылған жерлерді қалпына келтіру

GRI 304-3

Қазатомөнеркәсіп өндіру барысында бұзылған жерлерді қалпына келтіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізіп тұрады. Учаскелерді игеру аяқталғаннан кейін ландшафт пен өсімдік жамылғысын кезең-кезеңімен қалпына келтіру жүзеге асырылады, бұл жерлерді шаруашылық айналымына қайтаруға мүмкіндік береді.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың 27 учаскесі/кен орны аумағында қорғалатын немесе қалпына келтірілген тіршілік ету орталары жоқ. Жыл сайын экологиялық мәселелер бойынша мүдделі тараптармен, соның ішінде жергілікті қоғамдастық өкілдерімен ақыл-кеңестер өткізіледі.

Қоғам кәсіпорындары мен ЕТҰ-да жер қойнауын пайдалану операцияларының салдарын жою және бұзылған жерлерді қалпына келтіру саласындағы қызмет Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексіне және өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, сондай-ақ келесі ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындар тобының жер қойнауын пайдалану операцияларының салдарын жою жөніндегі жұмыстардың құнын жыл сайынғы бағалауды есептеу бойынша әдістемелік нұсқаулар (ARO бағалау)» стандарты;
- «Жер қойнауын пайдалану операцияларының салдарын жою және бұзылған жерлерді қалпына келтіру жөніндегі ұйымдастырушылық іс-шаралар. Әдістемелік нұсқаулар» стандарты;
- «Уран өндіруші кәсіпорындардың өндірістік қызметінің салдарын жою өлшемшарттарын анықтау» нұсқаулығы;
- «Уранды жерасты ұңғымалы шаймалау кен орындарындағы игерілген пайдалану технологиялық блоктарын прогрессивті жоюды жүргізу тәртібі» стандарты;
- «Уранды жерасты ұңғымалы шаймалау кен орындарындағы ұңғымаларды жою тәртібі» стандарты;
- «Қоршаған ортаны қорғау. Жер қойнауын пайдалану операцияларының салдарын жою және бұзылған жерлерді қалпына келтіру жөніндегі ұйымдастырушылық іс-шаралар. Әдістемелік нұсқаулар» стандарты;
- «Жер қойнауын пайдалану салдарын жою кезінде уран өндірудің геотехнологиялық полигонына кешенді радиациялық зерттеу жүргізу. Әдістемелік нұсқаулар» стандарты.

Қоғамның уран өндіруші кәсіпорындарында активтердің істен шығу бойынша міндеттемелерді бағалау (ARO – Asset retirement obligations) шеңберінде жою іс-шараларының сметалық құнын жыл сайынғы есептеу жүргізіледі.

Жер қойнауын пайдалану операцияларының салдарын жою және бұзылған жерлерді қайта қалпына келтіру жұмыстарының орындалуын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та жою және қайта қалпына келтіру жұмыстарының мониторингі бойынша тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрылды және жұмыс істеуде.

2025 жылы Компания жер қойнауын пайдалану салдарын жою және бұзылған жерлерді қайта қалпына келтіру бойынша іс-шараларды іске асыруды жалғастырды. Жұмыстар игерілген учаскелерді кезең-кезеңімен пайдаланудан шығаруға, қоршаған ортаға ықтимал әсерді азайтуға және заңнама талаптары мен Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес қайта қалпына келтіру бойынша міндеттемелерді орындауға бағытталған.

«Уванас» кен орнында есепті жылы аумақты тазарту және қалпына келтіру бойынша кешенді жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, геотехнологиялық полигон аумағын тазарту жүргізіліп, 9 597,084 тонна ластанған топырақ шығарылды. Қайта қалпына келтірудің биологиялық кезеңі шеңберінде 86,6 га алаңға сексеуіл егілді. Сонымен қатар нысандарды қауіпсіз күйге келтіру бойынша іс-шаралар жүзеге асырылды: 204,6 тонна радиобелсенді ластанған металл қатерсіздендірілді, 262 бақылау ұңғымасы жойылды, сондай-ақ аумақтың жай-күйін бақылауды жалғастыру үшін қосымша 5 бақылау ұңғымасы бұрғыланды. Бұдан басқа, өндірістік алаңдағы ғимараттар мен имараттарды бұзу және демонтаждау жұмыстары орындалды.

«Оңтүстік Мойынқұм» кен орнында жұмыстар технологиялық инфрақұрылымды жоюға және аумақты радиациялық бақылаудан өткізуге бағытталды. Жыл ішінде 688 технологиялық ұңғыма жойылды, сондай-ақ геотехнологиялық полигон аумағында жаяу гамма-спектрометрия жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ 2025 жылы Қоғам жер қойнауын пайдалану салдарын жою саласындағы жобалық және жоспарлау құжаттамасын жетілдіру бойынша жұмысты жалғастырды:

- Уран өндіруші кәсіпорындарды жоюдың 9 жоспары өзектендіріліп, бекітілді;
- Бұзылған жерлерді қайта қалпына келтіру жұмыстарын іске асыру кезеңі шеңберінде, соның ішінде «Оңтүстік Мойынқұм» және «Уванас» кен орындарында жою іс-шараларының одан әрі орындалуы қамтамасыз етілді.

2025 жылы «Capacity Building in Decommissioning, Remediation and Handling of Radioactive Waste in the Mining and Processing of Natural Uranium by In-situ leaching (ISL) method» KAZ 9019 Ұлттық жобасын іске асыру аясында МАГАТЭ сарапшылары «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС пен «KATKO» БК» ЖШС-тің өндірістік нысандарына барып қайтты. Сапардың мақсаты болып жою және қайта қалпына келтіру жұмыстарының орындалу сапасын арттыру, сондай-ақ радиобелсенді қалдықтарды басқару және бұзылған жерлерді қалпына келтіру тәжірибелерін жетілдіру табылды.

«Қазатомөндіріс-SaUran» ЖШС-нің радиоактивті ластанған металл сынықтарын дезактивациялау әдісін енгізу жөніндегі жобасы «Қазатомөндіріс» ҰАК» АҚ-да «2024 жылғы экономикалық тиімділік тудыратын үздік рационализаторлық ұсыныс» номинациясында бірінші орынды иеленді, сондай-ақ бұл жобаға «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларының периметрінде «Үздік енгізілген рационализаторлық шешім» номинациясында екінші орын берілді.



2026 жылға арналған жоспарлар

- «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС-тің «Уванас» кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жұмыстарын аяқтау және «Оңтүстік Мойынқұм» кен орнында жұмыстарды жалғастыру;
- «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС-тің «Шығыс Мыңқұдық» кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жобасын әзірлеуді аяқтау және бекіту.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

6. Әлеуметтік жауапкершілік

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік 180
Қызметкерлер құрамын басқару 208
Адам құқықтары 244
Компания әрекет ететін өңірлердегі жергілікті тұрғындарды қолдау 250

11,419 млрд теңге

Қатысу өңірлеріне салынған инвестициялар көлемі

3,2 млрд теңге

Персоналды оқыту және дамыту шығындары

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік

Құжаттар

- Еңбек қауіпсіздігі және гигиенасы туралы конвенция (С 155) (Халықаралық еңбек ұйымы, 1981), Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы ұсыным (R 164) (Халықаралық еңбек ұйымы, 1981), ISO 45001:2018 «Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау менеджменті жүйесі»;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, радиациялық және ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы саясаты;
- Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы кодексі;
- «Өндірістік қауіпсіздікті басқарудың бірыңғай жүйесі» стандарты;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ерікті медициналық сақтандыру қызметтерін ұйымдастыру» стандарты.

2025 жылдағы басты оқиғалар

- Қазатомөнеркәсіп «Алтын Гефест 2025» байқауының «Өндірістік қауіпсіздік бойынша жыл көшбасшысы» номинациясында 2-орынды иеленді;
- Қазатомөнеркәсіп «AtomSkills 2025» халықаралық салалық кәсіби шеберлік чемпионатында «Еңбекті қорғау» құзыреттілігі бойынша 1-орын алды;
- Қазатомөнеркәсіп «High-Tech 2025» халықаралық кәсіби шеберлік чемпионатында «Еңбекті қорғау» және «Қоршаған ортаны қорғау» құзыреттіліктері бойынша 2-орындарды иеленді;
- Қазатомөнеркәсіп «KIOSH 2025» ЕҚ және ӨҚ бойынша халықаралық конференциясы мен көрмесіне қатысты;
- Қоғам Вена қаласында өткен уран өндіру және өңдеу нысандарын пайдаланудан шығаруға арналған стандартты әзірлеу бойынша МАГАТЭ-нің техникалық кеңесіне қатысты;
- «УМЗ» АҚ аумағында өткен «Қалқан-2025» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуына қатысты.

>5 жылдан астам

СҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРАМЫНЫҢ ОРТАША СӘУЛЕЛЕНУ ДОЗАСЫ ЖЫЛЫНА 1,5 МЗВ-ДАН АСПАЙДЫ, БҰЛ РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН МӘННЕН (ЖЫЛЫНА 20 МЗВ) 13 ЕСЕДЕН АСТАМ ТӨМЕН

14,6% -ға өсуі

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ 2024 ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА

2025 жылғы негізгі көрсеткіштер

0,14

LTIFR

25 797

ҚАУІПСІЗДІКТІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ АУДИТТЕРІНІҢ САНЫ

15,024 млрд теңге

ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ ТАЛАПТАРДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ЖҰМСАЛҒАН СОМА

100% жұмыскер

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІМЕН ҚАМТЫЛҒАН

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Басқару тәсілі

GRI 3-3, 403-1, 403-8

Өндірістік қауіпсіздік және жұмыскерлердің денсаулығын қорғау Қазатомөнеркәсіп үшін тұрақты дамудың негізгі тақырыптарының бірі болып табылады. Компанияның қызметі уран өндірумен және өңдеумен, өнеркәсіптік жабдықты пайдаланумен, материалдарды тасымалдаумен және қашықтағы өндірістік алаңдардағы жұмыстармен байланысты. Бұл үдерістер жабдықпен және қозғалатын механизмдермен жұмыс істеу кезіндегі жарақаттану, қауіпті химиялық заттардың әсері, электр жарақатын алу, сондай-ақ көлік пен логистикаға байланысты жоғары өндірістік тәуекелдермен ұштасады.

Осы тәуекелдерді тиімді басқару өндірістік операциялардың тұрақтылығын қамтамасыз ету, жұмыскерлер мен мердігерлердің денсаулығын қорғау, сондай-ақ өндірістік процестердің сенімділігі мен бизнестің ұзақ мерзімді тұрақтылығын сақтау үшін маңызды мәнге ие.

Қазатомөнеркәсіптің еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы (ЕҚ және ӨҚ) саясаты қауіпсіздік үшін жеке жауапкершілік қағидатына, барлық жұмыскерлер мен мердігерлер арасында «нөлдік жарақаттану» мәдениетін қолдауға, сондай-ақ өндірістік алаңдардағы тәуекелдерді тиімді басқаруға негізделген.

Компанияда Қазақстан Республикасы заңнамасының және ISO 45001:2018 «Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйелері. Талаптар және қолдану жөніндегі нұсқаулық» стандартының талаптарына сәйкес келетін еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды басқару жүйесі әрекет етеді. Ол еңбекті қорғау үдерістерін тиімді басқаруға, тәуекелдерді азайтуға және жұмыс орындарының қауіпсіздігін үздіксіз жетілдіруге бағытталған.

Компания белгілеген еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы қағидаттар мен ережелер Компанияның және ЕТҰ-ның барлық жұмыскерлері мен мердігерлері үшін орындалуы міндетті болып табылады.

ЕҚ және ӨҚ саласындағы Vision Zero тұжырымдамасының «Қауіпсіздіктің алтын ережелері»:

- **Көшбасшы болу** бейілділікті таныту
- **Қауіптерді анықтау** тәуекелдерді бақылау
- **Мақсаттарды анықтау** бағдарламаларды әзірлеу
- **Өндірістік қауіпсіздік жүйесін үздіксіз жетілдіру** ұйымдастырудың жоғары деңгейіне қол жеткізу
- **Жұмыс орындарында,** жабдықты пайдалану және қауіпті заттармен айналысу кезінде өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету
- **Біліктілікті арттыру** кәсіби дағдыларды дамыту
- **Кадрларға инвестициялау** қатысу арқылы ынталандыру



Еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесімен Компания мен ЕТҰ жұмыскерлерінің 100%-ы қамтылған (22 947 адам).

2025 жылы Компанияның ЕТҰ бөлімшелерінде өндірістік бақылау шеңберінде нормативтік-құқықтық актілер мен өндірістік қауіпсіздік саласындағы ішкі регламенттер талаптарының сақталуын тексеру бойынша жоспарлы және мамандандырылған іс-шаралар өткізілді. Бекітілген кестеге сәйкес ЕТҰ арасындағы өзара тексеру тәжірибесі жалғастырылды, бұл байланыстарды дамытуға және тәжірибе алмасуға септігін тигізді. ЕТҰ-ның өндірістік қауіпсіздік жағдайын жыл сайын «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың Өндірістік қауіпсіздік департаменті бағалайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек және Кәсіпкерлік кодекстерінің талаптары шеңберінде мемлекеттік органдар бақылайды.

Корпоративтік орталық деңгейінде өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы қолданыстағы басқару жүйесінің нәтижелілігіне де бағалау жүргізіледі. Осыған байланысты «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та ISO 45001:2018 стандартының талаптарына сәйкестікке ішкі аудит, сондай-ақ TUV Thüringen (Германия) сертификаттау органы тарапынан екінші сыртқы бақылау аудиті өткізілді. Бұдан басқа, Компания басшылығы біріктірілген менеджмент жүйесінің жұмыс істеуіне жыл сайынғы талдау жүргізді.


ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Компанияда еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласында нақты әрі тиімді басқарудың ұйымдық құрылымы қалыптасқан. Жоғары деңгейде еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік мәселелерін реттеуге директорлар кеңесі жауапты болады.

Директорлар кеңесінің жанында құзыретіне Қоғам мен ЕТҰ-дағы өндірістік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы тұрақты есептерді қарау кіретін өндірістік қауіпсіздік жөніндегі комитет жұмыс істейді. Басқарма жанындағы Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және экология саласындағы тәуекелдерді жалпы бақылауға жауапты болады.

HR және өндірістік қауіпсіздік блогына кіретін және басқарма төрағасына есеп беретін өндірістік қауіпсіздік департаменті еңбекті қорғау жүйесін дамыту және жетілдіру жұмыстарын үйлестіреді. Ол еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік талаптарының бұзылуын болдырмауға, оқыс жайттарға жедел жауап қайтаруға, сондай-ақ Компания мен ЕТҰ-дағы өндірістік қауіпсіздік тәуекелдеріне мониторинг жүргізуге, талдау жасауға және бақылауға жауапты. ЕТҰ деңгейінде HSE үшін жауапкершілік өндірістік қауіпсіздік қызметтерінің жұмысын үйлестіретін бірінші басшыларға жүктелген.

КОМПАНИЯНЫҢ ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ



HSE Club-тың 2025 жылғы жұмыс нәтижелері

Компанияда тәжірибе алмасу және өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін жетілдіру шаралары әзірленетін корпоративтік HSE-Club клубы жұмыс істейді. Клуб жұмысына «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ өндірістік қауіпсіздік департаментінің және Компанияның ЕТҰ өндірістік қауіпсіздік қызметтерінің өкілдері қатысады. 2025 жылғы ақпанда HSE Club отырысы өткізілді. Кейіннен Қоғамның ЕТҰ-да іске асырылған «Сақ бол!» жобасы таныстырылды.



Компанияда еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін жетілдіру бойынша шараларды тиімді әзірлеу және іске асыру мақсатында жыл сайын директорлар кеңесі мүшелерінің, басқарма төрағасының, ЕТҰ бірінші басшыларының, «Самұрық-Қазына» АҚ және оның портфельдік компаниялары өкілдерінің, атом өнеркәсібі қызметкерлерінің салалық кәсіподағының және басқа да мүдделі тараптардың қатысуымен қорытынды корпоративтік кеңес өткізіледі. Бұл кеңесте жыл бойғы өндірістік қауіпсіздік бойынша жұмыс нәтижелері қорытындыланып, болашаққа арналған мақсаттар айқындалады.

Сонымен қатар, басқарма төрағасы тоқсан сайын өндірістік қауіпсіздік пен қауіпсіздік мәдениетіне қатысты мәселелер қаралатын ЕТҰ-ның бірінші басшыларымен кеңестер өткізеді.

Ай сайын HR және өндірістік қауіпсіздік жөніндегі басқарушы директордың және ЕТҰ-ның өндірістік қауіпсіздік қызметтері басшыларының қатысуымен оқиғаларды және олардың туындау себептерін талдауды, оқиғалардың қайталануын болдырмау шараларын әзірлеуді, тәуекелдер тізілімін жаңартуды, сондай-ақ өндірістік қауіпсіздік жүйесін жақсарту бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар дайындауды қоса алғанда, негізгі мәселелер талқыланатын кеңестер ұйымдастырылады. Барлық қабылданған шешімдер хаттамаларда тіркеледі, ал іс-шаралардың орындалуы туралы ақпарат белгіленген есептілік шеңберінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-қа беріледі.

2026 жылға арналған жоспарлар

- Өндірістік қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының іске асырылуы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына Қазатомөнеркәсіптің HSE мәселелері бойынша қызметіне әсер ететін түзетулер енгізу жөніндегі жұмыс топтарына қатысу;
- ISO 45001:2018 және ISO 14001 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестікке ресертификаттау аудитінен өту.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Қауіпсіздік мәдениетін арттыру

GRI 403-1, 403-4

Компания кәсіпорындарының барлық жұмыскерлері еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздікті басқару үдерісіне белсенді қатысады, бұл жұмыс орындарында қауіпсіздіктің жоғары деңгейін сақтауға септігін тигізеді.

ЕҚ және ӨҚ саласында қызметкерлер құрамымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, Компанияның ЕТҰ-да құрамына жұмыс берушінің, қызметкерлердің өкілдері және еңбек жөніндегі техникалық инспекторлар кіретін қауіпсіздік жөніндегі мамандандырылған өндірістік кеңестер құрылған.

Бұл кеңестердің негізгі міндеттері — еңбекті қорғау талаптарының сақталуын бақылау, тексерулер жүргізу және қауіпсіздік жағдайларын жақсарту бойынша шешімдер әзірлеу. Тексерулерді еңбек жөніндегі техникалық инспекторлар жүзеге асырады, ал олардың нәтижелері Компания кәсіпорындарының жұмыс берушілері үшін де, жұмыскерлері үшін де орындалуы міндетті болып табылады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың еншілес және тәуелді ұйымдарының жұмыскерлеріне сыйақы берудің үлгілік қағидаларында өндірістік қауіпсіздік саласындағы ынталандырудың бірыңғай тәсілдері бекітілген. Атап айтқанда, ЕТҰ жұмыскерлері үшін жарақаттанусыз 500 күн көрсеткішіне қол жеткізгені үшін сыйақы беру ескерілген, бұл тәртіпті, ұжымдық жауапкершілікті нығайтуға және қауіпсіздік мәдениетін дамытуға бағытталған Сонымен қатар, әрбір кәсіпорында жұмыскерлер өкілдерімен — кәсіпорындардағы қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға ішкі қоғамдық бақылауды жүзеге асыратын еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлармен өзара әрекеттесу жүргізіледі. Олар жұмыскерлердің қауіпсіз еңбек жағдайларына құқықтарын қорғайды, тексерістер жүргізеді және өндірістік жарақаттанушылықтың алдын алуға ықпал етеді, жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруге және жұмыс орындарын аттестаттауға қатысады.

Дүниежүзілік еңбекті қорғау күнін мерекелеу

Қауіпсіздік мәдениеті деңгейін арттыру, корпоративтік мәдениетті қолдау мен дамыту және қызметкерлер мен ұжымдар арасындағы өзара байланысты нығайту мақсатында «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС-те Дүниежүзілік еңбекті қорғау күнін мерекелеу шеңберінде «Ой шайқасы» зияткерлік-танымдық ойыны, «Балалар суреті байқауы», сондай-ақ жұмыскерлердің өндірістік ӨҚ және ЕҚ саласындағы құзыреттілігін дамытуға бағытталған «Кәсіпорын жұмыскерлерінің балаларына арналған ашық есік күні» байқаулары ұйымдастырылды.

Барлығы 45 қызметкер қатысты.

Ашықтықты арттыру және пікір білдіру еркіндігі мәдениетін (speak-up culture) дамыту үшін Компанияның барлық ЕТҰ-да HSE пошта жәшігі (hse@kazatomprom.kz) енгізілді.

Кез келген жұмыскер өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша сұрақтар, өтініштер, шағымдар мен ұсыныстар жібере алады.

Жыл сайын 28 сәуірде атап өтілетін Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні аясында Қоғам кәсіпорындарында кәсіподақтармен бірлесіп түрлі науқандар, байқаулар мен тақырыптық іс-шаралар ұйымдастырылады.

Инженерлік-техникалық қызметкерлер мен өндірістік қызметкерлер құрамфының ынтасын арттыру мақсатында Компанияның ЕТҰ арасында жыл сайын еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, өндірістік және радиациялық қауіпсіздік саласындағы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдары арасындағы басқарма төрағасының сыйлығы» байқауы өткізіледі. ЕТҰ-ның үздік жұмыскерлерін анықтау өлшемшарттарының бірі — анықталған қауіпті жағдайлар мен Near-miss қауіпті әрекеттердің саны.

2025 жылдың қорытындылары бойынша «Өндірістік қауіпсіздік саласындағы үздік кәсіпорын» байқауының нәтижелері бойынша бірінші орын **«Оңтүстік тау-химиялық компаниясы» ЖШС-не,** екінші орын — **«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС-не** және үшінші орын — **«АППАҚ» ЖШС-не** берілді.

Қосымша:

- **«KATKO» БК» ЖШС «Алтын Гефест – 2025»** салалық байқауында «Өндірістік қауіпсіздік бойынша жыл көшбасшысы» номинациясында 3-орынды иеленді;
- **«Қазатомөндіріс – SaUran» ЖШС «Сенім»** республикалық байқауында «Үздік еңбекті қорғау қызметі» номинациясы бойынша 3-орынды иеленді.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

ЕҚ және ӨҚ тәуекелдерін басқару

GRI 403-2

Қазатомөнеркәсіп тәуекелдерді басқаруды өндірістік қауіпсіздікті қамтитын корпоративтік басқарудың негізгі элементі ретінде қарастырады. Компания тәуекелдерді анықтау, талдау және барынша азайту арқылы оқиғалар мен кәсіби аурулардың алдын алудың жүйелі тәсілін қолданады.

Өндірістік қызметті жүзеге асыру, өнеркәсіптік жабдықты пайдалану және материалдарды тасымалдау жағдайында Компания үшін ең маңызды тәуекелдерге өндірістік жарақаттанушылық, жол-көлік оқиғалары, өрттер мен жанулар, апаттар және өзге де оқыс жайттар жатады. Қауіп-қатерлерді сәйкестендіру мен тәуекелдерді басқарудың жүйелі тәсілі Компанияға оқиғалардың алдын алуға, жарақаттану ықтималдығын төмендетуге және барлық өндірістік алаңдарда қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Компания тәуекелдерді бағалауға негізделген өндірістік қауіпсіздікті басқарудың үш деңгейлі тәсілін қолданады: Корпоративтік деңгейде тәуекел-менеджмент департаменті «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың жалпы тәуекелдер тізілімін қалыптастырып жүргізеді. Өндірістік қауіпсіздік департаменті деңгейінде жыл сайын функционалдық тәуекелдер тізілімі жаңартылып тұрады. Операциялық деңгейде тәуекелдерді басқару тікелей өндірістік алаңдарда жүзеге асырылады, онда ерекше назар қауіптілігі жоғары учаскелерге аударылады. Мұндай тәсіл инспекциялардың тиімділігін арттыруға және шығындарды оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Оқиғаларды тергеп-тексеру заңнамаға және ішкі регламенттерге қатаң сәйкестікпен жүргізіледі. Еңбекке қабілеттілігінен айырылуға әкеліп соқтырған оқиғалар орын алған жағдайда, Компания тиісті уәкілетті органдарды жедел хабардар етеді, ал ауыр жағдайларда немесе топтық жазатайым оқиғалар кезінде тергеу еңбек инспекторының төрағалығымен жүргізіледі. Оқиғалардың себептерін ішкі тергеу «5 неге» және «Себептер ағашы» әдістемелерінің қолданылуымен жүргізіледі. Тергеулер нәтижелері басшылықтың қатысуымен өтетін кеңестерде қаралады.

Мүдделі тараптар оқиғалар туралы белгіленген құлақтандыру сұлбаларына сәйкес хабардар етіледі. Оқиғалар туралы ақпарат, соның ішінде жазатайым оқиғалар, ЖКО, өрттер және төтенше жағдайлар жұмыскерлерге жоспардан тыс нұсқамалар мен ақпараттық бюллетеньдер арқылы жеткізіледі.

Компания тәуекелдердің, соның ішінде жарақаттанушылық тәуекелдерінің өзекті тізілімін жүргізеді және оларды төмендету бойынша келесі шараларды енгізеді:

- қайталанған жазатайым оқиғаларды талдау және олардың алдын алу;
- кәсіпорындардың ЕҚ және ӨҚ нормаларына сәйкестігіне тұрақты тексерулер жүргізу;
- жұмыс орындарын аттестаттауды және жұмыскерлердің арнайы киіммен және ЖҚҚ-мен қамтамасыз етілуін бақылау;
- қауіпті жағдайларды, қауіпті әрекеттерді және Near Miss-ті есепке алу;
- жұмыскерлердің қауіпті әрекеттерді тоқтатуына арналған «ТОҚТАТУ-карталары» үдерісі;
- қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиттерін жүргізу;
- HSE-үдерістерін цифрландыру (электрондық жүктелім-рұқсат жүйесін енгізу және нұсқамалықтар өткізу).

Компанияда қауіпті жағдайларды, қауіпті әрекеттерді және Near Miss оқиғаларын тіркеу жүйесі қолданылады, мәліметтер барлық жұмыскерлерге қолжетімді eKAP ақпараттық жүйесіне жүктеледі. Қауіпті жағдайларды, қауіпті әрекеттерді және Near Miss оқиғаларын тіркеу санкцияларға әкеліп соқтырмайды, керісінше қызметкерлер құрамының уәждемиесін арттыру үшін пайдаланылады.

ЕҚ және ӨҚ саласындағы инвестициялар

Есепті жылы еңбекті қорғау, өрт және өндірістік қауіпсіздік бағдарламаларына жұмсалған шығындар 15,024 млрд теңгені құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 15,74%-ға ұлғайды. Айта кету керек, есепті жылы бұл сома өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шамамен 2,12 млрд теңге көлемінде шығындарды қамтиды.



ЕҚ және ӨҚ саласындағы қызметтің тиімділігі

Компанияда қызметкерлер құрамының жұмыс тиімділігін бағалаудың қызметтің негізгі көрсеткіштеріне (ҚНК) негізделген жүйесі бар. Сандық көрсеткіштерді пайдалану Компанияға өндірістік қауіпсіздік жағдайының динамикасын бақылап қана қоймай, еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесінің кемелдігін бағалауға мүмкіндік береді. Жарақаттану жиілігінің коэффициенті, қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиттерінің саны және басқа да индикаторлар сияқты көрсеткіштерге мониторинг жүргізу үрдістерді дер кезінде анықтауға, басқарушылық шешімдерді түзетуге және профилактикалық шаралардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Компанияда «Қауіпсіздік мәдениетін арттыру» ҚНК белгіленген, оған қол жеткізу барысы өндірістік қауіпсіздік саласындағы келесі сандық көрсеткіштер арқылы бақыланады:

- еңбекке қабілеттілігінің жоғалуымен байланысты жарақаттанушылық жиілігінің коэффициенті (LTIFR);
- өткізілген қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиттерінің (ҚМА) саны;
- еңбек қызметімен байланысты емес өлім оқиғалары коэффициенті (NWRF);
- автокөлік қауіпсіздігі (ЕТҰ жүргізушілерінің кесірінен болған ЖКО саны).

Осы ҚНК-нің орындалуы Компания мен ЕТҰ-ның басқарушы құрамы мен жұмыскерлерінің тиімділік көрсеткіштерінде бекітілген.

KAZATOMPROM NATIONAL ATOMIC COMPANY

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

8. ҚОСЫМШАЛАР

Компанияда HSE саласындағы рәсімдерді стандарттауға мүмкіндік беретін «Өндірістік қауіпсіздікті басқарудың бірыңғай стандарты» қолданылады. Өндірістік қауіпсіздік департаменті енгізілген әдістемелердің тиімділігіне үздіксіз бақылау жасайды және оларды жақсарту бойынша шаралар қолданады. Осыған сәйкес, әрбір ЕТҰ-да өндірістік бақылау жүйесі бар, оның мақсаты — жобалардан, технологиялық регламенттерден, нормалардан, стандарттардан, ережелер мен нұсқаулықтардан, жұмыс жүргізудің белгіленген тәртібінен ауытқулардың алдын алу және оларды жою, сондай-ақ апаттық жағдайлар мен жарақаттанушылықтың орын алудың алдын алу.

Бақылаудың бірінші деңгейін тікелей жұмыс жетекшісі (шебер, ауысым бастығы, механик және т.б.) ауысымына кемінде бір рет жүзеге асырады. Өндірістік бақылаудың екінші деңгейін бөлімше басшысы жүзеге асырады. Өндірістік бақылаудың үшінші деңгейін құрылымдық бөлімше басшысы мен бағыттар бойынша мамандарды тарта отырып, ЕТҰ-ның Өндірістік қауіпсіздік қызметі жүзеге асырады. Өндірістік бақылаудың төртінші деңгейін ЕТҰ басшысының төрағалығымен комиссия жүзеге асырады. Комиссия құрамына басшылар, бағыттар бойынша мамандар және өндірістік қауіпсіздік қызметінің/бөлімшесінің мамандары кіреді. Өндірістік бақылаудың бесінші деңгейін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ комиссиясы жүзеге асырады. Комиссия құрамына Компания басшылары, бағыттар бойынша мамандар және өндірістік қауіпсіздік қызметінің басшысы немесе мамандары кіреді.

2025 жылы Компанияның барлық өндірістік бөлімшелері мен қызметкерлері ішкі және сыртқы аудиттер бағдарламасына, соның ішінде өндірістік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік органдар тарапынан жүргізілетін тексерістерге қамтылды.

Өндірістік жарақаттанушылықтың алдын алу

GRI 403-2

Қазатомөнеркәсіпте өндірістік жарақаттанушылық жағдайларының алдын алуға, сондай-ақ жұмыс орындарындағы тәуекелдер мен қауіп-қатерлерді алдын ала азайтуға бағытталған іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп тұрады.

2025 жылы Компанияда 2025–2034 жылдарға арналған өндірістік қауіпсіздік бойынша функционалдық стратегия бекітілді. Ол Қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге және белгіленген нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталған HSE саласындағы ұзақ мерзімді жүйелі басқару үлгісін қалыптастыруды ескереді.

2025 жылдың негізгі іс-шаралары

Жазатайым оқиғалардың алдын алу, тәуекелдерді барынша азайту және еңбек жағдайларын жақсарту саласында:

- Жарықтандыруды, аумақтың, жаяу жүргіншілер аймақтарының және үй-жайлар едендерінің жай-күйін тексеру, сондай-ақ қауіптілігі жоғары аймақтарды уақытша таңбалау;
- Биіктікте жұмыс істеу кезінде жұмыскерлердің сақтандырылуын қамтамасыз ету үшін мерзімді жұмыстарды орындауға арналған ғимарат шатырларына, тіректерге және технологиялық алаңдарға анкерлік желілер мен анкерлік нүктелерді орнату;
- Қауіптілігі жоғары аймақтарда таяныштар, сырғанауға қарсы жабындар және көрінімді белгілер орнату;
- Қысқы кезеңде жұмыскерлердің құлауы мен тайып кетуінің алдын алу үшін мұзтіректерді (аяқ киімге арналған сырғанауға қарсы қондырмалар) сатып алуды жоспарлау;
- Кәсіпорын аумағында жаяу жүргіншілер мен көлік бағдарларын бөлу: қиылыстар мен көріну мүмкіндігі нашар жерлерде таңбалар салу, кедергілер, жол белгілері мен жарық шағылыстырғыш көрсеткіштер орнату;
- Қауіпті аймақтарды анықтап, ақауларды жедел жою мақсатында қозғалыс бағдарларына ай сайынғы инспекция жүргізу кестесін бекіту;
- Моральдық және физикалық тұрғыдан тозған жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды техникалық қайта жарақтандыру және жаңарту;
- Сатыларға, көтергіштерге және жұмыс платформаларына 100% ревизия жүргізу, содан кейін жарамсыз бірліктерді есептен шығару немесе жөндеу.

Жүйелі HSE-тәуекелдерді азайту және жұмыскерлердің HSE мәселелеріне тартылу деңгейін арттыру саласында:

- «Самұрық-Қазына» АҚ іс-шаралар жоспарында ескерілген Health & Safety бойынша 55 іс-шараны өткізу;
- ЕТҰ-ның өндірістік қауіпсіздік жағдайына 14 тексеріс жүргізу;
- «Самұрық-Қазына» АҚ-тың HSE комитетінің жұмысына қатысу;
- Қазатомөнеркәсіптің өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша қызметіне әсер ететін ҚР заңнамасына түзетулер енгізу жөніндегі жұмыс топтарына қатысу.

Қауіпсіздік мәдениетін арттыру, тәжірибе алмасу және құзыреттерді дамыту саласында:

- Қоғамның HSE мәселелері бойынша 27-ші жыл сайынғы корпоративтік кеңесін өткізу;
- Өндірістік қауіпсіздікке арналған CEO клубын және бас инженерлер клубын өткізу;
- «AtomSkills» салалық халықаралық кәсіби шеберлік чемпионатына қатысу.
- «KIOSH 2025» ЕК және ӨҚ бойынша халықаралық конференциясы мен көрмесіне қатысу;
- «Алтын Гефест» республикалық байқауына қатысу;
- МАГАТЭ уран өндіру және өңдеу нысандарын пайдаланудан шығаруға арналған стандартты әзірлеу жөніндегі техникалық кеңесіне қатысу (Вена қ.).

Жұмыскерлердің өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша хабардарлығын арттыру саласында:

- ҚО мен ЕТҰ-ның жұмыскерлері арасында өндірістік қауіпсіздікке қатысты оқиғалар бойынша ақпараттық бюллетеньдер тарату.

Жұмыскерлердің денсаулығын сақтау саласында:

- Жылдың суық мезгілдерінде жұмыскерлерді жылыну үй-жайларымен қамтамасыз ету;
- Жұмыс орындарының аттестаттауын өткізу.

Жол-көлік оқиғаларының қаупін азайту саласында:

- Жүргізушілерді «Қорғаныс жүргізу» (Defensive driving) курсы бойынша оқыту жүргізілуде. Оқытылғандар саны – 896;
- Автокөлік құралдарын GPS және бейнетіркегіштермен жабдықтау жұмыстары жалғасуда;
- Жүргізушілерге сапарға шығар алдында нұсқамалық өткізген кезде ауа райы мен жол жағдайлары есепке алынуда;

100% ревизия

сатыларға, көтергіштерге және жұмыс платформаларына жүргізу, содан кейін жарамсыз бірліктерді есептен шығару немесе жөндеу

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

- Жауапты тұлғаларды технологиялық жолдар мен жалпы пайдаланымдағы жолдардың жай-күйі туралы жедел хабардар ету ұйымдастырылған;
- «KAP Logistics» ЖШС-те ЖҚЕ сақталуын және жүргізушілердің жай-күйін бақылау үшін есепті жылы қауіпті жүктерді тасымалдауға тартылған 100 автокөлік құралына кескінді «KAP Logistics» ЖШС орталық кеңсесіне беретін «ОКО» онлайн-бейнебақылау камералары орнатылды;
- Автокөлік құралдарын тексеру Автокөлік құралын бағалау парағына сәйкес жүргізіледі;
- Алыс сапарға шығатын жүргізушілердің қауіпсіздігін арттыру үшін «Антиұйқы» құрылғылары сатып алынып, пайдаланылуда. Шағын гаджеттер жүргізушінің рөлде ұйықтап қалуына байланысты жолдағы қауіпті жағдайлардың алдын алуға көмектеседі. Құрылғы арнайы ілмектің көмегімен құлаққа бекітіледі және басты алға еңкейткен кезде жүргізушіні оята алатын өткір дыбыстық сигнал береді;
- Жүргізушілердің ЖҚЕ-ні саналы түрде сақтауы қалыптастырылуда: ЕТҰ жұмыскерлерінің ЖҚЕ бұзушылықтарына талдау жүргізілді;
- Қауіпсіздік мәдениетін дамыту қамтамасыз етілуде: «ЖҚЕ-ні сақтау» тақырыбында тақырыптық кеңестер өткізілді;
- Жүргізу дағдыларын жаттықтыру жүргізілуде: бірқатар ЕТҰ-да жеңіл және жүк автокөлік құралдарын жүргізу симуляторлары сатып алынып, пайдалануға берілді;
- Күшейтілген бақылау қамтамасыз етілді: жүргізушілерге бейнетіркегіштердің жұмыс істеу қабілетін бақылау жауапкершілігі бекітілді.

Компанияның ЕТҰ-да өндірістік қауіпсіздік саласында қабылданған шаралар бақыланбайтын жарылыстарды, қауіпті заттардың шығарындыларын және ғимараттардың қирауын қоса алғанда, күрделі өнеркәсіптік апаттардың алдын алуға табысты ықпал етті. Сонымен қатар, автокөлік құралдарын пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іске асырылған шаралар, соның ішінде бейнебақылау жүйелерін, GPS-бақылауды пайдалану және қауіпсіз жүргізуге оқыту жүргізушілердің тәртібін арттыруға, жол-көлік оқиғаларының ықтималдығын төмендетуге және жұмыскерлердің жолдағы жауапты мінез-құлқын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

GRI 3-3, GRI 403-9, SASB EM-MM-320A.1.

Қазатомөнеркәсіп жазатайым оқиғаларды толық жою және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау мақсатына қол жеткізуге ерекше көңіл бөлуді жалғастыруда.

2025 жылы 5 жазатайым оқиға тіркелді. Жазатайым оқиғаларға әкеліп соқтырған оқиғалардың негізгі түрлеріне ЖКО, электр тоғының соғуы, биіктіктен құлау, термиялық және химиялық күйіктер, механизмдердің қозғалатын және айналатын бөліктерінің әсері жатады.



Жазатайым оқиғаларды жіктеу ҚР Еңбек кодексінің 186-бабына сәйкес жүргізіледі. Егер оқиға жұмыс уақытында, еңбек міндеттерін орындау кезінде, қызметтік іссапарда, жұмыс орнына немесе жұмыстан жұмыс берушінің көлігімен бару кезінде, сондай-ақ жұмыс берушінің мүддесі үшін әрекеттер жасау кезінде орын алса, ол өндіріспен байланысты деп танылады. Өндіріспен байланысты емес оқиғаларға жұмыскердің қызметтік міндеттерінен тыс жеке әрекеттерінен, алкогольдік немесе өзге де масаң күйінен, қасақана зиян келтіруінен, қылмыстық құқық бұзушылықтардан немесе өндірістік факторларға байланысты емес денсаулық жағдайының кенеттен нашарлауынан туындаған жағдайлар жатады. Қорытынды жіктеу комиссиялық тәртіппен қабылданады және белгіленген тәртіппен тіркеледі.

КОМПАНИЯ МЕН ЕТҰ БОЙЫНША ЖАРАҚАТТАНУШЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Жазатайым жағдайлар саны	4	3	5
Зардап шеккендер саны	5	3	5
ЖКО[56]	4	2	4
FAR	0,00	0,00	0,06
LTIFR	0,15	0,09	0,14
VAR[57]	0,02	0,07	0,07
NWRF[58]	0,12	0,05	0,06

[56] Компанияның ЕТҰ жұмыскерлерінің кесірінен болған ЖКО оқиғаларының саны.
[57] ЕТҰ жүргізушілерінің кінәсінен болған ЖКО жиілігінің коэффициенті, жүріп өткен млн километрге нормаланған.
[58] Еңбек қызметімен байланысты емес өлім жағдайларының коэффициенті. 2025 жылы осындай 2 жағдай тіркелді.

Жарақаттанушылық деңгейі 2013 жылмен салыстырғанда 4 есеге және 2021 жылмен салыстырғанда 2 есеге төмендеді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Өндірістік қауіпсіздікті күшейту шеңберінде мынадай шаралар іске асырылды:

- Барлық ЕТҰ-да өндірістік қауіпсіздік айлықтары өткізілді және қыркүйектен бастап жыл соңына дейін ерекше режим енгізілді;
- Өндірістік бақылау чек-парақтарын енгізе отырып, «Сақ бол» бағдарламасы іске асырылды;
- Қызметкерлерді оқиғалар мен түзету шаралары туралы хабардар ету цифрландырылды;
- Мердігерлік ұйымдарға бақылау күшейтіліп, шарттарды басқару стандарты енгізілді;
- Цифрлық наряд-рұқсаттар, Lockout/Tagout жүйелері және қосарлы бақылау енгізілді;
- Қауіпсіздік бойынша оқыту, білімді қайта тексеру және жоспардан тыс нұсқамалар өткізілді;
- Өндірістік бақылау күшейтіліп, жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуіне жауапты тұлғалар тағайындалды;
- Шлам жинақтағыштардың қауіпсіздігін арттыру бойынша шаралар іске асырылып, жаңа объектілерге қойылатын талаптар қайта қаралды;
- Шағын қазандықтар жабдықтарына техникалық ревизия жүргізіліп, өрт қауіпсіздігі шаралары күшейтілді;
- Оқиғалардың себептерін талдау және қызметкерлерді тәуекелдер мен алдын алу шаралары туралы хабардар ету ұйымдастырылды;
- Қауіпті жағдайларды, қауіпті әрекеттерді және салдарсыз оқиғаларды анықтау рәсімдері енгізілді (Near Miss);
- Қауіпсіздік бойынша мінез-құлық аудиттерін жүргізу және қауіпті жұмыстарды тоқтату рәсімін қолдану ұйымдастырылды (СТОП-карталар);
- Өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша ішкі нормативтік құжаттар әзірленіп және өзектендірілді, сондай-ақ қызметкерлердің HSE жүйесіне қанағаттану деңгейі бойынша тұрақты сауалнамалар өткізілді.

Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы саласында мынадай шаралар енгізілді:

- Өндірістік факторларға байланысты емес өлім-жітім жағдайларының алдын алу жоспары әзірленді;
- Түпкі себептерге талдау жүргізілді;
- Орын алған өлім-жітім жағдайлары негізінде тиісті қорытындылар жасалды;
- Шұғыл медициналық әрекет ету жоспарлары өзектендірілді.

2026 жылға арналған жоспарлар

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік:

- «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2026 жылға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру (65 іс-шара);
- «Өмірлік маңызды қағидаларды» өзектендіру;
- IT-технологияларды қолдана отырып, HSE процестерін жетілдіру:
  - СТОП-карталар процесін цифрландыру;
  - ӨҚД тексерулерінің нәтижелері бойынша берілген ұсынымдардың орындалуын мониторингтеу;
  - ЕҚ және ӨҚ бойынша тоқсандық есептерде көрсетілетін ЕТҰ мердігерлік ұйымдары жөніндегі деректерді верификациялау.

Өрт қауіпсіздігі, АҚ және ТЖ:

- Су тасқынына қарсы іс-шараларды орындау;
- Барлық ЕТҰ-да жылыту және жылумен жабдықтау жүйелеріне ревизия жүргізу;
- ЕТҰ-ның материалдық резервтері мен қаржы ресурстарын қалыптастыру және өзекті күйде ұстау;
- Барлық ЕТҰ-да өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын олардың жұмысқа қабілеттілігі, жаңғыртудың орындылығы, сондай-ақ өрт туралы сигналды орталық басқару пунктіне шығару мүмкіндігі тұрғысынан техникалық куәландырудан өткізу;

- Өрт қауіпсіздігі саласында кәсіби өртке қарсы қызметтер көрсететін мердігерлік ұйымдарға тексерулер жүргізу;
- Ғимараттар құрылысы кезінде пайдаланылатын материалдардың беріктік жүктемесін анықтау және белгілеу бойынша мамандандырылған зертхана арқылы аспаптық зертханалық тексеру жүргізу.

Қолайлы және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау практикасын енгізу Компанияның әлеуметтік саясатының маңызды элементі болып табылады.

ҚОЛАЙЛЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫН ЖАСАУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ТӘЖІРИБЕЛЕР

Тәжірибе	Негізгі нәтижелер
Алғашқы көмек көрсету дағдыларына оқыту	Нұсқаушылар базасы қалыптастырылды, PHTLS жүйесі бойынша 28 жаттықтырушы-нұсқаушы даярланды. Қауіпті өндіріс жұмыскерлерінің тұрақты оқытылуы ұйымдастырылды
Өлім оқиғаларының алдын алу (NWRF)	Негізгі себептерді анықтау және профилактикалық шараларды әзірлеу мақсатында барлық медициналық оқыс жайттарға тергеп-тексеру жүргізілді. Есепті кезеңнің қорытындылары бойынша өндіріспен байланысты емес өлім-жітім коэффициенті бойынша нысаналы көрсеткіштің нақты мәні белгіленген 0,15 мақсатты көрсеткіш кезінде 0,06-ны құрады.
Өнеркәсіптік медицина жүйесін дамыту	Медициналық объектілерге толық аудит жүргізілді. Өндірістік алаңдардағы медициналық объектілердің құжаттамасы біріздендірілді. Медициналық қызметтерді сатып алу стратегиясын әзірлеуге кірістік
Инфекциялық қауіп-қатерлерге жауап қайтару	Эпидемиялар мен пандемиялар жағдайына арналған іс-қимыл жоспары әзірленіп, бақылауға алынды
Экстремалды жағдайларда жұмыскерлерді қорғау	Нысандарда жазғы кезеңде аптап ыстықтың әсерінен сақтану бойынша профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылды
Мердігерлердің медициналық қамтылуын бақылау	Ірі мердігер ұйымдарда мобильді жедел жәрдемнің және жабдықтың болуының шарттарға сәйкестігі тексерілді

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Кәсіби аурулардың профилактикасы және денсаулық сақтау


GRI 403-3, 403-6, 403-10

Компания өз жұмыскерлеріне әлеуметтік пакет аясында сауықтыру мен шипажайлық-курорттық емдеуді қоса алғанда, әлеуметтік бағдарламалардың кең ауқымын ұсынады. Бұдан бөлек, жұмыскерлер кәсіподақпен жасалған Ұжымдық шартта көзделген шипажайлық-курорттық сауықтырудың кеңейтілген бағдарламаларын пайдалана алады. Сондай-ақ жұмыскерлер үшін медициналық сақтандыру жүйесі қолжетімді.

Медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында Компания жұмыскерлердің денсаулығын сақтау бағытын белсенді дамытуды жалғастыруда. Есепті жылы ішкі басқару үдерістерін жетілдіру шеңберінде Өндірістік қауіпсіздік департаментіне денсаулық сақтау және өнеркәсіптік медицина бойынша функционал ауыстырылды.

Есепті жылы Компанияда нысандарды ауысым алдындағы электрондық медициналық қарап-тексеру жүйелерімен 100% техникалық жарақтандыру деңгейі сақталып тұрған, бұл емдеу шараларын өткізу жеделдігін және жұмыскерлердің денсаулық жағдайын бақылауды қамтамасыз етеді.

Компанияда Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік медицина саласындағы заңнамасының сақталуын және медициналық қызмет көрсету сапасын бақылауға арналған



Есепті жылы Компанияда нысандарды ауысым алдындағы электрондық медициналық қарап-тексеру жүйелерімен 100% техникалық жарақтандыру деңгейі сақталып тұрған, бұл емдеу шараларын өткізу жеделдігін және жұмыскерлердің денсаулық жағдайын бақылауды қамтамасыз етеді.

талаптардың толық тізімі қамтылған медициналық қызметтер аудиті бойынша «Чек-парақ» әрекет етуін жалғастыруда.

2025 жылы ЕТҰ-ны Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік медицина саласындағы заңнама талаптарының сақталуына және медициналық қызмет көрсету сапасына медициналық аудитпен 100% қамту жүргізілді. Аудит деректері бойынша көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасы 76,5%-ды құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 7,7%-ға жоғары.

2025 жылы жұмыскерлердің міндетті контингенттерін жыл сайынғы медициналық қарап-тексерумен қамту 97% - 100%-ды құрады. Кәсіби ауруларды есепке алу зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстармен айналысатын, жыл сайынғы міндетті медициналық қарап-тексеруден өтуі тиіс жұмыскерлерді қамтиды. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің тізбесіне сәйкес, медициналық ұйымдар мен кәсіби патология орталықтары ресми түрде растаған өткір және созылмалы аурулардың барлық түрлері есепке алынуға жатады. Компания жұмыскерлері арасында кәсіби аурулар анықталмаған. Анықталған жағдайлардың жоқтығы міндетті мерзімді медициналық қарап-тексерулердің нәтижелерімен және көрсетілген кезеңде медициналық мекемелерден шұғыл хабарламалардың түспеуімен расталады. Бұл ретте, Қазатомөнеркәсіп Компания тікелей жалдамаған, бірақ жұмысы және/немесе жұмыс орны Компания тарапынан бақыланатын жұмыскерлер арасында кәсіби ауруы бар жұмыскерлердің есебін жүргізбейді, бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

Кәсіби аурулардың алдын алу үшін өндірістік бақылау жүргізіледі, жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелері бойынша еңбек жағдайлары жақсартылады. Сонымен қатар, жыл сайынғы профилактикалық медициналық қарап-тексеру нәтижелері бойынша дәрігерлік комиссия қосымша тексеруден өту, амбулаториялық және стационарлық емделу, диспансерлеу, шипажайлық-курорттық сауықтыру және емдік-профилактикалық

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ерікті медициналық сақтандыру қызметтерін ұйымдастыру» атты стандарты енгізілді.

тамақтану бойынша ұсынымдар береді. Атом өнеркәсібі жұмыскерлерінің салалық кәсіподағымен әлеуметтік әріптестік шеңберінде жұмыскерлерге шипажайлық-курорттық сауықтыру және емдеу бағдарламалары ұсынылады.

Физикалық әл-ауқат және салауатты өмір салты бағдарламалары

Кәсіби аурулардың алдын алу және жұмыскерлердің денсаулығын нығайту мақсатында Компанияда салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға және мінез-құлықтық тәуекел факторларын төмендетуге бағытталған іс-шаралар жүйелі негізде іске асырылуда.

Компанияның тәсілі жұмыскерлерді медициналық қолдауды дамытуды, соның ішінде ерікті медициналық сақтандыру және кеңейтілген скринингтік бағдарламалары бар жыл сайынғы міндетті медициналық қарап-тексерулерді өткізуді қамтиды. 2025 жылы осы мақсаттарға 2,4 млрд теңге бағытталған.

Сонымен қатар, ауысым алдындағы медициналық қарап-тексерулерді цифрландыруды және өндірістік алаңдардағы медициналық инфрақұрылымды жетілдіруді қоса алғанда, өнеркәсіптік медицина жүйесі де дамып келеді.

Маңызды элементтердің бірі болып жұмыскерлерді физикалық белсенділік бағдарламаларына және денсаулықты қолдауға бағытталған корпоративтік бастамаларға қатыстыру, сондай-ақ вакцинацияны, санитариялық-ағарту жұмыстарын және денсаулық жағдайын өзін-өзі бақылау құралдарын дамытуды қамтитын профилактикалық іс-шараларды іске асыру табылады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

2025 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАРЫ

Іс-шара	Нәтиже
Жұқпалы аурулардың ықтимал эпидемиялары мен пандемияларына жауап қайтару жоспары әзірленді	Компанияның ықтимал эпидемияларға жауап қайтаруға дайындығы қамтамасыз етілді.
Салауатты өмір салты (СӨС) және денсаулық сақтау мәселелері бойынша әлеуметтік зерттеу жүргізілді: 5 915 қызметкер (жалпы санның 27%-ы) сұрастырылды	Қызметкерлердің тұрақты медициналық тексерілудің маңыздылығы, аурулардың алдын алу және салауатты өмір салтын ұстану туралы хабардарлық деңгейі анықталды, сондай-ақ негізгі қажеттіліктер мен проблемалы аймақтар айқындалды. Нәтижелер негізінде түзету іс-шаралары іске асырылды.
«Самұрық-Қазына» АҚ-пен өзара әрекеттесу шеңберінде «Қазатомөнеркәсіпте өнеркәсіптік медицинаны құру тәжірибесі» тақырыбында таныстырылым өткізілді	Компаниялар тобы ішінде Компанияның өнеркәсіптік медицина саласындағы сарапшы және көшбасшы ретіндегі мәртебесі бекітілді. Компанияның әлеуметтік тұрақтылыққа қосқан үлесі мен персоналға қамқорлығын көрсету арқылы ESG-стратегиясымен үйлесімділік қамтамасыз етілді.
Өндірістік фактормен байланысты емес өлім оқиғаларының алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп, іске асырылды	Шұғыл жауап қайтару шаралары енгізілді, өлім-жітім деңгейінің төмендеуі қамтамасыз етілді.
«Болашақ» халықаралық стипендиясы стипендиаттар қауымдастығының «Біліміміз – елімізге» еріктілер жобасының өкілдерімен бірлесіп, Түркістан облысы Созақ ауданының халқына кеңес беру үшін біліктілігі жоғары үздік дәрігерлердің келуі ұйымдастырылды	Қазатомөнеркәсіп мүдделері мен компания қызмет ететін аймақтардың әлеуметтік әл-ауқаты арасындағы теңгерім қамтамасыз етілді (жұмыскерлердің 80%-ы – Созақ ауданының тұрғындары). Халық үшін білікті медициналық көмектің қолжетімділігі арттырылды, ауруларды ерте анықтау деңгейі жақсартылды, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл нығайтылып, компанияға деген сенім деңгейі артты.
Жұмыскерлердің назарын қан айналымы жүйесі ауруларының өзекті мәселелеріне аудару және салауатты өмір салтын ұстану қажеттілігін еске салу мақсатында 29 қыркүйекте Дүниежүзілік жүрек күніне орайластырылған «Сау жүрек ырғағында» науқаны өткізілді.	Жүрек-қан тамырлары ауруларының мінез-құлықтық тәуекел факторларын төмендету: төмен физикалық белсенділік, темекі шегу, алкогольді шектен тыс тұтыну; Қан айналымы жүйесі ауруларынан орын алатын өлім оқиғаларын азайту; Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру, қызметкерлердің денсаулық мәселелеріндегі сауаттылығын арттыру; «Инкай» БК» ЖШС кенішінде Тайқоңыр ауылының тұрғындары үшін профилактикалық медициналық қарап-тексеру ұйымдастырылды.
7 сәуір — Дүниежүзілік денсаулық күні өткізілді	Салауатты өмір салтын насихаттау, төмен физикалық белсенділіктің, темекі шегудің профилактикасы, дұрыс тамақтану негіздерімен таныстыру. «Инкай» БК» ЖШС кенішінде келесі іс-шаралар ұйымдастырылды: - ҰӨА телімінің тұрағында жұмыскерлердің белсенді қатысуымен таңғы өндірістік жаттығу өткізу; - Ниет білдірушілердің барлығы кәсіпорынның медициналық пункттерінде артериялық қысымын, қант және холестерин деңгейін өлшете алған профилактикалық Денсаулық күнін ұйымдастыру.
Өндіруші ЕТҰ-да жергілікті бастамалар (кәсіби қарап-тексерулер, өндірістік жаттығулар, Денсаулық күні) іске асырылды	Профилактикалық іс-шаралардың қолжетімділігі мен жұмыскерлердің денсаулық көрсеткіштерін бақылау деңгейі арттырылды.
Физикалық белсенділік пен спортты дамытудың корпоративтік бағдарламасы іске асырылды (Kazatomprom Марафоны, XXIV Спартакиада, «NOMAD TIME – Kazatomprom», корпоративтік турнирлер)	Жұмыскерлердің физикалық белсенділігі мен қатысу деңгейі арттырылды
Аурулардың алдын алу бағдарламалары іске асырылды (вакциналау, ЖРВИ профилактикасы, өзін-өзі бақылау санитарлық посттары)	Аурулардың тәуекел факторлары төмендетілді, денсаулықты өзін-өзі бақылау мәдениеті арттырылды.
Салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша корпоративтік бастамалар өткізілді (өндірістік гимнастика челлендждері, оқыту вебинарлары)	Жұмыскерлерде салауатты өмір салты дағдылары қалыптастырылды.
«КАТКО» БК» ЖШС аумағында ҚАӨ ЕТҰ үшін «Қазатомөнеркәсіптің өндірістік кәсіпорындарында тиімді медициналық көмекті ұйымдастыру» атты медициналық қоғамдастықтың 4-ші форумы өткізілді.	ЕТҰ-да өнеркәсіптік медицина бойынша үдерістерді құру. Үздік озық тәжірибелермен танысу. Медициналық клиникалардың қызметімен, жабдықталғандығымен және медициналық көмек көрсетуге дайындығымен танысу. Медицина мамандары арасында тәжірибе алмасу.
ЕМС-ті жетілдіру бойынша іс-шаралар іске асырылды (жаңа әдіснама, қызметкерлер құрамы үшін ақпараттық сессиялар өткізілді)	Жұмыскерлер үшін медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасы арттырылды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

«Инкай» БК» ЖШС

- Өндірістік қауіпсіздік деңгейін арттыру және төтенше жағдайларда жедел жауап қайтару іс-шаралары аясында алғашқы медициналық көмек көрсетуге және зардап шеккендерді эвакуациялауға арналған, медициналық жабдықпен толығымен жарақтандырылған Hyundai Staria автомобилі сатып алынды.
- Бұған қоса, ауысым алдындағы электрондық медициналық қарап-тексеру жүйесінің (ЭМҚЖ) 2 бірлігі сатып алынып, орнатылды.



Кәсіпорындардағы медициналық инфрақұрылым

ЕТҰ-ның медициналық нысандары жұмыскерлерге медициналық қызмет көрсетудің қажетті деңгейін қамтамасыз ететін материалдық-техникалық базасы бар бірыңғай жүйені құрайды.

Барлық медициналық пункттер дефибрилляторлармен, ЭКГ аппараттарымен және басқа да қажетті жабдықпен жарақтандырылған. Сондай-ақ медициналық нысандар жедел жауап қайтару үшін жедел жәрдем автомобильдерімен қамтамасыз етілген.

Компанияда 63 медициналық нысан, соның ішінде дәрігерлік және фельдшерлік пункттер, сондай-ақ медициналық кабинеттер жұмыс істейді. Оларда 44 штаттық үйлестіруші мен 191 медицина меткері еңбек етеді, олардың ішінде:

30 дәрігер

146 фельдшер

15 орта буын медициналық қызметкері бар



Компанияда жұмыскерлерді медициналық қолдау жүйесін жетілдіруге бағытталған білім беру және ғылыми-практикалық бастамалар белсенді дамып келуде. Осы іс-шаралар аясында:

- Ғалымдар мен жетекші сарапшылардың қатысуымен Қазатомөнеркәсіп медициналық қоғамдастығының форумдары ұйымдастырылды;
- Шалғайдағы өндірістік нысандарда тиімді медициналық көмекті ұйымдастыру бойынша шеберлік сыныбы өткізілді;
- Шұғыл медициналық әрекет ету жоспарларына тестілеу жүргізілді, сондай-ақ өткір жағдайдағы жұмыскерлерге медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру механизмдері пысықталды.

2026 жылға арналған жоспарлар

- Еншілес және тәуелді ұйымдардың (ЕТҰ) медициналық қоғамдастығын үздік тәжірибелерге сәйкес дамыту;
- «Медициналық қызметтер» сатып алу - санаттық стратегиясын әзірлеу және енгізу;
- «Well-being Week» әл-ауқат апталығын өткізу;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ өндірістік кәсіпорындарында салауатты өмір салтын қалыптастыру бағдарламаларын насихаттау мақсатында тақырыптық форум өткізу;
- Республикалық конкурстарға, форумдарға, конференцияларға қатысу арқылы компания брендін ілгерілету, қызметкерлер құрамының денсаулығын сақтау жөніндегі іс-шараларда беделді арттыру.

3 ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ

Жұмыскерлерді алғашқы көмек көрсетуге дайындау

Денсаулық сақтаудың аса маңызды бағыты — қызметкерлер құрамының төтенше жағдайларда алғашқы көмек көрсетуге дайындығын арттыру. Міндетті оқыту шеңберінде Американдық кардиологиялық қауымдастық (АНА) сертификаттаған халықаралық деңгейдегі 30 ішкі жаттықтырушы даярланды.

Алғашқы көмек көрсету дағдыларын оқыту бойынша ішкі жаттықтырушылықты дамыту

- Есепті жылы алғашқы көмек көрсету дағдыларына міндетті оқытуға жататын жұмыскерлердің 100% қамтылуы қамтамасыз етілді.
- Жұмыскерлердің жүрек-өкпе реанимациясын дер кезінде жүргізуінің арқасында жүрегі тоқтап қалған «Qorgan Security» ЖШС қызметкерінің өмірі сақталып қалды.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

ЕҚ және ӨҚ саласында жұмыскерлерді оқыту және қатыстыру

GRI 403-5 SASB EM-MM-320A.1.

Компанияда өндірістік қауіпсіздік саласындағы жұмыскерлердің құзыреттілігін арттыруға бағытталған оқыту жүйесі әрекет етеді. 2025 жылы еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы саласында жұмыскерлерді оқытудың жалпы сағат саны 494 755 сағатты құрады.

ЕҚ ЖӘНЕ ӨҚ САЛАСЫНДА ОҚУДАН ӨТКЕН ЖҰМЫСКЕРЛЕР, адам

Бағыт	2023	2024	2025
Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	8 542	9 310	9 108
Өрт қауіпсіздігі	7 637	7 405	4 737
Өнеркәсіптік қауіпсіздік	16 434	14 240	17 392
Қауіпсіздік мәдениеті	20 716	17 263	14 313
Басқасы (ISO 45001:2018 және т.б.)	10 134	6 775	7 181

- **Компанияда ЕТҰ-ның бастауыш кәсіподақ ұйымдарының Төрағаларына арналған ««Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тағы қауіпсіздік мәдениеті» тақырыбындағы семинар өткізілді.**
- **Компанияның ЕТҰ техникалық инспекторлары үшін «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті»; «Өндірістік қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді басқару»; «Өндірістегі қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі жұмыскер өкілінің рөлі» тақырыптарындағы семинар өткізілді.**

Бұдан бөлек, Компанияның барлық кәсіпорындарында еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқамалықтар тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Олар біліміне, жұмыс өтіліне және атқаратын лауазымына қарамастан барлық жұмыскерлер үшін міндетті болып табылады. Нұсқамалықтарды еңбекті қорғау жөніндегі мамандар нормативтік талаптарды, стандарттарды және жұмыстарды қауіпсіз орындау ережелерін қамтитын бекітілген бағдарлама негізінде өткізеді. Жұмыскерлердің жайлылығы үшін нұсқамалықтары бар бейнероликтер де қолжетімді.

Қазатомөнеркәсіп өз жұмыскерлері үшін ЕҚ және ӨҚ саласында оқыту курстарын тұрақты түрде ұйымдастырып тұрады. Оқыту міндетті және қосымша курстарға бөлінеді:

- **Міндетті курстар** Қазақстан Республикасының заңнамасында ескерілген, өнеркәсіптік қауіпсіздікті, еңбекті қорғауды, радиациялық және ядролық қауіпсіздікті қамтитын бағдарламалардан тұрады;
- **Қосымша курстар** қауіпсіздік мәдениетін, көшбасшылық қасиеттерді дамытуға және ЕҚ пен ӨҚ саласындағы жауапкершілікті сезінуге бағытталған. Оларды таңдау Компанияның өндірістік қауіпсіздік саласындағы жұмысын талдау негізінде жүзеге асырылады, және қауіпсіздік мәдениетін нығайтуға әрі үздік халықаралық тәжірибелерді енгізуге бағытталған.

17 397 жұмыскерлер

өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында оқудан өтті

Оқу бағдарламаларын іске асыру үшін Қазатомөнеркәсіп Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес барлық қажетті лицензиялары, аттестаттары мен сертификаттары бар білікті сарапшылар мен мамандандырылған ұйымдарды тартады.

Оқыту бағдарламалары мен тренингтердің тиімділігін бақылау меңгерілген білімді тестілер мен емтихандар арқылы кейіннен тексеру арқылы жүзеге асырылады.

Мердігер ұйымдардағы еңбекті қорғауды басқару

GRI 403-7, 403-9

- Қазатомөнеркәсіп өз жұмыскерлері мен мердігерлерін бақылау арқылы өндірістік қауіпсіздік стандарттарының сақталуына кепілдік береді. Мердігер ұйымдардың өндірістік қауіпсіздік аспектілеріндегі жұмысы «Өндірістік қауіпсіздікті басқарудың бірыңғай жүйесі» стандартымен, атап айтқанда 10.3 «Мердігер ұйымдарды басқару» бөлімімен реттеледі.
- Қазатомөнеркәсіптің барлық жұмыскерлері өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесіне енгізілген. Компания штаттан тыс жұмыскерлер арасындағы жазатайым оқиғалардың есебін жүргізеді, сондай-ақ мердігер ұйымдардың қызметкерлері арасындағы жарақаттану жағдайларын тіркейді.
- Қазатомөнеркәсіп барлық мердігерлер, сондай-ақ тауарлар мен қызметтерді жеткізушілер үшін орындалуы міндетті бірыңғай қауіпсіздік нормаларын белгілейді. Шарттарға қол қойылғанға дейін Компания әлеуетті контрагенттердің осы талаптарға қаншалықты сәйкес келетінін бағалайды. Тәуекелдерді талдау және қауіпсіздік бойынша оқытуды жоспарлаған кезде контрагенттерде орын алған жазатайым оқиғалар да есепке алынады. Мердігерлердің еңбекті қорғау саласындағы қызметіне талдауды Өндірістік қауіпсіздік департаменті жүргізеді. Қауіпсіздік стандарттарына сәйкестікті тексеруге арналған тұрақты инспекцияларды Компанияның ЕТҰ өндірістік қауіпсіздік қызметтері жүзеге асырады. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Өндірістік қауіпсіздік департаменті тарапынан да мердігер ұйымдарға аудит жүргізіліп тұрады. Мердігер ұйымдармен байланысты барлық оқиғалар тіркеледі, мұқият тергеп-тексеріледі және еңбек ұжымдарымен талқыланады.
- Қазатомөнеркәсіп мердігер ұйымдардың жұмыскерлері үшін өндірістік қауіпсіздік саласында оқыту өткізеді, сондай-ақ оларды өндірістік қауіпсіздік бойынша мерзімді кеңестерге қатысуға шақырады.
- Сонымен қатар, Қазатомөнеркәсіп кәсіпорындарда жұмыс басталғанға дейін мердігер ұйымдармен бастапқы кеңестер өткізеді және тоқсанына бір рет Компания ЕТҰ-ның бірінші басшыларының қатысуымен мердігер ұйымдар өкілдерімен өндірістік қауіпсіздік саласындағы тақырыптық кеңестер ұйымдастырады.

2025 жылы мердігерлік ұйымда 1 жазатайым оқиға тіркелді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Ядролық қауіпсіздік

EM-MM-150A.10

Ядролық материалдарды пайдаланатын компаниялар бөлінетін материалдармен жұмыс істеу кезінде ядролық қауіпсіздік саласындағы барлық белгіленген нормалардың, нұсқаулықтардың, ережелер мен технологиялық рәсімдердің сақталуын қатаң қадағалайды. Компанияның екі ЕТҰ-да – «ҮМЗ» АҚ пен «Үлбі-ЖБҚ» ЖШС-те радиациялық қауіптіліктің үшінші санатына жататын ядролық қондырғылар бар. Ядролық қауіпсіздікке кепілдік беру үшін ядролық тәуекелдер тұрғысынан әлеуетті қауіпті учаскелер мен жабдықта ядролық қауіпсіздік нормалары мен талаптарының сақталуына тексеру жүргізіледі, сондай-ақ ядролық материалдарды түгендеу жүзеге асырылады. 2025 жылы «ҮМЗ» АҚ пен «Үлбі-ЖБҚ» ЖШС-нің бас физик қызметтері ядролық және радиациялық қауіпсіздік деңгейін бақылау және арттыру шеңберінде келесі іс-шараларды жүзеге асырған:

- Бөлімше мамандары арасында ядролық қауіпсіздік бойынша білім тексерісі;
- Кәсіпорындарда ядролық бөлінетін материалдармен жұмыстарды қадағалау және бақылау;
- Барлық ядролық қауіпті учаскелерде өзін-өзі қолдайтын тізбекті ядролық реакцияның басталуы туралы апаттық құлақтандыру жүйелерінің сигналдарына жауап қайтару бойынша қызметкерлер құрамы мен қызметтердің апатқа қарсы жаттығуларын өткізу.

Қабылданған шаралардың тиімділігі есепті жыл бойы оқыс жайттар мен апаттардың жоқтығымен расталады.

Қазатомөнеркәсіптің ядролық қаруды таратпау саласындағы халықаралық міндеттемелерді орындауын бақылауды Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық қадағалау мен бақылау комитеті жүзеге асырады. 2025 жылы бұзушылықтар анықталған жоқ.

Қазақстан Республикасы мен АЭХА арасында жасалған АЭХА кепілдіктерін қолдану туралы келісім шеңберінде үш уран өндіруші ЕТҰ кеніштерінде, «ҮМЗ» АҚ пен «Үлбі-ЖБҚ» ЖШС-те АЭХА-ның қосымша қол жеткізулері мен инспекциялары жүргізілді. Тексеру нәтижелері бойынша мәлімделмеген қызмет түрлері мен ядролық материалдар анықталмаған, бұл Компанияның барлық міндеттемелерді сақтайтынын растайды.

Радиациялық қауіпсіздік

Қоғам өндірістік қызметті жүзеге асыру кезінде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне басым назар аударады. Белгіленген нормативтердің асып кетуіне жол бермеу және радиациялық қауіпті факторлардың қызметкерлер құрамы мен қоршаған ортаға әсерін барынша азайту мақсатында Еншілес, тәуелді және бірлескен ұйымдарда өндірістік радиациялық бақылау жүйесі әрекет етеді. Кәсіпорын жұмыскерлерін де, иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істеуге тартылатын мердігер ұйымдардың қызметкерлерін де қоса алғанда, қызметкерлер құрамына тұрақты негізде жеке дозиметрлік бақылау жүргізіледі.

2025 жылы жұмыс орындарындағы, үй-жайлардағы, кәсіпорын аумақтарындағы және радиация деңгейі бақыланатын аймақтардағы радиациялық жағдайға тұрақты бақылау жүзеге асырылған.

Тіркелген барлық радиациялық параметрлер белгіленген шектер мен бақылау деңгейлері шеңберінде қалып отыр, және 2024 жылмен салыстырғанда ауытқулар байқалған жоқ.

Компания кәсіпорындарында 2025 жыл ішінде радиациялық апаттар мен оқыс жайттар орын алмаған. Жылдық сәулелену дозаларының бақылау деңгейінен асып кету жағдайлары да анықталмаған.

Қазатомөнеркәсіп АЭХА Бас конференциясының 69-шы сессиясына қатысты

- 2025 жылғы қыркүйекте Қазатомөнеркәсіп Австрияда, Вена қаласында өткен Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (АЭХА) Бас конференциясының 69-шы сессиясына қатысты. Іс-шара дәстүрлі түрде атом энергетикасын дамытудың өзекті мәселелерін талқылауға, үздік тәжірибелермен алмасуға және ядролық қауіпсіздік пен атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға арналған негізгі жаһандық алаңдардың бірі болып табылады.
- Конференция аясында Қазақстан өкілдері іскерлік бағдарламаға және Бас конференцияның іс-шараларына қатысып, онда ұлттық атом саласының жетістіктері мен ядролық энергетиканы тұрақты және қауіпсіз дамыту саласындағы іске асырылып жатқан жобалардың нәтижелерін таныстырды. Компанияның іс-шараға қатысуы уран өндіру саласындағы қызметті жауапты және қауіпсіз жүргізудің маңыздылығына, сондай-ақ Қазақстанның жаһандық ядролық отын циклін дамытуға және энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосатын үлесіне ерекше көңіл аударады.
- Бұдан бөлек, Қазатомөнеркәсіп өкілдері ядролық отын циклінің бастапқы кезеңдерінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне арналған «Уран өндіруші кәсіпорынның өмірлік цикліндегі өндірістік қауіпсіздік аспектілері» атты вебинарды қоса алғанда, АЭХА сарапшылық іс-шараларына қатысты.
- АЭХА іс-шараларына қатысу халықаралық диалогты нығайтуға, тәжірибе алмасуға және атом энергетикасын қауіпсіз әрі тұрақты дамыту саласындағы үздік тәжірибелерді ілгерілетуге себептеседі.



2025 жылғы көрсеткіштер

- 2025 жылы қызметкерлер құрамына түсетін радиациялық әсердің орташа дозасы, жылына 0,62-ден 1,12 мЗв дейінгі аралықтағы табиғи радиациялық фонды қоса алғанда, жылына 1,44 мЗв құрады.
- Қызметкерлер құрамы арасындағы барынша көп жылдық тиімді сәулелену дозасы жылына 7,29 мЗв болды, бұл рұқсат етілген жылына 20 мЗв шегінің 36%-ынан аспайды.
- Мамандандырылған киімді қатерсіздендірумен, өндірістік үй-жайларды тазалаумен және дайын өнім қаптамаларын дайындаумен айналысатын мердігер ұйымдардың жұмыскерлеріне түсетін радиациялық әсердің орташа дозасы жылына 0,57 мЗв құрады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Радиациялық қауіпсіздік деңгейін арттыру және жұмыскерлерді қорғау үшін радиациялық жағдайды оңтайландыру бойынша келесі іс-шаралар жүйелі түрде жүргізіліп тұрады:

- үй-жайлардағы жөндеу жұмыстары және желдету жабдығының тиімділігін тексеру;
- радиациялық мониторингке арналған аппаратураны жөндеу, уақтылы тексеру және сатып алу;
- «радиациялық қауіпсіздік және қорғау» курсы бойынша оқыту, нұсқамалықтар өткізу және қызметкерлер құрамының радиациялық қауіпсіздік саласындағы білімін тексеру;
- атом энергиясын пайдалану жөніндегі уәкілетті органда жауапты тұлғаларды аттестаттау;
- атом энергиясын пайдалану саласындағы лицензиаттарға қойылатын біліктілік талаптарындағы өзгерістерді талдау және анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша жұмыс жүргізілді.

2025 жылы атом энергиясын пайдалану саласындағы өзекті талаптарға сәйкес келу үшін:

- әрбір ЕТҰ деңгейінде атом энергиясын пайдалану саласындағы біліктілік талаптарының өзгерістеріне талдау жүргізілді, талаптарға сәйкес келтіру бойынша іс-шаралар атқарылды;
- табиғи уран концентраттарын өткізу кезінде радиациялық қауіпсіздік мәселелерін реттейтін ішкі құжаттар әзірленіп, атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органмен келісілді.

2026 жылға арналған жоспарлар

- Қызметкерлер құрамының сәулелену дозаларын талдау;
- ЕТҰ қызметкерлер құрамының біліктілігін арттыру;
- Корпоративтік стандарттарды өзектендіру;
- ЕТҰ-ның радиациялық қауіпсіздік қызметтерінің мамандарымен көшпелі семинар өткізу.

Төтенше жағдайларға дайындық

SASB EM-MM-320A.1.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларға дайын болу Компания қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады.

Дағдарыстық жағдайлардың алдын алу және төтенше жағдайларға тиімді жауап қайтару үшін өртке қарсы қорғаныс, табиғи және техногендік апаттардың алдын алу жүйелері енгізілді.

Компанияда оның шеңберінде уәкілетті мемлекеттік орган Компанияның барлық нысандарында «Өртті сөндірудің жедел жоспарларын» бекіткен Төтенше жағдайлардың алдын алу және олар кезіндегі іс-қимылдар жөніндегі ұзақ мерзімді бағдарлама әрекет етеді.

2025 жылы Компания төтенше жағдайлардың алдын алу бағдарламаларына инвестицияларды айтарлықтай ұлғайтып, өрттердің алдын алуға және дағдарыстық жағдайларды болдырмауға 2,12 млрд теңге бағыттады, бұл өткен жылғы деңгейден (1,85 млрд теңге) 14,6%-ға жоғары.

2025 жылы «KATKO» БК» ЖШС төтенше жағдайларға жауап қайтару шараларын әзірлеуге және дамытуға қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасы Құтқару қызметтері қауымдастығының марапатына ие болды.



Төтенше жағдайларға дайындыққа талдау жүргізіліп, ықтимал ірі апаттарды немесе төтенше жағдайларды жою бойынша жұмыстарды жүргізу үшін материалдық және қаржылық ресурстардың болуы қамсыздандырылады. Уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп оқу-жаттығу іс-шаралары өткізіледі, сондай-ақ республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуларға қатысу қамтамасыз етіледі.

Бұған қосымша, апаттық-құтқару және кәсіби өртке қарсы қызметтерінің қызмет көрсету саласындағы мердігер ұйымдардың талаптарға сәйкестігі мен төтенше жағдайларға жауап қайтару дайындығына тексеру жүргізіледі.

2025 ЖЫЛЫ ТЖ-НІ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ДАЙЫНДЫҚ МАҚСАТЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАР

Іс-шара	Нәтиже
ЕТҰ кәсіпорындарында және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ әкімшілік ғимаратында АҚ өкілдерінің қатысуымен адамдарды эвакуациялау және шартты өртті өшіру бойынша өрт-тактикалық сабақтар өткізілді	ТЖ-ға жауап қайтару дайындығының деңгейі және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл сапасы арттырылды
Өрттер мен жанулардың алдын алу шеңберінде бүкіл автокөліктің техникалық жай-күйіне маусымдық тексерулер жүргізілді	Бұзушылықтарды ерте анықтау және өрттер мен жанулардың туындау ықтималдығының төмендетілуі
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ әкімшілік ғимаратында өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына техникалық куәландыру жүргізілді	Ескерту жүйелері жұмысының үздіксіздігін қамтамасыз ету, өрт және жану тәуекелдерін төмендету
Су тасқынына қарсы іс-шаралар орындалды	Өндірістік қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету, бос тұрып қалу тәуекелдерін төмендету

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Қызметкерлер құрамын басқару

2025 жылдағы басты оқиғалар

- Халықаралық ANCOR компаниясының жұмыс берушілерге жүргізген тәуелсіз зерттеуінің қорытындысы бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ тау-кен металлургия кешені кәсіпорындары арасында үздік жұмыс берушілер рейтингін бастап, Қазақстан Республикасының үздік жұмыс берушілері арасында құрметті 3-орынға ие болды;
- «IZBASAR» бағдарламасы Level Up номинациясы бойынша жеңімпаз атанып, WOW! HR Central Asia 2025 бизнес-сыйлығында көрермендер көзайымы жүлдесін иеленді;
- «Самұрық-Қазына» АҚ ұйымдастырған «HR бренд 2025» байқауының қорытындысы бойынша Atom IQ білім беру бағдарламасы жобасымен «Жылдың HR серпілісі» номинациясындағы жеңіс;
- Қоғам әлеуметтік жауапкершілік саласындағы стандартты енгізгені және дамытқаны үшін «Самұрық-Қазына» АҚ марапатына ие болды;
- The Talentist зерттеуінің нәтижелері бойынша Қазақстандағы ең тартымды жұмыс берушілер тізіміндегі 3-орын.

Құжаттар

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың 2023–2028 жылдарға арналған кадр саясаты;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың кешенді білім беру бағдарламасы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың жұмыс беруші мен жұмыскерлер арасындағы ұжымдық шарты;
- Жұмыскерлеріне сыйақы берудің үлгілік қағидалары;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың бос лауазымдарға конкурстық іріктеу қағидалары;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың әдеп және комплаенс кодексі;
- Дарындарды және сабақтастықты басқару бойынша үлгілік қағидалар;
- «Самұрық-Қазына» АҚ тобының адам ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандарты.

2025 жылғы негізгі көрсеткіштер

0,4

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРАМЫНЫҢ ТҰРАҚТАМАУЫН ТӨМЕНДЕТУ

2,27%

ЖҰМЫСКЕРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР САНЫНЫҢ ӨСУІ

(өткен жылмен салыстырғанда)

80%

SAMRUK RESEARCH SERVICES ЗЕРТТЕУІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ

KAZATOMPROM
NATIONAL ATOMIC COMPANY

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Басқару тәсілі

GRI 3-3

Адамдар – Компанияның негізгі активі және тұрақты дамуының негізі. Қазатомөнеркәсіп жұмыскерлердің кәсіби өсуіне, ұжымда ашық және сенімді қарым-қатынастардың дамуына ықпал ететін жұмыс ортасын қалыптастыруды, сондай-ақ жұмыскерлердің әлеуметтік әл-ауқаты үшін жағдай жасауды дәйекті түрде жүзеге асырып келеді. Компанияның корпоративтік мәдениеті сенім, ашықтық және өзара құрмет қағидаттарына негізделген және қауіпсіздік мәдениетін нығайтуға, клиентке бағдарлануды, инновацияларды және үздіксіз жетілуді дамытуға, сондай-ақ тиімді өзара іс-қимылды және корпоративтік басқарудың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазатомөнеркәсіп бәсекеге қабілетті сыйақы жүйесі, тарту мен бейімдеудің заманауи механизмдері, сондай-ақ цифрлық платформалар мен тәлімгерлік бағдарламалары арқылы жұмыскерлерді дамыту кіретін адам капиталын басқарудың кешенді жүйесін құруда. Қазатомөнеркәсіптің кадр саясаты адам капиталының құнын арттыруға бағдарланған, білікті, құзыретті және уәждемесі жоғары қызметкерлер құрамына деген қажеттілікті қанағаттандыруға, сондай-ақ қызметкерлер құрамы үшін қажетті еңбек жағдайлары мен қолайлы орта жасауға бағытталған. Басқарушылық дағдылар, кросс-функционалдық өзара іс-қимыл және бейімделгіштік сияқты негізгі құзыреттерді дамыту стратегиялық бағытқа айналуда.

Қазатомөнеркәсіптің кадрларды ұстап қалуға және олардың тұрақтамауын төмендетуге бағытталған кадр саясатының негізгі бағыттары:

- Қызметкерлер құрамының біліктілігі мен құзыреттілік деңгейін тұрақты арттыру үдерісін ұйымдастыру;
- Әділ еңбекақы төлеу және уәждеме жүйесі;
- Компанияның саладағы көшбасшылық позицияларын сақтауға бағытталған корпоративтік мәдениетті дамыту;
- Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету және қызметкерлер құрамының әл-ауқат деңгейін арттыру.

ESG-ге бағдарланған HR-бастамаларды енгізу бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін күшейтеді. Корпоративтік еріктілік бағдарламалары, білім беру бастамалары және кәсіби өсу мүмкіндіктерін кеңейту корпоративтік мәдениет пен әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға себептеседі.

Компаниядағы HR функциясы тек қызметкерлер құрамын басқарып қана қоймай, сонымен қатар HR-талдамды, еңбек нарығындағы өзгерістерге бейімделу механизмдерін біріктіретін және Компанияның ЕТҰ арасында үздік тәжірибелермен алмасуға арналған бірлескен



алаңды ұйымдастыратын стратегиялық бизнес-үдерістер аясында дамып келеді. Мұндай тәсіл жоғары операциялық тиімділікті қамтамасыз етеді, кадрлардың тұрақтамауын төмендетеді және Компанияның ұзақ мерзімді бәсекелестік артықшылығын қалыптастырады.

Осылайша, Компания адам капиталын стратегиялық басқаруды еңбек нарығының жаңа сын-қатерлеріне бейімделу икемділігімен сәтті ұштастырып, жұмыскерлерді жайлы жұмыс ортасымен, кәсіби өсу мүмкіндіктерімен және тұрақты даму келешегімен қамтамасыз етеді.

GRI 2-13

Директорлар кеңесі Компанияның Кадр саясатын бекітеді және қызметкерлер құрамын басқару саласындағы стратегиялық мақсаттардың іске асырылуына бақылау жасайды. Компанияның кадр саясатын енгізудің тиімділігіне және қызметкерлер құрамын басқару қызметінің жедел жұмысына HR департаменті мен Әлеуметтік жұмыс жөніндегі департамент жауапты болады. Компания ЕТҰ-ның HR-бөлімшелері қызметті үйлестіреді және кәсіпорындардың қызметкерлер құрамын жергілікті орындарда жедел басқаруды жүзеге асырады.

Есепті кезеңде ЕТҰ-ның вахталық кенттеріндегі жұмыскерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларына қойылатын бірыңғай талаптарды белгілейтін ««Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының вахталық кенттеріндегі әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар» атты Қоғам Стандарты бекітілді. Құжат санитариялық-гигиеналық жағдайлар, медициналық қызмет көрсету, тамақтандыруды ұйымдастыру, тұрмыстық қызмет көрсету, сондай-ақ жұмыскерлердің демалысы мен бос уақыты үшін жағдайлар бойынша ең төменгі міндетті талаптарды бекітті.

2025 жылы Қоғам ішкі аудиттердің қорытындысы бойынша бірқатар ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу, бекіту және өзектендіру бойынша жұмыс жүргізді. Есепті кезеңде:

- Басшы жұмыскерлерді оқыту және дамыту қағидалары бекітілді;
- Жұмыскерлерді оқыту және дамыту қағидалары өзектендірілді;
- Еншілес және тәуелді ұйымдарда дарындарды басқару және сабақтастық бойынша үлгілік қағидалар бекітілді;
- Еншілес және тәуелді ұйымдар жұмыскерлеріне сыйақы беру жөніндегі үлгілік қағидалар өзектендірілді;
- Аутстаффинг бойынша қызметкерлер құрамын тарту қағидалары өзектендірілді;
- Ауыстыруды ұйымдастыру және өткізу қағидалары өзектендірілді;
- Бос лауазымдарға конкурстық іріктеу қағидалары өзектендірілді;
- Еншілес және тәуелді ұйымдардың атқарушы органының басшысы лауазымына үміткерлерді іріктеу қағидалары өзектендірілді;
- Өтеулі қызмет көрсету шарттарын дайындау, жасасу және орындау тәртібі жөніндегі нұсқаулық өзектендірілді.

Бұдан басқа, 2025 жылы Әлеуметтік жұмыс жөніндегі департамент «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен ЕТҰ-ның әлеуметтік саясатындағы жүйелілікті және бірыңғай тәсілдерді арттыруға бағытталған өзгерістерді іске асырды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР



Қызметкерлер құрамының құрылымы

Қызметкерлер құрамы саны

2025 жылдың соңына қарай «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен ЕТҰ қызметкерлер құрамының жалпы саны 22 947 адамды құрады. Бұл көрсеткіш азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша қызмет көрсететін орындаушыларды және персоналды ұсыну бойынша қызмет көрсету шарты, яғни аутстаффинг, шеңберіндегі жұмыскерлерді есепке алмайды. Өндірістік объектілердегі жергілікті халықтан, яғни өңірлерден, тартылған жұмыскерлер саны 16 810 адамды құрады.

2025 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен ЕТҰ қызметкерлер құрамының саны 2024 жылмен салыстырғанда 3,49%-ға өсті. Қызметкерлер құрамы санының өсуі жекелеген ЕТҰ-да өндіріс көлемінің ұлғаюымен және жобалық қызметке жұмыскерлерді тартумен шартталған.

Біз өз жұмыскерлерімізбен ұзақ мерзімді қарым-қатынасты бағалаймыз, сондықтан олардың басым бөлігі ұзақ мерзімді шарттар бойынша жұмыс істейді (>95%), жұмыскерлердің шамамен 4%-ы мерзімді шарттар негізінде жұмысқа орналас-тырылған. Қазатомөнеркәсіп компа-ниялар тобындағы жұмыс-керлердің орташа еңбек өтілі 12 жылды құрайды.

GRI 2-7, SASB EM-MM-000.B

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРАМЫНЫҢ САНЫ, адам

Көрсеткіш	2025
Есепті кезеңнің соңындағы жұмыскерлердің тізімдік саны	22 947
АҚС шарттары бойынша орындаушылар мен аутстаффинг жұмыскерлерінің тізімдік саны	834
Жалпы саны (тізімдік саны, АҚС шарттары, аутстаффинг)	23 781

GRI 2-8

Жобалық және белгілі бір жұмыстарды орындау үшін Компания орындаушыларды АҚС және аутстаффинг шарттары шеңберінде тартады. Қызмет көрсететін орындаушылар мен белгілі бір жұмыстарды орындайтын, Компанияның жұмыскері болып табылмайтын қызметкерлер құрамының жалпы саны 834 адамды құрайды.

GRI 401-1

2025 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен ЕТҰ-ға 3 901 жаңа жұмыскер қабылданды, бұл 2024 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда шамалы ғана айырмашылықты көрсетеді. Компания қызметкерлер құрамын іздестіру мен іріктеуді меритократия нормаларын және барлық үміткерлер үшін олардың кәсіби талаптарға сәйкестігіне қарай қолжетімділік қағидатын сақтай отырып, автоматтандырылған жүйедегі түрлі ақпарат көздері арқылы жүзеге асырады. Үміткерлер тұрғылықты аймағына, жынысына, жасына және ұлтына қарамастан, тек білімі, біліктілігі және кәсіби дағдылары бойынша бағаланады.

2025 жылы Компания HR-рәсімдерді цифрландыру және стандарттау есебінен қызметкерлер құрамын іздеу, іріктеу және бейімдеу үдерістерінің сапасын арттыруды жалғастырды: Компанияда Samruk Qyzmet және Enbek.kz платформаларымен біріктірілген «HR-Recruiting» қызметкерлер құрамын іріктеудің автоматтандырылған жүйесі қолданылады, бұл үміткерлерді қамту аясын кеңейтуге және конкурстық іріктеудің ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді. Есепті жылы өнеркәсіптік пайдалануға берілуі 2026 жылдың 3-тоқсанына жоспарланған «HR-Recruiting 2.0» шешімін дамыту жұмыстары аяқталды.

Сонымен қатар бейімдеу (onboarding) жүйесі де дамытылған. Корпоративтік порталда құжаттарды рәсімдеуді, нұсқамалықтардан өтуді, мақсаттар қоюды және кері байланыс жинауды қоса алғанда, жұмыскерлерді лауазымға тағайындаудың бірыңғай цифрлық және стандартталған үдерісін қамтамасыз ететін «Жаңадан келгендерді бейімдеу» модулі әрекет етеді.

Бұған қоса, 2025 жылы негізгі ақпараттық жүйелермен жұмыс істеу бойынша «Электрондық гид» енгізілді, бұл жаңа қызметкерлердің бейімделуін жеделдетіп, HR және АТ-қолдау қызметтеріне түсетін жүктемені азайтты.

Есепті жылы жұмыскерлердің ішкі мобильділігін дамытуға басымдық беру жалғасты: 1 281 (33%) бос жұмыс орны ішкі кандидаттар есебінен жабылды, бұл Компания қызметкерлерінің кәсіби өсуі мен мансаптық даму мүмкіндіктерін кеңейтуге себептеседі. 2025 жылы жұмыскерлерді жалдауға жұмсалған шығындардың жалпы көлемі 485 667 мың теңгені құрады. Өндірістік объектілердегі жергілікті халықтан, яғни өңірлерден, тартылған жұмыскерлер саны 16 810 адамды құрады.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

GRI 2-7, 2-8, SASB EM-MM-000.B

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ТҮРІ БОЙЫНША ТІЗІМДІК САН, адам

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Ұзақ мерзімді шарт	**19 371**	**21 040**	**21 992**
- ерлер	16 188	17 635	18 482
- әйелдер	3 183	3 405	3 510
Мерзімдік шарт	**2 183**	**1 134**	**955**
- ерлер	1 664	799	640
- әйелдер	519	335	315
Жұмыспен толық қамтылу	**21 541**	**22 159**	**22 925**
- ерлер	17 841	18 422	19 109
- әйелдер	3 700	3 737	3 816
Жартылай жұмыспен қамтылу	**13**	**15**	**22**
- ерлер	10	12	13
- әйелдер	3	3	9
АҚС шарттары бойынша	**777**	**414**	**290**
Аутстаффинг шарты	**233**	**386**	**544**


Кадрлардың тұрақтамауы

GRI 401-1

2025 жылы 3 210 жұмыскермен еңбек шарты бұзылған. 2025 жылы барлық негіздер бойынша кадрлардың жалпы тұрақтамаушылық коэффициенті 14,2%-ды құрады, бұл іс жүзінде 2024 жылғы деңгейде (коэффициент 0,4%-ға төмендеді).

Бұл ретте жұмыскердің бастамасы бойынша кадрлардың тұрақтамауы 8,9%-ды құрады, бұл 14%-дан аспайтын нысаналы көрсеткіш шегінде қалып отыр.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ МЕНЕН ЕТҰ БОЙЫНША КАДРЛАР ТҰРАҚТАМАУЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ, %



Алуантүрлілік пен тең мүмкіндіктер

Тең мүмкіндіктер

GRI 405-1

Компания жынысына, жасына, ұлтына, физикалық және менталды ерекшеліктеріне қарамастан, жұмыскерлердің дамуы үшін жағдай жасап тұрады. Жұмысқа қабылдау мен мансаптық өсу кезінде кемсітушілікке жол берілмейді, басты назар құзыреттілік пен тәжірибеге аударылады.

Тең құқылылық қағидаттарының сақталуы кері байланыс арналары, соның ішінде бейесімді жедел желі арқылы бақыланады. Қазатомөнеркәсіптің бұл тәсілі өмір сүру сапасын жақсартуға, білімнің қолжетімділігіне және лайықты еңбек жағдайларын жасауға бағытталған БҰҰ-ның ТДМ-ға (3, 4, 8, 9, 10, 11) сәйкес келеді.

Гендерлік теңдік

Қызметкерлер құрамы құрылымында ер адамдардың басым болуы компанияның өндірістік қызметінің ерекшелігімен байланысты.

Бұл ретте Компания басқарушылық, инженерлік-техникалық және өндірістік қызмет бағыттарына әйелдердің қатысуын дәйекті түрде кеңейтіп келуде. 2025 жылы:

- Әйелдер жұмыскерлердің 16,7%-ын құрады;
- Ерлер мен әйелдердің базалық еңбекақысының арақатынасы – 1:0,84.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРАМЫНЫҢ ГЕНДЕРЛІК БӨЛІНІСТЕГІ ТІЗІМДІК САНЫ, адам

Көрсеткіш	2023		2024		2025	
	адам	%	адам	%	адам	%
Ерлер	17 851	82,8	18 434	83,1	19 122	83,3
Әйелдер	3 703	17,2	3 740	16,9	3 825	16,7

Компания гендерлік теңдікті ілгерілету, сондай-ақ әйелдер арасында көшбасшылық әлеуетті дамыту және болашақ әйел көшбасшыларды даярлау шеңберінде 2030 жылға қарай «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен ЕТҰ-ның басқару органдарының құрамындағы (директорлар кеңестеріндегі, байқаушы кеңестердегі және атқарушы органдардағы) әйелдер үлесін кезең-кезеңімен кемінде 30% деңгейіне дейін арттыруды жоспарлап отыр. 2025 жылдың соңына қарай бұл көрсеткіш 26,0%-ды құрады.

1:0,84

Ерлер мен әйелдердің базалық еңбекақысының арақатынасы

KAZATOMPROM NATIONAL ATOMIC COMPANY

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

8. ҚОСЫМШАЛАР

Әйелдер көшбасшылығын дамыту

2025 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен ЕТҰ әйелдер көшбасшылығын дамытуға бағытталған кешенді іс-шараларды іске асырды. Бастамалар корпоративтік орталықты да, ЕТҰ-ның өндірістік бөлімшелерін де қамтып, оқыту форматтарын, қоғамдастықтарды дамытуды және түрлі жас санаттарындағы жұмыскерлерді тартуға бағытталған практикалық іс-шараларды ұштастырды. 2025 жылдағы негізгі бастамалар:

- Шымкент қ. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та әйелдер көшбасшылығын дамыту» тақырыбындағы Workshop. Оған 53 әйел қызметкер қатысты, олардың 70%-ы – өндірістік қызметкерлер құрамы өкілдері. Іс-шара әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтуге және әйелдер қоғамдастықтарының өзара іс-қимылын дамытуға бағытталған;
- Түркістан қ. «Тең мүмкіндіктер. Ортақ нәтиже» гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі форум. Оған 250 қызметкер қатысты, оның 70%-ын өндірістік бөлімшелерде жұмыс істейтін әйелдер құрады. Форум тең мүмкіндіктер қағидаттарын ілгерілетуге және инклюзивті корпоративтік мәдениетті нығайтуға ықпал етті.

ЕТҰ деңгейінде әйелдер қауымдастығын қолдауға және өзара іс-қимыл сапасын арттыруға бағытталған қосымша бастамалар іске асырылды:

- «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС Бәйдібек би монументі саябағында әйелдер сенбілігін өткізді, оның аясында 70 қап қоқыс жиналып, шығарылды;
- «KATKO» БК» ЖШС психологтың қатысуымен және тәжірибе алмасумен вахталық әдіспен жұмыс істеу тақырыбында әйелдер қауымдастығының кездесуін ұйымдастырды;
- «KAP Technology» ЖШС әйелдер клубы мүшелерінің «АЛЖИР» мұражай-мемориалдық кешеніне сапарын ұйымдастырды;
- қаржылық сауаттылықты дамыту мақсатында оның аясында жеке қаржыны басқару бойынша кездесулер мен практикалық сессиялар өткізіліп тұратын KAPitalistka клубы құрылды;
- «KAP Logistics» ЖШС қоғамдастықтарды дамыту және байланыстарды нығайту элементі ретінде «Шабытты әйелдер ортасы» атты дөңгелек үстел өткізді;
- «ҮМЗ» АҚ «Әйелдерге қолайлы кәсіпорын» стандартын әзірлеуге қатысуды, сондай-ақ жұмысшы мамандығындағы әйелдерді тану бойынша бастамаларды қоса алғанда, жыл бойы «Amanat» партиясының Әйелдер қанатымен бірлескен жұмыс жүргізді.

2025 жылы әйелдер қауымдастығын дамыту және жұмыскерлердің әл-ауқатын қолдау шеңберіне бейінді мамандардың қатысуымен шеберлік сыныптарының, тренингтер мен вебинарлардың сериясы ұйымдастырылды. Іс-шаралардың тақырыптары өзін-өзі танытыру және келіссөздер жүргізу, эмоционалды зият, уәждеме және тәлімгерлік, жеке қаржы, арт-терапия, сондай-ақ тамақтану, репродуктивті денсаулық және әйелдердің жалпы әл-ауқаты мәселелерін қамтыды.

5 ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК

10 ТЕҢСІЗДІКТІ ҚЫСҚАРТУ

Өндірістік алаңдарда әйелдер үшін денсаулық сақтау мамандарымен жүйелі түрде кездесулер ұйымдастырылып тұрады.

GRI 401-3

Отбасыларды, аналық пен әкелікті қолдау

Компания белгілі бір санаттағы жұмыскерлерді: жалғыз басты ата-аналарды, көпбалалы отбасыларды, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарды қолдауға ерекше назар аударады. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен ЕТҰ-да толық және толық емес жұмыс күнімен қамтылған қызметкерлер құрамына бірыңғай тәсіл қолданылады.

Әлеуметтік қамсыздандыру шеңберінде жалғыз басты ата-аналарға және үш немесе одан да көп баласы бар (жасы 12-ге дейінгі) аналарға қосымша демалыстар беріледі. Көпбалалы отбасылар мен мүгедектігі бар балалары бар (жасы 18-ге дейінгі) отбасыларға материалдық қолдау көрсетіледі.

Мысалы, 2025 жылы:

- бала күтімі бойынша демалысты 250 жұмыскер пайдаланды, соның ішінде – 206 әйел және 44 ерадам;
- жұмыскерлерді сақтау деңгейі әйелдер арасында 65%-ды, ал ерлер арасында 67%-ды құрады.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР



ОТБАСЫЛАРДЫ ҚОЛДАУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ БАСТАМАЛАР, АНАЛЫҚ МЕН ӘКЕЛІКТІ ҚОЛДАУ:

Atom IQ білім беру бағдарламасы	Жұмыскерлердің отбасыларын қолдау мақсатында ЕТҰ жұмыскерлерінің балаларына бағытталған және өскелең ұрпақты дамытуды көздейтін Atom IQ білім беру бағдарламасы іске асырылды. Іріктеу конкурсына барлық ЕТҰ-дан 723 бала қатысқан, соның ішінде 102 қатысушы Щучинск қ. «IQanat High School of Burabay» мектебінің базасында жазғы лагерьде оқудан өтті. Бағдарлама сыни ойлауды дамытуға, ой-өрісті кеңейтуге және өз күшіне деген сенімділікті қалыптастыруға бағытталған, сондай-ақ жобалық менеджмент, қаржылық сауаттылық, жасанды зият, медиатехнологиялар және көшбасшылық бойынша тәжірибелік сабақтарды қамтиды.
Жұмыскерлердің балалары арасындағы сурет байқауы	Жұмысшы мамандықтар жылы аясында атом саласы мамандықтарын танымал ету және балалардың шығармашылық әлеуетін ашу мақсатында жұмыскерлердің балалары арасында «Атомшы мамандығы» атты сурет байқауы ұйымдастырылды. Байқауға 53 бала қатысып, жеңімпаздар сыйлықтармен марапатталды. Сондай-ақ еңбек әулеттерінің дәстүрлерін сақтауға, жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға және отбасылық еңбек жетістіктерін насихаттауға бағытталған «Еңбек әулеті» байқауы өткізілді. «Инкай» БК» ЖШС-те Балаларды қорғау күніне орай жұмыскерлердің балалары арасында өндірістік қауіпсіздік тақырыбында,ы балалар суреттерінің байқауы өткізілді.
Отбасылық эко-фестиваль	31 мамырда Балаларды қорғау күніне орай отбасылық фестиваль форматындағы корпоративтік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шара орнықты өмір салтына, экология мен табиғатқа арналды. Балалар мен ересектерді қоршаған ортаға ұқыпты қарауға ойын түрінде үйрету үшін шеберлік сыныптары мен шығармашылық белсенділіктер ұйымдастырылды.
Отбасылық құндылықтар мен корпоративтік мәдениетті қолдау	Отбасылық құндылықтарды нығайту және корпоративтік мәдениетті дамыту жөніндегі бастамалар аясында ұжымдармен кездесулер мен тақырыптық іс-шаралар өткізіледі. Мысалы, «KAP Logistics» ЖШС-те «ОААБ» филиалында отбасылық және рухани-адамгершілік құндылықтарды дәріптеуге және ұлттық дәстүрлерді сақтауға бағытталған «Тұсаукесер» ұлттық рәсімі өткізілген өндіріс жөніндегі директордың орынбасарының қатысуымен ұжыммен кездесу өтті.
Жұмыскерлердің балаларын қолдау	Жұмыскерлердің отбасыларын қолдау бағдарламалары аясында қызметкерлер балаларының жазғы демалысы ұйымдастырылады. Мысалы, «ОААБ» және «Шиелі-Сұңқар» филиалдары жұмыскерлерінің 292 баласы жазғы лагерьлерге қатысты. Сонымен қатар, «ОТХК» БК» ЖШС-те жазғы кезеңде пайдалы әрі қызықты бос уақыт өткізу үшін жағдай жасау мақсатында Шымкент қаласындағы «Алан» мектебінің базасында қызметкерлердің балаларына арналған жазғы лагерь ұйымдастырылды.
Жұмыскерлердің отбасыларын әлеуметтік қолдау	Ұжымдық шарттарға сәйкес жекелеген ЕТҰ-да жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау шаралары іске асырылуда. Мысалы, «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС-те мектеп жасындағы үш және одан да көп баласы бар жұмыскерлердің отбасыларына жыл сайын мектеп керек-жарақтарын сатып алу үшін біржолғы материалдық көмек беріледі.

Жастарды қолдау және кадрлық әлеуетті дамыту

2025 жылы Шымкент қаласында ЕТҰ өндірістік персоналының 120 қызметкерін біріктірген Жас мамандар мектебі мен форумы өтті. Бұл іс-шаралар басқарушылық және корпоративтік құзыреттерді дамытуға, жастар бастамаларын қолдауға, кәсіби өзара іс-қимылды нығайтуға және тәжірибе алмасуға ықпал етті.

2025 жылы Жас мамандар кеңесі басшылықпен жүйелі диалогты дамытуды және корпорацияаралық өзара іс-қимылды кеңейтуді қамтамасыз етті. Олардың аясында кадрлық әлеуетті дамыту, жастардың бастамалары және олардың Топтың стратегиялық күн тәртібіне қатысу мәселелері талқыланған «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың HR және өндірістік қауіпсіздік жөніндегі басқарушы директорымен, сондай-ақ Түркістан қаласында «Самұрық-Қазына» АҚ-тың Басқарушы директорымен кездесулер өтті.

Жас мамандар «Birgemiz Expedition» корпорацияаралық бастамасына қатысып, Атырау қаласындағы өндірістік нысандарды аралады, сондай-ақ «Байкен-U» кәсіпорнында «QazaqGaz» АҚ тобындағы әріптестерін қабылдауды ұйымдастырды, бұл өндірістік тәжірибе алмасуға және кәсіби байланыстарды нығайтуға ықпал етті.

«7 Qadam Master» жобасы аясында Компания өкілдері Екатеринбургтегі халықаралық алаңда жүлделі орындарға ие болып, дайындық деңгейінің жоғары екенін дәлелдеді.

Бұдан басқа, Компания жастары ұлттық құндылықтарды қолдауға және тіл мәдениетін дамытуға бағытталған «Ұлттық диктант» республикалық науқанына қатысты.

«Қазатомөнеркәсіп» Жайдарман (КВН) ойындары жастар үшін жыл сайынғы жарқын оқиға болып табылады. Іс-шара компания құндылықтарын нығайтуға, ішкі байланыстарды дамытуға, жағымды атмосфера мен «эмоционалды капиталды» қалыптастыруға, жаңа көшбасшылар мен жастардың шығармашылық әлеуетін ашуға, сондай-ақ қатысушыларды бейресми жағдайда біріктіруге себептеседі. Бұдан бөлек, 2025 жылы әртүрлі жас санатындағы қызметкерлердің қатыстырылуын қолдайтын және корпоративтік қоғамдастықты нығайтатын іс-шаралар өткізілді.

ЕТҰ-дағы бастамалар жастар бағдарламаларының ауқымын кеңейтті:

- «KAP Logistics» ЖШС «Алматау» тау кешенінде 80 жас маманның, басшылардың және шақырылған спикерлердің қатысуымен Жұмысшы мамандықтар жылына арналған жас мамандар форумын өткізді;
- «ҮМЗ» АҚ жастарды зауыттың корпоративтік мәдениетіне тарту мақсатында 40 жұмыскердің қатысуымен «Кедергісіз қарым-қатынас» атты жас жұмыскерлер форумын ұйымдастырды;
- «РБМ-Қазақстан» БК» ЖШС жасы 18–35 аралығындағы жастар арасында «Менің мамандығым – менің мақтанышым» атты байқау (видео, эссе, таныстырылым/постер, шығармашылық жұмыстар) өткізді, жеңімпаздар мен номинация иегерлері марапатталды;
- «Инкай» БК» ЖШС Астана қаласында өткен «Не? Қайда? Қашан?» зияткерлік ойынының суперфиналына алаң ұсынды, бастамашы – Жас мамандар кеңесі;
- «ЖТИ» ЖШС үнемді өндіріс мәселелері бойынша ойын форматында Kaizen Games-ті ұйымдастырды;
- «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС-те ашық диалог және тәжірибе алмасу алаңы ретінде «галстуксіз кездесу» форматында жас мамандар форумы өткізілді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Жас топтарының саналуандығы

Компания жас бойынша кемсітушілікке жол бермейді және барлық ұрпақ өкілдері үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Компанияның басымдықтарының бірі — сенім мен тең мүмкіндіктерге негізделген, әртүрлі жастағы және дайындық деңгейіндегі жұмыскерлердің мүдделері ескерілетін өнімді жұмыс ортасын қалыптастыру:

- жұмыскерлердің орташа жасы 43-ті құрады;
- жасы 50-ден асқан жұмыскерлердің үлесі — 26,1%.

Жасына байланысты зейнетке шығуына немесе мүгедектігіне байланысты жұмыстан босатылған кезде, Компанияның жұмыс істемейтін зейнеткерлері медициналық қызметпен және маңызды күндер мен мерекелерге орай қосымша материалдық көмекпен қамтамасыз етіледі. Компанияның ұжымдық шарттарында жұмыскерлердің зейнетке шығуына байланысты жекелеген өтемақы төлемдері мен әлеуметтік кепілдіктер ескерілген.



GRI 405-1

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРАМЫНЫҢ ЖАС БОЙЫНША БӨЛІНІСТЕГІ ТІЗІМДІК САНЫ, адам



Маусым айында Астана қаласында Компания және ЕТҰ жұмыскерлері арасында, түрлі жастағы жұмыскерлердің, соның ішінде 40+ санатындағылардың қатысуымен XXIV Спартакиада өтті.

Инклюзивтілік

Қазатомөнеркәсіп мүмкіндігі шектеулі жандарға жұмыс орындарын ұсынады. 2025 жылы мүмкіндігі шектеулі жұмыскерлердің саны 206 адамды құрады (соның ішінде 10 адам – әкімшілік-басқару қызметкерлер құрамы, 196 адам – өндірістік қызметкерлер құрамы), бұл 2024 жылмен салыстырғанда 3 адамға көп.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ТІЗІМДІК САНЫ, адам

2023	2024	2025
191	203	206

Жұмысқа орналастыру және жұмыскерлерді босату бағдарламалары

GRI 404-2

Қазатомөнеркәсіп және оның ЕТҰ жұмыс істейтін аймақтарда әлеуметтік шиеленістің алдын алу және әлеуметтік-еңбек жанжалдарына жол бермеу бойынша шараларды іске асыруда. Осы жұмыс аясында сарқылып жатқан кен орындарында жұмыс істейтін жұмыскерлерді Компанияның басқа ЕТҰ-на ауыстыру арқылы жұмысқа орналастыру жүргізіледі. Кен орындарын игеру болжамы негізінде жақын жылдары босатылуы тиіс қызметкерлер құрамы санына есептеулер мен мониторинг жүргізіледі. Сонымен қатар, жаңа және перспективалы кен орындарындағы жұмыс орындарына қажеттілік талданады, бұл жұмыскерлерді қайта орналастыруды тиімді жоспарлауға және олардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2025 жылы 82 адам жұмысқа орналастырылған болуы тиіс болған, және олардың барлығы қазіргі уақытта жұмысқа орналастырылды немесе жаңа және жұмыс істеп тұрған кен орындарына көшірілді.

Оқыту және дамыту

GRI 3-3, 404-1

Қызметкерлер құрамын оқыту және дамыту – Компанияның ұзақ мерзімді болашақтағы стратегиясын іске асыру және корпоративтік мәдениетті дамыту шеңберіндегі негізгі басымдықтарының бірі. Қазатомөнеркәсіп өндірістік тиімділік, өндірістік қауіпсіздік, адам құқықтары, еңбекті қорғау және кәсіптік бағдарлау сияқты салаларда озық және неғұрлым тиімді білім беру тәжірибелерін белсенді түрде енгізуде. Компания көшбасшылық құзыреттерді дамыту бойынша бағдарламалар өткізеді, менторлар мен ішкі тренерлерді оқытады. Жыл сайын Компания кәсіпорындарының жұмыскерлері міндетті оқытуды, кәсіптік оқытуды, жеке іскерлік құзыреттерді арттыруды қоса алғанда, сондай-ақ өндірістік қажеттілікке сәйкес оқытудан өтеді.

Компанияда жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру үдерістерін жүйелеуге бағытталған Кешенді білім беру бағдарламасы әрекет етеді. Бағдарлама келесі бағыттарды қамтиды:

- жоғары оқу орындары мен колледждерде оқыту;
- біліктілікті арттыру;
- білімді сақтау және беру.

Оқытуды корпоративтік университет – Қазақстан Ядролық Университеті ішкі сарапшыларды да, сыртқы провайдерлерді де тарта отырып ұйымдастырады.

KAZATOMPROM NATIONAL ATOMIC COMPANY

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

8. ҚОСЫМШАЛАР

Қазатомөнеркәсіп өз қызметкерлер құрамын оқыту мен дамытуға, сондай-ақ білім беру бастамалары мен оқуды қолдау арқылы компания жұмыс істейтін өңірлердегі әлеуетті болашақ кадрларды даярлауға жүйелі түрде инвестиция салып келеді. 2025 жылы осы бағыттағы жиынтық инвестициялар көлемі 5 391,48 млн теңгені құрады. Бұл ретте Қазатомөнеркәсіп жұмыскерлерін оқытуға жұмсалған шығыстар 4 338,6 млн теңгеге жетті.

2025 жылдың қорытындысы бойынша жұмыскерлерді оқытудың жалпы сағат саны 1 027 778 сағатты құрады. Компанияның әрбір қызметкері жылына орта есеппен 45 сағат оқудан өтеді. Бұл ретте ерлер арасында орташа көрсеткіш 47 сағатты, ал әйелдер арасында 35 сағатты құрайды. Орташа оқу сағаттарының санындағы айырмашылықтар, ең алдымен, жұмыспен қамту құрылымына және жұмыскерлердің кәсіби топтар бойынша бөлінуімен шартталған. Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және мамандандырылған құзыреттер бойынша міндетті және жүйелі оқытуды талап ететін өндірістік және техникалық лауазымдардың басым бөлігінде дәстүрлі түрде еркек қызметкерлер жұмыс істейді, бұл орташа көрсеткіштің неғұрлым жоғары болуына әсер етеді. Бұл ретте, Компания жынысына қарамастан барлық жұмыскерлер үшін оқыту мен дамуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Оқыту және дамыту үдерісінің тиімділігін бағалау

Компаниядағы білім жүйесі, сапалы кадрлық әлеуетті қалыптастыру өзін-өзі дамыту, оқыту іс-шаралары, тәлімгерлік, коучинг, іске асырылып жатқан HR жобалар және Компания ішіндегі кәсіби қоғамдастықтарды құру арқылы жүзеге асырылады.

Компаниядағы оқыту бағдарламасының негізгі қағидаты — өзін-өзі оқытушы ұйым тұжырымдамасы. Оған сәйкес: оқудың 70%-ы жұмыс үдерісінде іске асады; дағдылардың 20%-ы тәлімгерлік және коучинг бағдарламалары арқылы игеріледі; ал 10%-ын тренингтер мен басқа да білім беру бағдарламалары қамтамасыз етеді.

Қызмет нәтижелерін бағалау қорытындысы бойынша жұмыскерлерге анықталған қажеттіліктерге сәйкес келетін, үш семинар немесе тренингке дейін қамтитын жеке даму жоспарын (бұдан әрі – ЖДЖ) жасауға мүмкіндік беріледі. ЖДЖ жұмыскерлердің кәсіби дағдылары мен құзыреттерін дамыту арқылы олардың тиімділігін арттыруға бағытталған. ЖДЖ-ны іске асыру Жұмыскерлерді оқыту мен дамытудың бекітілген күнтізбелік жоспары аясында жүзеге асырылады.

Оқу аяқталғаннан кейін білім алушылар сауалнамаларды толтыру арқылы өткен курсты бағалайды. Оқу аяқталғаннан кейін үш ай өткен соң, басшы оқытылған жұмыскердің ілгерілеуі мен жетістіктерін бағалайды.

Осылайша, оқытуды бағалау үдерісі компанияның кадрлық әлеуетін тиімді басқаруға себептеседі, бұл оның стратегиясының маңызды бөлігі болып табылады.

Оқыту бағдарламалары

GRI 404-2

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ біліктілікті арттыру бағдарламаларын заманауи талаптарға бейімдей отырып, оларды белсенді түрде дамытуда. Оқыту басқарушылық құзыреттерді, көшбасшылық қасиеттерді, кросс-функционалдық өзара іс-қимылды дамытуға және жұмыскерлердің әлеуетін ашуға бағытталған. HR функциясы қызметкерлер құрамын оқытуда басшылар мен жұмыскерлерге қолдау көрсетуге, оқу үдерісін ұйымдастыруға және білім беру бағдарламаларын таңдауға жауап береді.

Жұмысшы мамандықтар жылы

2025 жылы Компания жұмысшы және инженерлік-техникалық мамандықтардың беделін арттыруға, кадрлық әлеуетті дамытуға және білім беру жүйесімен өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған Жұмысшы мамандықтар жылы аясында кешенді іс-шараларды іске асырды. Есепті жылы өндірістік қызметкерлер құрамы үшін оқыту және дамыту бағдарламалары, жастар және кәсіптік бағдар беру форумдары, тәжірибелер, тағылымдамалар, менторлық және дуалды бағдарламалар, экскурсиялар мен ашық есік күндері өткізілді. Жұмыскерлердің балаларын қолдауға, сондай-ақ жастардың қатысуымен әлеуметтік және еріктілік бастамаларға, соның ішінде отбасы үлгісіндегі балалар ауылымен және балалар үйімен өзара іс-қимылға ерекше назар аударылды.



2025 жылы CEO-1 және CEO-2 деңгейіндегі басшыларды оқытумен 100% қамтуды қамтамасыз ететін тренингтер мен стратегиялық сессиялар өткізілді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Корпоративтік порталда бейне форматта қолжетімді білім беру курстары — ішкі шеберлік сыныптарының практикасы жалғасуда. Бұл материалдар жұмыскерлерге озық тәжірибелер мен бірегей білімді меңгеруге мүмкіндік беріп, кәсіби өсуге себептеседі.

Даму бағдарламалары	2025 жылғы нәтижелер
«IZBASAR» жас мамандарды дамыту бағдарламалары	2024 жылғы қазанда Қазатомөнеркәсіп «IZBASAR» жас мамандарды дамыту бағдарламасының бесінші мерейтойлық легін іске қосты, іріктеу қорытындысы бойынша 11 финалист анықталды. 2025 жылы бағдарламаны 9 қатысушы аяқтады, соның ішінде 3-еуі – ЕТҰ жұмыскерлері қатарындағы ішкі қатысушылар. Бағдарлама өндірістік қызметкерлер құрамы арасындағы жас мамандардың кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған және Компания кәсіпорындарындағы алмастыруларды қамтиды.
«Бастау» бағдарламасы	Сәуір мен тамыз аралығында өндірістік қызметкерлер құрамы (жұмысшылар құрамы) қатарынан 496 жұмыскер оқудан өтті. Бағдарлама нәтижелі қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға, сындарлы диалог жүргізуге және белсенді тыңдауға, сондай-ақ уақытты басқару мен мақсат қою арқылы жеке тиімділікті арттыруға бағытталған.
«Өрлеу» бағдарламасы	Сәуір мен тамыз аралығында құрамдағы 79 инженерлік-техникалық жұмыскер оқудан өтті. Бағдарлама инженерлік-техникалық қызметкерлер құрамының өзара іс-қимыл тиімділігін арттыруға, командалық жұмысты нығайтуға және өзгерістерге бейімделуге қажетті негізгі тұлғалық-іскерлік құзыреттерін дамытуға бағытталған.
Шетел тілдерін үйрену	2025 жылғы шілдеден 2026 жылғы маусымға дейін компаниялар тобының жұмыскерлеріне шетел тілдерін үйрену үшін goFLUENT платформасына қолжетімділік берілген. Бағдарлама компаниялар тобының барлық жұмыскерлері үшін қолжетімді.
«Жасанды зият» бағыты бойынша оқыту	Қазан мен желтоқсан аралығында цифрлық құзыреттерді дамытуға бағытталған «ЖИ негіздері мен құралдары» және «ChatGPT-де жұмыс істеудің негізгі дағдылары» курсы іске асырылды. Оқудан 18 000 жұмыскер өтті, оның 14 463-і — жұмысшы қызметкерлер құрамы.
«Береке» бағдарламасы	Желтоқсан айында өндірістік қызметкерлер құрамының қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған «Береке» бағдарламасы іске асырылды. Бағдарламаға 6 749 жұмыскер қатысты.
Жас мамандар мектебі (ЖММ)	Жасы 35-ке дейінгі жұмыскерлерге арналған қарқынды білім беру бағдарламасы — Қазатомөнеркәсіптің жыл сайынғы Жас мамандар мектебі өткізілді. Оған ЕТҰ-ның өндірістік қызметкерлер құрамы қатарынан 120 жас маман қатысты.
Көшбасшылар мектебі	Ізбасарлар пулының басқарушылық және кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған жыл сайынғы Көшбасшылар мектебі ұйымдастырылды. Бағдарламаға ізбасарлар пулынан 45 жұмыскер қатысты.
«Қазатомөнеркәсіп ЫРҒАҒЫ» бағдарламасы	Жыл бойы жұмыскерлерді Компанияның негізгі бастамалары туралы хабар беруге және менталды әл-ауқатты қолдауға бағытталған «Қазатомөнеркәсіп ЫРҒАҒЫ» бағдарламасын іске асыру жалғасты. Барлығы 6 іс-шара өткізілді
Жасанды зият бойынша стратегиялық сессия	Компания басшылығы (CEO, CEO-1) үшін ЖИ рөлі туралы бірыңғай түсінікті қалыптастыруға және ендірудің басым бағыттарын анықтауға бағытталған стратегиялық сессия өткізілді. Сессияға Компанияның жоғары буын басшылары қатысты.
CEO Клубы	Жыл бойы келіссөздер жүргізу және басқару құзыреттерін дамытуға, сондай-ақ ЖИ бойынша стратегиялық сессияға арналған «CEO Клубының» төрт модулі өткізілді. Іс-шараларға CEO-1 деңгейіндегі басшылар мен ЕТҰ-ның бірінші басшылары қатысты.

Өзін-өзі оқытушы ұйым тәжірибесін іске асыру

HR-функциясының мөлдірлігі мен тиімділігін арттыру мақсатында Компания қызметкерлер құрамын басқару мен есептіліктің цифрлық құралдарын жүйелі түрде дамытып келеді. Оқыту мен дамыту бойынша есептілікті жүргізу үшін ЕТҰ тарапынан жауапты тұлғаларға оқыту бойынша есептік деректерді қашықтан жүктеуге мүмкіндік беретін Қоғамда «eKAP» автоматтандырылған жүйесі жұмыс істейді.

Сондай-ақ, 2025 жылы қызметкерлерді қашықтан оқыту мүмкіндіктері кеңейтілді: goFLUENT онлайн-платформасында Қазатомөнеркәсіп пен ЕТҰ жұмыскерлері үшін шетел тілдерін (таңдау бойынша, соның ішінде қазақ тілін) бір жылдық оқыту ұйымдастырылды. Сабақтарды компьютер немесе мобильді қолданба арқылы ыңғайлы уақытта оқуға, сондай-ақ оқытушылармен онлайн-сабақтарға қатысуға болады. Eduson онлайн-платформасына және «Альпина Digital» корпоративтік кітапханасына қол жеткізу қамтамасыз етілді. Ұсынылған құралдар шетел тілдері, цифрлық және басқарушылық құзыреттер саласындағы үздіксіз білім алу, сондай-ақ ыңғайлы әрі икемді форматта тұлғалық және кәсіби өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерін кеңейтті.

Жұмыскерлердің өзін-өзі оқытуы Компанияның тәлімгерлік және менторлық жүйесі арқылы да іске асырылады. Осы тәсіл шеңберінде қызметкерлердің дамуы түрлі бағдарламалар мен бастамалар арқылы қолдау табады: Атап айтқанда, «IZBASAR» бағдарламасы үшін оған әрбір ротацияны ұйымдастыру кезінде жаңа тәлімгерлер тартылатын шақырылатын тәлімгерлердің тұрақты пулы ойдағыдай қалыптастырылды. Бұдан бөлек, Компания мен ЕТҰ-да тәжірибелі жұмыскерлерді жас мамандарға, тағылымдамашылар мен тәжірибеленушілерге бекітуді қарастыратын тәлімгерлік жүйесі тұрақты негізде әрекет етеді.

Қызметкерлер құрамының қызметін кешенді бағалау

GRI 404-3

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың жұмыскерлер қызметінің тиімділігін бағалау тәсілі Қоғам мен ЕТҰ-дағы олардың жұмысын жүйелі әрі кешенді бағалауға негізделген. Жұмыскерлердің қызметін бағалау жыл бойы жүзеге асырылады және ол күнделікті мониторингті, бағалауды және жұмыскерлерге тұрақты әрі сындарлы кері байланыс ұсынуды қамтиды. Бағалау іс-шараларын өткізу үшін функционалдық калибрлеу сессиялары ұйымдастырылып, кейін нәтижелерді қорытындылайтын Калибрлеу комиссиясы өткізіледі.

Жұмыскерлердің қызметін бағалау үдерісі — оқыту мен дамыту қажеттілігін анықтаудың, жұмыскерлерді ынталандыру мен тұрақтандырудың, мансапты жоспарлауға жәрдемдесудің, дарындар пулына қосудың, сондай-ақ тік немесе көлденең ауыстырулардың мақсатқа сайлылығы туралы шешім қабылдаудың негізі болып табылады.

2025 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен осы бағалау периметріне кіретін ЕТҰ-ның тізімдік санынан әкімшілік қызметкерлер құрамының 95%-ы және өндірістік қызметкерлер құрамының 82%-ы жыл сайынғы кешенді қызмет бағалауынан өтті. Гендерлік тұрғыдан алғанда, бағалауға қатысу көрсеткіші ерлер арасында 91%-ды, ал әйелдер арасында 84%-ды құрады.

95%

2025 жылы әкімшілік қызметкерлер құрамы жыл сайынғы кешенді қызмет бағалауынан өтті

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Сабақтастық

Компанияда басқарушы қызметкерлер құрамының сабақтастық бағдарламалары іске асырылуда. Олардың мақсаты — орта және ұзақ мерзімді келешекте бос басқарушылық және негізгі лауазымдарға кандидаттармен қамтамасыз ету, Қоғамның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін келешегі бар жұмыскерлерді анықтау және олардың әлеуетін барынша пайдалану, сондай-ақ даму мен мансаптық өсу мүмкіндігі арқылы жұмыскерлерді қосымша ынталандыру.

Сабақтастықты басқарудың негізгі қағидаттары — кадрлық әлеуетті Компанияның бизнес-стратегиясына сәйкес дамыту және меритократия, ашықтық пен әділдік қағидаттары негізінде қабылданатын шешімдердің негізділігі.

2025 жылғы «IZBASAR» жас мамандарды дамыту бағдарламасы

- Қазатомөнеркәсіп жоғары оқу орындарының үздік әрі талантты түлектерін тартуға, оларды жұмысқа орналастыруға және Компания ішінде жан-жақты кәсіби дамытуға бағытталған осы бағдарламаны 2020 жылдан бастап іске асырып келеді. Ол 2023 жылдан бастап ішкі үміткерлерге — ЕТҰ жұмыскерлері қатарындағы жас мамандарға қайта бағдарланған.
- Бағдарлама форматы атом саласының тәжірибелі тәлімгерлерінің, соның ішінде жоғары буын басшылары мен үлкен жұмыс тәжірибесі бар жоғары білікті сарапшылардың жетекшілігімен әрқайсысы 5 айдан 3 ротацияны ескереді. Сондай-ақ тұлғалық-іскерлік құзыреттерді дамытуды қамтамасыз ететін ротациярапық оқыту ескерілген.



- Бағдарлама компания ішіндегі жас мамандардың кадрлық әлеуетін дамытуға себептеседі: оларға тау-кен ісі, гидрогеология және уран өндірісі сияқты негізгі бағыттар бойынша техникалық дағдыларын тереңдетуге, сондай-ақ жобалық менеджментті, стратегиялық шешімдер қабылдауды және тиімді байланысты қоса алғанда, басқарушылық және көшбасшылық құзыреттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бастаманың маңызды құрамдас бөлігі — білім сабақтастығын нығайту: тәлімгерлер қатысушыларға озық тәжірибелер мен салалық білімдерін беріп, компанияның сараптамалық базасын сақтауға және жүйелеуге көмектеседі. Сондай-ақ бағдарлама кадрларды ынталандыру мен тұрақтандыруда маңызды рөл атқарады. Қызметкерлер үшін ұйым ішінде кәсіби және мансаптық өсу мүмкіндіктерін жасау арқылы олардың корпоративтік құндылықтарға бейілділігін нығайтады және Қазатомөнеркәсіптің өз мамандарын дамыту мен қолдауға бағытталған жұмыс беруші ретіндегі имиджін қалыптастырады.
- 2025 жылы «IZBASAR» бағдарламасына 22 тәлімгер қатысып, 9 «Ізбасарлық» оқуын аяқтап, түлеп шықты. 6 сыртқы қатысушының 4-еуі Қазатомөнеркәсіп кәсіпорындарына жұмысқа орналастырылды.

Сабақтастықты басқару үдерісі келесі кезеңдерді қамтиды:

- Үміткерлерді іріктеу және менеджменттік әрі функционалдық ізбасарлар пулдарын бекіту;
- Тәлімгерлер пулын қалыптастыру;
- Ізбасарларды дамытуды ұйымдастыру.

Ізбасарлар пулдарын қалыптастыру жұмыскерлер қызметін жыл сайынғы кешенді бағалау нәтижелері негізінде жүзеге асырылады. Сабақтастық бағдарламасын дамытуға пул иелері — функционалдық бағыттардың басшылары үлес қосады. Бағдарлама аясында әрбір ізбасарға оның дамуына, ілгерілеуін бақылауға және идеяларын іске асыруға қолдау көрсетуге жауапты ментор немесе тәлімгер тағайындалады.

2025 жылы Компания мансаптық өсу үдерісін жүйелеуді және басқарушылық лауазымдар үшін білікті кадрларды даярлауды қамтамасыз еткен Функционалдық ізбасарлар пулын және менеджмент пулының сабақтастық жоспарын бекітті. Есепті жылдың қорытындысы бойынша ізбасарлардың кадрлық резервінің саны 1 133 адамды құрады. Басшы лауазымдарға тағайындаулардың шамамен 54%-ы ізбасарлық пулынан жүзеге асырылды.

GRI 203-2

Білім беру жүйесімен өзара іс-қимыл

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және оның ЕТҰ білім беру мекемелерімен серіктестікті дәйекті түрде дамытып, сала үшін кадрлар даярлауға және компания жұмыс істейтін өңірлерді қолдауға ерекше көңіл бөледі. Жұмыс лицензиялық-келісімшарттық міндеттемелер аясында да, техникалық білімнің қолжетімділігін арттыруға және кадрлық резервті қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік және кәсіптік бағдарлау бастамалары арқылы да жүргізіледі.

59 грант

«Murager» бағдарламасы бойынша техникалық мамандықтарда оқуға бөлінген



2025 жылы Қоғамның ЕТҰ Қоғаммен және ЕТҰ-мен еңбек қатынастарында жоқ жеке тұлғалардың 1 млрд теңгеден астам сомадағы оқуларын қаржыландырды. Компания жұмыс істейтін өңірлердің тұрғындары үшін оның аясында 2025 жылы Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында техникалық мамандықтар бойынша білім алуға 59 грант бөлінген «Мұрагер» білім беру гранттары бағдарламасын іске асыру жалғасты.

Тәжірибеге бағытталған кадрлар даярлауды дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары мен колледждері және Компанияның ЕТҰ арасында 114 студенттің дуальды оқытудан өтуіне арналған шарттар жасалды. Компания мен ЕТҰ сонымен қатар еліміздің жетекші оқу орындарының — Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің, Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың, М. Тынышпаев атындағы ALT университетінің, Ә. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің және т.б. алаңдарында жұмысшы мамандықтарға деген қажеттілікті талқылауды қоса алғанда, бейіндік бағыттар бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктердің отырыстарына қатысты.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

2025 жылғы кәсіптік бағдарлау жұмысы Топ кәсіпорындарының мектеп оқушылары мен студенттерге арналған іс-шараларға белсенді қатысуын қамтыды: Жыл басынан бері ашық есік күндері мен бос жұмыс орындары жәрмеңкелері форматында 79 іс-шара өткізілді. Ішкі қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, корпоративтік оқу орталықтарына экскурсиялар ұйымдастырылып, оған 120-дан астам студент қатысты, сондай-ақ, бірқатар университеттердің, соның ішінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың, Shakarim University-дің, Ғ. Дәукеев атындағы АЭжБУ-дың, С. Аманжолов атындағы ШҚУ-дың, Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-дың, ALT Университетінің 27 оқытушысы үшін танысу тағылымдамалары өткізілді.

Жұмысшы мамандықтарды дәріптеу және білім мен өндіріс арасындағы байланысты нығайту мақсатында Компания жұмыс істейтін өңірлердегі бейіндік жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттері үшін Компания мамандарының қатысуымен шеберлік сыныптары, практикалық сабақтар, қонақ дәрістері мен дөңгелек үстелдер өткізілді.

КОМПАНИЯНЫҢ КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ БАСТАМАЛАРЫ

«KAP Logistics» ЖШС: «Тамыз кеңесі – 2025»	«Тамыз кеңесі – 2025» форумы аясында Түркістан облысының Конгресс-холында 1200-ден астам адамның қатысуымен конференция өтті. Іс-шараға Түркістан облысының әкімі, оның орынбасары, білім беру саласының құрметті өкілдері және ҚР Вице-министрі қатысты. «KAP Logistics» ЖШС атынан Айдос Қасыбекұлы компанияның «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясындағы қызметі туралы баяндама жасады. Жұмыс №1 колледжбен жасалған меморандум шеңберінде жүргізілуде және Тәжірибелі мамандардың жетекшілігімен студенттердің өндірістік тәжірибесін ұйымдастыруды; Түлектерді басым тәртіппен жұмысқа орналастыруды; Дуальды оқыту жүйесін дамытуды қамтиды.
«KAP Logistics» ЖШС: Студенттік экскурсиялар	«Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында №1 колледж бен Шиелі индустриялық-аграрлық колледжінің студенттеріне арналған экскурсиялар өткізілді. Қол қойылған меморандум шеңберінде колледж студенттері үшін «ОААБ» және «Шиелі-Сұңқар» филиалдарына танысу сапарлары ұйымдастырылды.
«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС Ашық есік күні	Жұмысшы мамандықтар жылы аясында Созақ ауданындағы №1 колледж және Кентау көпбейінді колледжінің түлектері үшін танымдық экскурсия ұйымдастырылды. Студенттер өндірістік үдеріспен және өндірісте қолданылатын түрлі құрал-саймандармен танысты. Науқанға барлығы 28 студент қатысты.

Атом саласы үшін мамандар даярлау: ҚБТУ-да «Уран ісі» бағдарламасының іске қосылуы

Атом саласының кадрлық әлеуетін дамыту және бейінді мамандарды даярлау мақсатында 2025 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың қатысуымен «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ (ҚБТУ) базасында Қазақстандағы алғашқы «Уран ісі» бакалавриат білім беру бағдарламасы ашылды.

Мамандандырылған бағдарлама Қазатомөнеркәсіп мамандары мен университет оқытушыларының белсенді қатысуымен, уран өндіру саласының технологиялық және өндірістік ерекшеліктерін ескере отырып әзірленді. Оқу бағдарламасы уран өндіру, геологиялық барлау және ядролық-отын циклі технологиялары саласында іргелі білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Осы бағдарламаның іске қосылуы атом өнеркәсібі үшін кадрлар даярлаудың ұлттық жүйесін қалыптастырудағы маңызды қадам болды. Бағдарламаға алғашқы қабылдау аясында 45 студент оқуға түсті, олар алдағы уақытта саланың кадрлық резервін толықтырып, Қазақстанның уран өнеркәсібінің дамуына үлес қоса алатын болады.

ҚБТУ базасында білім беру бағдарламасын іске асыру Қазатомөнеркәсіптің салалық білім беруді дамытуға, өнеркәсіп пен академиялық орта арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға және экономиканың стратегиялық маңызды саласы үшін мамандардың жаңа буынын даярлауға қосқан үлесін қамтып көрсетеді.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау

GRI 401-2

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жайлы жұмыс ортасын құруға, жұмыскерлерді қолдауға және олардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған әлеуметтік саясатты іске асыруда. Компания жұмыспен қамту нысанына қарамастан, қызметкерлер құрамының барлық санаттарын қамтитын қосымша кепілдіктер мен жеңілдіктерді қамтамасыз етеді.

Корпоративтік әл-ауқат бағдарламасы аясында әлеуметтік-еңбек жағдайларын жақсарту, қолайлы моральдық-психологиялық климатты қалыптастыру және жұмыскерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бастамалар жүзеге асырылуда. Негізгі бағыттар өндірістік ортаны жетілдіруді, жұмыскерлердің денсаулығы мен уәждемесін қолдауды, тану бағдарламаларын, көпбалалы отбасыларға материалдық көмек көрсетуді және қызметкерлер құрамын дамытуды қамтиды.

2025 жылы жұмыскерлерді әлеуметтік қорғауды кеңейту мемлекеттік бағдарламалардан тыс қосымша кепілдіктер мен жеңілдіктерді қарастыратын қолданыстағы ұжымдық шарт аясында қамтамасыз етілді. Ұжымдық шарт Компанияның кеңейтілген әлеуметтік пакетін, қосымша төлемдер мен өтемақыларды, сондай-ақ жұмыскерлердің әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыруға бағытталған өзге де шараларды ұсыну бойынша міндеттемелерін бекіте тұра, әлеуметтік қолдаудың негізгі құралы болып табылады.

2025 ЖЫЛДАҒЫ «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ ЖҰМЫСКЕРЛЕРІН ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУҒА ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫНДАР, млн теңге

Бағыт	Инвестициялар көлемі
Әлеуметтік төлемдер және материалдық көмек	4 120,8
Денсаулық сақтау және медициналық қолдау	3 044,8
Әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер	433,5
Отбасылар мен балаларды қолдау	685,7
Жұмыскерлерді дамыту	2 267,6
Жұмыс ортасының сапасын және еңбек жағдайларын жақсарту	10 135,2
Психологиялық және консультациялық қолдау	35,5
Жұмыскерлердің әлеуметтік осал топтарын қолдау	278,5
Корпоративтік мәдениет және тартылғандық	2 317,2

2025 жылы Компанияда жұмыскерлерді әлеуметтік қолдауды дамытуға және әлеуметтік-еңбек жағдайларының сапасын арттыруға бағытталған негізгі іс-шаралар іске асырылған. Атап айтқанда, Түркістан, Қызылорда және Ақмола облыстарында орналасқан кәсіпорындарда тамақтану қауіпсіздігінің аудиттері жүргізілді. Көшпелі тексерулердің қорытындысы бойынша орташа көрсеткіш 89%-ды құрады, бұл өндірістік нысандардағы тамақтану қауіпсіздігі стандарттарының сақталу деңгейі жоғары екенін растайды.



Сала көшбасшысы бола отырып, Компания корпоративтік мәдениетті нығайтып, тұрақты дамуды қамтамасыз ете отырып, әлеуметтік қолдау мен қызметкерлер құрамын басқару тәсілдерін үнемі жетілдіріп отырады.

Сондай-ақ Әлеуметтік өзара әрекеттесу және байланыстар орталығы 12 ЕТҰ-да әлеуметтік бағалау жүргізді. Көшпелі іс-шаралар аясында еңбек жағдайларына, еңбекті қорғау талаптарының сақталуына, санитарлық-тұрмыстық жағдайларға, сондай-ақ жұмыскерлердің әлеуметтік қанағаттану деңгейіне кешенді бағалау жүргізілді. Нәтижелері бойынша әлеуметтік-еңбек қатынастарын одан әрі жақсарту мен дамыту бағыттары анықталды. Әлеуметтік тұрақтылық деңгейін, еңбек жағдайларының сапасын және ішкі үдерістердің тиімділігін арттыруға бағытталған түзету іс-шаралары әзірленіп, іске асырылуда.

Өткізілген іс-шаралар Компанияның қолайлы еңбек жағдайларын жасауға және әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға бейілділігін көрсетеді.

Алдағы жұмыс IR тәжірибесін жетілдіруге, қалған сәйкессіздіктерді жоюға және кәсіпорындардағы әлеуметтік үдерістерді басқарудың жаңа тәсілдерін енгізуге бағытталады.

Бұл әлеуметтік тұрақтылықтың жоғары деңгейін сақтап қана қоймай, ұзақ мерзімді келешекте Компанияның тұрақты дамуына себептесетін болады.

Жұмыскерлердің әл-ауқатының қамын ойлау

GRI 403-6

Жұмыскерлердің әл-ауқатына деген қамқорлық — «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың негізгі басымдықтарының бірі. Осы мақсатта Компания жұмыскерлердің ментальды денсаулығын қолдауға, сондай-ақ олардың қаржылық, әлеуметтік және кәсіби әл-ауқатын арттыруға бағытталған түрлі бағдарламаларды әзірлеп, іске асыруда.

Есепті жылы Компания барлық деңгейдегі жұмыскерлерге қолдау көрсетіп, олардың кәсіби, тұлғалық және қаржылық дамуына жағдай жасай отырып, әлеуметтік бастамаларды дамытуды жалғастырды.

KAZATOMPROM NATIONAL ATOMIC COMPANY

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

8. ҚОСЫМШАЛАР

Корпоративтік әл-ауқат бағдарламасының негізгі бағыттары

1. Физикалық әл-ауқат және салауатты өмір салты (СӨС)

2025 жылғы іс-шаралар

Компания жұмыскерлердің денсаулығын нығайтуға, спортты дәріптеуге және белсенді өмір салтын қолдауға бағытталған іс-шараларды жүйелі түрде енгізіп келеді:

- Медициналық қолдау: ерікті медициналық сақтандыру бағдарламасына кеңейтілген скринингтік бағдарламасы бар жыл сайынғы профилактикалық тексерулер, тұмауға қарсы вакциналау және ЖРВИ профилактикасы енгізілген;
- Медициналық қызметті дамыту: ауысым алдындағы медициналық тексерулерді автоматтандыру және цифрландыру, кәсіпорындардағы медициналық инфрақұрылымды дамыту;
- Спорттық бастамалар: Kazatomprom марафоны, салалық кәсіпорындар арасындағы XXIV спартакиада, «Nomad time» ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстар, шағын футбол, волейбол, баскетбол бойынша корпоративтік турнирлер;
- СӨС мәдениетін қалыптастыру: өндірістік гимнастика бағдарламаларын жарыс форматында енгізу және өндірістік учаскелерде қан қысымын өзін-өзі бақылау бекеттерін ұйымдастыру;
- Ақпараттық-профилактикалық жұмыс: нутрициология және жүгіру бойынша қолданбалы шеберлік сыныптарын, тәуелділіктің алдын алу бойынша вебинарларды және кәсіпорындардағы тұрақты өндірістік жаттығуларды қамтитын тақырыптық іс-шаралар («Сау жүрек ырғағында», Денсаулық күні) ұйымдастырылды;
- «Қазатомөнеркәсіптің өндірістік кәсіпорындарында тиімді медициналық көмекті ұйымдастыру» форумын өткізу.

2. Ментальды әл-ауқат

2025 жылғы іс-шаралар

2025 жылы негізгі назар өндірістік қызметкерлер құрамының психологиялық төзімділігіне, отбасылық әл-ауқатына және коммуникативтік дағдыларына аударылды.

Корпоративтік және білім беру бағдарламалары аясында басқарушылық, сарапшы және жастар топтары үшін мамандандырылған тренингтер іске асырылды.

Жүргізілген жұмыс қызметкерлердің психологиялық төзімділігін арттыруға, эмоционалдық кернеу деңгейін төмендетуге, ментальды әл-ауқатқа қамқорлық жасау мәдениетін дамытуға, сондай-ақ командалық және отбасылық қарым-қатынастарды нығайтуға ықпал етті:

- Корпоративтік психологтар қызметкерлердің сауалдары бойынша психологиялық сүйемелдеу аясында 506 жеке ақыл-кеңес өткізді;
- Жыл бойы 20-дан астам бөлімшенің 2 217 қызметкерін қамтитын 72 іс-шара (тренингтер, шеберлік сыныптары, вебинарлар, жеке ақыл-кеңестер) ұйымдастырылды;
- Келесі корпоративтік вебинарлар өткізілді::
  - «Энергоменеджмент: уақытты емес, энергияны қалай басқаруға болады?» – 130 қатысушы;
  - «Ментальды әл-ауқат: сау психика қалай жұмыс істейді?» – 120 қатысушы;
  - «Корпоративтік әлемдегі сенімділік және өзін-өзі таныстыру» – 140 қатысушы.
- Ақпараттық қолдау KAP_PSY_Qoldau Instagram-аккаунты және «Корпоративтік психолог» YouTube-арнасы арқылы жүзеге асырылды;
- Негізгі басымдық психологиялық төзімділікті, өндірістік қызметкерлер құрамының коммуникативтік дағдыларын дамытуға және отбасылық әл-ауқатты қолдауға берілді;
- Іске асырылған бастамалар эмоционалдық кернеуді төмендетуге, командалық өзара іс-қимылды нығайтуға және менталды денсаулыққа қамқорлық жасау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті;
- 14 кәсіпорында психологиялық жеңілдету бөлмелерінің жұмысы жалғасуда;
- Корпоративтік мәдениетті дамыту: корпоративтік БАҚ-та және Телеграм-арнада СӨС, эмоционалдық зият және психикалық денсаулық мәселелері бойынша жарияланымдар шығарылуда.

3. Қаржылық әл-ауқат

2025 жылғы іс-шаралар

Компания Қазатомөнеркәсіп пен ЕТҰ жұмыскерлерінің қаржылық сауаттылық деңгейін арттыруға бағытталған «Қаржылық қайта жүктеу» бағдарламасын іске асыруда.

Осы бағдарлама аясында келесі іс-шаралар өткізілген:

- ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен (бұдан әрі – Агенттік) қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша ақпараттық-түсіндірме қолдау көрсету шеңберіндегі ынтымақтастық туралы Меморандум жалғасуда;
- FinGramota.kz порталынан алынған несие беру, қаржылық пирамидалар және т.б. ең өзекті тақырыптардағы оқыту бейнероликтері мен инфографикалар Қоғам мен ЕТҰ-ның ақпараттық алаңдарында таратылды;
- Корпоративтік журналда ай сайын «Қаржылық қайта жүктеу» айдарының мақалалары жарияланды;
- Өндірістік қызметкерлер құрамы жұмыскерлерінің қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған «Береке» бағдарламасы өткізіліп, оған 6 749 адам қатысты.

4. Мансаптық және әлеуметтік әл-ауқат

2025 жылғы іс-шаралар

Компания мансаптық өсу үшін тең мүмкіндіктер береді және корпоративтік құндылықтар мен ұжымның бірлігін нығайтатын іс-шаралар ұйымдастырады:

2025 жыл ішінде Қоғамның еншілес ұйымдарының қатысуымен жұмыскерлер мен олардың отбасыларының адалдығы мен тартылғандығын арттыруға бағытталған 20-дан астам жалпыкорпоративтік іс-шара іске асырылған:

- Қазатомөнеркәсіп пен ЕТҰ-да жаңа Наурызнама тұжырымдамасы бойынша Наурыз мейрамы;
- Ұлттық сезім флешмобы;
- 9 мамыр – гүл шоқтарын қою;
- «Таза Қазақстан» аясындағы экологиялық науқандар;
- 31 мамырдағы Балаларды қорғау күніне орайластырылған Отбасылық эко-фестиваль
- «Менің болашақ мамандығым» тақырыбындағы балалар суреттерінің байқауы
- Компанияның туған күні;
- Атом саласы қызметкерлерінің күні.

Еріктілер бастамалары: Жыл сайын КО мен ЕТҰ жұмыскерлері корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің бөлігі болып табылатын әлеуметтік, экологиялық және қайырымдылық жобаларына ерікті түрде қатысады.

2025 жылы жұмыскерлер келесі іс-шараларға қатысты:

- Барлық кәсіпорындар «Таза Қазақстан» науқанына белсенді қатысты: жыл бойы ағаш отырғызу жүргізілді, сенбіліктер ұйымдастырылды, кәсіпорындардың кеніш аумақтарында «Қазатомөнеркәсіп саяжолдары» ашылды, жалпықалалық сенбіліктерге қатысты;
- Шиелі кентінде зейнеткерлерге арналған Ауызашарды ұйымдастыру;
- ҰОС ардагерлерін құттықтау, 9 мамырға орай гүл шоқтарын қою;
- «Мектепке жол» науқанына қатысу;
- Аз қамтылған отбасылардан шыққан балалардың, мүмкіндігі шектеулі балалар мен жетім балалардың тілектерін орындауға бағытталған «Тілектер шыршасы» науқаны.
- Аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету;
- «Мен донормын» науқанына қатысу;
- Қарттар күніне орай ардагерлерге құрмет көрсету.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН ТАБЫСТАРЫН КӨТЕРМЕЛЕУ ЖӘНЕ ТАНУ

2025 жылы жемісті еңбегі мен жоғары кәсібилігі үшін бес мыңнан астам жұмыскер мемлекеттік, ведомстволық және корпоративтік наградалармен марапатталды, соның ішінде 85,3%-ы өндірістік қызметкерлер құрамы қатарынан болды.

Олардың ішінде:

9 марапат

Мемлекеттік марапаттар

5 119 марапат

Өзге марапаттар (министрліктерден, қауымдастықтардан және т.б.)

83 марапаттар

Кәсіби мерекелерге орай (ҚР Атом энергиясы жөніндегі агенттігі, «Самұрық-Қазына» АҚ)


Материалдық емес уәждемені күшейту және жұмыскерлердің еңбегін тану мақсатында Атом саласы қызметкерлерінің күнін мерекелеу ұйымдастырылып, оның аясында Компания мен ЕТҰ жұмыскерлері ведомстволық және корпоративтік сыйлықтарымен марапатталды. Атом саласының үздік жұмыскерлерінің еңбегін тану, сондай-ақ жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру мақсатында «Жыл қызметкері - 2025» сыйлығын тапсыру рәсімі өтті. Байқауға 184 жұмыскер қатысты. Бағдарлама қорытындысы бойынша 27 жұмыскер жеңімпаз деп танылды:

- «Кәсіпқой» номинациясы бойынша – 23 жеңімпаз;
- «Келешек» номинациясы бойынша – 2 жеңімпаз;
- «Тәлімгер» номинациясы бойынша – 2 жеңімпаз.

Кәсіподақтар

Қазатомөнеркәсіп жұмыскерлердің өз мүдделерін білдіретін қоғамдық ұйымдарға қатысу құқықтарын шектемейтін саясатты ұстанады. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен ЕТҰ қызметкерлер құрамының лауазымдық міндеттерін орындауға кедергі келтірмейтін және қоғамға зиян тигізбейтін жағдайда қоғамдық, саяси, білім беру және қайырымдылық қызметінің түрлі нысандарымен айналысуға мүмкіндігі бар.

КӘСІПОДАҚТАРДЫ ҚОЛДАУҒА ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫНДАР, млн теңге





Ұжымдық шарт

GRI 2-30, SASB EM-MM-310A.1.

Ұжымдық шарт еңбек құқықтарын қорғауды, жұмыскерлердің экономикалық және әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етуде, сондай-ақ еңбек қатынастарын реттеуде және Компания мен қызметкерлер құрамы арасындағы тиімді диалогты орнатуға жәрдемдесуде түйінді рөл атқарады.

Ұжымдық шарттармен қамтудың жоғары деңгейі (95% ✓) «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың әлеуметтік әріптестік қағидаттарына бейілділігін растайды.

Ұжымдық шарттармен қамтылмаған жұмыскерлер үшін еңбек және жалдау жағдайлары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына, Компанияның ішкі нормативтік актілеріне сәйкес, сондай-ақ жекелеген жағдайларда Компанияның ұжымдық шартының ережелерінің ескерілуімен айқындалады.

«Атом өнеркәсібі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» еңбек заңнамасының сақталуында Қазатомөнеркәсіп үшін сенімді серіктес болып табылады және жұмыскерлердің мүдделерін белсенді қорғайды. 2025 жылдың соңына қарай «Атом өнеркәсібі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағына» «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен ЕТҰ-ның 13 154 жұмыскері мүше болды, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 3,5%-ға аз.

Еңбек қатынастарын реттеу және жұмыскерлердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында ұжымдық шарттар жасалады. Осындай шарттар шеңберінде және қабылданған міндеттемелерді орындау үшін Кәсіподаққа Компания жұмыскерлері арасында түрлі іс-шаралар өткізуге жыл сайын қаржылай қаражат бөлінеді. Бұл қаражат медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыруға, әлеуметтік қолдауға, мәдени-бұқаралық және спорттық-сауықтыру іс-шараларын өткізуге, сондай-ақ шипажайлар мен балалар лагерлеріне жолдамалар сатып алуға жұмсалады.

2025 жылы ҚАӨ басшылықтың еңбек ұжымдарымен жоспарлы және жоспардан тыс кездесулері, ашық диалог форматындағы еңбек жағдайларының өзекті мәселелерін талқылау, сондай-ақ тұрақты кері байланыс және келіп түскен өтініштерге жедел ден қою арқылы жұмыскерлер өкілдерімен жүйелі әрі тұрақты өзара іс-қимылды қамтамасыз етті.

2025 жылы «УМЗ» АҚ ірі бизнес субъектілері арасында «Үздік ұжымдық шарт» номинациясы бойынша «ПАРЫЗ – 2025» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі байқауының өңірлік кезеңінің жеңімпазы атанды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

GRI 402-1

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың Ұжымдық шартының маңызды элементі — жұмыскерлерді еңбек жағдайларындағы елеулі өзгерістер туралы болжамды өзгерістерге дейін кемінде бір ай бұрын, ал жекелеген жағдайларда күнтізбелік он бес күн бұрын алдын ала хабардар ету міндеттемесі болып табылады.

Сонымен қатар, Ұжымдық шартта қызметкерлер құрамын іріктеу, корпоративтік мәдениетті қолдау және жұмыскерлермен өзара қарым-қатынасты басқаруға қатысты мәселелер регламенттеледі. Осы құжатқа сәйкес, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жұмыскерлердің еңбек жағдайлары мен өмір сүру сапасын үнемі жақсарту мақсатында қызметкерлер құрамын әлеуметтік қолдау шараларын да қабылдайды.

Қызмет нәтижелерінің жыл сайынғы оң бағалары әлеуметтік тұрақтылық деңгейін анықтау бойынша жүйелі зерттеулермен расталады.



Жұмыскерлердің қанағаттанушылық және тартылғандық деңгейі

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың корпоративтік мәдениетті дамыту, әлеуметтік-еңбек жағдайларын жақсарту, қауіпсіздік деңгейін арттыру, материалдық сыйақы, қызметкерлер құрамын уәждеу және олардың тартылғандығы саласындағы бағдарламалары мен бастамалары әзірленген жоспарларға сәйкес іске асырылуда және Компанияның барлық жұмыскерлері тарапынан қолдау тауып отыр.

Samruk Research Services (SRS) зерттеуінің қорытындысы бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың әлеуметтік тұрақтылық деңгейі 2025 жылы 80%-ды құрады, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 3%-ға төмен. Индекстің төмендеуіне негізінен жұмыскерлердің әлеуметтік әл-ауқатының нашарлауы (-9%) және қызметкерлер құрамының тартылғандығының шамалы төмендеуі (-1%) әсер етті.

Бұл ретте әлеуметтік тыныштық әлеуметтік тұрақсыздықтың маңызды тәуекелдерінің жоқтығын көрсететін жоғары деңгейде – 91% сақталды.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен ЕТҰ-ның іске асырып жатқан тәжірибелері, соның ішінде әлеуметтік тәуекелдерге тұрақты мониторинг жүргізу, SRS нәтижелерін талдау, әлеуметтік өлшемдер және жұмыскерлердің өтініштерімен жұмыс істеу көрсеткішті тұрақтылық аймағында ұстап тұруға мүмкіндік берді. Болашақта қосымша назар аударуды қажет ететін ЕТҰ-мен жұмысты күшейту, Industrial Relations (индустриялық қатынастарды) дамыту, оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламаларын іске асыру, сондай-ақ қызметкерлер құрамының қаржылық және әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту бойынша шаралар қолдану жоспарлануда.

Уәждеме және сыйақы

GRI 202-1

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ біліктілікке, тәжірибеге және кәсіби құзыреттіліктерге негізделген ашық әрі бәсекеге қабілетті еңбекақы төлеу жүйесін құруда. Сыйақы төлеу нарықтық еңбекақы деңгейіне байланысты белгіленген бөліктен және жұмыскер мен кәсіпорын қызметінің нәтижелері бойынша есептелетін айнымалы бөліктен тұрады. Компания референттік еңбек нарығына тұрақты түрде талдау жасап, жеке нәтижелілік пен өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, төлем деңгейін қайта қарап отырады. Сыйақы саясаты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және «Самұрық-Қазына» АҚ тобының адам ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандартына сәйкес келеді.

Бәсекеге қабілетті еңбекақы деңгейіне қоса, Компания еңбек жағдайлары үшін төлемдер мен ынталандырушы сыйлықақыларды қамтитын әлеуметтік қолдау көрсетеді. Жұмыскерлердің еңбек құқықтарының сақталуына, еңбекақы төленуінің тең жағдайларына және кәсіби даму мүмкіндіктеріне кепілдік беріледі.

Компания жұмыскерлердің табыс деңгейінің тұрақтылығын сақтауға бағдарланған, бұл ретте қызметкерлер құрамын дамытуға және бизнес тиімділігін арттыруға ықпал ететін әділ әрі ашық уәждеме жүйесін қалыптастырады.

Компанияның еңбекақы төлеу тәртібі ішкі нормативтік құжатта — Компания басқармасы бекітетін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың еншілес және тәуелді ұйымдарының жұмыскерлеріне сыйақы берудің үлгілік қағидаларында» көрсетілген. Одан әрі «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың әрбір кәсіпорны Сыйақы берудің үлгілік қағидалары негізінде өз ерекшелігін ескере отырып, Жарғыда белгіленген тәртіппен (Байқаушы кеңес, Директорлар кеңесі, Қатысушылардың жалпы жиналысы) жеке сыйақы беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді. Сыртқы кеңесшілер ЕТҰ жұмыскерлеріне сыйақы беру саясатын әзірлеуге қатыспайды, және олар «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жұмыскерлеріне сыйақы беру туралы шешім қабылдамайды.

Жұмыскерлердің еңбекақы мөлшері Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, соның ішінде ең төменгі еңбекақы мөлшеріне, жұмыс уақытын реттеуге және үстеме жұмысқа ақы төлеуге сәйкес келеді.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындары мен ЕТҰ жұмыскерлеріне үстеме жұмыс уақыты үшін ақы төлеу ҚР Еңбек кодексіне қатаң сәйкестікпен жүзеге асырылады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Сыйақының өзектілігін сақтау үшін Компания еңбек нарығына тұрақты талдау жүргізеді және Компания жұмыскерлерінің еңбекақы деңгейін қайта қарап отырады. Лауазымдық айлықақыларды түзету:

- нарықтық деректер серпіні мен салалық стандарттармен салыстыруға;
- жұмыскердің жеке нәтижелілігіне.



Осылайша, үстеме жұмыс уақытындағы жұмысқа жұмыскердің күндік (сағаттық) мөлшерлемесіне негізделе отырып, кемінде бір жарым есе мөлшерінде ақы төленеді.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындары мен ЕТҰ-да жұмыс уақытын бақылау жұмыс уақытын есепке алу табелін жүргізу, жұмыс орнында болуды тіркейтін техникалық құралдарды пайдалану және бөлімше басшыларының белгіленген жұмыс режимінің сақталуын қадағалауы арқылы жүзеге асырылады.

Қоғамның ЕТҰ қызметкерлеріне лауазымдарды қоса атқарғаны және қызметкерге жүктелген қосымша міндеттерді орындағаны үшін сыйақы төлеудің үлгілік қағидаларына сәйкес қосымша төлемдер жасалды.

Өндірістік персонал қызметкерлері үшін олардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зиянды немесе қауіпті деп айқындалған жағдайлардағы жұмысы үшін жұмыс орындарын аттестаттау қорытындысы бойынша қосымша төлемдер жасалады.

Еңбекақы төлеу құрылымы

Компаниядағы сыйақы беру жүйесі еңбекақы құрылымындағы белгіленген бөліктің үлесі кемінде 75% болуы тиіс деп ескерілген Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді. Есепті кезеңде бұл талап сақталған.


Сыйлықақыларды қамтитын айнымалы бөлік 25%-дан аспайды. Қызметкерлер құрамын материалдық ынталандыру және уәждеу жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі болып «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен ЕТҰ-ның жоспарлы, өндірістік, стратегиялық, операциялық көрсеткіштеріне және өндірістік қауіпсіздік көрсеткіштеріне (жарақаттанушылықтың нөлдік деңгейін қамтамасыз ету) қол жеткізгені үшін, сондай-ақ жаңартпашылық идеялар ұсынғаны, жоғары кәсібилігі мен жұмысқа жауапкершілікпен қарағаны үшін сыйлықақы беру табылады.

Қоғамда еңбекақы төлеудің грейдтік жүйесі жұмыс істейді, оның негізгі құралдарының бірі — жұмыскерлердің жалақы деңгейін нарықпен мерзімді түрде салыстырып тұру. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындары мен ЕТҰ жұмыскерлері жалақысының референттік нарығы ретінде ҚР Жалпы индустриялық нарығы алынады. Бұл опция «Самұрық-Қазына» АҚ табының адам ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандартына сәйкес Қоғамның Еншілес және тәуелді ұйымдарының жұмыскерлеріне сыйақы берудің үлгілік қағидаларында ескерілген. Жұмыскерлердің жалақы деңгейін нарықпен салыстыру «Самұрық-Қазына» АҚ-тың сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес мамандандырылған қызметтерді сатып алу арқылы жүргізіледі.




«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ-ТЫҢ ЖАЛАҚЫ ҚОРЫ

Өндірістік қызметкерлер құрамының орташа айлық жалақысы, теңге



Өндірістік қызметкерлер құрамының жалақы қоры, млн теңге



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Еңбекақы төлеудегі теңдік

GRI 405-2

Компания ерлер мен әйелдер жалақысының арақатынасын бағалай отырып, еңбекақы төлеудегі теңдікке жүйелі түрде талдау жүргізеді. Индустриялық ерекшелік жұмыскерлер арасында ерлердің басым болуын шарттайды, дегенмен жұмысқа қабылдау, сыйақы деңгейін анықтау, тиімділікті бағалау және мансаптық өсу үдерісінде кемсітушіліктің кез келген нысаны алынып тасталады. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен ЕТҰ бойынша жұмыскерлерге базалық жалақыны белгілеу кезінде гендерлік ерекшелік ескерілмейді және ол сыйақы деңгейін анықтайтын фактор болып табылмайды.

2025 жылғы талдау қорытындысы бойынша әкімшілік-басқарушы қызметкерлер құрамы санатында әйелдердің орташа базалық лауазымдық айлықақысының ерлерге арақатынасы 0,74-ті құрады, бұл ерлердің пайдасына 26% айырмашылықтың барын көрсетеді. Өндірістік қызметкерлер құрамы санатында бұл көрсеткіш 1,05-ті құрады, бұл әйелдердің орташа лауазымдық айлықақысының 5%-ға жоғары екенін қамтып көрсетеді.

Еңбекақы төлеу деңгейіндегі гендерлік айырмашылықтар жұмыспен қамту құрылымына және жұмыскерлердің лауазымдар мен қызметкерлер құрамы санаттары бойынша бөлінуімен шартталған. Өндірістік қызметкерлер құрамында ерлер мен әйелдердің еңбекақы төлеу деңгейі іс жүзінде бірдей. Лауазымдар бойынша еңбекақы төлеудің ең төменгі және ең жоғары деңгейлерін айқындайтын лауазымдық айлықақылар жүйесінде гендерлік белгі бойынша айырмашылықтар жоқ.

Ерлер мен әйелдер арасындағы еңбекақы төлеудегі бар алшақтықты азайту мақсатында бос лауазымдарға үміткерлерді қарау, сондай-ақ жұмыскерлердің лауазымдық айлықақыларын айқындау мәселесі бойынша ұсынымдар беру құзыретіне кіретін еншілес және тәуелді ұйымдардағы HR-комитеттердің/Кадр комитеттерінің құрамына екі жыныстың да өкілдері енгізілген.

Әлеуметтік қолдау және қосымша жеңілдіктер

Сыйақының бәсекеге қабілетті деңгейіне қоса, Компания өз жұмыскерлеріне әлеуметтік жеңілдіктер пакетін ұсынады, соның ішінде:

- қызметкерлер құрамының денсаулығын нығайту үшін кезекті ақылы еңбек демалысына материалдық көмек төлемдері;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, тұратын өңіріне байланысты экологиялық нәубет аймағында тұратын жұмыскерлерге төленетін қосымша төлемдер;
- баланың туылуына, жақын туыстарының қайтыс болуына және компанияның ішкі құжаттарына сәйкес басқа да маңызды өмірлік жағдайларға байланысты материалдық көмек төлемдері.

Компания қызметкерлер құрамын дамытуға және бизнес тиімділігін арттыруға ықпал ететін әділ әрі ашық уәждеме жүйесін қалыптастыра отырып, жұмыскерлердің табыс деңгейін арттыруға бағытталған.

Ішкі нормативтік құжаттар қызметкерлер зейнеткерлік жасқа толуына байланысты жұмыстан босатылған кезде қосымша материалдық көмекті көздейді. Еңбек жағдайлары зиянды өндірістік нысандарда жұмыс істейтін қызметкерлер үшін Компания заңнамаға толық сәйкес өз қаражаты есебінен 5% мөлшерінде кәсіптік зейнетақы жарналарын аударады.

2025 жылы Қоғам және ЕТҰ жұмыскерлеріне арналған әлеуметтік жеңілдіктер пакетінің құрамында айтарлықтай өзгерістер тіркелген жоқ. Сонымен қатар, Samruk Research Services зерттеуінің нәтижелері бойынша әлеуметтік пакетке қанағаттанушылық деңгейінің шамалы төмендегені байқалады — 2024 жылғы 86%-дан 2025 жылы 85%-ға дейін.

Бұл жеңілдіктер құрамының өзгеруін емес, жұмыскерлер күтуінің артуын және қаржылық әрі әлеуметтік әл-ауқат мәселелеріне деген сезімталдықтың күшеюін көрсетеді.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындары мен ЕТҰ жұмыскерлеріне негізгі ақылы жыл сайынғы еңбек демалысы ҚР заңнамасына және Ұжымдық шарттарға сәйкес беріледі. Жұмыскерлерге ақылы жыл сайынғы еңбек демалыстарын беру кезектілігі жыл сайын бекітілген демалыс кестелеріне сәйкес немесе тараптардың келісімі бойынша демалыс кестесінен тыс анықталады.

Корпоративтік мәдениет

GRI 2-26

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың корпоративтік мәдениеті Компанияның тұрақтылығы мен жоғары өнімділігін қамтамасыз ететін негізгі материалдық емес актив болып табылады. Корпоративтік мәдениеттің негізі — басымдықтарды, қағидаттар мен сенімдерді қамтып көрсететін түйінді құндылықтар:

- қауіпсіздік;
- кәсібилік;
- жауапкершілік;
- даму;
- команда.

Жұмыскерлердің әл-ауқатының қамын ойлау Компанияның корпоративтік мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылады. Осыған байланысты жұмыскерлердің ментальды, физикалық, мансаптық және әлеуметтік әл-ауқатын қолдауға бағытталған іс-шаралар іске асырылуда.

Корпоративтік мәдениетті нығайтуда ішкі байланыстар негізгі рөл атқарады, олардың мақсаты – жұмыскерлер арасында тиімді қарым-қатынасты ұйымдастыру, жанжалды жағдайларды реттеу, қызметкерлер құрамының адалдығы мен бейілділігін нығайту. Ішкі байланыстар жүйесі кері байланыстың бірнеше арнасын қамтамасыз етеді.

Компания келесі құралдар арқылы кері байланыс мәдениетін белсенді дамытуда:

- кері байланыс сауалнамаларын жүргізу;
- exit-сұхбат жүргізу;
- корпоративтік порталды дамыту.

Өтініштерді мониторингілеу мен талдауды «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен тоқсан сайын Қазатомөнеркәсіптің орталық аппаратына есеп беріп отыратын ЕТҰ жүзеге асырады. Әрбір өтініш талданғаннан кейін бұзушылықтарды жоюға бақылау жүргізіледі және тиісті ұсынымдар беріледі.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың ішкі байланыстар жүйесі — жұмыскерлерді «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен ЕТҰ-дағы өзекті оқиғалар туралы дер кезінде хабардар етуді қамтамасыз ететін және ұжымда қолайлы атмосфераны сақтауға ықпал ететін негізгі құрал.

Байланыстың негізгі арнасы – сыртқы мүдделі тараптар жазбаша өтініш немесе шағым қалдыра алатын, сондай-ақ телефон арқылы сөйлесу үшін «жедел желіні» пайдалана алатын Компанияның www. kazatomprom.kz, интернет-ресурсы.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Корпоративтік іс-шаралар ішкі байланыстың ең тиімді құралдарының бірі болып қала береді. Компания жұмыскерлерге арналған ірі ұйымдастырушылық іс-шаралардың (жиналыстар, басшылықтың ұжыммен кездесулері, корпоративтік мәдениетті нығайтуға бағытталған іс-шаралар) гибридті форматын қолданады.

Қазақ тілі клубы

2021 жылдан бастап компанияда Қазақ тілі клубы іске қосылды. Мемлекеттік тілді дамыту үрдісін қолдай отырып, қазақ тілінде сөйлесу мен қарым-қатынас жасау тәжірибесін енгізуге бағытталған түрлі іс-шаралар: тіл иелерімен кездесулер, сөйлесу клубтары, байқаулар өткізілді. 2025 жылы өткізілген маңызды іс-шаралар:

- **Әріптесіміз — журналист, ақын әрі публицист Қонақбай Саттаровпен шығармашылық кездесу;**
- **Жалпыұлттық «Наурызнама» онкүндігі аясында Қоғам қызметкерлері Музыкалық жас көрермен театрына барып, «Ғаyһартас» музыкалық драмасын тамашалады;**
- **«Nomad Time Kazatomprom 2025» іс-шарасы аясында Қоғамның барлық ЕТҰ-ның қатысуымен алғаш рет қазақ тілінен Quiz (зияткерлік ойын) өтті;**
- **Ұлы қазақ ақыны және ойшылы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Сөзі алтын хәкім Абай» шығармашылық байқауы. Финалға Қоғамның түрлі ЕТҰ-нан 30-ға жуық үміткер қатысты. Барлық финалистер үшін Абайдың отаны — Жидебайға танымдық экскурсия ұйымдастырылды.**

Сондай-ақ, мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама жоспарын орындау аясында 2026 жылға арналған тиісті бағдарлама бекітілді, онда Компания мен ЕТҰ жұмыскерлерінің қатысуымен бірқатар іс-шаралар жоспарланған.



Жұмыскерлердің ағымдағы жағдай мен сала үшін маңызды оқиғалар туралы хабардарлығы электрондық пошта арқылы — жүйелі ақпараттық таратылымдар мен басшылық атынан жіберілетін жолдаулар, сондай-ақ «KAP News» электрондық корпоративтік журналы арқылы қолдау табады.

«KAP News» корпоративтік журналға сілтеме

Байланысты жақсарту мақсатында 4 мыңнан астам жұмыскердің басын қосатын Telegram-арна сәтті дамып келеді. Бұл арна жұмыскерлерге соңғы жаңалықтардан хабардар болып отыруға және ақпаратты тікелей бастапқы дереккөзден алуға мүмкіндік береді.

2026 жылы әлеуметтік әріптестікті дамытуды және әлеуметтік тұрақтылықты қолдауды жалғастыру, бекітілген бюджет шеңберінде әлеуметтік және қайырымдылық жобаларының іске асырылуын қамтамасыз ету, ұжымдық шартта ескерілген кепілдіктерді сақтау мен дамыту, сондай-ақ ашық диалог пен кері байланыс тетіктері арқылы жұмыскерлермен және жергілікті тұрғындармен өзара іс-қимылды күшейту жоспарлануда.

2026 жылға арналған жоспарлар

- Ізбасарлардың көшбасшылық әлеуетін дамытуға, уәждемесін қалыптастыруға, басқарушылық және жеке құзыреттерін нығайтуға, сондай-ақ компания ішіндегі өзара іс-қимыл тиімділігін арттыруға бағытталған «Көшбасшылар мектебі – 2026» жобасын ұйымдастыру;
- Қоғам мен оның ЕТҰ жұмыскерлері қатарындағы жасы 35-ке дейінгі жас мамандар қатысатын «Жас мамандар мектебін» ұйымдастыру;
- IZBASAR жас мамандарды дамыту бағдарламасының 7-ші легіне конкурстық іріктеуді бастау;
- «Murager» білім беру гранттарын ұсыну бағдарламасын іске асыру шеңберінде Қазатомөнеркәсіп грантын алуға кезекті конкурс өткізу;
- Қазатомөнеркәсіп жұмыс істейтін өңірлердегі мектеп оқушыларына арналған «SANA» лагері аясында кәсіптік бағдар беру іс-шараларын ұйымдастыру;
- Тәлімгерлікке дайындау жүйесін дамыту;
- Қазақ тілі клубын дамыту. Мемлекеттік тілді дамыту үрдісін қолдай отырып, қазақ тілінде сөйлесу және қарым-қатынас жасау тәжірибесін енгізуге бағытталған түрлі іс-шараларды: тіл иелерімен кездесулерді, сөйлесу клубтарын, байқауларды өткізуді жалғастыру жоспарлануда;
- Көшбасшылықты дамыту бағдарламасын іске асыруды қолдау аясында ЕТҰ CEO клубын өткізу;
- «eKAP» ақпараттық жүйесінде «Онбординг: Жаңа қызметкер нұсқаулығы» бизнес-үдерісін әзірлеу;
- HR үдерістеріне ЖИ; ассистенттерін енгізу;
- Қызметкерлер құрамын іріктеу үдерістерін одан әрі жетілдіруге, конкурстық іріктеудің ашықтығын арттыруға және «Самұрық-Қазына» АҚ тобының корпоративтік стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз етуге бағытталған HR-Recruiting (www.hrekap.kazatomprom.kz) автоматтандырылған жүйесінің жаңа нұсқасын енгізу;
- SAP HCM жүйесін Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесімен (ЕШЕБЖ) біріктіру бойынша жобаны аяқтау.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Адам құқықтары

GRI 2-23, 2-24, 2-25

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ адам құқықтарын қорғаудың, іскерлік әдеп қағидаттарын сақтаудың және барлық жұмыскерлер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің жоғары стандарттарын ұстанады. Компанияда адам құқықтары, әдеп нормалары және кемсітушілікке жол бермеу мәселелері бойынша қызметкерлердің өтініштерін қарастырудың тәуелсіз тетігі болып табылатын Омбудсмен институты жұмыс істейді.

Қазатомөнеркәсіптің корпоративтік тәжірибелері төмендегідей адам құқықтары саласындағы танылған халықаралық стандарттар мен бастамаларға негізделеді:

- Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы;
- Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт;
- Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт;
- БҰҰ-ның кәсіпкерлік қызметтің адам құқықтары жөніндегі басшылық қағидаттары;
- Халықаралық еңбек ұйымының еңбек саласындағы негізгі қағидаттар мен құқықтар туралы декларациясы;
- БҰҰ-ның байырғы халықтардың құқықтары туралы декларациясы;
- БҰҰ-ның қауіпсіздік және адам құқықтарына қатысты ерікті қағидаттары.
- БҰҰ-ның Жаһандық шарты.

Институт Омбудсмен қызметінен және 24 ЕТҰ-дағы дербес омбудсмендерден тұрады. Мұндай құрылым өтініштерді жедел қарауға, әдеп нормалары бұзылған жағдайда шаралар қабылдауға, әлеуметтік-еңбек дауларын реттеуге, сондай-ақ жанжалды жағдайларға қатысушылар үшін ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Әрбір жұмыскер Омбудсменге келесі арналар арқылы жүгіне алады:

- сенім телефондары (+ 7 (7172) 45-80-45);
- ЕТҰ-дағы ішкі байланыс арналары;
- WhatsApp және Telegram мобильді қосымшалары;
- Омбудсменнің электрондық поштасы (ombudsman@kazatomprom.kz).
- «Самұрық-Қазына» АҚ-тың ақпараттандыру арналары («Нысана» АЖ, жедел желі);
- кеңсе;
- корпоративтік сайт;
- eOtinish порталы.

Омбудсменнің қызметі туралы ақпарат, соның ішінде байланыс деректері мен өтініш беру тәсілдері ЕТҰ кәсіпорындарының ақпараттық стендтері мен экрандарында орналастырылған.

Сондай-ақ, адам құқықтары саласындағы міндеттемелерді бекіту және олардың сақталуын қамтамасыз ету үшін Компанияда Адам құқықтары саласындағы саясат бекітілген[59]. Бұл құжат барлық жұмыскерлер үшін міндетті болып табылады және барлық құрылымдық бөлімшелерге қолданылады. Оның орындалуына жауапкершілік Омбудсмен қызметіне және Комплаенс қызметіне жүктелген.

[59] «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесімен 2022 жылғы 16 маусымда бекітілген.

Омбудсменнің қызметі

GRI 2-25

2025 жылы Қазатомөнеркәсіптің Омбудсмен институты жұмыскерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету, қолайлы моральдық-этикалық климат қалыптастыру, сондай-ақ еңбек жанжалдарын реттеу бағытындағы жұмысын жалғастырды. Қызметтің негізгі бағыттары медиация арқылы жанжалды жағдайларды реттеуді, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл кеңсесімен өзара іс-қимылды қамтыды. Даулар мен жанжалдарды шешу кезінде медиацияны кеңінен қолдану мақсатында Қоғамның Омбудсмен қызметі ЕТҰ омбудсмендеріне арналған ұсынымдар әзірледі.

Жанжалдарды медиациялық тәсілмен шешудің практикалық кейстерін ескере отырып, ұсынымдардың негізіне медиация рәсімін өткізу алгоритмдері, медиатордың, тараптар мен омбудсменнің рөлдерін сипаттау, вахталық жұмыс жағдайында медиацияны қолдану ерекшеліктері, «Самұрық-Қазына» АҚ пулына кіретін медиаторларды тарту тәртібі енгізілді.

Әзірленген ұсынымдар Қордың және оның портфельдік компанияларының омбудсмендерінің қатысуымен өткен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Омбудсмендер кеңесінің кеңейтілген отырысында талқыланды.

Сауалнама жүргізу

Моральдық-этикалық климатты мониторингілеу және ұжымдармен өзара іс-қимыл.

Корпоративтік мәдениетті жақсарту және жайлы жұмыс атмосферасын қолдау жөніндегі бастама аясында 24 ЕТҰ-ның 13 305 қызметкерін (қызметкерлердің жалпы санының 58%-ы) қамтитын анонимді сауалнама жүргізу ұйымдастырылды.

58% жұмыскер

омбудсмен қызметінің анонимді сауалнамасына қатысты

Жылы	ЕТҰ саны	Респонденттер саны
2020	5	164
2021	10	279
2022	12	5 050
2023	23	11 003
2024	23	12 061
2025	**24**	**13 305**

Сауалнама респонденттерге Компаниядағы өзара қарым-қатынасты, сенім мен өзара құрмет деңгейін, еңбек деңгейі мен техника қауіпсіздігіне қанағаттанушылықты, көтермелеу мен қызметте өсудің әділдігін және т.б. бағалауға мүмкіндік берді. Сауалнама кемсітушілік жағдайларының бар-жоғын, өтініш беру арналары туралы хабардарлықты, жұмыскерлердің Этика кодексі мен комплаенс нормалары мен талаптарын білуін талдауға жағдай жасады. Талдау нәтижелері бойынша ЕТҰ басшыларының мекенжайына проблемалық аймақтарды жою жөніндегі іс-шараларды әзірлеу қажеттілігі туралы ұсынымдар жіберілді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

2025 жылы Омбудсмен институты Компаниядағы әлеуметтік-еңбек қатынастары жүйесін дамытуды жалғастырды. Қызметкерлердің тартылу деңгейін зерттеу нәтижелері бойынша жұмыскерлердің 80%-ы Омбудсмен институтының жұмыс істейтіні туралы хабардар екенін растады, бұл еңбек дауларын шешу және жанжалды жағдайларды реттеу тетіктеріне деген сенімнің артқанын көрсетеді.

Сонымен қатар, Омбудсмен жұмысының әсерін бағалай отырып, қызметкерлер бірінші кезекте оң өзгерістерді атап өтуде. Респонденттердің пікірінше, Омбудсмен қызметі жұмыс берушінің жұмыскерлер құқығына барынша назар аударуына (33,8%) ықпал етеді, ал қызметкерлер өздерін барынша қорғалған сезінеді (20,9%). Сондай-ақ, сауалнамаға қатысқандардың 9,3%-ы Омбудсмен жұмысының арқасында жанжалдар саны азаяды деп санаса, респонденттердің 22,9%-ы Омбудсменге жүгінбегендерін атап өтті. Жалпы алғанда, нәтижелер Омбудсмен институтының маңыздылығын көрсетеді және сенімді нығайту мен тұрақты әлеуметтік диалогты қолдау үшін жұмыскерлердің ақпараттану деңгейі жоғары екенін білдіреді.

2025 жыл ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ пен Әлеуметтік өзара іс-қимыл және байланыстар орталығының алғыс хаттарымен 6 ЕТҰ омбудсмені марапатталды.

Оқыту іс-шаралары

GRI 2-24

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың 2023–2030 жылдарға арналған тұрақты даму саласындағы бағдарламасында жұмыскерлерді адам құқықтарын қорғау мәселелеріне кезең-кезеңімен оқыту ескерілген, бұл ретте қамту деңгейі 2023 жылғы 0,01%-дан 2025 жылы 50%-ға дейін артуы тиіс.

Аталған бастаманы іске асыру Компанияның инвестициялық тартымдылығын және халықаралық бағалаулардың сапасын арттыруға, акционерлік құндылықты нығайтуға және ESG өлшемшарттарына сәйкес келуге, мүдделі тараптардың беделі мен сенімін күшейтуге, сондай-ақ жүйелі білім беру іс-шаралары есебінен омбудсмен институтына деген сенімді арттыруға бағытталған.

Осы бастаманы дамыту мақсатында ЕТҰ-да ішкі тренерлер даярланды, ал Омбудсмен қызметінің әдістемелік сүйемелдеуімен оқу-әдістемелік материалдар әзірленді. Материалдарды Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының жанындағы Ғылыми-консультативтік кеңестің және Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі үйлестіру кеңесінің мүшелері рецензиялады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша адам құқықтары және оларды қорғау тетіктері мәселелері бойынша 8 306 жұмыскер оқудан өтті. Жоба іске асырыла бастағаннан бері барлығы 13 967 жұмыскер оқытылды, бұл мақсатты қамтудың 68,2%-ын құрайды. Оқыту бағдарламасы азаматтардың негізгі конституциялық құқықтарын, соның ішінде еңбек ету және әділ еңбекақы алу құқығын, өмірі мен денсаулығын қорғауды, әлеуметтік, мәдени және мүліктік құқықтарды қамтыды.

Жұмыскерлердің құқықтарын қорғау тетіктерінің қолжетімділігін арттыру үшін сұрақтар немесе жанжалды жағдайлар туындаған кездегі жүгінудің ұсынылатын кезектілігі де айқындалды:

- жетекші;
- омбудсмен;
- кәсіподақ комитеті;
- татуластыру комиссиясы;
- жанжалды медиация арқылы реттеу.

Қалыптасқан жүйенің тиімділігі SRS зерттеуінің нәтижелерімен расталады: жұмыскерлер еңбек жанжалдарын шешудің басым арналары ретінде тікелей басшыға жүгінуді де, сондай-ақ кәсіподақ пен омбудсмен институтын қоса алғанда, Компанияның қолданыстағы институционалдық тетіктерін пайдалануды да қарастырады.

Құзыреттерді дамыту және еңбек жанжалдарының алдын алу мен реттеудің бірыңғай тәсілдерін нығайту мақсатында КЯУ (Қазатомөнеркәсіптің ядролық университеті) базасында ЕТҰ омбудсмендері үшін «Еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік шиеленістің артуы жағдайындағы корпоративтік омбудсменнің рөлі мен функциялары» тақырыбында оқыту ұйымдастырылды. Бағдарлама аясында қатысушылар омбудсмен қызметін құқықтық реттеу, жанжалдарды басқару тәсілдері, жанжалды жағдайлардың жіктелуі және мінез-құлық үлгілерін тануды қоса алғанда, практикалық психология элементтері бойынша білімдерін тереңдетті.

Қосымша корпоративтік психологпен бірлесіп Түркістан және Қызылорда облыстарында кеңістердің, сервистік компаниялар филиалдарының басшылары мен ЕТҰ омбудсмендері үшін жалпы саны 60 адамды қамтитын семинарлар өткізілді. Қатысушыларға тиімді байланыстарды құру, ұжымдардағы шиеленіс белгілерін ерте анықтау және жұмыс орнындағы кәсіби әрі эмоционалдық қысымның алдын алу бойынша практикалық құралдар ұсынылды.

Тәжірибе алмасу және практикаларды үйлестіру мақсатында есепті кезең ішінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ компаниялар тобы Омбудсмендер кеңесінің 7 отырысы, соның ішінде Қор мен портфельдік компаниялар омбудсмендерінің қатысуымен 6 кеңейтілген отырыс өткізілді.

Орталық аппаратта Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының спикері Р. Тоқатовты тарта отырып, «Қазатомөнеркәсіптің этикасы мен жауапкершілігі: стейкхолдерлердің күтулері» атты оқыту семинары өткізілді. Семинар негізгі стейкхолдерлермен (жұмыскерлерді, клиенттерді, серіктестерді және қоғамды қоса алғанда) орнықты қарым-қатынастарды қалыптастырудағы корпоративтік этика мен жауапкершіліктің рөлі туралы хабардарлықты арттыруға бағытталды.

Халықаралық және ұлттық бастамалар

2025 жылы Қоғамның Омбудсмен қызметі Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл кеңсесімен — Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықпен және өңірлік өкілдіктермен өзара іс-қимылды қамтамасыз етті.

Атап айтқанда, Астана, Шымкент қалалары, Түркістан және Қызылорда облыстары бойынша Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкілдерімен өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалды. Бұл меморандумдар бірлескен іс-шараларды (семинарлар, дөңгелек үстелдер, оқыту бағдарламалары мен конференциялар) өткізуді, адам құқықтарын қорғау мәселелері бойынша ақпарат пен талдау материалдарын алмасуды ескереді.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің шақыруымен Омбудсмен қызметі «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің институционалдық әлеуетін нығайту» жобасының ресми іске қосылу рәсіміне қатысты. Бұл жоба омбудсмен институты қызметінің тиімділігін халықаралық және еуропалық стандарттарға, соның ішінде Венеция комиссиясының ұсынымдарына сәйкес арттыру мақсатында Қазақстанның ұлттық құқық қорғау мекемесімен және Еуропа Кеңесімен бірлесіп іске асырылуда.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Сонымен қатар, есепті жылы Қор мен оның портфельдік компаниялары омбудсмендерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық басшысы орынбасарының қатысуымен Омбудсмендер кеңесінің кеңейтілген отырысы өткізілді. Отырыс барысында жұмыскерлердің конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету бойынша өзара іс-қимыл мәселелері талқыланды.

Кеңеске қатысушылар Қоғамның адам құқықтарының сақталуы мәселелеріне көңіл бөлу және корпоративтік ортада жоғары стандарттарға қол жеткізуге ұмтылу бойынша көрсеткен бастамасын қолдады, сондай-ақ Қордың портфельдік компанияларының омбудсмендеріне Қазатомөнеркәсіптің оң тәжірибесін қабылдауды ұсынды.

Осы жұмысты дамыту мақсатында Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жанындағы Үйлестіру кеңесінің шешімімен Қазатомөнеркәсіп Омбудсмен қызметінің бас менеджері 2025–2026 жылдарға арналған Астана қаласы бойынша Ұлттық алдын алу тетігі (азаптаулардың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жүйесі) комиссиясының құрамына, ал «Инкай» омбудсмені Шымкент қаласы бойынша сайланды.

Өтініштермен жұмыс

GRI 2-16

2025 жылы Омбудсмен институты әдеп нормаларының сақталуы, жұмыскерлердің құқықтары мен еңбек заңнамасының талаптары бойынша өтініштердің қаралуын қамтамасыз етті. Есепті кезеңде түрлі байланыс арналары арқылы барлығы 48 өтініш тіркелді, бұл кері байланыс тетігінің қолжетімділігін және әлеуметтік-еңбек мәселелерін реттеуде аталған институттың қажеттілігін растайды.

Өтініш арнасының түрі	Өтініштер саны
«Самұрық-Қазына» Қорының «Жедел желі» арнасы	14
«Нысана» ақпараттық жүйесі	7
Омбудсменнің корпоративтік поштасы	15
e-Otinish	3
Кеңсе	8
WhatsApp	1

Сауалдардың негізгі тақырыптары келесідегідей бөлінді:

- еңбек заңнамасын бұзу мәселелері – 10 өтініш;
- әдеп нормаларын бұзу мәселелері – 25 өтініш;
- еңбекті ұйымдастыру мәселелері – 5 өтініш;
- рекрутинг мәселелері – 4 өтініш.



Байланыстар:

- Омбудсмен ұжымдармен 28 кездесу өткізді, соның ішінде 11 кездесу орталық кеңселердің қызметкерлерімен, 17 кездесу өндірістегі еңбек ұжымдарымен өтті;
- Кездесулер барысында еңбек құқықтарының сақталуы, еңбек жағдайларын жасау және техника қауіпсіздігі, жұмыскерлер мен басшылық арасындағы өзара іс-қимыл, әлеуметтік кепілдіктер, сондай-ақ әлеуметтік-психологиялық климатқа әсер ететін факторлар талқыланды;
- Еңбек және тұрмыс жағдайларын кешенді бағалау мақсатында өндірістік нысандарға, жұмыскерлердің тұратын жерлеріне, тамақтану және бос уақытты өткізу орындарына тексеру жүргізілді;
- Мониторинг барысында наразылық көңіл-күйлері тіркелген жоқ және ұжымдардың көпшілігінде тұрақты әлеуметтік жағдай сақталғаны анықталды;
- Кездесулер барысында қойылған сұрақтарға тиісті жауаптар мен түсініктемелер берілді.

GRI 406-1, 408-1, 409-1

2025 жылы Компанияда кемсітушілік немесе адам құқықтары саласындағы басқа да бұзушылық жағдайлары тіркелген жоқ.

Сондай-ақ мәжбүрлі немесе міндетті еңбек жағдайлары тіркелмеді. Қазатомөнеркәсіп балалар еңбегін пайдалануға да қатаң қарсы.

2026 жылға арналған жоспарлар

Адам құқықтары және оларды қорғау тәсілдері бойынша оқудан өткен жұмыскерлердің қамтылуын 75%-ға дейін қамтамасыз ету;

- Әйелдердің құқықтарының қорғалу деңгейіне диагностика жүргізу мақсатында әйелдер арасында сауалнама жүргізу;
- Жұмыс орнында қысым көрсетуге, харассментке жол бермеу, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын өткізу;
- Алматы қаласы, Шығыс Қазақстан және Ақмола облыстары бойынша Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкілдерімен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;
- Омбудсмендер үшін «Наразылық көңіл-күйлердің алдын алуда, жанжалдарды басқаруда, әдеп және еңбек мәселелері бойынша өтініштерді талдау мен шешуде омбудсменнің жасанды интеллектіні пайдалануы» тақырыбында оқыту ұйымдастыру.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Компания әрекет ететін өңірлердегі жергілікті тұрғындарды қолдау

Құжаттар

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың әлеуметтік және қайырымдылық жобаларын қаржыландыру тәртібі» қағидалары.

2025 жылдағы басты оқиғалар

- Компания әрекет ететін өңірлердегі әлеуметтік жобалар;
- Қайырымдылық көмек;
- Білім беру мекемелерін қолдау;
- Мерекелік іс-шараларды өткізуге көмектесу.

2025 жылғы негізгі көрсеткіштер

11,419 млрд теңге

ҚАТЫСУ ӨҢІРЛЕРІНЕ САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР КӨЛЕМІ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Басқару тәсілі

GRI 3-3, 203-2

Қатысу аумақтарын қолдау және дамыту – Компанияның негізгі әлеуметтік жауапкершілігі. Қазатомөнеркәсіп жұмыс орындарын ашады, салықтар төлейді және қатысу өңірлерінің жергілікті тұрғындары үшін әлеуметтік-экономикалық серіктестік бағдарламаларын іске асырады. Компанияның мүдделі тараптармен өзара іс-қимылы қоғамдағы жақсы беделімізді сақтауға көмектеседі.

Компанияның өндірістік нысандары орналасқан өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше назар аударылады. Әлеуметтік маңызы бар нысандарды қалпына келтіру және салу, денсаулық сақтау, білім беру және спорт инфрақұрылымын дамыту арқылы жергілікті халықтың өмір сүру сапасын жақсарту басымдықтар қатарында. Компания қауымдастықтардың әл-ауқатын арттыруға, жұмыс орындарын ашуға және әлеуметтік шиеленісті азайтуға тырыса отырып, қатысу аумақтарының тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Қазатомөнеркәсіптің әлеуметтік бағдарламалары ағымдағы әлеуметтік проблемаларды шешуге, жергілікті халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға және экономикалық өсуді қолдауға бағытталған. Компания әлеуметтік инвестицияларда ашықтық қағидасын ұстанады және Компания жобаларын іске асырудың барлық кезеңдерінде мүдделі тараптармен белсенді өзара іс-қимыл жасайды.

Компания мүдделі тараптарды, соның ішінде жергілікті билік органдары мен жұртшылықты ең өзекті әлеуметтік мәселелерді анықтау және уақтылы шешу үшін диалогқа белсенді тартады. Мұндай тәсіл Қазатомөнеркәсіптің өндірістік нысандары орналасқан өңірлердің теңгерімді дамуына және оң әлеуметтік климатты сақтауға ықпал етеді.

Қазатомөнеркәсіп өз қызметін жүзеге асыратын өңірлердің әлеуметтік-экономикалық саласының өркендеуі мен дамуына келесі жолдармен қомақты үлес қосады:

- салық салу арқылы жергілікті бюджеттерге елеулі қаржылық қаражат беру;
- жер қойнауын пайдалану құқығына арналған шарттарға сәйкес өңірлік бюджеттерге төлемдер жасау;
- жергілікті тұрғындар үшін жұмыс орындарын ашу.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ-ТЫҢ ОЛ ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН ӨҢІРЛЕРДІ ДАМЫТУҒА ҚОСҚАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮЛЕСІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Төленген салықтар мен міндетті төлемдер, млрд теңге	290,9	442,4	492,5
Төленген дивидендтер, млрд теңге	201	314,6	327,9
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ өндірістік қызметкерлер құрамының орташа айлық жалақысы, теңге/ай	602 622	651 584	727 000
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жұмыскерлерінің орташа айлық жалақысының ҚР-дағы орташа жалақыға арақатынасы	1,7	1,8	1,9

«Мал-Жан Аман» науқаны

«Мал-Жан Аман» науқаны аясында «KAP Logistics» ЖШС «Шиелі-Сұңқар» филиалының жұмыскерлері кәсіпорынның технологиялық жолдарына іргелес жатқан Шиелі ауданының сегіз елді мекенінің тұрғындарына жарық шағылыстырғыш ленталарды тегін жеткізіп берді.



Жергілікті тұрғындармен кездесулер/талқылаулар өткізу және өзара іс-қимыл жасау

2025 жыл ішінде компания қатысатын барлық өңірлерде ЕТҰ басшылығының жергілікті қоғамдастық тұрғындарымен тұрақты кездесулері өткізілді. Кездесулер аясында әлеуметтік инфрақұрылым, экология, халықты жұмыспен қамту мәселелері, сондай-ақ ағымдағы және жоспарланған жобалардың іске асырылуы талқыланды. Іс-шаралар халықпен ашық диалогты және жергілікті тұрғындарды компания қызметі туралы уақтылы хабардар етуді қамтамасыз етті. Кездесулер қорытындысы бойынша тиісті хаттамалар рәсімделді.

Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспары шеңберінде жүзеге асырылады және пайдалану мен жобалық тәуекелдерге, мәдени мұраны сақтауға, сондай-ақ қызметтің өзге де экологиялық және әлеуметтік аспектілеріне байланысты мәселелерді қарау кезінде жергілікті тұрғындардың пікірін ескеру тетіктерін қамтиды. Кері байланыстың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін өтініштер мен шағымдарды беру тетіктері, сондай-ақ қабылданатын шешімдер мен іске асырылып жатқан шаралар туралы халықты тұрақты хабардар ету практикасы жұмыс істейді. Сонымен қатар, қатысу өңірлерінде жұмыспен қамтуды және әлеуметтік-экономикалық дамуды қолдауға бағытталған шаралар іске асырылуда, оның ішінде жергілікті тұрғындар арасынан жұмыскерлерді жалдау, жұмыссыз халықты оқыту және аумақтарды дамытуға инвестиция салу бар. Мұндай тәсіл жергілікті қоғамдастықтармен тұрақты өзара іс-қимылды сақтауға және компания қызметі барысында олардың мүдделерін ескеруге ықпал етеді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

ЕТҰ деңгейінде жергілікті қоғамдастықтармен жұмыс істеу басым қажеттіліктерді анықтау үшін кеңестер өткізуді, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардан түсетін өтініштер мен ұсыныстарды қарауды қамтиды. Жергілікті атқарушы органдармен ынтымақтастық ЕТҰ орналасқан өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған жобаларды үйлестіру және іске асыру мақсатында тұрақты негізде жүзеге асырылады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ол әрекет ететін өңірлердегі мектеп оқушыларының, студенттердің және бейінді білім беру ұйымдары өкілдерінің қатысуымен жүйелі түрде кездесулер, талқылаулар және ашық іс-шаралар өткізеді.

2025 жылдың басынан бері Компания кәсіпорындары кәсіби бағдар беруді дамытуға және жастарды саладағы мансаптық мүмкіндіктермен таныстыруға бағытталған ашық есік күндері мен бос жұмыс орындары жәрмеңкесі форматындағы 79 іс-шараға қатысты.

Сонымен қатар, жұмысшы мамандықтарын танымал етуге және жоғары сынып оқушыларымен, бейінді оқу орындарының студенттерімен тікелей өзара іс-қимыл орнатуға бағытталған жетекші жұмысшы мамандар мен Компания жұмыскерлерінің қатысуымен мастер-кластар, практикалық сабақтар, қонақ дәрістері мен дөңгелек үстелдер форматында 39 іс-шара өткізілді.

Тұрғындардың шағымдарын қарау

GRI 2-16, 2-25, 2-26, 3-3

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен оның ЕТҰ-да өтініштер мен шағымдарды (соның ішінде үшінші тұлғалардан) қарау тәртібі ішкі «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та өтініштерді қарау тәртібі туралы қағидалармен» реттеледі. Бұл қағидалар өтініштерді тіркеу мен қарау, өтініш берушіге жауап дайындау және қабылданған шаралардың орындалуын бақылау тәртібін айқындайды.

Жергілікті тұрғындар мен басқа да мүдделі тараптар үшін кері байланыстың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында өтініштер мен шағымдарды жолдау арналары ескерілген. Олар арқылы өтініш берушілер Компания қызметіне байланысты мәселелер мен әсерлер туралы хабарлай алады. Сыртқы әлеуметтік саясат және қатысу өңірлерінің жергілікті тұрғындарымен өзара іс-қимыл жасау үшін жауапкершілік жетекшілік ететін басшыға — HR және өндірістік қауіпсіздік жөніндегі басқарушы директорға жүктеледі.

2025 жылы Компанияға e-Otinish платформасы арқылы жергілікті тұрғындардан 69 өтініш пен шағым түсті. Есепті кезеңде өтініштердің 100%-ы қаралып, реттелді.

Өтініштерді/шағымдарды жолдауға арналған кері байланыс арналары:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ кеңсесі: +7 (7172) 45-81-01;
- Электрондық пошта: nac@kazatomprom.kz;
- Корпоративтік сайттағы «Өтініштер» бөлімі;
- e-Otinish.

Телефон желісіне түсетін өтініштер жазылып алынады. Жұмыс істемейтін уақытта автожауап бергіш жұмыс істейді.

Қараудың орташа мерзімі күнтізбелік 18 күнді құрады. Өтініштердің ең көп таралған тақырыптары: сатып алу мәселелері, білім беру үдерісін ұйымдастыру, еңбек қатынастарын реттеу, БАҚ сауалдары және материалдық көмек көрсету.

Инвестициялар

GRI 203-1


7 ҚЫМБАТ ЕМЕС ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ

Компания жыл сайын өзінің қатысу өңірлерінде инфрақұрылымды дамытуға және жергілікті тұрғындарды қолдауға бағытталған әлеуметтік инвестициялар мен қайырымдылық бастамаларын іске асырады. 2025 жылы Қазатомөнеркәсіп әлеуметтік және экономикалық инфрақұрылымды айтарлықтай жақсартуға ықпал еткен жобаларды орындады, оның ішінде спорт алаңдарын салу, елді мекендерді абаттандыру, білім беру мекемелеріне оқу жабдықтарын сатып алу, халықтың әлеуметтік осал топтарына атаулы қаржылай көмек көрсету, сондай-ақ «Таза Қазақстан» жалпыұлттық науқаны аясындағы экологиялық іс-шараларды қолдау бар.

Есепті кезеңде әлеуметтік инвестициялар көлемінің 2024 жылмен салыстырғанда айтарлықтай өскені байқалды. Бұл өсім өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған жобаларды қаржыландырудың кеңеюіне байланысты болды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша жергілікті қоғамдастықтарды дамытуға салынған инвестициялардың жалпы көлемі 11,419 млрд теңгені құрады, бұл Компанияның және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының өңірлерді қолдауға және басым әлеуметтік бастамаларды іске асыруға қосқан жүйелі үлесін көрсетеді.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ ПЕН ЕТҰ-НЫҢ ҚАТЫСУ ӨҢІРЛЕРІНЕ САЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫ, млрд теңге



2025 жылы ЕТҰ-ның жергілікті қоғамдастықтарды қоғамдық және әлеуметтік акцияларға қатысу арқылы қолдау жөніндегі бастамалары бөлек бағытты құрады, соның ішінде: «Мен донормын» науқаны, Жеңіс күніне және Қарттар күніне арналған іс-шаралар, сондай-ақ жылыту маусымы қарсаңында және мерекелік кезеңдерде тұрғындарға атаулы қолдау көрсету.

Осы іс-шараларды іске асыру жұмыскерлердің, олардың отбасы мүшелерінің және басқа да тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді, ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық тиімділікті қалыптастырады және жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимылды нығайтады.

[60] Келісімшарттық міндеттемелерден тыс қатысу өңірлеріне салынған инвестициялар

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҚ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

GRI 413-1

Жергілікті тұрғындармен өзара іс-қимыл жасау үшін Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдары халықтың және осал топтардың қажеттіліктерін ескере отырып, әлеуметтік бастамаларды өз бетінше іске асыру өкілеттіктеріне ие. 2025 жылы жергілікті қоғамдастықтармен жұмыс кәсіпорындардың қоғамдық науқандарға қатысуын, халықты қолдауды, сондай-ақ жұмыскерлер мен жастар бірлестіктерінің бастамаларын қамтыды.

2025 жылы жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының талаптары бойынша міндеттемелерді орындау аясында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға бюджетке аударылған қаражаттың жалпы көлемі 6 млрд теңгеден астам соманы құрады.

Есепті жылы Компанияның 33 ЕТҰ-ның 22-сі жергілікті халық пен осал топтардың қажеттіліктері негізінде жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жасады. Осы жұмыс аясында негізгі назар әлеуметтік осал топтарды қолдауға және елді мекендердегі әлеуметтік ортаны дамытуға бағытталған бағдарламалар мен іс-шараларды іске асыруға аударылды.

Бұл қызмет шеңберінде отбасылар мен балаларға арналған атаулы бастамалар, жұмыскерлердің қатысуымен өтетін іс-шаралар (соның ішінде донорлық күндер мен мектеп оқушыларына арналған науқандар), сондай-ақ жылыту маусымы қарсаңында және мерекелік кезеңдерде тұрғындарды қолдау шаралары жүргізілді, атап айтқанда:

- «ҮМЗ» АҚ: 180 жұмыскерді қамти отырып, 8 әлеуметтік іс-шараға (соның ішінде донорлық күндер, «Мектепке жол», «Тілектер шыршасы») қатысты;
- «ОТХК» БК» ЖШС: Жас мамандар кеңесі ерікті негізде мұқтаж отбасыларға атаулы қолдау ұйымдастырды және елді мекендер мен әлеуметтік мекемелердегі қоғамдық іс-шараларға қатысты.
- «Байкен-U» ЖШС: жергілікті тұрғындарға арналған іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу, соның ішінде көпбалалы аналарды қолдау және мерекелік бастамаларды өткізу;
- «Инкай» БК» ЖШС: әлеуметтік осал топтардағы балалар мен отбасыларды қолдау (жаңа жылдық сыйлықтар, азық-түлік жиынтықтары, мектеп формасы, жылыту маусымы қарсаңындағы қолдау);
- «Орталық» ӨК» ЖШС: Жартытөбе ауылы тұрғындарына әлеуметтік қолдау көрсету, соның ішінде жылыту маусымына дайындыққа жәрдемдесу және мерекелік бастамаларға қатысу.




31-тің 22-сі

Есепті жылы Компания ЕТҰ-ның жергілікті халық пен осал топтардың қажеттіліктері негізінде жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жасады

«Бір ел – бір кітап» республикалық науқаны

Балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын пайдалы ұйымдастыру, сондай-ақ кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС атынан Таукент кентінің орталық кітапханасына арнайы іріктелген 350 дана кітап тапсырылды.



Компания әрекет ететін өңірлердегі жергілікті тұрғындарды дамытуды қолдауға арналған бағдарламаларды іріктеу

Компанияда өңірлерді дамыту жөніндегі жобалар мен бағдарламалар үшін бағыттардың басымдылығы айқындалған. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың әлеуметтік және қайырымдылық жобаларын қаржыландыру тәртібі» қағидаларына сәйкес, әлеуметтік және қайырымдылық жобаларын қаржыландырудың басым бағыттары мыналар болып табылады:

- Адамдарға көмек көрсету – әлеуметтік және медициналық секторда Қазақстан Республикасы азаматтарын, Компания мен ЕТҰ жұмыскерлерін, сондай-ақ олардың туыстарын/отбасы мүшелерін, жергілікті тұрғындарды қолдау;
- Медиа, мәдени қоғамдастық пен адами әлеуетті дамыту, еңбек қатынастарын нығайту және қоғамның тұрақты дамуына инвестиция салу;
- Қоғамның қатысу өңірлерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағында өңірлік әлеуметтік инвестициялар бағдарламасын іске асыру, соның ішінде «Игілік» әлеуметтік жобасын орындау шеңберінде;
- Кәсіби спорт клубтарын тікелей қаржыландыруды қоспағанда, спорт, дене шынықтыру және салауатты өмір салты саласындағы бастамаларды қолдау, соның ішінде спортты дамыту, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру және жабдықтар сатып алу мәселелері;
- Компанияның және оның еншілес кәсіпорындарының беделін нығайту және имиджін ілгерілету.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

2025 ЖЫЛҒЫ СЫРТҚЫ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР, млн теңге

Бағыт	Инвестициялар көлемі
Өңірлердің әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту	3 256,5
Денсаулық сақтау	729,7
Білім беру	263,3
Қайырымдылық	289,3
Спорт	118,4
Мәдениет	16,2
Жиыны	**4 673,4**

Әлеуметтік маңызы бар жобалар

GRI 413-1, SASB EM-MM-210B.1

Жергілікті тұрғындарды қолдау және қатысу өңірлерін дамыту шеңберінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен оның ЕТҰ инфрақұрылымды дамытуға және халықтың, соның ішінде шалғайдағы елді мекендердегі тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асырады. Ұсынылған кейстер Компанияның қаржылай қолдауымен іске асырылған осындай бастамалардың мысалдарын көрсетеді.

«Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС Компания республикалық «Парыз – 2025» байқауының Гран-приін иеленді, сондай-ақ келесі номинациялар бойынша жеңіске жетті:

- «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» – 1-орын
- «Жылдың үздік әлеуметтік жобасы»


ГРАМОТА

Республикалық «Парыз-2025» конкурсының өңірлік кезеңінде ірі кәсіпорындар арасында «Ең үздік ұжымдық шарт», «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын», «Экологияға қосқан үлесі үшін», «Жылдың үздік әлеуметтік жобасы» номинациялары бойынша жүлделі

I – ОРЫН иеленгені үшін

«Қазатомром-SaUran» ЖШС ұжымы

МАРАПАТТАЛАДЫ

Облыс әкімінің орынбасары Б.Тажібаев

Түркістан қаласы, 2025 жыл

«ОТХК» БК» ЖШС 2025 жылы иеленді:

Samruk-Kazyna Trust ЖШС-нен Charity Samruk Marathon қайырымдылық жобасының серіктесі ретінде «Сенім» дипломы. Жобаны қолдау Астана мектептерінде инклюзияны қолдау кабинеттерінің ашылуына ықпал етті;
«Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КеАҚ-тың әлеуметтік осал топтарынан шыққан студенттеріне көрсеткен қаржылай көмегі мен табысты ынтымақтастығы үшін Алғыс хат.

ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП ПЕН ЕТҰ-НЫҢ ҚАРЖЫЛАЙ ҚОЛДАУЫМЕН ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ЖОБАЛАР

Жоба сипаттамасы	Өңір	Жоба құны	Іске асырылу мәртебесі
Достық үйінің құрылысы (жер қойнауын пайдалану келісімшарттары бойынша міндеттемелерді орындау шеңберінде)	Қызылорда қаласы	2,3 млрд. теңге	Жоба 2025 жылғы желтоқсанда аяқталды
Спорт залының құрылысы	Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Кейден ауылы	115,6 млн. теңге	Жоба 2025 жылғы желтоқсанда аяқталды
Жаңа 16 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы	Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы	386,4 млн теңге	Жоба 2025 жылғы желтоқсанда аяқталды
Орталық аудандық аурухана ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу	Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы	4 125,9 млн теңге	Жобаны аяқтау 2026-2027 жж. ішінде жоспарланған
Халықты санитарлық нормаларға сай келетін сапалы ауыз сумен тұрақты қамтамасыз ету жөніндегі жоба	Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау, Қарақұр, Қызылқанат және Бабата елді мекендері	224,5 млн теңге	Жобаны аяқтау 2027 жылғы желтоқсанға жоспарланған
«Шиелі-Тайқоңыр» автомобиль жолына күрделі жөндеу жүргізу Шиелі кентіндегі жол белгілерін жаңартумен, тротуарлар салумен және күн сәулесінен қуат алатын жарықтандыруды орнатумен 0-13 км	Қызылорда облысы, Шиелі ауданы	2,6 млрд теңге	Жоба 2025 жылы іске асырылды

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Экономикалық әсер

GRI 3-3

Тікелей экономикалық құн – бұл Қазатомөнеркәсіп өз қызметі барысында жасайтын құн. Ол жеткізушілер мен мердігерлерді, қызметкерлерді, акционерлер мен несие берушілерді, мемлекетті, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтарды қамтитын мүдделі тараптар арасында бөлінеді. Компания бөлінбеген экономикалық құнды бизнесті дамытуға бағыттайды. 2025 жылы Компания жасаған экономикалық құн 2 090,94 млрд теңге құрады, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 13%-ға аз.

ЖАСАЛҒАН ЖӘНЕ БӨЛІНГЕН ТІКЕЛЕЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН, млрд теңге

GRI 201-1

Бап	2023	2024	2025
Құрылған тікелей экономикалық құн			
Табыс[61]	1 579,23	2 407,68	2 090,94
Бөлінген экономикалық құн, соның ішінде:			
Операциялық шығыстар[62]	611,62	814,60	772,50
Еңбекақы	86,00	100,08	113,85
Қаржылық шығыстар	9,59	18,65	19,29
Табыс салығынан басқа басқа салықтар	56,20	91,82	137,72
Табыс салығы бойынша шығыстар	148,01	237,00	188,97
Өзге шығыстар[63]	86,18	11,55	48,50
Әлеуметтік салаға жұмсалған шығыстар (қатысу өңірлеріне инвестициялар)	1,30	1,86	3,41
Бөлінбеген экономикалық құн (жыл ішіндегі пайда)	**580,34**	**1 132,12**	**806,70**

2026 жылға арналған жоспарлар

2026 жылы әлеуметтік әріптестікті дамытуды және әлеуметтік тұрақтылықты қолдауды жалғастыру, бекітілген бюджет шеңберінде әлеуметтік және қайырымдылық жобаларының іске асырылуын қамтамасыз ету, ұжымдық шартта ескерілген кепілдіктерді сақтау мен дамыту, сондай-ақ ашық диалог пен кері байланыс тетіктері арқылы жұмыскерлермен және жергілікті тұрғындармен өзара іс-қимылды күшейту жоспарлануда.

[61] Кірістер GRI стандарттарының әдістемесіне сәйкес есептелген және Компанияның түсімі мен барлық табыстарының сомасын қамтиды.
[62] Операциялық шығыстарға келесі баптар кіреді: өткізудің өзіндік құны (жалақы мен салықтарды қоспағанда), өткізу бойынша шығыстар (жалақы мен салықтарды қоспағанда), жалпы және әкімшілік шығыстар (жалақы мен салықтарды қоспағанда).
[63] Басқа да шығыстарға қаржылық активтердің құнсыздануынан болатын шығындар мен бағамдық айырмадан болатын шығындар жатады.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

7. Корпоративтік басқару

Корпоративтік басқару жүйесі 264
Тәуекелдерді басқару 295
Ішкі бақылау жүйесі 308
Ішкі аудит 308
Сыртқы аудит 309
Салықтық ашықтық 310
Іскерлік әдеп және комплаенс 313
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибесі 321
Мемлекеттік органдармен байланыс және лоббистік қызмет 325

328 млрд теңге

Дивидендтік төлемдердің жалпы көлемі

492,5 млрд теңге

Төленген салықтар мен міндетті төлемдер мөлшері

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Корпоративтік басқару жүйесі

Түйінді құжаттар

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың жарғысы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың Директорлар кеңесі туралы ереже;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың Басқармасы туралы ережесі;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың Комитеттері туралы ережелері;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың Корпоративтік басқару кодексі;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың Еншілес және тәуелді ұйымдарды басқару саясаты.

2025 жылдағы басты оқиғалар

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ корпоративтік басқару кодексінің жаңа редакциясын бекіту;
- ISO 37001:2016 «Парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйелері» стандарты бойынша сертификаттаудан өту;
- Компанияның Басқарма және Директорлар кеңесі мүшелері үшін «Тұрақты даму мәселелерін басқарудағы Директорлар кеңесі мен Басқарманың рөлі» тақырыбында оқыту өткізу.

2025 жылғы негізгі көрсеткіштер

96,4%
ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТИІМДІЛІК ДЕҢГЕЙІ

492,5 млрд теңге
ТӨЛЕНГЕН САЛЫҚТАР МЕН МІНДЕТТІ ТӨЛЕМДЕР МӨЛШЕРІ

>14 мың
ЕСЕПТІ ЖЫЛЫ ТОПТЫҢ 14 МЫҢНАН АСТАМ ЖҰМЫСКЕРІ КОМПЛАЕНС ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ОҚЫТУДАН ӨТТІ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Корпоративтік басқару құрылымы

GRI 2-9

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ корпоративтік басқару жүйесі тиімді бақылауды, тұрақты дамуды және Компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуін қамтамасыз етуге бағытталған. Корпоративтік басқару тиімділік, жеделдік және ашықтық қағидаттарына негізделген, бұл акционерлер, инвесторлар және басқа да мүдделі тараптар тарапынан сенімді нығайтуға ықпал етеді.



Корпоративтік басқару кодексі

2025 жылы Қоғам 2015 жылғы 27 мамырда бекітілген «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алды. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ корпоративтік басқару кодексінің жаңа редакциясы (Кодекс) 2025 жылғы 19 желтоқсанда бекітілді.

Кодекс Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік басқару кодексіне және оның ішкі құжаттарына сәйкес, Қазақстанда және әлемде дамып келе жатқан корпоративтік басқару практикасын ескере отырып әзірленген. Кодекс ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып қолданылады.

Кодекстің мақсаттары корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету, Қоғамның тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға бейілділігін растау болып табылады.

Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы

Корпоративтік хатшы қызметі Компанияда 2025 жыл ішінде Кодекс қағидаттары мен ережелерінің сақталуына талдау жүргізді. Талдау нәтижелеріне сәйкес[64], Кодекстің 467 ережесінің ішінен Компания 415 ережені (88,9%) сақтайды, Кодекстің 47 ережесі немесе 10,1%-ы Компанияға қатысты қолданылмайды, ал 5 ереже немесе 1,1%-ы ішінара сақталады.

Кодекс келесі негізгі бөлімдерді қамтиды:

- Жалпы ережелер
- Үкімет Қордың акционері ретінде
- Қор мен ұйымдардың өзара іс-қимылы. Қордың ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі
- Акционерлердің құқықтары және акционерлерге әділ көзқарас
- Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі
- Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, аудит, комплаенс және омбудсмен
- Айқындық

[64] «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың 2025 жылға арналған Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтауы туралы есеппен Компанияның ресми интернет-ресурсында танысуға болады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР


КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ САҚТАЛУЫ, %

Кодекс бөлімі				
Үкімет «Самұрық-Қазына» АҚ акционері ретінде	48,5	3	–	48,5
«Самұрық-Қазына» АҚ пен ұйымдардың өзара іс-қимылы «Самұрық-Қазына» АҚ-тың ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі	90,3	–	–	9,7
Тұрақты даму	100	–	–	–
Акционерлердің құқықтары және акционерлерге әділ көзқарас	91,3	–	–	8,7
Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі	95,3	2	–	2,7
Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит	96,8	–	–	3,2
Айқындық	97,2	–	–	2,8

Орындалуда · Ішінара сақталады · Орындалмайды · Қолданылмайды

AIX корпоративтік басқару қағидаттарының сақталуы

- AIX биржасы өзінің котировкалық тізіміндегі компаниялар үшін корпоративтік басқарудың жалпы қағидаттарын белгілейді. Қазатомөнеркәсіптің Корпоративтік басқару кодексі көп жағдайда осы қағидаттарға сәйкес келеді.
- Топтың негізгі қызметінен тыс іс-әрекеттерге байланысты кез келген бастамалары тәуелсіз директор басқаратын Директорлар кеңесінде қаралуы және тексерілуі тиіс.



Акционерлердің жалпы жиналысы

Акционерлердің жалпы жиналысы Компанияның жоғары органы болып табылады.

Компания барлық акционерлерге, соның ішінде миноритарлық акционерлерге де, олардың акционерлік капиталдағы үлесінің мөлшеріне қарамастан, бірдей жағдайлар мен ақпаратқа тең қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, барлық акционерлерге тең және әділ көзқарас қағидатын ұстанады.


2025 жылы акционерлердің үш Жалпы жиналысы өтті: бір жылдық және екі кезектен тыс жиналыс.

Өткізілген күні	Күн тәртібіндегі мәселелер
27.05.2025 АЖЖ	Жиналысты ұйымдастыру және өткізуге, жылдық қаржылық есептілікті бекітуге, пайданы бөлуге және дивидендтер төлеуге, акционерлерді компания қызметі туралы хабардар етуге, басқару органдары мен басқармаға сыйақы төлеуге, дивидендтік саясаттағы өзгерістерге, сондай-ақ корпоративтік басқару органдарын қалыптастыруға (Директорлар кеңесі мен санақ комиссиясының құрамы) байланысты мәселелер қаралды.
20.10.2025 АКТЖ (сырттай)	Табиғи уран концентраттарын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді және споттық шарттарына байланысты ірі коммерциялық мәмілелер жасасу және олардың шарттарын өзгерту, сондай-ақ ірі мәміле бойынша акционерлердің бұрын қабылданған шешіміне өзгерістер енгізу мәселелері қаралды.
19.12.2025 АКТЖ (сырттай)	Компанияның корпоративтік басқару кодексін жаңа редакцияда бекіту мәселесі қаралды.

Акционерлік капиталдың құрылымы

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарияланған және орналастырылған (төленген) жай акцияларының жалпы саны 259 56 608 дананы құрады. Соның ішінде 62,99%-ы «Самұрық-Қазына» АҚ-қа, 12,01%-ы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне тиесілі, ал 25%-ы Астана халықаралық биржасында (AIX) және Лондон қор биржасында (LSE) листингі бар акциялар мен жаһандық депозитарлық қолхаттар (GDR) түрінде еркін айналымда.

2025 ЖЫЛЫ ШЫҒАРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ ЖӘНЕ АЙНАЛЫМДАҒЫ АКЦИЯЛАР/ЖДҚ



«Самұрық-Қазына» АҚ акцияларының үлесі
Еркін айналымдағы акциялардың/ЖДҚ үлесі
ҚР Қаржы министрлігі акцияларының үлесі

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Листинг туралы ақпарат

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның акциялар, жаһандық депозитарлық қолхаттар және облигациялар түріндегі бағалы қағаздары AIX және LSE листингімен халықаралық қор биржаларында айналымда болады.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЛИСТИНГІ

Құрал	Валюта	ISIN	AIX	LSE
Жай акциялар	Теңге	KZ1C00001619	KAP	–
Жаһандық депозитарлық қолхаттар	АҚШ доллары	US63253R2013	KAP.Y	KAP
Облигациялар	АҚШ доллары	KZX000003371	KAP.1227	–

Акционерлермен өзара әрекеттесудің ресми арналары

Корпоративтік құқықтардың жүзеге асырылуын және акционерлермен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін Компанияда бірнеше байланыс арналары қарастырылған:

- Қазатомөнеркәсіптің ресми сайты – www.kazatomprom.kz, мұнда Компания қызметі туралы ақпарат, баспасөз хабарламалары, жылдық және аралық есептер, операциялық нәтижелер және өзге де материалдар қолжетімді;
- Тіркеушілер мен депозитарийлердің байланыс деректері:

  - қарапайым акцияларды ұстаушылар: «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ (Алматы қ., «Самал-1» мөлтек ауданы, 28; +7 (727) 355 47 61);

  - жаһандық депозитарлық қолхаттарды (GDR) ұстаушылар: Citibank, N.A. (388 Greenwich Street, Нью-Йорк, Нью-Йорк штаты 10013, АҚШ, тел: +1-212-816-6622/+1-917-533-7887).



Директорлар кеңесі

GRI 2-10

Компанияның Директорлар кеңесі (бұдан әрі – Директорлар кеңесі, ДК) – Акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін, Компанияға стратегиялық басшылықты қамтамасыз ететін және оның ұзақ мерзімді құнының өсуі мен тұрақты дамуына бағытталған басқару органы.

Компанияның Директорлар кеңесі өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында (соның ішінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында), Компания Жарғысында, Корпоративтік басқару кодексінде, Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережесінде бекітілген қағидалар мен қағидаттарға сәйкес жүзеге асырады. Аталған құжаттар Директорлар кеңесінің негізгі міндеттері мен функцияларын; Директорлар кеңесін қалыптастыру және жұмыс істеу тәртібін; Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін егжей-тегжейлі ашады.

Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау (қайта сайлау), олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеу мен шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау Компания акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатады.

ҚР қолданыстағы заңнамасында, Жарғыда, Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережесінде Директорлар кеңесі мүшелері сәйкес келуге тиіс өлшемшарттар нақты белгіленген.

Мәселен, Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелері тек жеке тұлғалар болуы мүмкін. Олар мына тұлғалардың арасынан сайланады:

- **акционерлер** – жеке тұлғалар;
- акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған (ұсыныс берілген) **тұлғалар**;
- Компания акционері болып табылмайтын және акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) **жеке тұлғалар.**

Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны, Жарғы талаптарына сәйкес, 6 адамнан кем болмауы тиіс; Директорлар кеңесі құрамының 30%-ын тәуелсіз директорлар құрауы тиіс. Басқарма мүшелері, оның басшысынан басқасы, Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды. Компанияның басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып, сондай-ақ Директорлар кеңесінің кез келген комитетінің төрағасы болып сайлана алмайды. Сонымен қатар, Директорлар кеңесінің құрамына Үкімет мүшелерін, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларын қосуға жол берілмейді.

Директорлар кеңесі мен комитеттерге кандидаттарды іріктеу кезінде мыналар ескеріледі:

- еңбек өтілі;
- басшылық лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі;
- Директорлар кеңесі құрамындағы жұмыс тәжірибесі;
- білімі, мамандығы, соның ішінде халықаралық сертификаттарының болуы;
- Компания қызметі саласындағы құзыреттер;
- іскерлік бедел;
- Директорлар кеңесі құрамына сайланған жағдайда мүдделер қақтығысының тікелей немесе әлеуетті болу мүмкіндігі.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Тәуелсіз директорларды іріктеу кезінде Компания «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының талаптарын, Компания Жарғысын және «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының Директорлар кеңестерінің/Байқаушы кеңестерінің құрамдарын қалыптастыру қағидаларын басшылыққа алады. Бұл құжаттар тәуелсіз директорлар лауазымына үміткерлерді іздеу және іріктеу рәсімін, сондай-ақ Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің кандидаттарға алдын ала біліктілік бағалауын жүргізу ережелерін айқындайды.

ҚОҒАМ ЖАРҒЫСЫНДА 119-ТАРМАҒЫНДА ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӘУЕЛСІЗ МҮШЕСІ СӘЙКЕС КЕЛУГЕ ТИІС ӨЛШЕМШАРТТАРДЫҢ НАҚТЫ ТІЗБЕСІ КӨРСЕТІЛГЕН:

№	Тәуелсіздік өлшемшарты
1	Үміткер Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 жыл ішінде олай болған емес;
2	Үміткер Қоғамның және оның үлестес тұлғаларының жұмыскері болып табылмайды және сайланғанға дейінгі 3 жыл ішінде мұндай лауазымда болған жоқ;
3	Үміткер Қоғам жұмыскерлерімен жақын туыстық, некелік немесе жекжаттық қатынаста емес және сайланғанға дейінгі 3 жыл ішінде болған жоқ;
4	Үміткер Қоғамның үлестес тұлғаларының үлестес тұлғасы болып табылмайды;
5	Үміткер Қоғамның немесе оның үлестес ұйымдарының лауазымды тұлғаларына бағыныстылық қатынастармен байланысты емес және сайланғанға дейінгі 3 жыл ішінде мұндай қатынастарда болған жоқ;
6	Үміткер Қоғамның немесе оның үлестес тұлғаларының ірі клиентінің немесе жеткізушісінің үлестес тұлғасы болып табылмайды және соңғы 3 жыл ішінде болған емес;
7	Үміткер Қоғамнан немесе оның үлестес тұлғаларынан айтарлықтай қаржыландыру алатын коммерциялық емес ұйымның үлестес тұлғасы болып табылмайды;
8	Үміткер Қоғамға және оның үлестес тұлғаларына ақылы қызметтер, соның ішінде консультациялық қызметтер көрсетпейді;
9	Үміткер Қоғам жұмыскері Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымын атқаратын заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы болып табылмайды;
10	Үміткер мемлекеттік қызметші болып табылмайды;
11	Үміткер Қоғам органдарының отырыстарында акционерлердің өкілі болып табылмайды және сайланғанға дейінгі 3 жыл ішінде олай болған емес;
12	Үміткер Қоғамның аудиторы болып табылмайды және сайланғанға дейінгі 3 жыл ішінде олай болған емес;
13	Үміткер аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Қоғамның аудитіне қатыспайды және сайланғанға дейінгі 3 жыл ішінде мұндай аудитке қатысқан жоқ;
14	Үміткер Қоғам аудиторының немесе оның үлестес тұлғаларының үлестес тұлғасы болып табылмайды және соңғы 3 жыл ішінде болған емес.

Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережесінде тәуелсіз директор өзінің тәуелсіздік мәртебесін жоғалту мүмкіндігін қадағалап отыруы және бұл туралы Директорлар кеңесінің Төрағасына алдын ала жазбаша түрде хабарлауы тиіс екендігі де бекітілген. Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіздігіне әсер ететін мән-жайлар туындаған жағдайда, Директорлар кеңесінің Төрағасы тиісті шешім қабылдау үшін бұл ақпаратты дереу акционерлердің назарына жеткізеді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ

GRI 2-17

2025 жылғы 15 шілдеде Стратегиялық және тұрақты даму департаменті Қоғамның Басқарма және Директорлар кеңесі мүшелері үшін ESG-тренингін ұйымдастырды. Аталған тренингті EY Kazakhstan сыртқы сарапшылары өткізді және ол басқа мәселелермен қатар «Тұрақты даму мәселелерін басқарудағы Директорлар кеңесі мен Басқарманың рөлі» тақырыбын қамтыды. Тәуелсіз мүшелер Директорлар кеңесінің 42,86%-ын құрайды.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және сыртқы сарапшыларды тарту саясатына сәйкес, Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру қажеттілігі туралы шешім мыналардың негізінде қабылданады:

- Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттырудың жылдық жоспарын бекіту арқылы Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің және Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің қызметін жыл сайынғы бағалау нәтижелері бойынша анықталған біліктілікті арттыру қажеттілігі;
- негіздемесі болған жағдайда Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің сұрау салулары.

Қосымша ретінде, Директорлар кеңесі мүшелерін оқыту Компанияның корпоративтік басқаруын жалпы диагностикалау немесе «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің қызметін тәуелсіз бағалау қорытындылары бойынша ұйымдастырылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің құрамы

GRI 2-9

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның Директорлар кеңесінің құрамына Компанияның ірі акционерінің («Самұрық-Қазына» АҚ) 3 өкілін, 3 тәуелсіз директорды және Компанияның басқарма төрағасын қоса алғанда, 7 адам кіреді. Директорлар кеңесінің төрағасы тәуелсіз директор болып табылады[65], бұл миноритарлық акционерлердің құқықтарының сақталуына кепілдік береді.

2025 жылы Директорлар кеңесінің құрамында өзгерістер орын алды: акционерлердің 2025 жылғы 27 мамырдағы жылдық Жалпы жиналысының шешімімен «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі, Директорлар кеңесінің мүшесі Е.Қ. Бердіғұловтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылып, С.Е. Сәтжан сайланды. Осы өзгеріске байланысты Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 28 мамырдағы шешімімен Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамдарына тиісті өзгерістер енгізілді.

Компанияның Директорлар кеңесінің құрамы біліктілігі, тәжірибесі, білімі және іскерлік қасиеттері бойынша теңгерілген.

Директорлар кеңесінің мүшелері ірі, соның ішінде банк секторындағы, заң және қаржы консалтингі, бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы халықаралық компаниялардың топ-менеджерлері, серіктестері және басқару органдарының мүшелері лауазымдарында мол жұмыс тәжірибесіне ие.

Сондай-ақ, Директорлар кеңесінің мүшелері мінсіз іскерлік және жеке беделге ие.

[65] Директорлар кеңесі мүшелерінің тәуелсіздік өлшемшарттарының сипаттамасы Компанияның интернет-ресурсында орналастырылған Жарғыда және Директорлар кеңесі туралы ережеде берілген.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Директорлар кеңесінің құрамы

GRI 2-9, GRI 2-11

(2025 жылдың 31 желтоқсанына)

И Атқарушы

НИ Атқарушы емес

НЗ Тәуелсіз

Өндірістік қауіпсіздік жөніндегі комитеттің төрағасы

Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің мүшесі

П Комитет төрағасы

Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитеттің мүшесі.

Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі



Арман Әнуарбекұлы Арғынғазин

Лауазымы

Директорлар кеңесінің төрағасы

НЗ НИ

Комитеттерге қатысуы

П

Сайланған күні

21 маусым 2023 жылы

Туған жылы

1978

А.Ә. Арғынғазин 2000 жылы Бостон университетінің Менеджмент мектебін (Бостон қ., АҚШ) «Бизнес-әкімшілендіру» бағыты бойынша бакалавр дәрежесімен тәмамдаған. Банк саласында және халықаралық қаржы институттарында 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар.

А.Ә. Арғынғазин еңбек жолын 2000 жылғы шілдеде Қазақстан Халық Банкінде бастаған, содан кейін HSBC, ABN AMRO, RBS және UBS банктерінде әртүрлі басқарушы лауазымдарды атқарып, корпоративтік банкинг пен стратегиялық даму мәселелеріне жетекшілік еткен.

Ірі халықаралық банктердегі жұмыс тәжірибесінің арқасында А.Ә. Арғынғазин тәуекелдерді басқару, корпоративтік қаржы және бизнесті дамыту саласында терең білімге ие.



Арманбай Сапарбайұлы Жұбаев

Лауазымы

Директорлар кеңесінің мүшесі

НЗ НИ

Комитеттерге қатысуы

П П

Сайланған күні

21 маусым 2023 жылы

Туған жылы

1977

А.С. Жұбаев 1999 жылы Дюкейн университетін (Питтсбург қ., АҚШ) «Бизнесті басқару (BSBA)» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесімен тәмамдаған. 2003 жылы А.С. Жұбаевқа Оксфорд университетінде (University of Oxford) салыстырмалы әлеуметтік саясат бойынша ғылым магистрі дәрежесі берілді. 2007 жылы А.С. Жұбаев Берклидегі Калифорния университетінде (АҚШ) MBA дәрежесін алды. 2012 жылдан бастап сертификатталған қаржы сарапшысы (CFA) болып табылады.

А.С. Жұбаевтың консалтинг, қаржы, маркетинг және корпоративтік басқару саласында 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. Ол McKinsey & Company, PwC, KPMG, SAP, «Полиметалл» сияқты компанияларда жұмыс істеді, сондай-ақ Өзбекстан Республикасының Орталық банкінде басқарушы лауазымдарды атқарды. 2020 жылы «Strategy Lab» ЖШС консультациялық компаниясының негізін қалады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР



Нодир Саидович Сидиков

Лауазымы

Директорлар кеңесінің мүшесі

НЗ НИ

Комитеттерге қатысуы

П

Сайланған күні

21 маусым 2023 жылы

Туған жылы

1982

Н.С. Сидиков 2003 жылы Ташкент мемлекеттік заң университетін (Өзбекстан) «Құқық бакалавры» дәрежесімен тәмамдаған. 2006 жылы Вестминстер университетінде (Лондон қ., Ұлыбритания) құқық магистрі дәрежесін алды. 2009 жылы BPP университетінің (BPP University) заң мектебін бітірді.

Заңгерлік консалтинг саласында 20 жылдан астам тәжірибесі бар, атап айтқанда, жеке және жария қосылулар мен жұтулар, бірлескен кәсіпорындар құру, капитал нарықтарымен жұмыс істеу саласындағы мәмілелерді сүйемелдеу бойынша бай тәжірибеге ие.

Н.С. Сидиков еңбек жолын 2005 жылы «Grata LLP» компаниясында (Алматы қ., Қазақстан) заңгер болып бастаған.

Бұдан әрі, 2006 жылғы тамыздан бастап Н.С. Сидиков еңбек жолын «Fieldfisher LLP» компаниясында заңгер лауазымында жалғастырды, кейін (2012-2013 жж. кезеңінде) – аға заңгер, ал 2013 жылғы мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Серіктес лауазымын атқарып келеді.



Салтанат Ерболқызы Сәтжан

Лауазымы

Директорлар кеңесінің мүшесі

НИ

Комитеттерге қатысуы

Сайланған күні

27 мамыр 2025

Туған жылы

1989

С.Е. Сәтжан 2010 жылы Аустралия ұлттық университетін үздік тәмамдап, экономика бакалавры дәрежесін алды. Бухгалтерлік есеп, аудит және қаржы саласындағы халықаралық ACCA біліктілігіне ие (2014 жылдан бастап Қауымдастық мүшесі, 2019 жылдан бастап құрметті мүшесі). Қазіргі уақытта Уорик университетінің (University of Warwick) MBA бағдарламасы бойынша білім алуда.

Қаржы, аудит, активтерді басқару саласында «Үлкен төрттік» компанияларында да, квазимемлекеттік секторда да 15 жылға жуық жұмыс тәжірибесі бар.

Еңбек жолын 2011 жылы «Делойт» ЖШС аудит департаментінде бастаған. 2014 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ-та экономика және жоспарлау департаментінің менеджері ретінде қызметін жалғастырды. 2014-2023 жылдар аралығында «Самұрық-Қазына» АҚ-та әртүрлі лауазымдарды, соның ішінде активтерді басқару дирекциясының «Экономикалық талдау» секторының басшысы, жиынтық-талдау жұмысы және бақылау жөніндегі дирекцияның директоры лауазымдарын атқарды. 2023 жылғы тамызда «Самұрық-Қазына» АҚ-тың даму және жекешелендіру жөніндегі басқарушы директоры – Басқарма мүшесі лауазымына тағайындалды.

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің төрайымы, «Qazaq Air» АҚ, «Qazaq Green Power PLC» Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

2025 жылғы 27 мамырдан бастап «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР



Елжас Мұратұлы Отыншиев

Лауазымы

Директорлар кеңесінің мүшесі

НИ

Комитеттерге қатысуы

Сайланған күні

21 маусым 2023 жылы

Туған жылы

1987

Е.М. Отыншиев 2008 жылы Мәскеу физика-техникалық институтын «Қолданбалы математика және физика» мамандығы бойынша тәмамдаған. 2010 жылы сол университетте «Қолданбалы математика және физика» бағыты бойынша магистр дәрежесін алды.

Инвестициялық талдау, активтерді басқару, стратегиялық даму, тікелей инвестициялар саласында «Үлкен төрттік» компанияларында да, квазимемлекеттік және жеке секторларда да 15 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар.

Мәселен, Е. М. Отыншиев өз еңбек жолын 2007 жылғы қазанда «Ernst & Young» компаниясында (Мәскеу қ., Ресей) аудиторлық және консультациялық қызметтер бөлімінің талдаушысы ретінде бастаған.

2009-2019 жылдар аралығында «Самұрық-Қазына» АҚ және «Тау-Кен Самұрық» АҚ-та әртүрлі басқарушы лауазымдарды атқарды. 2019-2023 жылдары «Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company Ltd.», «PlanetCare Management» ЖШС-де басқарушы лауазымдарда жұмыс істеді.

2023 жылғы сәуірден бастап «Самұрық-Қазына» АҚ Стратегия және активтерді басқару жөніндегі тең басқарушы директоры лауазымын атқарады.



Айдар Қайратұлы Рысқұлов

Лауазымы

Директорлар кеңесінің мүшесі

НИ

Комитеттерге қатысуы

Сайланған күні

1 қараша 2023 жылы

Туған жылы

1981

А.Қ. Рысқұлов 2002 жылы Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «Қаржы және несие» мамандығы бойынша тәмамдаған. 2015 жылы Назарбаев Университетінде Дьюк университетімен (Duke University) (Дарем қ., АҚШ) бірлескен бағдарлама бойынша MBA дәрежесін алды.

Банк секторында, «Самұрық-Қазына» АҚ, «ҚазАгро» ҰБА» АҚ компаниялар тобында басқарушы лауазымдарда 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар.

Мәселен, А.Қ. Рысқұлов еңбек жолын 2002 жылғы қыркүйекте «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ филиалында (Қарағанды қ.) инженер-экономист болып бастаған.

2003-2008 жылдар аралығында банк секторында, атап айтқанда «АТФ Банк» АҚ (Астана қ.), «Банк ЦентрКредит» АҚ (Астана қ.), «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (Ақтау қ.) сияқты банктерде жұмыс істеді.

2009 жылдан 2012 жылға дейін «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Инвестициялық жобалар департаменті директорының орынбасары лауазымын атқарды.

2012-2023 жылдар аралығында «Самұрық-Қазына» АҚ және «Самұрық-Энерго» АҚ-та әртүрлі басқарушы лауазымдарда қызмет етті.

2023 жылғы тамыздан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры лауазымын атқарады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР



Мейіржан Бақытұлы Юсупов

Лауазымы

Директорлар кеңесінің мүшесі (атқарушы), Басқарма төрағасы

Сайланған күні

1 қараша 2023 жылы

Туған жылы

1979

М.Б. Юсупов 2001 жылы Таяу Шығыс техникалық университетін (Анкара қ., Түркия) «Экономика және басқару» мамандығы бойынша, 2007 жылы Лондон экономика және саяси ғылымдар мектебін экономикалық дамуды басқару саласындағы магистр дәрежесімен тәмамдаған. 2015 жылы Гарвард университетінде (АҚШ) мемлекеттік басқару магистрі дәрежесін алды.

Мемлекеттік, квазимемлекеттік және жеке құрылымдарда 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. Атап айтқанда, 2009-2021 жылдар аралығында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та, сондай-ақ мемлекеттік қызметте басқарушы лауазымдарды атқарды, оның ішінде 2020 жылғы қараша мен 2021 жылғы ақпан аралығында ҚР Ұлттық экономика вице-министрі лауазымында болды.

2021 жылғы наурыздан 2023 жылғы қазанға дейін М.Б. Юсупов «KAZAKH INVEST» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы лауазымын атқарды.

2023 жылғы 2 қазаннан бастап «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма төрағасы лауазымын атқарады.

Директорлар кеңесінің қызметі

2025 жылы Директорлар кеңесінің 12 отырысы өткізіліп, олардың барысында 224 мәселе қаралды. Директорлар кеңесінің барлық отырыстары күндізгі нысанда, оның ішінде 3 отырыс бейнеконференция байланысы форматында өткізілді. Қаралған мәселелердің жалпы санынан 200 мәселе (89,3%) отырыстардың келісілген күн тәртібіне енгізілді, 24 мәселе (10,7%) отырыстар барысында қосымша көтерілді.

88,1%

2025 жылы Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстарға қатысуының орташа көрсеткіші

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ОТЫРЫСТАРҒА ҚАТЫСУЫ

Директорлар кеңесінің мүшелері	Отырыстарға қатысу (саны)	Отырыстарға қатысу (%)
А.Ә. Арғынғазин	12 - 12	100
А.С. Жұбаев	12 - 12	100
Н.С. Сидиков	11 - 12	91,7
Е.К. Бердигулов	0 - 3	0
С.Е. Сәтжан	8 - 9	88,9
Е.М. Отыншиев	12 - 12	100
А.Қ. Рысқұлов	8 - 12	66,7
М.Б. Юсупов	11 - 12	91,7

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

2025 жылы Директорлар кеңесі қараған негізгі мәселелер

GRI 2-14

Мәселелердің бағыты	Қысқаша сипаттамасы және қорытындылары
Инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері	▸ Инвестициялық жобаларды «Анықтау» және «Іске асыру» кезеңдеріне көшіру; ▸ Ірі инвестициялық жобалардың іске асырылу барысына мониторинг жүргізу; ▸ Дайындық кезеңдеріндегі жұмыстарды қаржыландыру.
Стратегиялық құжаттарды бекіту	▸ 2025-2034 жылдарға арналған функционалдық стратегияларды бекіту, соның ішінде мынадай бағыттар: - цифрландыру; - ғылыми-технологиялық даму; - ресурстық базаны толықтыру; - халықаралық инвестициялық жобалар. ▸ 2018-2028 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру туралы есеп.
Мәмілелерді, соның ішінде ірі мәмілелерді мақұлдау	▸ Табиғи уран жеткізуге арналған ірі экспорттық келісімшарттар; ▸ Еншілес компаниялармен мүдделілік бар мәмілелер (маркетингтік келісімдер, қосымша келісімдер); ▸ Бағдарламалық жасақтама мен әдістемелерге арналған авторлық шарттар; ▸ Жобалар бойынша кепілдіктер мен міндеттемелер (мысалы, күкірт қышқылы зауыты).
Ұйымдық құрылымды бекіту және негізгі кадрлық шешімдер	▸ Орталық аппарат құрылымын және штат санын бекіту; ▸ Басқарманың және негізгі қызметкерлердің (Корпоративтік хатшы, Ішкі аудит қызметі, Комплаенс қызметі, Омбудсмен) Лауазымдық жалақылары және сыйлықақы беру; ▸ Еншілес және тәуелді ұйымдардың Байқау кеңестеріне тағайындау/ сайлау.
Жер қойнауын пайдалану мәселелері	▸ Қазақстан Республикасы аумағындағы жаңа телімдерде уран барлау құқығын алу; ▸ Уран өндіруге арналған кейбір келісімшарттарға өзгерістер енгізу;
Басқасы	▸ Корпоративтік басқару және есептілік, соның ішінде: - Корпоративтік басқару кодексін, сәйкестік туралы есептерді бекіту; - Жылдық және аралық қаржылық есептілік, дивидендтік саясат; - Ішкі саясаттар: комплаенс, ESG, санкциялар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, ақпаратты ашу; - Директорлар кеңесі мен комитеттердің есептері, жұмыс жоспарлары, жол карталары (ESG, Жасанды зият); - Қызметтердің жұмысын реттеу: аудит, комплаенс, хатшы, омбудсмен.

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

GRI 2-18

Компанияның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, Директорлар кеңесінің (ДК) қызметі құрылымдалған үдеріс шеңберінде жыл сайынғы бағалауға жатады. Бұл ретте кемінде үш жылда бір рет бағалау жүргізу үшін тәуелсіз кәсіби ұйым тартылуы тиіс.

Директорлар кеңесі қызметіне соңғы сыртқы тәуелсіз бағалау 2023 жылы халықаралық аудиторлық және консалтингтік компаниялар қатарынан сыртқы тәуелсіз консультантты тарта отырып жүргізілді. Бағалау 2020-2022 жылдар аралығындағы кезеңді қамтыды және Ұлыбританияның Қаржылық есептілік жөніндегі кеңесі (Financial Reporting Council) Директорлар кеңесінің тиімділігі жөніндегі нұсқаулықта (Guidance on Board Effectiveness) тұжырымдаған өлшемшарттар мен тәсілдер бойынша жүзеге асырылды. Бағалау қорытындысы бойынша қолданыстағы негізгі параметрлер бойынша Директорлар кеңесінің тиімділік деңгейі 79%-ды құрады. Келесі сыртқы тәуелсіз бағалау 2026 жылға жоспарланған.

2025 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ ұйымдарының Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің, төрағасының, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға, сондай-ақ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, төрағасының, Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау туралы ережеге сәйкес дайындалған сауалнамаларды толтыру арқылы өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша қолданыстағы негізгі параметрлер бойынша Директорлар кеңесінің тиімділік деңгейі 96,4%-ды құрап, АА грейдін алды. Бұған сәйкес Директорлар кеңесі барлық маңызды аспектілер бойынша белгіленген өлшемшарттардың басым көпшілігіне сәйкес келетіндігі және Директорлар кеңесінің тиімді жұмыс істейтіндігі туралы жеткілікті растама бар екендігі анықталды.

Директорлар кеңесінің комитеттері

GRI 2-9, GRI 2-10, GRI 2-12

Компанияда Директорлар кеңесінің төрт комитеті әрекет етеді:

- **АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ**
- **ТАҒАЙЫНДАУЛАР МЕН СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ**
- **ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ (HSE)**
- **СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ**

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Комитеттердің қызметі Директорлар кеңесі берген өкілеттіктер шеңберінде және Комитеттер туралы ережелерге сәйкес жүзеге асырылады. Комитет мүшелері «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына, Корпоративтік басқару кодексіне және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің шешімі негізінде сайланады.

ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ (HSE)

КОМИТЕТ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОТЫРЫСТАР САНЫ

Аты-жөні	Отырыстарға қатысуы, %	Отырыстарға қатыспау себептері
П Арман Арғынғазин	100 (8 - 8)	
Нодир Сидиков	100 (8 - 8)	
Салтанат Сәтжан	60 (3 - 5)	Басқа жұмыс кеңесіне қатысуына байланысты.
Ернат Бердіғұлов	0 (0 - 3)	Басқа жұмыс кеңесіне қатысуына байланысты.

2025 жылы 8 отырыс өткізіліп, 12 мәселе қаралды.

2025 жылы Комитет қарағаң негізгі мәселелер:

- Өндірістік қауіпсіздіктің (HSE) жай-күйі туралы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындарындағы әлеуметтік әріптестік, ішкі байланыстар және әлеуметтік тұрақтылық деңгейін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та ESG практикаларын жетілдіру жөніндегі жол картасының орындалуы туралы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың тұрақты даму саласындағы корпоративтік саясатының жобасын қарау туралы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің Өндірістік қауіпсіздік (HSE) жөніндегі комитетінің қызметі туралы есеп.

8 отырыс өткізіліп,

12 мәселе қаралды, 2025 жылы

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

КОМИТЕТ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОТЫРЫСТАР САНЫ

Аты-жөні	Отырыстарға қатысуы, %
П Арманбай Жұбаев	100 (11 - 11)
Арман Арғынғазин	100 (11 - 11)
Нодир Сидиков	100 (11 - 11)

2025 жылы 11 отырыс өткізіліп, 82 мәселе қаралды.

2025 жылы Комитет қарағаң негізгі мәселелер:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың дивидендтік саясаты;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың тәуекел-аппетитін және негізгі тәуекелдерге төзімділік деңгейлерін анықтау және мониторингілеу» нұсқаулығы;
- Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың тәуекел-аппетитін мақұлдау;
- «Волковгеология» АҚ-тың Трансформация бағдарламасын іске асыру барысы туралы;
- Омбудсменнің, Ішкі аудит қызметінің, Корпоративтік хатшы қызметінің және Комплаенс қызметінің қызметі туралы есептер;
- Тәуекелдерді басқару туралы есептер;
- 2024 жылғы біріктірілген жылдық есеп;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың қаржылық есептілігі.

11 отырыс өткізіліп,

82 мәселе қаралды, 2025 жылы

KAZATOMPROM NATIONAL ATOMIC COMPANY

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

8. ҚОСЫМШАЛАР

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

КОМИТЕТ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОТЫРЫСТАР САНЫ

Аты-жөні	Отырыстарға қатысуы, %	Отырыстарға қатыспау себептері
П Нодир Сидиков	100 (10 - 10)	
Арман Арғынғазин	100 (10 - 10)	
Арманбай Жұбаев	100 (6 - 6)	
Айдар Рысқұлов	40 (4 - 10)	Басқа жұмыс кеңесіне қатысуына байланысты.

2025 жылы 10 отырыс өткізіліп, 33 мәселе қаралды.

2025 жылы Комитет қарастырған негізгі мәселелер:

- «Үлбі-ЖБҚ» ЖШС-нің өндірістік қызметі және ядролық отын циклінің (ЯОЦ) әлеуетті жобалары туралы есептер;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың 2024 жылға арналған инвестициялық қоғамдастықпен, стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл және байланыстар жоспары, капитал нарықтарына шолу және аталған жоспардың орындалу мәртебесі;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың ірі инвестициялық жобаларының іске асырылуына мониторинг жүргізу;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың бизнес-жоспары және есептері;
- Ірі жобалардың негізгі көрсеткіштерінің өзгеруі;
- Маркетингтік саясат;
- Бағалы қағаздардың өтімділігі және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың нарықтық капиталдандыруын арттыру мәселесі.

10 отырыс өткізіліп,

33 мәселе қаралды, 2025 жылы

ТАҒАЙЫНДАУЛАР МЕН СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

КОМИТЕТ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОТЫРЫСТАР САНЫ

Аты-жөні	Отырыстарға қатысуы, %	Отырыстарға қатыспау себептері
П Арманбай Жұбаев	100 (10 - 10)	
Арман Арғынғазин	100 (10 - 10)	
Нодир Сидиков	85,7 (6 - 7)	Басқа жұмыс кеңесіне қатысуына байланысты.
Елжас Отыншиев	0 (0 - 10)	Басқа жұмыс кеңесіне қатысуына байланысты.

2025 жылы 10 отырыс өткізіліп, 27 мәселе қаралды.

2025 жылы Комитет қарастырған негізгі мәселелер:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ басқарма мүшелерінің жеке даму жоспарлары;
- Омбудсмен мен Корпоративтік хатшы қызметінің негізгі көрсеткіштері (ҚНК);
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ менеджмент пулының сабақтастық жоспары;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ басқарма төрағасы мен мүшелері қызметінің негізгі көрсеткіштері (ҚНК);
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ орталық аппаратының құрылымы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ басшы қызметкерлерін оқыту және дамыту» қағидалары.

Мүдделер қақтығысын басқару

GRI 2-15

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың Әдеп және комплаенс кодексі қызметкерлерді мүдделер қақтығысының болуы немесе туындау мүмкіндігі туралы Компанияның ішкі регламенттеріне сәйкес белгіленген тәртіппен хабарлауға міндеттейді. Барлық анықталған немесе ықтимал мүдделер қақтығысы жан-жақты талдауға жатады, оның қорытындысы бойынша тиісті тәуекелдерді азайту шаралары әзірленеді.

Мұндай жағдайлардың алдын алу және реттеу мақсатында Компанияда Корпоративтік қақтығыстарды және мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі ереже қолданылады. Құжат қақтығыстардың туындау себептерін, олардың алдын алу механизмдерін және шешу тәртібін айқындайды, сондай-ақ осы үдерістегі Компания органдарының функцияларын реттейді.

2025 жылы Компанияның Директорлар кеңесі мүшелері деңгейінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Басқарма

Басқарма «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың атқарушы органы болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компания Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне және Басқарма туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Басқарманың құзыретіне мыналар жатады:
- Компанияның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыру;
- Компания қызметінің заңнамамен және (немесе) Компания Жарғысымен Компанияның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- Компанияның ішкі нормативтік құжаттарын бекіту;
- Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерді орындау.

Басқарма құрамы (2025 ж. 31 желтоқсанына)



Мейіржан Бақытұлы Юсупов

Лауазымы
Басқарма төрағасы

Ақпарат 271-бетте берілген **(«Директорлар кеңесі» бөлімі).**



Қуаныш Алтынбекұлы Омарбеков

Лауазымы
Өндіріс жөніндегі бас директор

Сайланған күні
29 маусым 2023 жылы

Туған жылы
1986

Қуаныш Алтынбекұлының тау-кен металлургия саласы мен логистикада көпбейінді басқарушылық және өндірістік тәжірибесі бар. «Қазатомөнеркәсіп» тобының құрылымдарындағы он жылдан астам еңбек жолында ол инженерден бастап «KAP Logistics» ЖШС-нің бас директорына дейінгі жолдан өтті, сондай-ақ «Ақбастау» БК» АҚ бас директоры болып жұмыс істеді, ал 2023 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ өндіріс жөніндегі бас директоры болып тағайындалды. Оның металлургия және пайдалы қазбаларды байыту саласында бейінді техникалық білімі, сонымен қатар құқық, қаржы және іскерлік әкімшілендіру (MBA) саласындағы дипломдары бар. Өндірістік процестерді, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді және операциялық басқаруды терең түсінуі пәнаралық білімімен ұштасып, оған стратегиялық міндеттерді тиімді шешуге және Компанияның өндірістік қызметін дамытуға елеулі үлес қосуға мүмкіндік береді.



Дастан Ермекұлы Көшербаев

Лауазымы
Стратегия және халықаралық даму жөніндегі бас директор

Сайланған күні
29 маусым 2023 жылы

Туған жылы
1988

Дастан Ермекұлының стратегиялық және халықаралық даму, коммерция және корпоративтік басқару саласында бай тәжірибесі бар. Он жылдан астам уақыт бойы ол «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та басқарушы лауазымдарды атқарып, сату, халықаралық серіктестік, бірігу және жұтылу бағыттарына жетекшілік етті. Сондай-ақ, ол «KATKO» БК-да және инвестициялық саясат саласында жұмыс істеді. Дастан Ермекұлы Назарбаев Университетінде мемлекеттік басқару магистрі дәрежесін, сонымен қатар Hult International Business School (Ұлыбритания) мектебінде бизнесті басқару саласындағы дәрежені алған. Оның стратегиялық ойлау қабілеті, халықаралық жобалардағы мол тәжірибесі және саланы терең білуі Компанияның стратегиялық және халықаралық дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді.



Марат Дулатұлы Төлебаев

Лауазымы
Басқарма төрағасының бірінші орынбасары – Экономика және қаржы жөніндегі бас директор

Сайланған күні
30 қыркүйек 2024 жылы

Туған жылы
1982

Марат Дулатұлының экономика және қаржы саласында, соның ішінде стратегиялық басқару, корпоративтік басқару және инвестицияларды дамыту бағыттарында бай тәжірибесі бар. Марат Дулатұлы 15 жылдан астам уақыт бойы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «Самұрық-Қазына» АҚ және «Азаматтарға арналған үкімет» сияқты ірі ұлттық институттарда түйінді лауазымдарды атқарды. Ол сондай-ақ Kazakhstan Investment Development Fund компаниясын басқарып, онда инвестициялар тартуға және қаржылық құралдарды дамытуға жауапты болды. Марат Дулатұлының Қазақстан, Ұлыбритания және Ресей университеттерінде алған қаржы және экономика саласындағы мықты академиялық базасы бар. Оның қаржылық үдерістерді терең түсінуі және корпоративтік сектордағы тәжірибесі оны басқарушылық шешімдер қабылдауда құнды стратегиялық серіктес етеді.

KAZATOMPROM NATIONAL ATOMIC COMPANY

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

8. ҚОСЫМШАЛАР



Ермек Сәкенұлы Қуантыров

Лауазымы
Құқықтық сүйемелдеу және корпоративтік басқару жөніндегі бас директор

Сайланған күні
21 тамыз 2023 жылы

Туған жылы
1989

Ермек Сәкенұлының Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында да, халықаралық ұйымдарда да көпжылдық жұмыс тәжірибесі бар. Ол Әділет министрлігінде, Экономика министрлігінде, сондай-ақ Президент Әкімшілігінде басқарушылық және сарапшылық лауазымдарды атқарды. «Қазатомөнеркәсіпке» келгенге дейін Мәскеудегі Еуразиялық экономикалық комиссияда кәсіпкерлік қызмет бағытын басқарды. Ермек Сәкенұлының халықаралық құқық және халықаралық қатынастар саласында бейінді білімі, сондай-ақ «Болашақ» бағдарламасы бойынша Нью-Йорк қаласындағы Колумбия университетінің Құқық мектебінде алған дәрежесі бар. Оның құқық, халықаралық интеграция және корпоративтік басқару саласындағы терең білімі Компанияның заң және корпоративтік саясатын тиімді құруға мүмкіндік береді.



Дархан Танатұлы Сағындықов

Лауазымы
Сатып алу және жалпы мәселелер жөніндегі бас директор

Сайланған күні
1 наурыз 2024 жылы

Туған жылы
1985

Дархан Танатұлының сатып алу, коммерция және әкімшілік басқару саласында 14 жылдан астам тәжірибесі бар, оның ішінде Қазақстанның және шетелдің ірі ұлттық компанияларында басқарушы лауазымдарды атқарған. Ол Бухарестегі KMG International (Rompetrol) халықаралық компаниясында сатып алу тобын басқарды, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ әкімшілік аппаратына жетекшілік етті, ал 2024 жылдан бастап сатып алу және жалпы мәселелер жөніндегі бас директор лауазымын атқарып келеді. Дархан Танатұлының РФ Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясының MBA дәрежесі және М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және байланыстар академиясының есеп және аудит саласындағы біліктілігі бар. Оның мол тәжірибесі сатып алуды стратегиялық басқаруды да, корпоративтік үдерістерді дамытуды да қамтиды, бұл оған операциялық үлгілерді тиімді құруға мүмкіндік береді.



Владислав Ерханұлы Байғожин

Лауазымы
Коммерция жөніндегі бас директор

Сайланған күні
2024 жылдың 24 сәуірі

Туған жылы
1987

Владислав Ерханұлының коммерция, сатып алу және логистика саласындағы ірі ұлттық компаниялар мен қорлардағы көпжылдық жұмыс тәжірибесі бар. Ол «Самұрық-Қазына», «Қазпошта», «Транстелеком» және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» сияқты ұйымдарда негізгі бағыттарды басқарды, ал 2024 жылдан бастап «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ коммерция жөніндегі бас директоры лауазымын атқарып келеді. Владислав Ерханұлының халықаралық қатынастар бакалавры дәрежесі, заңгерлік білімі, сондай-ақ MBA дәрежесі бар, бұл оның басқару, құқық және халықаралық ынтымақтастық мәселелеріндегі жан-жақты сараптамасын растайды. Оның кәсіби жолы жоғары аналитикалық қабілетін, стратегиялық ойлауын және мемлекеттік әрі квазимемлекеттік процестерді терең түсінетіндігін көрсетеді.



Жанат Жаңбырбайұлы Өмірбеков

Лауазымы
HR және өндірістік қауіпсіздік жөніндегі басқарушы директор

Сайланған күні
27 маусым 2024

Туған жылы
1979

Жанат Жаңбырбайұлының персоналды басқару, өндірістік қауіпсіздік және мемлекеттік қызмет саласында бай тәжірибесі бар. 13 жылдан астам уақыт бойы ол мемлекеттік қызметте түрлі лауазымдарды атқарды. 2013 жылдан бастап «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жүйесінде жұмыс істейді, онда HR, әлеуметтік саясат және еңбекті қорғау бағыттарына жетекшілік етті. Жанат Жаңбырбайұлының құқық, қаржы және тау-кен өндірісін басқару салаларында академиялық дайындығы, соның ішінде MBA дәрежесі бар. Оның жан-жақты кәсіби және білім беру тәжірибесі стратегиялық басқаруды саланың әлеуметтік және өндірістік ерекшеліктерін түсінумен тиімді ұштастыруға мүмкіндік береді.

GRI 202-2

2025 жылы қызмет атқарудың маңызды аймақтарында жергілікті қоғамдастық[66] өкілдері қатарынан жалдаған Басқарма мүшелерінің[67], үлесі 100%-ды құрады.

[66] Қазақстан Республикасының азаматтары
[67] Қазақстан Республикасының аумағы

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Басқарма қызметі

2025 жылы Басқарманың 37 бетпе-бет отырысы өткізіліп, онда 358 мәселе қаралды.

ЕСЕПТІ ЖЫЛЫ БАСҚАРМА ҚАРАҒАН МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Мәселелердің санаты	Үлес
Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер	53%
Мәмілелер, соның ішінде жасалуына мүдделілік бар мәмілелер	16%
ІНҚ	6%
ЕТҰ мәселелері (>10%)	3%
Өзге мәселелер	22%

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСТАРҒА ҚАТЫСУЫ

Басқарма мүшелері	Отырыстарға қатысуы (саны)	Қатысуы (%)
М.Б. Юсупов	31	84%
М.Д. Төлебаев	36	97%
В.Е. Байғожин	34	92%
Д.Е. Көшербаев	34	92%
Е.С. Қуантыров[68]	17	46%
Қ.А. Омарбеков	33	89%
Д.Т. Сағындықов	34	92%
Ж.Ж. Өмірбеков	32	86%

Сыйақы жүйесі

GRI 2-19, GRI 2-20

Компания Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшерін Акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді, ал басқарма төрағасы мен мүшелерінің сыйақы мөлшерін Директорлар кеңесі айқындайды, бұл ретте осы үдеріске кеңесшілер қатыспайды.

Компанияда басқарма төрағасы мен мүшелеріне сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары сипатталған Компанияның басқарушы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары қолданылады.

Компанияның басқарма төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін Компанияның Директорлар кеңесі бекітетін Лауазымдық жалақылар сұлбасына сәйкес Директорлар кеңесі айқындайды.

Компанияның басқарма төрағасы мен мүшелеріне еңбекақы төлеу мерзімдік-сыйлықақылық жүйе негізінде жүзеге асырылады және лауазымдық жалақы түріндегі тұрақты бөлікті және жыл қорытындысы бойынша жұмыс нәтижелері бойынша сыйақы түріндегі ауыспалы бөлікті қамтиды.

[68] Е.С. Қуантыров шілде-қараша айларында оқу демалысында болды

Жыл қорытындысы бойынша жұмыс нәтижелері үшін төленетін сыйақы мөлшері Компанияның стратегиялық ҚНК-ні каскадтау арқылы қалыптасатын және Қазатомөнеркәсіптің Директорлар кеңесі тиісті есепті кезеңге бекітетін корпоративтік және функционалдық қызметтің негізгі көрсеткіштерінің (ҚНК) орындалу дәрежесіне байланысты болады. Осы жүйеге сәйкес, басқарма төрағасы үшін жыл қорытындысы бойынша жұмыс нәтижелері үшін төленетін жылдық сыйақы мөлшері 100% корпоративтік ҚНК-ге қол жеткізуге байланысты болса, басқарма мүшелері үшін бұл мөлшер 60% корпоративтік ҚНК-нің орындалуына және 40% функционалдық (жеке) ҚНК-нің орындалуына байланысты.

Есепті жылға арналған корпоративтік ҚНК картасын жыл сайын Директорлар кеңесі бекітеді. Ол қаржылық көрсеткіштер, акционерлердің табыстылығы мен рентабельділік, қауіпсіздік мәдениетін арттыру, ірі инвестициялық жобаларды іске асыру, уранның шала тотығы-тотығын (УШТТ) шығару жөніндегі өндірістік бағдарламасының орындалу дәрежесі және басқа да көрсеткіштерді, соның ішінде Компания қызмет ететін өңірлердегі әлеуметтік қолдауға байланысты көрсеткіштерді қамтиды. Ол жақсы теңгерілген және Қазатомөнеркәсіптің барлық стратегиялық мақсаттарын ескереді.

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ КОРПОРАТИВТІК НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

2025 жыл

УШТТ шығару көлемі және өндірістік үлестік өзіндік құны	Көрсеткіш «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және оның өндіруші кәсіпорындары үшін бір килограмм уранның шала тотығы-тотығын (УШТТ) шығаруға жұмсалатын өндірістік шығындарды азайтуға бағытталған.
Қауіпсіздік мәдениетін арттыру	Көрсеткіш өндірістік қауіпсіздіктің жалпы деңгейі мен мәдениетін арттыруға бағытталған және Қоғам мен оның ЕТҰ бойынша еңбекке қабілеттілігінен айырылумен байланысты жазатайым оқиғалардың жиілік коэффициентін, сондай-ақ өткізілген қауіпсіздіктің мінез-құлық аудитінің санын көрсетеді.
Акционерлердің табыстылығы және рентабельділік	Көрсеткіш акционерлер салған инвестициялардың рентабельділігін көрсету үшін пайдаланылады және акционерлердің табысын арттыруға бағытталған. Ол келесі компоненттерден тұрады: акционердің жиынтық табысы (TSR) және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың жаһандық депозитарлық қолхаттарының жыл соңындағы бағасы.
Ірі инвестициялық жобаны іске асыру	Көрсеткіш инвестициялық қызметке ақшалай қаражаттың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуге, есепті кезеңдегі инвестициялық жобалардың уақтылы және толық орындалуына бағытталған.
ТЖҚ-дағы елішілік құндылық үлесі	Көрсеткіш отандық өндірушіні қолдауға және сатып алынатын тауарлардағы, жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі ТЖҚ елішілік құндылық үлесін арттыруға бағытталған.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Жыл қорытындысы бойынша жұмыс нәтижелері үшін сыйақы төлеудің негізгі шарты есепті кезеңде шоғырландырылған жиынтық пайданың болуы болып табылады


Компанияның басқарма төрағасы мен мүшелерін зейнетақымен қамсыздандыру «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады. Қазатомөнеркәсіп міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент ретінде әрекет етеді және заңға сәйкес табыстың белгілі бір пайызын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударады. Зейнеткерлік жасқа толуына байланысты бБасқарма төрағасымен немесе мүшелерімен еңбек қатынастары тоқтатылған жағдайда, қызметкерге Ұжымдық шартқа сәйкес материалдық көмек төленеді.

2025 жылы Қазатомөнеркәсіптің Басқарма мүшелері мен ДК тәуелсіз директорларына төленген сыйақы бойынша барлық төлемдердің жалпы сомасы салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлегенге дейін 1 050,2 млн теңгені құрады. Осы соманың 903,3 млн теңгесі Басқарма мүшелерінің сыйақысына, ал 146,9 млн теңгесі Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларының сыйақысына тиесілі. Аталған сомалар Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес сыйақылардың барлық түрлерін (соның ішінде еңбекақыны, кезең қорытындысы бойынша сыйлықақыны, материалдық көмекті, сырқаттану парақтары мен демалыс ақысын) қамтиды.


1 050,2 млн теңге

Қазатомөнеркәсіптің Басқарма мүшелері мен ДК тәуелсіз директорларына төленген сыйақы бойынша барлық төлемдердің жалпы сомасы

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІ СЫЙАҚЫСЫНЫҢ ЖАЛПЫ МӨЛШЕРІ, млрд теңге



ДК ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАРЫ СЫЙАҚЫСЫНЫҢ ЖАЛПЫ МӨЛШЕРІ, млрд теңге



Тәуекелдерді басқару

Қазатомөнеркәсіптің тәуекелдерді басқару жүйесі бизнес-үлгінің ажырамас бөлігі болып табылады және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу мен тұрақты құндылықты қалыптастыру кезінде барлық мүдделі тараптар үшін тәуекелдерді азайтуға ықпал етеді. Компания ағымдағы тәуекелдер бейініне әсерін бағалау үшін нарықтың құбылмалылығы мен макроэкономикалық жағдайды, өндірістік тәуекелдерді, қоршаған ортаны қорғауға байланысты аспектілерді, геосаяси жағдайды және нормативтік реттеудегі өзгерістерді тұрақты түрде бақылап отырады. Бұдан бөлек, Компания тәуекелдерді қысқарту бойынша тиісті стратегиялар мен шараларды қолданады.

Компания қолданатын тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы негізгі халықаралық стандарттар мен тәжірибелер:

- COSO «Ішкі бақылау – біріктірілген үлгі»;
- COSO «Ұйымның тәуекелдерін басқару – біріктірілген үлгі»;
- COSO «Ұйымның тәуекелдерін басқарудың тұжырымдамалық негіздері: стратегиямен және қызмет тиімділігімен біріктіру»;
- ISO 31000:2018 стандарты «Тәуекел-менеджмент – қағидаттар мен нұсқаулықтар»;
- ISO 9001:2015 стандарты «Сапа менеджменті жүйесі»;
- Қордың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі нормативтік құжаттары.

2025 жылы Компания тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін дамыту мен жетілдіру жұмыстарын жалғастырды. Нормативтік базаны өзектендіру аясында келесі ішкі нормативтік құжаттар жаңартылды:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның тәуекел-аппетитін және негізгі тәуекелдерге төзімділік деңгейлерін анықтау және мониторингілеу» нұсқаулығы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның уран өнімі бойынша контрагент тәуекелін басқару» нұсқаулығы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету» қағидалары.

Аталған өзгерістер тәуекел-тәбетті басқару тәсілдерін нақтылауға, контрагенттер тәуекелдерін бақылауды күшейтуге, сондай-ақ қызмет үздіксіздігін басқару жүйесін дамытуға бағытталды.

2025 жыл ішінде Компания тәуекел-мәдениетін дамытуға және қызметкерлердің тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау саласындағы құзыреттерін арттыруға ерекше көңіл бөлді. Келесі оқыту іс-шаралары өткізілді:

- БК басшылары мен ішкі бақылаушыларын оқыту;
- БК басшылары мен тәуекел-үйлестірушілерін оқыту;
- ЕТҰ тәуекелдер жөніндегі офицерлерін оқыту.

Қоғамның 2025 жылға арналған тәуекелдер тізілімін Директорлар кеңесі бекітті және ол жыл бойы тоқсан сайынғы негізде өзектендіріліп отырды.

Қызмет үздіксіздігін басқару бөлігінде 2025 жылы тиісті жүйені дамыту жұмыстары жалғастырылды, соның ішінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету» қағидаларын жаңарту, құрылымдық бөлімшелердің рөлдері мен жауапкершілігін нақтылау, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындар мен еншілес ұйымдарда қызмет үздіксіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптардың орындалуына мониторинг жүргізілді.

KAZATOMPROM NATIONAL ATOMIC COMPANY

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

8. ҚОСЫМШАЛАР

2025 жылғы тәуекелдерді басқару жүйелерін дамыту жөніндегі жұмыс және өткізілген іс-шаралардың қорытындылары:

- КО мен ЕТҰ-да тәуекел-мәдениетін дамыту және жетілдіру;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да қызмет үздіксіздігін басқару жүйесін дамыту;
- Уран өнімін сату жөніндегі келісімшарттарға қатысты Қоғамның контрагент тәуекелі деңгейін бақылауды қамтамасыз ету;
- Қоғамның уақытша бос ақшалай қаражатын ҚР қаржылық тұрақты екінші деңгейлі банктеріне орналастыру бойынша банк-контрагенттердің кредиттік тәуекел деңгейін бақылауды қамтамасыз ету;
- ЕТҰ мүлкін сақтандыру.

Басқару тәсілі[69]

Тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуі келесі кезеңдерді қамтиды:



Тәуекелдерді анықтау



Тәуекелдерді бағалау



Тәуекелдерді басқару жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру



Бақылау әрекеттері



Ақпарат алмасу



Мониторинг

Тәуекелдерді басқару – бұл барлық элементтері өзара байланысты және бір-біріне әсер ететін сызықтық емес, көпдеңгейлі және циклдік үдеріс. Бұл үдеріс үздіксіз және динамикалық болып табылады, ол тәуекелдерді басқару жүйесіне қатысушылар арасында тұрақты ақпарат алмасу мен байланысты қамтамасыз етеді

Тәуекел-тәбет

Тәуекел-тәбет жол берілетін тәуекелдер деңгейін айқындайды және оны жыл сайын Директорлар кеңесі бекітеді.

Компания тәуекел-тәбетінің келесі негізгі қағидаттарын айқындайды:

- Стратегияға сәйкестік – стратегиялық жоспарлауға интеграциялау;
- Кешенді тәсіл – тәуекелдердің барлық санаттарын ескеру;
- Тәуекел мен табыстылық теңгерімі – ықтимал шығындарды азайту;
- Икемділік – сыртқы орта өзгерген жағдайда қайта қарау;
- Ашықтық – қағидаттарды барлық деңгейге жеткізу;
- Бақылау және мониторинг – тұрақты талдау;
- Заңнамаға сәйкестік – нормативтік талаптарды ескеру.

Тәуекел-тәбет сапалы (басшылыққа сауалнама жүргізу арқылы) және сандық (қаржылық нормативтер, күйзеліс-лимиттер және инвестициялық шешімдерді талдау негізінде) түрде көрініс табады.

[69] Толығырақ Компанияның интернет-ресурсында қолжетімді **Тәуекелдерді басқару саясатынан** қараңыз.

Тәуекелдер тізілімін мониторингілеу және өзектендіру

Тәуекелдерді басқару департаменті тәуекелдерді басқару жөніндегі есепті шоғырландыру шеңберінде тоқсан сайын Компанияның тәуекелдерге ұшырауына мониторинг жүргізеді.

Талдау тәуекел иелері ұсынған келесі ақпарат негізінде жүзеге асырылады:

- Іске асырылған тәуекелдер бойынша есеп;
- Алдын алу іс-шараларының орындалуы туралы есеп (орындалғанын растайтын құжаттарды міндетті түрде ұсынумен);
- Жаңадан анықталған (жаңа) тәуекелдер бойынша есеп;
- Тәуекел иелері өткізген тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бойынша оқыту іс-шаралары туралы ақпарат;
- Негізгі тәуекелдер бойынша төлқұжат (жылына кемінде бір рет).

Талдау нәтижелері бойынша 2025 жылы Қоғамның тәуекелдер тізілімі өзектендіріліп, Директорлар кеңесімен бекітілді. Тәуекелдер тізіліміне келесі бағыттар бойынша жаңа тәуекелдер енгізілді:

Стратегиялық тәуекелдер:

- **S-5** – ESG саласындағы талаптарға сәйкес келмеу тәуекелі;
- **S-6** – Минералды-шикізат базасының расталмау тәуекелі.

Инвестициялық-жобалық тәуекелдер:

- **I-5** – Буденовское кен орнында қуаттылығы 6 000 тонна (1-ші іске қосу кешені — 2 500 тонна) өңдеу кешенінің құрылысы;
- **I-6** – Буденовское кен орнында қуаттылығы 6 000 тонна (2-ші іске қосу кешені — 6 000 тонна) өңдеу кешенінің құрылысы;
- **I-7** – Буденовское кен орнында (№ 6 және № 7 телімдер) 236 адамға арналған, 350 адамға дейін кеңейту мүмкіндігі бар вахталық кент;
- **I-8** – Буденовское кен орнының № 6 және № 7 телімдері үшін 110/10 кВ қосалқы станциясы бар 110 кВ екі тізбекті ЭБЖ құрылысы;
- **I-9** – Деректерді өңдеу орталығының (ДӨО) құрылысы;
- **I-10** – Түркістан облысының Созақ ауданындағы Инкай кен орнының № 3 телімінде уран өндіруді игеру.

Қаржылық тәуекелдер:

- **F-2.2** – Резидент емес банктерге қатысты несиелік тәуекел;
- **F-2.3** – Бағалы қағаздар эмитенттеріне қатысты несиелік тәуекел;
- **F-4.2** – Активтерге қатысты пайыздық тәуекел.

Сонымен қатар Тәуекелдер тізілімінен келесі тәуекелдер алынып тасталды:

- **I-1** – Қазақстан Республикасында ЖБҚ (жылу бөлгіш құрастырмаларды) өндіру жөніндегі жобаны іске асыру бойынша жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізбеу;
- **I-6** – «SAP BPC ақпараттық жүйесін кеңейтілген әкімшілендіру, сүйемелдеу және техникалық қолдау» жобасының дер кезінде іске асырылмауы;
- **I-12** – «ҚАТКО БК» ЖШС Оңтүстік Төртқұдық кен орнының өнеркәсіптік алаңы.

2025 жыл ішінде Тәуекелдер тізілімі Қоғамның тәуекелдер бейініндегі өзгерістерді ескере отырып, тоқсан сайынғы негізде өзектендіріліп отырды.

KAZATOMPROM NATIONAL ATOMIC COMPANY

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

8. ҚОСЫМШАЛАР

Тәуекел-мәдениет

Тәуекел-мәдениет — бұл қызметтің барлық кезеңдерінде тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқару тәсілін айқындайтын корпоративтік мәдениеттің бір бөлігі.

Тәуекел-мәдениет қағидаттары:

- **«Жоғарыдан берілетін үлгі»** – басшылық шешім қабылдау кезінде тәуекелдерді ескере отырып, тәуекелге бағдарланған мінез-құлықты қалыптастырады;
- **Корпоративтік басқару** – қызметкерлер тәуекелдер үшін өз жауапкершілігін сезінеді және ішкі стандарттарды ұстанады;
- **Шешім қабылдау** – тәуекелдерді тиімді басқаруға ықпал ететін ашық байланыс және айқындық;
- **Құзыреттілік** – басқару үш қорғаныс желісіне негізделеді:
  - **Бірінші желі** – тәуекелдерді бақылауға жауапты құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлер;
  - **Екінші желі** – мониторингті қамтамасыз ететін Тәуекелдерді басқару департаменті және Комплаенс қызметі;
  - **Үшінші желі** – тәуелсіз бағалау жүргізетін Ішкі аудит қызметі.

Қызмет үздіксіздігін басқару

Қызмет үздіксіздігін басқару жүйесі 2025 жылы өзектендірілген ««Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету» қағидаларымен реттеледі.

Негізгі өзгерістер мыналарды қамтыды:

- терминологияны нақтылау;
- дағдарыстық сценарийлерді егжей-тегжейлі сипаттау;
- жауапкершілікті бөлуді қайта қарау;
- Жедел штаб құрамын жаңарту;
- жүйенің жұмыс істеу қағидаттарын қайта қарау.

2025 жылы құрылымдық бөлімшелер мен ЕТҰ-ның қызмет үздіксіздігі жөніндегі талаптарды орындауына мониторинг жүргізілді, оның нәтижелері Компания басшылығына жіберілді.

Туындап жатқан тәуекелдер (Emerging risks)

Қоғамда туындап жатқан тәуекелдерге (emerging risks) — қалыптасу сатысындағы, жоғары белгісіздікпен және стратегиялық мақсаттарға ықтимал әсерімен сипатталатын тәуекелдерге мониторинг жүргізіледі. Бұл санатқа климаттық тәуекелдер, АТ-тәуекелдер, сондай-ақ халықаралық жобаларға қатысу тәуекелдері жатады. Оларды бағалау жаһандық салалық трендтерді, реттеуші ортаның өзгерістерін және технологиялық дамуды ескере отырып, тұрақты негізде жүргізіледі.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ тәуекелдері


COSO әдіснамасына сәйкес Компанияның барлық анықталған тәуекелдері бес негізгі санатқа жіктеледі: стратегиялық, қаржылық, операциялық, комплаенс және инвестициялық-жобалық тәуекелдер.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тәуекелдер тізілімі 47 сәйкестендірілген тәуекелден тұрады, оның ішінде қызыл аймақта 5 негізгі тәуекел бар:

O-5.1	Өндірістік жарақаттанушылық
F-5	Контрагенттің дефолт тәуекелі
S-4	Жер қойнауын пайдалану бойынша келісімшарттық міндеттемелер шарттарының орындалмау тәуекелі
O-2	Уран өндірудің жоспарланған көлемінің және (немесе) уран өнімін (УШТТ) өндіру көлемінің орындалмауы
S-2	Әлеуметтік шиеленістің артуы

Тәуекелдерді бағалау олардың әрқайсысының Тәуекелдер картасындағы орнына сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте тәуекел аймақтары тәуекел-тәбетін ескере отырып, ықтимал залалға байланысты айқындалады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың 2025 жылға арналған тәуекелдер картасы



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

СЫНИ, ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТАША ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АЗАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР

Тәуекел коды	Тәуекел атауы	2025 жылғы өзгерістер	Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР (S)			
S-1	Уранды сату бағасының жоспарланғаннан төмендеуі	↔	▸ Келісімшарттар қоржынын, контрагенттер географиясын әртараптандыру; ▸ Уран бағасын хеджирлеу мүмкіндігін пысықтау; ▸ Шарттарды уақтылы және сапалы дайындау; ▸ Нарықты талдау, уран бағасының болжамды трендін анықтау; ▸ Ядролық энергетика саласындағы БАҚ-қа мониторинг жүргізу; ▸ Компанияның ЕТҰ-ның уран өндіру көлемін бақылау және т.б.
S-2	Әлеуметтік шиеленістің артуы	↔	▸ Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шеңберінде қызмет ететін өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына қаражат бөлу; ▸ Жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасау; ▸ Қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу; ▸ Әлеуметтік әріптестік, ішкі байланыстар және Компания кәсіпорындарындағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін жақсарту жөніндегі іс-шаралар; ▸ Қызметкерлердің қаржылық сауаттылығын арттыру және т.б.
S-3	Беделді тәуекел	↔	▸ Байланыстарды кәсіби және уақтылы басқару және ақпаратты ашу; ▸ Тиімді ішкі байланыстарды қалыптастыру; ▸ Жергілікті және халықаралық БАҚ-пен қарым-қатынасты орнату және қолдау; ▸ БАҚ пен әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізу; ▸ Дағдарысқа қарсы байланыстар жоспарына сәйкес іс-шаралар және т.б.
S-4	Жер қойнауын пайдалану бойынша келісімшарттық міндеттемелер шарттарының орындалмау тәуекелі	↑ Әсер ету деңгейінің 4/3-тен 4/4-ке дейін артуы	▸ ҚР заңнамалық базасына мониторинг жүргізу; ▸ Компанияның ЕТҰ-да заңнамаға сәйкес жер қойнауын пайдалану саласындағы барлық қажетті рұқсат беру құжаттарының (лицензиялардың) болуын бақылау; ▸ Заңнама жобаларын/өзгерістерін талқылау; ▸ Келісімшарттар бойынша лицензиялық-келісімшарттық шарттардың орындалуына талдау жасау; ▸ Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың қолданылу мерзімдеріне мониторинг жүргізу және т.б.
S-5	ESG саласындағы талаптарға сәйкес келмеу тәуекелі	●	▸ Рейтингтік агенттіктердің ESG бағалау әдіснамасын зерделеу және талаптардағы өзгерістерге мониторинг жүргізу; ▸ Тұрақты даму саласындағы заңнамадағы өзгерістерге мониторинг жүргізу; ▸ ESG тәжірибесін жетілдіру жөніндегі жол картасының іс-шаралары; ▸ Тұрақты даму саласындағы хабардарлықты арттыру үшін басшылықты, құрылымдық бөлімшелер мен ЕТҰ қызметкерлерін оқыту және т.б.

Тәуекел коды	Тәуекел атауы	2025 жылғы өзгерістер	Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
S-6	Минералдық-шикізат базасының расталмау тәуекелі	●	▸ Кен денелерінің сипаттамаларын нақтылау және белгісіздікті азайту үшін қосымша геологиялық зерттеулер жүргізу; ▸ Заңнамаға егжей-тегжейлі талдау жүргізу және жұмыс басталғанға дейін барлық қажетті рұқсаттар мен лицензияларды алу; ▸ Жұмыс жүргізілетін орындарға жақын қоймаларда аса маңызды жабдық пен қосалқы бөлшектердің қорын жасау және т.б.
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР (О)			
О-1	Уран өнімін сату жоспарының орындалмауы	↓ Ықтималдық деңгейінің 4/4-тен 3/4-ке дейін төмендеуі	▸ Уран нарығының конъюнктурасы мен қажеттіліктерін зерделеу; ▸ Дайын өнімді сатуға арналған ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді және орта мерзімді келісімшарттар жасасу; ▸ Контрагенттердің шарт талаптарын орындауын бақылау; ▸ Жүктерді сақтандыру; ▸ Уран саласына әсер ететін санкциялардың/контрсанкциялардың енгізілуіне мониторинг жүргізу; ▸ Уран өнімін тасымалдаудың баламалы әдістерін зерделеу және т.б.
О-2	Уран өндірудің жоспарланған көлемінің және (немесе) уран өнімін (УШТТ) өндіру көлемінің орындалмауы	↔	▸ Жер қойнауын пайдалану бойынша лицензиялық-келісімшарттық талаптарды орындау; ▸ Ұңғымаларды салу мен өндірудің жоспарлы көлемдерінің орындалуын бақылау; ▸ 2016-2027 жылдарға арналған минералдық-шикізат базасын толықтыру бойынша іздестіру жұмыстары бағдарламасының іс-шараларын орындау; ▸ Күкірт қышқылын жеткізудің жоспарлы көлемдерінің орындалуын бақылау; ▸ Алынатын дайын уран өнімі сапасының Сапа стандарттарына сәйкестігін бақылау; ▸ Ұңғымаларды салу, тау-кен дайындық жұмыстарын жүргізу және уран өндіру технологиясының, өндірістік операцияларды орындау кезіндегі технологиялық регламенттің сақталуын бақылау; ▸ Кен орындарын, телімдер мен блоктарды уақтылы пайдалануға беруді бақылау; ▸ Көктемгі-күзгі, қысқы кезеңдерге дайындық іс-шаралары, сондай-ақ су тасқынына қарсы іс-шаралар және т.б.
О-3	Өнім мен көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнының жоспарланғаннан жоғары өсуі	↓ Ықтималдық деңгейінің 4/3-тен 3/3-ке дейін төмендеуі	▸ Химиялық реагенттердің, материалдардың меншікті жұмсау нормаларына және энергия шығындарына мониторинг жүргізу; ▸ Негізгі химиялық реагенттерге, материалдарға және энергия шығындарына сатып алу бағаларын талдау; ▸ Өндірістің энергия тиімділігін арттыру; ▸ Өндіріс технологиясын оңтайландыру; ▸ Жаңа ғылыми әзірлемелерді енгізу; ▸ Негізгі жабдықты уақтылы диагностикалау және жөндеу және т.б.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Тәуекел коды	Тәуекел атауы	2025 жылғы өзгерістер	Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
О-4	Білікті кадрлар тапшылығы немесе біліктіліктің төмен болуы	↓ Ықтималдық деңгейінің 4/3-тен 3/3-ке дейін төмендеуі	▸ Біліктілік деңгейіне, кәсіби іскерлік және тұлғалық қасиеттеріне қойылатын талаптарға сәйкес келетін қолайлы үміткерлерді тиімді іріктеу; ▸ Құзыреттерді дамыту, қызметкерлердің білім деңгейін арттыру; ▸ Жұмыс беруші мен Компания жұмыскерлері арасындағы Ұжымдық шарт талаптарын сақтау және т.б.
О-5.1	Өндірістік қауіпсіздік тәуекелі — Өндірістік жарақаттанушылық	↔	▸ Компанияның ЕТҰ-да өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігіне жоспарлы тексерулер жүргізу; ▸ Қызметкерлер құрамын жүрек-өкпе реанимациясы бойынша алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсетудің практикалық дағдыларына оқыту; ▸ ЕТҰ жұмыскерлерін арнайы киіммен және жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету; ▸ ЕТҰ жұмыскерлеріне мерзімді дозиметриялық бақылау жүргізу; ▸ ЕТҰ жұмыскерлерін ауысым алдындағы медициналық куәландырудан және нұсқаулықтан өткізу; ▸ ЕТҰ жұмыскерлерінің еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестаттаудан өткізу; ▸ Қауіпсіздіктің мінез-құлық аудитін (ҚМА) жүргізу және талдау, қауіпті жағдайларды, қауіпті іс-әрекеттерді және оқыс жайттарды (Near Miss) анықтау; ▸ Өндірістік қауіпсіздік жағдайына мониторинг жүргізу және т.б.
О-5.2	Өндірістік қауіпсіздік тәуекелі – Өрт қауіпсіздігі тәуекелі	↔	▸ Бейнебақылау құралдарының көмегімен өрттің (тұтанудың) алдын алуды бақылау және профилактика жүргізу; ▸ Жұмыскерлерді өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үдерісіне тарту және олардың қызығушылығын арттыру; ▸ Нысандағы өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына аудит жүргізу, соның ішінде оқу-жаттығу іс-шараларын өткізу; ▸ Өрт қауіпсіздігінің алдын алу және оны қамтамасыз етуге арналған бюджетті уақтылы жоспарлау және т.б.
О-5.3	Өндірістік қауіпсіздік тәуекелі – Ядролық және радиациялық қауіпсіздік тәуекелі	↔	▸ ЕТҰ-да жеке дозаларды есепке алу жүйесіне аудит жүргізу; ▸ ЕТҰ қызметкерлер құрамының құзыреттеріне талдау жасау; ▸ ЕТҰ-да жабдықты тексеру мерзімдерін бақылау; ▸ ЕТҰ желдету жүйесі жұмысының сапасын бағалау; ▸ Нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес ядролық қауіпсіздік сараптамасы, ядролық қауіпсіздік жөніндегі есептерді талдау; ▸ ЕТҰ-да ықтимал радиациялық апатқа жауап қайтару бойынша оқу дабылдарына жаттығулар жүргізу және т.б.

Тәуекел коды	Тәуекел атауы	2025 жылғы өзгерістер	Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
О-5.4	Өндірістік қауіпсіздік тәуекелі — Экологиялық тәуекел	↔	▸ Қоршаған ортаға рұқсат етілген эмиссиялардың асып кетпеуін бақылау; ▸ Қалдықтарды басқару жүйесінің сақталуын бақылау; ▸ Күкірт қышқылын тасымалдау кезінде технологиялық регламенттерді сақтау; ▸ Радиациялық қауіпсіздік бойынша санитарлық қағидалар мен нормалардың сақталуын бақылау; ▸ Экологиялық тәуекелдерді сақтандыру және т.б.
О-6	Қоғам кәсіпорындары тобына қасақана залал келтіру	↔	▸ ЕТҰ-ның өндірістік нысандары аумағынан ЖЖМ мен ТМҚ-ны ұрлаудың алдын алу жоспарының іс-шаралары; ▸ ЕТҰ қауіпсіздік бөлімшелерінің жұмысын үйлестіру; ▸ Компания мен ЕТҰ-да тексерулер мен қызметтік тергеулер жүргізу; ▸ Физикалық қорғаныс және күзет дабылы жүйелерінің жұмыс істеуін бақылау; ▸ Радиобелсенді заттар мен ядролық материалдарға қолжетімділігі бар тұлғалардың сенімділігін тексеру және т.б.
О-7	Ақпараттық қауіпсіздіктің төмендеуі	↔	▸ Қызметкерлердің киберқауіпсіздік саласындағы хабардарлығы мен дағдыларын арттыру; Нұсқамалықтар жүргізу және тестілеу; Ақпараттық хабарламалар таратуды жүзеге асыру; ▸ Күтпеген жағдайлар туындаған кезде үздіксіз қызметті қамтамасыз ету және ақпараттық жүйелерді қалпына келтіру жоспарын тестілеу; ▸ Компания мен ЕТҰ-ның ақпараттық қауіпсіздік жағдайын тексеру; ▸ Енуге тестілеу жүргізу; Анықталған ақпараттық қауіпсіздік қатерлері мен кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу; ▸ Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және оның жетілу деңгейін арттыру құралдарын енгізу және т.б.
О-8	ҮМЗ бериллий, тантал, ниобий өнімдерін сатудың жоспарланған көлемінің орындалмауы	↔	▸ Дайын өнім өндіру жоспарының орындалуын бақылау; ▸ Жабдыққа жоспарлы-алдын алу жөндеу және күрделі жөндеу жүргізу; ▸ Шикізат (бериллий, тантал) жеткізушілерімен тұрақты келіссөздер жүргізу; ▸ Нормативтік қойма қорының (шикізаттың) болуын бақылау; ▸ Бериллий, тантал және ниобий өнімдерінің сатылуын бақылау; ▸ Бериллий, тантал және ниобий нарығының жай-күйін талдау (сегменттер, өңірлер, өнімдер, бәсекелестер, тұтынушылар бойынша) және т.б.

KAZATOMPROM NATIONAL ATOMIC COMPANY

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

8. ҚОСЫМШАЛАР

Тәуекел коды	Тәуекел атауы	2025 жылғы өзгерістер	Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
О-9	Пандемия тәуекелі	↔	▸ Жедел штабтардың дайындығы; ▸ ЕТҰ-ның індетке қарсы профилактикалық іс-шараларды өрістетуге, қауіпсіздік қызметтерінің кәсіпорындарға қол жеткізуді жабуға және автономды жұмыс режиміне дайындығын қамтамасыз ету; ▸ Әлемдегі эпидемиологиялық жағдайға мониторинг жүргізу.
О-10	Құқықтық тәуекел	↔	▸ ҚР заңнамалық базасына, контрагент елдердің заңнамасындағы өзгерістерге мониторинг жүргізу; ▸ Компанияның претензиялық және талап қою жұмыстары; ▸ Салық төлеуші күнтізбесіне мониторинг жүргізу; ▸ Қалдықтардың түзілуін азайту үшін қалдықтардың түзілу нормативтері әдістемесінің сақталуына мониторинг жүргізу; ▸ ЕТҰ-да жоспарлы тексерулер жүргізу және т.б.
О-11	Климаттық тәуекел	↔	▸ Жабдық пен техниканы жазғы режимге көшіру; ▸ Өртке қарсы іс-шараларды жүргізу, өрт қауіпсіздігі бойынша жаттығулар жиілігін арттыру; ▸ Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі іс-шараларын іске асыру; ▸ Жабдықты жаңғырту; ▸ Технологиялық үдерістерді жетілдіру; ▸ Жаңартылатын және баламалы көздерден алынатын энергияға көшу және т.б.
КОМПЛАЕНС-ТӘУЕКЕЛДЕР (С)			
С-1	Сыбайлас жемқорлық және корпоративтік алаяқтық тәуекелі	↑ Ықпал ету деңгейінің 2/3-тен 2/4-ке дейін жоғарылауы	▸ Мүдделі тараптардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты мен қағидалары туралы хабардарлығын арттыру; ▸ Контрагенттерді комплаенс-тексеру рәсімдерін реттейтін ішкі құжаттардың талаптарын сақтау; ▸ Компанияның бизнес-үдерістеріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу; ▸ «Сенім телефоны» арқылы түскен өтініштерді бақылау және т.б.
С-2	Санкциялық тәуекел	↓ Ықтималдық деңгейінің 4/4-тен 3/4-ке дейін төмендеуі	▸ Санкциялық тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша хабардар ету; ▸ Контрагенттермен ынтымақтастық мәселелерін санкциялық тәуекелдер тұрғысынан алдын ала келісу; ▸ Серіктестер, негізгі сатып алушылар, негізгі жеткізушілер, ҚР банктері санкциялық тізімге енгізілген жағдайда қажетті іс-шараларды жүргізу және т.б.

Тәуекел коды	Тәуекел атауы	2025 жылғы өзгерістер	Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
С-3	Листингтік және реттеушілік тәуекелдер	↔	▸ Инсайдерлер тізімін өзекті күйде ұстау; ▸ Компания қызметкерлеріне жабық / ашық кезеңдер туралы алдын ала хабарлау; ▸ PDMR жасаған мәмілелер туралы қор биржалары мен реттеушілерді уақтылы хабардар ету; ▸ Қор биржалары ережелерінің өзгерістеріне мониторинг жүргізу; ▸ Листингтік талаптардың өзгерістері туралы хабардар ету; ▸ Ақпаратты ашу ережелерінің сақталуына жарты жылда кемінде бір рет мониторинг жүргізу; ▸ Қызметкерлерді Компанияның Әдеп және комплаенс кодексін білуіне оқыту және мерзімді түрде тестілеу және т.б.
ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР (F)			
F-2.1	Кредиттік тәуекел – Контрагент-банктерге қатысты несиелік тәуекел	↔	▸ Бос ақшалай қаражатты орналастыру лимиттері мен тізбесінің сақталуына мониторинг жүргізу; ▸ Депозиттік шоттарына Компания кәсіпорындары тобының қаражаты салынуы мүмкін екінші деңгейдегі банктерге лимиттер белгілеу; ▸ Уақытша бос ақшалай қаражатты баламалы қаржы құралдарына орналастыру; ▸ Контрагент-банктердің қаржылық жағдайына мониторинг жүргізу және т.б.
F-2.2	Кредиттік тәуекел – Резидент емес банктерге қатысты несиелік тәуекел	↔	▸ Резидент емес банктердің қаржылық жағдайын талдау және бағалау; ▸ Уақытша бос ақшалай қаражатты G7 мүше-елдері банктерінің ағымдағы шоттарына және талап етілмелі салымдарына орналастыру; ▸ Резидент емес банктердің қаржылық жағдайына мониторинг жүргізу және т.б.
F-2.3	Кредиттік тәуекел – Бағалы қағаздар эмитенттеріне қатысты несиелік тәуекел	↔	▸ Борыштық бағалы қағаздар мен бағалы қағаздар эмитенттерінің қаржылық жағдайын талдау және бағалау; ▸ Уақытша бос ақшалай қаражатты G7 мүше-елдері эмитенттерінің бағалы қағаздарына орналастыру; ▸ Эмитенттердің қаржылық жағдайына мониторинг жүргізу және т.б.
F-5	Контрагент дефолтының тәуекелі	↑ Ықпал ету деңгейінің 4/3-тен 4/4-ке дейін жоғарылауы	▸ Контрагенттер тізбесін қалыптастыру және бекіту; ▸ Елдік лимиттерді белгілеу; ▸ Елдік тәуекелге мониторинг жүргізу; ▸ Контрагентке лимиттер белгілеу; ▸ Контрагент тәуекеліне мониторинг жүргізу.
F-6	Елдік тәуекел	↔	▸ Елдік лимиттерді белгілеу; ▸ Елдік тәуекелге мониторинг жүргізу; ▸ Контрагенттерге лимиттер белгілеу; ▸ Контрагент тәуекеліне мониторинг жүргізу.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Тәуекел коды	Тәуекел атауы	2025 жылғы өзгерістер	Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ-ЖОБАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР (I)			
I-1	Деректердің корпоративтік қоймасы жобасының (1-кезең) уақтылы іске асырылмауы	↔	▸ Жобаны SCRUM әдіснамасы бойынша жүргізу; ▸ Жобаны аяқтау бойынша Жол картасының іс-шаралары; ▸ КДҚ-ның бастапқы ақпараттық жүйелермен интеграциялық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету және т.б.
I-2	«600-ғимарат. Реконструкция. Уранның шала тотығы-тотығының аффинаждық өндірісі. «ҮМЗ» АҚ. Солтүстік алаң» жобасының жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізбеу	↔	▸ Жобаны одан әрі іске асырудың орындылығы туралы мәселені корпоративтік органдардың қарауына шығару.
I-3	«Түркістан облысының Созақ ауданында өндірістік қуаттылығы жылына 900 тонна Жалпақ кен орнының жер үсті қайта өңдеу кешенінің құрылысы» жобасының уақтылы іске асырылмауы	↑ Ықтималдық деңгейінің 3/2-ден 5/2-ге дейін жоғарылауы	▸ Контрагенттермен претензиялық жұмыстарын жүргізу; ▸ Қосымша ресурстарды жұмылдыру; ▸ Қаражаттың жұмсалуын бақылау және т.б.
I-4	«Көлденең мониторинг» жобасының дер кезінде іске асырылмауы	↔	▸ Жобаны мониторингілеу және уақтылы жабу; ▸ Жобаға қатысу және енгізудің әрбір процесінде ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетімен тұрақты өзара іс-қимыл жасау және т.б.
I-5	Буденовское кен орнында қуаттылығы 6000 тонна қайта өңдеу кешенінің құрылысы (1-ші іске қосу кешені — 2500 тонна)	●	▸ Құрылыс кестесіне сәйкес құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу; ▸ Жоба бойынша ай сайынғы мәртебе-кездесулер өткізу, көшпелі мониторинг және т.б.

Тәуекел коды	Тәуекел атауы	2025 жылғы өзгерістер	Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
I-6	Буденовское кен орнында қуаттылығы 6000 тонна қайта өңдеу кешенінің құрылысы (2-ші іске қосу кешені — 6000 тонна)	●	▸ Стратегиялық инвестициялық жоба бойынша іс-шаралардың орындалуына ай сайынғы мониторинг жүргізу.
I-7	Түркістан облысының Созақ ауданындағы Буденовское кен орнының №6 және №7 телімдерінде орналасқан, 350 адамға дейін кеңейту мүмкіндігі бар 236 адамдық вахталық кент	●	▸ Стратегиялық инвестициялық жоба бойынша іс-шаралардың орындалуына ай сайынғы мониторинг жүргізу.
I-8	Буденовское кен орнының №6 және №7 телімдері үшін 110/10 кВ қосалқы станциясы бар 110 кВ екі тізбекті электр беру желісінің құрылысы	●	▸ Стратегиялық инвестициялық жоба бойынша іс-шаралардың орындалуына ай сайынғы мониторинг жүргізу.
I-9	Деректерді өңдеу орталығының құрылысы	●	▸ Жобаны іске асыру туралы шешімді алқалы органдармен қарау және келісуден өткізу үшін материалдарды уақтылы ұсыну.
I-10	Түркістан облысының Созақ ауданындағы Инкай кен орнының №3 телімінде уран өндіруді игеру	●	▸ Стратегиялық инвестициялық жоба бойынша іс-шаралардың орындалуына ай сайынғы мониторинг жүргізу.
I-11	«Қуаттылығы жылына 800 мың тонна күкірт қышқылы зауытының құрылысы» жобасының дер кезінде іске асырылмауы	↔	▸ Бекітілген кестелерге сәйкес жобалау және құрылыс-монтаждау жұмыстарының орындалуын, жабдықтың жеткізілуін бақылау; ▸ Сенімгерлік басқару шартының орындалуын бақылау.

↔ Өзгерістер жоқ ● Жаңа тәуекел ↑ Жоғарылауы ↓ Төмендеуі

2026 жылға арналған жоспарлар

- ЕТҰ-да тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіне диагностика жүргізу;
- Тәуекел мәдениетін одан әрі дамыту;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның мүмкіндіктерін басқару» үдерісінің пилоттық рәсімдерін өткізу.

KAZATOMPROM NATIONAL ATOMIC COMPANY

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

8. ҚОСЫМШАЛАР

Ішкі бақылау жүйесі

Компаниядағы ішкі бақылау жүйесі үш негізгі салада: қаржылық есептілік, заңнаманы сақтау және операциялық үдерістердің тиімділігін арттыруда тәуекелдердің алдын алуға бағытталған.

Ол бес құрауышты қамтитын COSO «Ішкі бақылау – Біріктірілген үлгі» үлгісіне негізделген:

- бақылау ортасы;
- тәуекелдерді бағалау;
- бақылау рәсімдері;
- ақпарат және оны беру;
- мониторинг.

Компанияда ішкі бақылау жүйесінің[70] мақсаттары мен оны дамыту бағыттарын айқындайтын Ішкі бақылау жүйесі саласындағы саясат бекітілген, сондай-ақ Ішкі бақылау жүйесі туралы басқарушылық есептілікті қалыптастыру туралы қағидалар қолданылады.

Ішкі аудит

Компанияда тікелей Директорлар кеңесіне есеп беретін тәуелсіз Ішкі аудит қызметі жұмыс істейді. Директорлар кеңесі Қызметтің сандық құрамын айқындайды, оның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу мөлшерін, ішкі саясаттар мен рәсімдерді, сондай-ақ жылдық аудиторлық жоспар мен бюджетті бекітеді. Мұндай тәсіл ішкі аудиттің ұйымдық тәуелсіздігін және ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін объективті бағалау үшін жағдайларды қамтамасыз етеді.

2025 жылы Ішкі аудит қызметі Жылдық аудиторлық жоспарды асыра орындады: жоспарланған 25 тапсырманың орнына 28-і орындалды, бұл жоспардың 112% атқарылуына сәйкес келеді. Орындалған тапсырмалардың жалпы санының 8-і ЕТҰ деңгейінде, қалғандары қызметтің түрлі бағыттары бойынша Корпоративтік орталық деңгейінде жүргізілді. Аудиторлық тексерулердің қорытындысы бойынша 254 ұсыным берілді.

Есепті жылы Ішкі аудит қызметінің ұйымдық тәуелсіздігіне басшылық тарапынан теріс әсер болған жоқ, бұған Директорлар кеңесі тарапынан көрсетілген қолдау ықпал етті. Қызметтің жұмысы туралы есептер Аудит жөніндегі комитеттің отырыстарында тұрақты және егжей-тегжейлі қаралды. Сонымен қатар, Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы тұрақты негізде Ішкі аудит қызметінің басшысымен басқа тұлғалардың қатысуынсыз жеке кездесулер өткізіп тұрды.

Сыртқы бағалау қорытындысы бойынша Ішкі аудит қызметінің жұмысы Ішкі аудиттің халықаралық стандарттарына 98% сәйкес деп бағаланды.

2026 жылға Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметінің 24 аудиторлық тапсырманы қамтитын Жылдық жоспарын бекітті, оның 6-сы ЕТҰ деңгейінде, қалғандары қызметтің түрлі бағыттары бойынша Корпоративтік орталық деңгейінде ескерілген.

[70] «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың **Ішкі бақылау жүйесі туралы саясаты** Компанияның интернет-ресурсында орналастырылған.

Сыртқы аудит

GRI 2-5

Жыл сайын Қазатомөнеркәсіптің шоғырландырылған қаржылық есептілігі мен біріктірілген жылдық есебі тәуелсіз тексеруден өтеді. Аудит қорытындысы бойынша қаржылық есептіліктің дұрыстығына шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін Аудиторлық қорытынды мен тексеру нәтижелері туралы аудиторлық есебі қалыптастырылады.

2024 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының отырысында «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-ін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2025, 2026 және 2027 жылдардағы шоғырландырылған және жеке қаржылық есептіліктеріне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйым ретінде айқындау туралы шешім қабылданды.

АУДИТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚҰНЫ

Кезең	Сомасы (теңге, ҚҚС-пен)
2025 жыл	**427 887 777**
2026 жыл	472 510 920
2027 жыл	507 823 640
Жиыны	**1 408 222 337**

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-нтың шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды және аудиторлық емес қызметтерді таңдау «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатына және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады. Іріктеу үдерісі конкурстық рәсімді өткізуді, аудитордың тәуелсіздігін бағалауды, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінен ұсыным алуды, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің аудиторлық қызметтерге ақы төлеу мөлшерін бекітуін және шарт жасасуды қамтиды.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-не «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен оның еншілес ұйымдарына 2025 жылы көрсеткен аудиторлық емес қызметтері үшін төленген жалпы сома 44 000 мың теңгені (ҚҚС-сыз) құрады.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Салықтық ашықтық

GRI 3-3, GRI 207-1

Қазатомөнеркәсіп салық заңнамасын сақтауға және осы саладағы барлық міндеттемелерді орындауға ерекше көңіл бөледі. Компанияның қызметі нормативтік актілерге, халықаралық келісімдерге және мемлекеттік органдардың ұсынымдарына сәйкес келеді. Салық есебінің ашықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін салықтарды есептеу мен уақтылы төлеуді бақылаудың тиімді тетіктері енгізілген.

Қазатомөнеркәсіптің салық саясаты басшылықтың бақылауымен есепке алудың жоғары стандарттарын сақтауға және салықтық тәуекелдерді басқаруға бағытталған. Міндеттемелерді дәл және уақтылы орындау үшін тәуекелдердің алдын алу мен азайтуға негізгі басымдық беріледі. Халықаралық стандарттарға сәйкес келу мақсатында бірыңғай «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындарының халықаралық тобы үшін салық салу қағидаттарының саясаты» бекітілген.

Саясатқа сәйкес Компанияның салық стратегиясын «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның Салық департаменті әзірлейді және оны Компания Басқармасы ресми түрде қарап, бекітеді.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен оның ЕТҰ-ның салық салу тәсілі Компанияның стратегиялық дамуымен, соның ішінде тұрақты даму саласындағы мақсаттарымен тығыз байланысты. Салық жүктемесін жоспарлау алдағы шаруашылық операцияларын, болашақ мәмілелерді және салық заңнамасындағы өзгерістерді ескере отырып жүзеге асырылады, бұл болашақтағы салық жүктемесін әділ әрі негізді бағалауды қамтамасыз етеді. Мұндай тәсіл бизнестің ұзақ мерзімді дамуына ықпал ететін тұрақты қаржылық модель құруға мүмкіндік береді.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындарының салық заңнамасын жетілдіру жөніндегі жұмыс топтарына қатысуы және топішілік және халықаралық операцияларды қоса алғанда, салықтық үлгілеу жүргізуі стратегиялық бастамаларды іске асыру кезінде салықтық салдарларды дер кезінде ескеруге мүмкіндік береді. Бұл салықтық тәуекелдер мен шығындарды барынша азайтуға ықпал етеді, сондай-ақ коммерциялық қызметтің қолданыстағы заңнама талаптарына толық сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Осылайша, салықтық жоспарлау тұрақты даму стратегиясында негізделген ашықтық, есептілік және адалдық қағидаттарына сәйкес қаржы ағындарының болжамдылығы мен операциялық қызметтің тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, Компанияның тұрақты өсуін қолдау құралы болып табылады.

GRI 2-26, 207-2, 207-3

Қазатомөнеркәсіп мемлекеттік кірістер органдары алдындағы барлық салықтық міндеттемелерін орындай отырып, қатысу өңірлерінің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын белсенді түрде қолдайды. Компания мемлекеттік органдармен, тәуелсіз қауымдастықтармен және бизнес-топтармен өзара іс-қимыл жасай отырып, салық мәселелері бойынша ашық диалогқа ұмтылады.

Салықтық тәуекелдерді басқару және салықтық мониторинг

Салықтық тәуекелдерді бақылауды және басқаруды Салық департаментінің директоры жүзеге асырады. Оның міндеттеріне салық есебін жүргізу, салық заңнамасының сақталуын бақылау, салықтық реттеудегі өзгерістерге мониторинг жүргізу және салықтық тәуекелдерді басқару бойынша үдерістерді әзірлеу кіреді.

Қазатомөнеркәсіп салықтық тәуекелдерді қаржылық тұрақтылықты басқарудың маңызды бөлігі ретінде қарастырады. Олар туындаған жағдайда Компания тиісті ақпаратты қаржылық есептілікте ашады. «Қазатомөнеркәсіп» тоқсан сайын ішкі пайдаланушылар үшін салықтық тәуекелдер бойынша есептер дайындайды. Бұдан бөлек, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындары салықтық тәуекелдерді анықтау мен жоюдың тиімділігін арттыра отырып, аталған бақылау рәсімдерін енгізуге ұмтылады.

Негізгі тәуекелдердің бірі ретінде салық заңнамасы нормаларын түрліше түсіндіру, сондай-ақ трансферттік баға белгілеуге байланысты мәселелер қалып отыр. Бұл тәуекелдерді барынша азайту үшін Компания:

- салықтық реттеудегі өзгерістерге тұрақты мониторинг жүргізеді;
- күрделі және белгісіз жағдайларда сыртқы консультацияларға жүгінеді;
- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кірістер комитетімен белсенді өзара іс-қимыл жасайды.

Компанияда салықтық басқарудың және қолданыстағы бақылау құрылымының сәйкестігін бағалауға жүйелі көзқарас іске асырылған. Сәйкестіктің тиісті деңгейін қамтамасыз етудің негізгі тетігі тұрақты ішкі мониторингті және ішкі аудит функциясы тарапынан тексерулер жүргізуді қамтиды.


Атап айтқанда, ішкі аудитке Салық департаментінің белгіленген процедуралар мен салықтық басқару қағидаттарын сақтауын жыл сайын бағалау міндеті жүктелген. Бұл тексерулер ықтимал сәйкессіздіктерді уақтылы анықтауға, қолданыстағы бақылау іс-шараларының тиімділігін бағалауға және қажет болған жағдайда жұмыс істеп тұрған үдерістерге түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Қазатомөнеркәсіп салық органдарының ықтимал тәуекелдерді жедел анықтау және оларға ден қою мақсатында тараптардың тұрақты өзара іс-қимылына бағытталған түрлі пилоттық жобаларына белсенді қатысады. Қазіргі уақытта Компания негізгі қағидаттары салық есебінің ашықтығы мен сенімділігі болып табылатын Көлденең мониторинг бойынша пилоттық жобаның қатысушысы болып табылады. «Қазатомөнеркәсіп» көлденең мониторинг платформасына интеграциялану жұмыстарын аяқтады, ал екі кәсіпорында интеграциялау жұмыстарын аяқтау 2026 жылы күтілуде.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Компания қызметкерлері салық заңнамасындағы үрдістер мен өзгерістер туралы өзекті ақпаратты алу үшін салық мәселелері бойынша семинарлар мен тренингтерге тұрақты түрде қатысып тұрады. Салық салу саласындағы маңызды мәселелерді Компанияның қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үдерісінде сыртқы аудиторлар жүйелі түрде тексереді.

ТОП ТӨЛЕГЕН САЛЫҚТАРДЫҢ СОМАСЫ, млрд теңге[71]



2025 жылы он еншілес және тәуелді ұйым салық органының алғыс хатымен марапатталды – Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті салық мәдениетінің жоғары деңгейі, салықтық міндеттемелерді адал орындағаны және ел экономикасына қосқан үлесі үшін бухгалтерлік және салық қызметтерінің басшылығы мен қызметкерлерін атап өтті.



[71] Шоғырландырылған қаржылық есептілік деректеріне сәйкес.

Іскерлік әдеп және комплаенс

GRI 2-13, SASB EM-MM-510A.1.

«Қазатомөнеркәсіп» әдеп нормаларын сақтауды ұзақ мерзімді табыс пен тұрақты дамудың іргелі аспектісі ретінде қарастырады. Компания әдепті мінез-құлықтың жоғары стандарттарын ұстанады және оларды корпоративтік мәдениет пен күнделікті қызметке біріктіреді.

Компанияда қызметкерлердің мінез-құлқының негізгі қағидаттарын айқындайтын және барлық мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынасты реттейтін Әдеп және комплаенс кодексі қолданылады.

Әдеп және комплаенс кодексімен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-рәсімдерді реттейтін негізгі құжаттар:

- сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- құпия ақпараттандыру саясаты;
- бағалы қағаздармен мәмілелер жасау жөніндегі саясат;
- корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу туралы ереже;
- инсайдерлік ақпаратқа иелік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау қағидалары;
- контрагенттерді комплаенс-тексеруден өткізу қағидалары және басқа да құжаттар.

2025 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Комплаенс қызметі комплаенс-тәуекелдердің ағымдағы профиліне және үздік тәжірибеге сәйкес комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірледі және өзектендірді.

Сол сияқты, Директорлар кеңесінің шешімімен компания қызметіндегі тәуекелдерге және (немесе) жауапкершілікке әкеліп соқтыруы мүмкін қолданыстағы санкцияларда көзделген талаптар мен шектеулердің сақталуын реттейтін, сондай-ақ компанияға қатысты санкциялық тәуекелдерді азайтуға бағытталған шараларды қабылдауды реттейтін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның Санкциялық саясаты бекітілді.

Директорлар кеңесінің шешімімен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның сыбайлас жемқорлыққа және корпоративтік алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты жаңа редакцияда, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның құпия ақпараттандыру жөніндегі саясаты және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-дағы қонақжайлылық, сыйлықтар беру және алу туралы» қағидалары бекітілді. Аталған құжаттарды өзектендіруге олардың халықаралық стандарттарға және компания процестерінің ағымдағы дизайнына сәйкес келтіру қажеттілігі негіз болды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР



«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ISO 37001:2016 «Парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйелері» стандартын енгізді және сертификаттаудан сәтті өтті, бұл бизнесті адал жүргізу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәжірибе бөлігінде тұрақты даму қағидаттарына бейілділігін растайды. Есепті күндегі жағдай бойынша 4 ЕТҰ ISO 37001:2016 бойынша сертификаттаудан өтті, тағы 4 ЕТҰ сертификаттау үдерісінде, ал қалған ЕТҰ-ды сертификаттауды жыл соңына дейін аяқтау жоспарлануда. Осыған байланысты ішкі құжаттарды өзектендіру стандарт талаптарына сәйкестікті сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджментті корпоративтік басқару жүйесіне тиімді интеграциялау және мүдделі тараптардың сенімін одан әрі нығайту үшін қажетті қадам болып табылады. Сондай-ақ 2025 жылы Директорлар кеңесі «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және бағалау» әдістемесін жаңа редакцияда бекітті.

Әдістеме компания үшін өзекті сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті ұйымдастыру мен жүргізу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және бағалау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту бойынша шаралар қабылдау рәсімдерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Корпоративтік этиканың негізгі нормалары Этика және комплаенс кодексінде бекітілген. Ол корпоративтік құндылықтарды айқындайды, қызметкерлердің көзқарастары мен іс-қимылдарының бірлігін қалыптастырады, сондай-ақ Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді.

Әдеп және бизнесті жүргізу

Компания қызметкерлері адалдыққа, парасаттылыққа, бейтараптылыққа және құрметке негізделген этикалық мінез-құлықтың жоғары стандарттарын ұстанады. Бұл қағидаттар ұжым ішіндегі өзара іс-қимылға, іскер серіктестермен қарым-қатынасқа, акционерлермен және мемлекеттік органдармен жұмыс істеуге, сондай-ақ басқа да мүдделі тараптармен байланыстарға қолданылады.

GRI 2-23

КОМПАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ:

Қауіпсіздік
- Қауіпсіздік – біздің дағдымыз;
- Әрқайсымыз қауіпсіздік үшін жеке жауаптымыз;
- Біз қауіпсіздік мәдениетін стандарттар мен мінез-құлық арқылы қолдаймыз;
- Біз қоршаған ортаға ұқыпты қараймыз.

Кәсіпқойлық
- Біз саладағы көшбасшымыз;
- Біз бірегей білім мен тәжірибеге иеміз және онымен бөлісеміз;
- Біз алға қойылған мақсаттарға тиімді қол жеткіземіз;
- Біз салмақты шешімдер қабылдаймыз.

Жауапкершілік
- Әрқайсымыз өз жұмысымыздың нәтижесі үшін жеке жауаптымыз;
- Біз болашақтың қамын ойлаймыз және қабылданған шешімдер үшін жауап береміз;
- Біз Компанияның беделін жоғары бағалаймыз;
- Біз бір-бірімізбен, серіктестермен, жеткізушілермен және тұтынушылармен адалмыз.

Даму
- Өзімізді дамыта отырып, біз Компанияны дамытамыз;
- Біз инновацияларды ілгерілетеміз;
- Жақсыны сақтай отырып, біз жаңа бизнес-бағыттарды дамытамыз;
- Біз технологияларды жетілдіреміз.

Команда
- Біз әркімнің пікірін құрметтейміз және қосқан үлесін бағалаймыз;
- Біз бір-бірімізге көмектесеміз;
- Біз ортақ нәтиже үшін жұмыс істейміз;
- Ұрпақтардың тәжірибесі мен қуаты тиімді команда құрады.

Әдеп және комплаенс кодексінің нормаларын сақтау Компанияның барлық қызметкерлері үшін, соның ішінде басшылық үшін, сондай-ақ Қазатомөнеркәсіппен өзара іс-қимыл жасайтын үшінші тұлғалар үшін міндетті болып табылады. Кодекс талаптарының іске асырылуы тұрақты оқыту, ішкі байланыстар, мониторинг тетіктері және ішкі бақылау жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі. Барлық қызметкерлер жұмысқа қабылданған кезде, сондай-ақ оның ережелері әр жаңартылған сайын Әдеп кодексі бойынша оқудан өтеді.

Бұдан бөлек, Қоғамда және оның ЕТҰ-да стандартты сатып алу шартының бөлігі болып табылатын Жеткізушілер мен мердігерлер[72] кодексі енгізілген. Ол «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның этикалық қағидаттарын түсіндіреді және жеткізушілер мен мердігерлердің осы қағидаттарды сақтау міндеттемесін белгілейді. Кодекс жасалатын барлық шарттардың ажырамас бөлігі болып табылады.

[72] **Жеткізушілер мен мердігерлер кодексімен** толығырақ Компанияның ресми сайтында танысуға болады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін басқару

GRI 3-3

Қазатомөнеркәсіп сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын қатаң сақтайды, сондай-ақ халықаралық стандарттарда көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың үздік тәжірибелерін енгізуге ұмтылады. Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында қабылданатын шаралардың тиімділігі ISO 37001:2016 «Парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйелері» стандартының талаптарына сәйкестікке сертификаттау аудитін жүргізу кезінде тәуелсіз компания тарапынан расталды. Тексеру нәтижесі жұмыскерлердің қатысуы Аудит нәтижелері бойынша Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелері стандарт талаптарына сәйкес деп танылып, тиісті сертификат берілді.

2025 жылы сәйкестікті растау жөніндегі орган халықаралық ISO 37001:2016 стандартының талаптарына сәйкестікке инспекциялық аудит жүргізді. Оның қорытындысы бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің жұмыс істеп тұрғаны, жетілдіріліп жатқаны және талаптарға сәйкес келетіні расталды.

Компания саясаты[73] шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл корпоративтік адалдық қағидаттары арқылы іске асырылады.

- Мүлдем төзбеушілік;
- Жазаның бұлтартпастығы;
- Жоғары басшылықтың бейілділігі;
- Жұмыскерлердің қатысуы;
- Тәуекелге бағдарланған тәсіл;
- Тиісті сақтық;
- Ашықтық және есептілік;
- Мәлімдемешілерді құдалаудан қорғау;
- Үнемі жетілдіріп отыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты үйлестіруге және іске асыруға жауапты негізгі бөлімше Компанияның Директорлар кеңесіне есеп беретін Комплаенс қызметі болып табылады. Комплаенс қызметінің құзыретіне мыналар кіреді:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы және комплаенс-бастамаларды әзірлеу және енгізу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті бақылау және мониторингтеу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту үшін қабылданатын шаралардың тиімділігін бағалау;
- контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеру;
- ЕТҰ-да комплаенс-жүйесін дамыту;
- комплаенс-үдерістерді автоматтандыру;
- есептілік және басқару органдарымен өзара іс-қимыл және т.б.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және комплаенстің өзге де түрлерін дамыту, соның ішінде комплаенс-үдерістерді басқарудың кешенді автоматтандырылған жүйесін құру

2025 жылы eKAP корпоративтік платформасында комплаенс-үдерістерді кешенді цифрландыруды қамтамасыз ететін төрт негізгі модуль сәтті іске асырылды:

- Әлеуетті жеткізушілердің өзара және тапсырыс берушінің қызметкерлерімен өзара байланысын тексеру жүйесі: бағаларға маркетингтік талдау жүргізу және сатып алу жоспарларын қалыптастыру сатысында сатып алудың жоспарлы құнын негізсіз арттыру мақсатындағы ықтимал сөз байласуды анықтауға мүмкіндік береді;
- Мүдделер қақтығысын декларациялау жүйесі: сатып алу кезінде және лауазымға тағайындау барысында мүдделер қақтығысы жағдайларын уақтылы анықтау мақсатында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ тобының барлық қызметкерлерінің компаниялары мен туыстық байланыстары туралы деректерді жинақтауға және талдауға арналған;
- ЕТҰ жұмысының тиімділігін бағалау үшін комплаенс саласындағы атқарылып жатқан жұмыстар мен оқиғалар туралы мәліметтерді жинау жүйесі: сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметке нақты уақыт режимінде мониторинг жүргізуге және компаниялар тобы бойынша шоғырландырылған есептілікті қалыптастыруға мүмкіндік береді;
- Тапсырмалар мониторингі жүйесі: сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау, қызметтік тергеулер және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңестердің нәтижелері бойынша берілген тапсырмалардың жауапты қызметкерлер тарапынан уақтылы әрі сапалы орындалуын бақылауға арналған.

Компаниялар тобының барлық комплаенс-офицерлері «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Жедел желісіне түсетін өтініштерді өңдеу үшін E-compliance ақпараттық жүйесіне қосылған. «Самұрық-Қазына» АҚ-ты тарта отырып, жүйені пайдалану бойынша оқыту ұйымдастырылды, бұл келіп түскен өтініштермен жұмыс істеу тиімділігін арттырды.

Бизнестің адалдығын арттыруға, корпоративтік басқару мен комплаенс жүйелерін дамытуға байланысты бастамаларға қатысу, уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен (ЭЫДҰ) тығыз ынтымақтастық жалғастырылды, 2024 жылы бірлескен форум ұйымдастырудың табысты тәжірибесі одан әрі дамытылды. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тағы ағымдағы жағдайды талдау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы озық тәжірибені енгізу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықпен күресуге және ашықтықты арттыруға бағытталған бизнестің ұжымдық бастамаларын іске асыру мәселелері бойынша бірқатар кездесулер өткізілді.

Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл күшейтілді: жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде Астана қаласында орналасқан «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және ЕТҰ қызметкерлері үшін ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті мен «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдерінің қатысуымен оқыту іс-шарасы ұйымдастырылды (100-ге жуық қатысушы). Компания қызмет ететін өңірлерде ЕТҰ-ның комплаенс-офицерлері уәкілетті мемлекеттік органдардың қатысуымен түсіндіру жұмыстарын жүргізді, бұл қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама туралы хабардарлығын арттыруға ықпал етті. Мәселен, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның бірқатар ЕТҰ-да 2025 жылы превенция (профилактика), сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру функциялары берілген ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті өкілдерімен кеңестер өткізілді. Іс-шаралар барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жолын кесу шаралары талқыланды, квазимемлекеттік сектор ұйымдарында сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік қатынасты қалыптастыру қажеттілігі баса айтылды. Сондай-ақ қатысушыларға сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне тартылудың ықтимал салдары туралы бейнематериалдар көрсетілді.

Іскер серіктестермен өзара іс-қимыл кеңейтілді: барлық ЕТҰ үшін жеткізушілер мен өзге де контрагенттерге таратуға арналған комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпараттық материалдар дайындалды. Бұл бизнесті адал жүргізудің бірыңғай стандарттарын қалыптастыруға және серіктестерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесіне тартуға ықпал етеді.

[73] **Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл** саясатымен толығырақ Компанияның ресми сайтында танысуға болады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

8. ҚОСЫМШАЛАР

Қызметкерлерді комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту

GRI 205-2

Комплаенс мәдениетін дамыту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамалар:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметкерлеріне арналған келесі тақырыптардағы оқу іс-шаралары: «ISO 37001:2016 сәйкес парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің ішкі аудиторы»;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ЕТҰ-ның тәуекелдерді басқару және комплаенс функцияларын жүзеге асыратын қызметкерлерінің қатысуымен өткен «Тиімді комплаенс арқылы тәуекелдерді басқару» тақырыбындағы дөңгелек үстел;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ЕТҰ-ның Директорлар кеңестерінің/Байқаушы кеңестерінің төрағалары мен мүшелеріне арналған «Іскерлік әдеп және корпоративтік комплаенс жүйесіндегі жоғары менеджменттің рөлі» тақырыбындағы оқыту;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ЕТҰ комплаенс бағыттарының қызметкерлеріне арналған «Парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесі (ПКМЖ). Сертификаттау аудитіне қалай дайындалу керек» тақырыбындағы оқыту;
- ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті мен «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдерінің қатысуымен өткен жалпыға бірдей декларациялау мәселелері бойынша оқыту іс-шарасы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ басқарушы лауазымдарындағы қызметкерлерге арналған корпоративтік сектордағы сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл тақырыбындағы оқыту;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ЕТҰ бас директорлары мен комплаенс бағыттарының қызметкерлеріне арналған іскерлік этикаға және корпоративтік комплаенс жүйесіндегі жоғары менеджменттің рөліне арналған оқыту;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметкерлеріне арналған ISO 37301:2021 халықаралық стандартының талаптары негізінде ұйымның комплаенс менеджменті жүйесін құру бойынша оқыту;
- Комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша жаңартылған ішкі құжаттар бойынша презентациялық материалдарды тарату және түсіндіру жұмыстары жүргізілді.


GRI 205-1

16 БЕЙБІТШІЛІК, ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ТИІМДІ ИНСТИТУТТАР

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та, сондай-ақ 17 ЕТҰ-да (Топ кәсіпорындарының 53%-ы)) есепті кезеңде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Оның нәтижелері бойынша талдау нәтижелері, негізгі анықталған тәуекелдер мен оларды азайту бойынша ұсынымдар, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдардың тізбесі қамтылған талдамалық анықтамалар дайындалды.

100% Компания қызметкерлері

мен басқару органдары мүшелерінің 100%-ы Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясатымен таныстырылды және жұмысқа қабылданған кезде, сондай-ақ оның ережелері әр жаңартылған сайын Этика кодексі бойынша оқудан өтті.



>14 000 қызметкері

комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқудан өтті.

GRI 205-3

Есепті 2025 жылы Қоғамның Қауіпсіздік департаменті «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-қа, оның еншілес және тәуелді ұйымдарына, сондай-ақ олардың қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық бағытындағы жаңа қылмыстық істердің қозғалғаны жөнінде мәліметтер келіп түскен жоқ.

Сонымен қатар есепті кезеңде қылмыстық құдалау органдары өткен жылдардағы жекелеген екі қылмыстық істер бойынша сот талқылауларын аяқтады , олар бойынша айыптау үкімдері заңды күшіне енді.

- Астана қаласы сотының 2025 жылғы 5 мамырдағы үкімімен Қоғамның бұрынғы жұмыскері лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдаланғаны үшін 4 жыл 6 айға бас бостандығынан айырылды.
- Қонаев қаласы сотының 2025 жылғы 28 қарашадағы үкімімен ЕТҰ-ның бұрынғы жұмыскері 2019–2021 жылдары іс жүзінде жүргізілмеген жұмыстар үшін негізсіз төлем жасау фактісі бойынша шартты түрде 8 жылға бас бостандығынан айырылды. Алматы облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2026 жылғы 14 қаңтардағы қаулысымен үкім өзгертіліп, бір бестен біріне қысқартылды және түпкілікті өтеуге 6 жыл 4 ай 24 күн бас бостандығынан айыру жазасы белгіленді.

Аталған құқық бұзушылықтар бойынша тергеу іс-шаралары жүргізілген кезеңде айыпталған жұмыскерлермен еңбек қатынастары тоқтатылғанын атап өткен жөн.

Қоғам үкімдердің барлық аспектілерін талдап, бақылаулар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктерді одан әрі жетілдіру үшін тиісті шаралар әзірледі, оның ішінде Компания мен ЕТҰ жоғары басшылығы үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша тренингтер ұйымдастырылды.

Есепті кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзуға байланысты іскер серіктестермен шарттық қарым-қатынастарды тоқтата тұрудың, жаңартудан бас тартудың немесе бұзудың расталған жағдайлары анықталған жоқ.

ESG қағидаттарына сәйкес «Қазатомөнеркәсіп» өзінің іскер серіктестері арасында комплаенс мәдениетін дамытуға және таратуға белсенді ықпал етеді. Есепті жылы Топтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттары мен рәсімдері жеткізушілердің назарына жеткізілді.

KAZATOMPROM NATIONAL ATOMIC COMPANY

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

8. ҚОСЫМШАЛАР

GRI 2-16, 2-24, EM-MM510A.1.

Компанияда қызметкерлер мен үшінші тұлғалардан сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың ықтимал жағдайлары, Этика және комплаенс кодексінің бұзылуы, сондай-ақ Топтың қызметіне әсер ететін өзге де заңнама талаптарын бұзу мәселелері бойынша өтініштерді қабылдауға арналған «жедел желі» жұмыс істейді. «Жедел желі» адал ниетті мәлімдемешілерге қатысты жауап шараларын қолдану қаупінсіз, ықтимал бұзушылықтар туралы құпия және қажет болған жағдайда анонимді түрде хабарлау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. «Жедел желінің» байланыс ақпараты Компанияның және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының ресми веб-сайтында орналастырылған.

2025 ЖЫЛЫ «ЖЕДЕЛ ЖЕЛІГЕ» 54 ӨТІНІШ КЕЛІП ТҮСТІ.


Тақырып	Саны
Еңбек және кадрлық мәселелер	19
Сатып алулар	10
Әдеп мәселелері	10
Өкілеттіктерді теріс пайдалану	8
Өзге де мәселелер	7

2026 жылға арналған жоспарлар

2026 жылға арналған жұмыс жоспарында базалық комплаенс-функциялардың сапалы орындалуын қамтамасыз етуге арналған стратегиялық жобалық, сондай-ақ операциялық бағыттарды іске асыру көзделген.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ компаниялар тобының стратегиялық бастамаларын іске асыру шеңберінде Комплаенс қызметінің 2026 жылға арналған жұмыс жоспарына алты негізгі мақсат енгізілді:

- Комплаенс менеджменті жүйесін ISO 37301 стандартына сәйкестікке сертификаттауға дайындау және ISO 37001:2016 стандарты бойынша растау аудитінен өту;
- Компаниялар тобында комплаенс функциясын цифрландыру және автоматтандыру;
- Комплаенс-процестердің бір бөлігін Топ деңгейінде орталықтандырудың ұйымдық моделін құру;
- Жасанды интеллектіні қолдануды реттеу;
- Комплаенс мәдениетін қалыптастыру;
- Операциялық комплаенс-функциялардың сапалы орындалуын қамтамасыз ету.



Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибесі

Физикалық ядролық, меншікті және экономикалық қауіпсіздік

GRI 3-3

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Компания мен ЕТҰ нысандарының физикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің стратегиялық маңыздылығын мойындайды. Компания активтерді қорғау және қауіпсіздік саласындағы жоғары стандарттарды ұстанады. Осыған байланысты нысандарды күзету тұрақты негізде жүзеге асырылады, өйткені уран өндіруші кәсіпорындар елдердің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Қауіпсіздік мәселелерін басқаруды «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның Қауіпсіздік департаменті жүзеге асырады. Қауіпсіздік департаменті өз қызметінде ұлттық заңнама мен халықаралық стандарттардың (МАГАТЭ) талаптарының сақталуын қамтамасыз ететін бірқатар ішкі құжаттарды басшылыққа алады. Компания мен ЕТҰ-да қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибесін реттейтін негізгі құжаттарға мыналар жатады:

- «Қауіпсіздікті қамтамасыз ету. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындарының физикалық ядролық қауіпсіздігін ұйымдастыру» стандарты;
- «Қауіпсіздікті қамтамасыз ету. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның меншікті қауіпсіздігін ұйымдастыру» стандарты;
- Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның экономикалық қауіпсіздік саясаты;
- «Қауіпсіздікті қамтамасыз ету. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да экономикалық қауіпсіздікті ұйымдастыру» стандарты;
- «Қауіпсіздікті қамтамасыз ету. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та қызметтік тергеулер жүргізу» стандарты.
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның физикалық ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саясаты;
- «ЕТҰ-ның кешенді қауіпсіздік жай-күйін тексеруді ұйымдастыру» саясаты;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның уран өндіруші еншілес және тәуелді ұйымдарының ядролық физикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету» қағидалары;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-дағы еңбек жанжалдарының алдын алу және оқшаулау бойынша іс-қимылдар алгоритмі» қағидалары;
- «Ішкі бұзушылар тудыратын қатерлердің алдын алу және оларға қарсы іс-қимыл» әдістемесі;
- «Лаңкестік қатер туындаған кездегі іс-қимылдар алгоритмі» нұсқаулығы;
- «Төтенше жағдай/төтенше ахуал кезеңінде уран өнімі мен прекурсорлардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша жедел іс-қимылдар» нұсқаулығы;
- «Мемлекеттік органдар тексерулер және/немесе процестік әрекеттер жүргізген кезде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жұмыскерлерінің іс-қимыл тәртібі» нұсқаулығы.

Қауіпсіздіктің жоғары стандарттарын сақтау мақсатында Компания өз нысандары мен еншілес кәсіпорындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешенін тұрақты негізде іске асырып отырады. 2025 жылы жұмыс физикалық қорғаныс жүйелерін дамытуға, қызметкерлер құрамының төтенше және штаттан тыс жағдайларға дайындық деңгейін арттыруға, уран өнімінің сақталуын бақылауды күшейтуге, сондай-ақ экономикалық және ядролық физикалық қауіпсіздік тетіктерін нығайтуға бағытталды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Есепті жылы Қауіпсіздік департаменті Компанияның 14 ЕТҰ-да физикалық қорғаныс жүйелерінің жай-күйіне бақылау тексерістерін жүргізді. Олардың қорытындылары бойынша жүйелердің жалпы алғанда заңнама талаптарына сәйкес келетіні анықталды, сонымен қатар одан әрі жетілдіруді қажет ететін жекелеген бағыттар айқындалды. Өткізілген оқу-жаттығу іс-шаралары қызметкерлердің дайындық деңгейінің артқанын және ықтимал қатерлер мен штаттан тыс жағдайларға ден қою тиімділігін растады.

2025 жылы қауіпсіздіктің жоғары стандарттарын сақтау және заңнамаға сәйкестікті қамтамасыз ету шеңберінде келесі іс-шаралар кешені өткізілді:

- 4 084 үміткер мен жұмыс істеп жүрген қызметкерлердің сенімділігіне тексеру жүргізілді;
- Қоғамның 14 ЕТҰ-да физикалық қорғаныс жүйелерінің жай-күйіне бақылау тексерістері жүргізілді;
- Қоғам басшылығы мен мемлекеттік органдар үшін физикалық ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жай-күйі туралы 20 талдау есебі дайындалды;
- Физикалық қорғаныс және күзет жүйелерінің тиімділігін тексеру бойынша 414 оқу-жаттығу іс-шарасы өткізілді;
- «KAP Logistics» ЖШС-те, «АППАҚ» ЖШС-те және «ОТХК» БК» ЖШС-те физикалық қорғаныс жүйелерін жаңғырту жұмыстары аяқталды, «Инкай» БК» ЖШС-те және «РУ-6» ЖШС-ті жаңғырту жұмыстары жалғасуда;
- Сатып алу рәсімдерін өткізу және шарттарға қол қою кезінде 5 605 жеткізуші мен мердігердің сенімділігі тексерілді, нәтижесінде 499 контрагент бойынша ықтимал тәуекелдер анықталды;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ компаниялар тобы бойынша 117 қызметтік тергеу жүргізілді, оның ішінде 53-і экономикалық қауіпсіздік желісі бойынша, сондай-ақ ең көп сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бойынша 5 тақырыптық тексеру өткізілді;
- Кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында Қоғамның өндірістік активтері орналасқан өңірлердегі (Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Түркістан, Қызылорда облыстары және Шымкент қ.) аумақтық Экономикалық тергеу департаменттерімен Меморандумдар жасасу аяқталды;
- Жанар-жағармай мен тауарлы-материалдық құндылықтар (ТМҚ) ұрлығының алдын алу бойынша ұйымдастырушылық-практикалық іс-шаралар жоспары өзектендірілді, ол отынды бақылау датчиктерін енгізуді және құқық қорғау органдарымен бірлескен рейдтер өткізуді көздейді; Жоспардың орындалуын тексеру қорытындысы бойынша ЖЖМ мен ТМҚ сақталуын қамтамасыз ету шараларының тиімділігін арттыруға бағытталған ұсынымдар берілді. 2025 жылы ядролық материалдар мен ядролық өнімді ұрлау немесе жымқыру фактілері тіркелген жоқ.

Қауіпсіздік қызметі жұмыскерлерін оқыту

GRI 410-1

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қауіпсіздік жүйесіне тартылған қызметкерлерді кәсіби даярлауға ерекше көңіл бөледі. Оқыту талаптары штаттық қызметкерлер құрамына да, еншілес және тәуелді ұйымдардың қауіпсіздік бөлімшелерінің қызметкерлеріне де қолданылады. Осы жұмыс шеңберінде Компания заңнама талаптарын, корпоративтік нормативтік құжаттарды және физикалық әрі экономикалық қауіпсіздік саласындағы үздік тәжірибелерді ескере отырып, қызметкерлердің біліктілігін жүйелі түрде арттыруды қамтамасыз етеді.

2025 жылы Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігінің Ядролық физика институты базасында (Алматы қ.) физикалық ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша ЕТҰ қауіпсіздік бөлімшелерінің 23 қызметкеріне оқу ұйымдастырылды. Бұдан бөлек, 2025 жылғы 12 мамыр мен 14 маусым аралығында «Зерде» оқу орталығы базасында Қоғамның Қауіпсіздік департаментінің барлық қызметкерлері корпоративтік қауіпсіздікті, соның ішінде экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша оқытудан өтіп, тиісті сертификаттар алды. Қазіргі уақытта ЕТҰ-ның қауіпсіздік бөлімшелері қызметкерлерін оқытуды ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдануда.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның Экономикалық қауіпсіздік саясатында, СТ НАК 13.6–2022 «Қауіпсіздікті қамтамасыз ету. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та экономикалық қауіпсіздікті ұйымдастыру» және СТ НАК 13.7–2024 «Қауіпсіздікті қамтамасыз ету. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та қызметтік тексерулерді жүргізу» стандарттарында қамтылып көрсетілген экономикалық қауіпсіздік желісі бойынша негізгі қағидаттарын жеткізу, сондай-ақ компаниялар тобында форензик-тәсілдерді дамыту мақсатында 2025 жылғы 12–13 ақпанда Шымкент қаласында ЕТҰ қауіпсіздік бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлерінің қатысуымен көшпелі семинар-кеңес өткізілді.

Бұдан бөлек, экономикалық қауіпсіздік желісі бойынша практикалық қызметте туындайтын проблемалық мәселелерді талқылау мақсатында 2025 жылғы 25 сәуірде ЕТҰ қауіпсіздік бөлімшелерінің басшыларымен және жауапты қызметкерлерімен семинар өткізілді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ
КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025
2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ
1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ
2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ
3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ
4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ
6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
8. ҚОСЫМШАЛАР

Ақпараттық қауіпсіздік

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның ақпараттық қауіпсіздікті басқару тәсілі Ақпараттық қауіпсіздік саясатына негізделген және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ISO/IEC 27000 халықаралық стандарттарына сәйкес келуге бағытталған. Саясаттың негізгі міндеті компанияның ақпараттық активтерін қорғауға бағытталған ақпараттық қауіпсіздікті басқарудың тиімді жүйесін (АҚБЖ) дамыту болып табылады.

Саясат ақпараттың сақталу немесе өңдеу нысанына қарамастан, оның құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз етуді көздейді. Ақпараттық қауіпсіздік қатерлері мен тәуекелдерінің іске асуынан болатын ықтимал залалды азайтуға, бизнес-үдерістердің үздіксіздігін қолдауға, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік саласындағы бірыңғай корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Ақпараттық қауіпсіздікті басқарудың маңызды аспектісі — барлық деңгейдегі қызметкерлерді ақпаратты қорғау үдерістеріне тарту және олардың осы саладағы құзыреттерін дамыту.

Компания басшылығы ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде көшбасшылық пен жеке жауапкершілікті көрсете отырып, мәдениетті қалыптастыруда және міндеттерді қоюда орталық рөл атқарады. Компания ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларына үздіксіз мониторинг жүргізеді және оларға жедел жауап қайтарады, бұл тәуекелдерді азайтуға және ықтимал қатерлердің алдын алуға мүмкіндік береді.

Кешенді АҚБЖ шеңберінде 2025 жылы киберқауіпсіздікті дамыту бойынша іс-шараларды іске асыру жалғастырылды: ИТ-жүйелерге тәулік бойы мониторинг жүргізіледі, осал тұстарға талдау жасалады, ақпараттық қауіпсіздік оқыс жайттарына жауап қайтару жүзеге асырылады.

Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету және ақпараттық жүйелерді қалпына келтіру жоспары тестілеуден өтті. ИТ-инфрақұрылым мен ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесіне ішкі аудитті Компанияның Ішкі аудит қызметі жүргізді; есепті жылы тәуелсіз сыртқы аудит жүргізілген жоқ. Оқыс жайттарды өршіту үдерісі қолданыстағы АҚ оқыс жайттарына жауап қайтару жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес Service Desk техникалық қолдау қызметі арқылы жүзеге асырылады.

2025 жылы екі нұсқаулық («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та желілік қауіпсіздікті қамтамасыз ету» және ««Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың ақпараттық қауіпсіздік сәулеті») өзектендірілді және үш жаңа құжат, соның ішінде аутентификациялау және қолжетімділік құқықтарын шектеу қағидалары, антивирустық бақылау қағидалары және ТҮ АБЖ (технологиялық үдерістерді автоматтандырылған басқару жүйесі) қорғау жөніндегі СТ НАК 47-2025 стандарты қолданысқа енгізілді. Есепті жылы жалпы сомасы ҚҚС-сыз 112 630 050 теңгеге келесі қызметтерге шарттар жасалды: Кешенді ақпараттық қауіпсіздік жүйесі; Ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығы; Виртуалды деректер бөлмесі (VDR); PAM және IDM жүйелері.

Цифрлық ортадағы алаяқтық пен теріс пайдаланушылыққа қарсы іс-қимыл мақсатында 2025 жылы Компания брендін имитациялайтын 100-ден астам фишингтік ресурс анықталды, оның ішінде генеративті ЖИ қолданумен жасалған контент те бар. Ақпараттық науқандар мен теріске шығару материалдары (әлеуметтік желілердегі және БАҚ-тағы материалдар, таргетингтік науқандар) жүргізілді, алаяқтық жарнамаларды блоктауға өтінімдер жіберілді, пайдаланушыларға хабарламалар жолданды, дипфейктерді тану бойынша оқытушы ЖИ-ролик жасалды және әлеуметтік желілерде түйін сөздер бойынша мониторинг жүзеге асырылуда.

Киберқауіпсіздік мәдениетін арттыру шеңберінде 2025 жылғы 15 қыркүйек пен 14 қараша аралығында Қоғам қызметкерлерін ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша оқыту және тестілеу өткізілді, бұған 339 қызметкер қамтылып, өту деңгейі 99,12%-ды құрады. Сонымен қатар 21 ЕТҰ қызметкерлері үшін оқыту мен тестілеу өткізілді: оған 4 699 қызметкер қатысты, компаниялар тобы бойынша орташа өту деңгейі 94,2%-ды құрады.

Есепті жылы жабдықты жеткізу және монтаждау аяқталып, ТҮ БАЖ-ға «Industrial Cyber Security» жүйесін интеграциялау және оны орталықтандырылған мониторинг жүйесіне қосу жұмыстары орындалды. Сондай-ақ Компания Қазақстан Республикасының атом саласын дамытудың 2050 жылға дейінгі стратегиясын әзірлеуге қатысты, оның шеңберінде ақпараттық қауіпсіздік пен цифрлық егемендікті қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстар ескерілді. Артықшылықты пайдаланушылардың мониторинг жүйесін енгізу жұмыстары қайта жанданды. 2026 жылы АҚБЖ-ны одан әрі жетілдіру және киберқауіптерді проактивті анықтау мен алдын алу үшін Threat Intelligence сыныбындағы шешімдерді енгізу жоспарлануда.

2025 жылы деректердің жылыстауы және құпиялылықтың бұзылу жағдайлары тіркелген жоқ.

Мемлекеттік органдармен байланыс және лоббистік қызмет

Компанияның мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсілі жеке тұлғалармен қарым-қатынаста да, мемлекеттік органдармен жұмыста да парақорлықтың немесе сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністерін қатаң түрде жоққа шығарады.

GRI 415-1

Әдеп және комплаенс кодексіне сәйкес, Қазатомөнеркәсіп саяси партияларға, ұйымдарға немесе олардың өкілдеріне қаржылық қолдау көрсетпейді, сондай-ақ саяси қызметке қатыспайды. Сонымен қатар Компания қызметкерлерінің, егер бұл заңнамаға қайшы келмесе, өз қалауы бойынша саяси партияларға көмек көрсетуге немесе жарналар аударуға құқығы бар.

«Сыйлықтар мен брендтелген кәдесыйларды сыйға тарту және алу туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ережелерге сәйкес, Компанияда материалдық құндылықтарды, тауарларды, қызметтерді немесе өзге де пайданы, егер бұл басқарушылық шешімдерді қабылдауға әсер етуі мүмкін болса, қабылдауға немесе ұсынуға қатаң тыйым салынады.

KAZATOMPROM NATIONAL ATOMIC COMPANY

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ САНДЫҚ ТҮРДЕГІ СИПАТТАМАСЫ 2025

2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. КОМПАНИЯ БЕЙНЕСІ

2. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШОЛУ

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

4. БИЗНЕСТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

8. ҚОСЫМШАЛАР

8. Қосымшалар

Есеп туралы 328
2023-2025 жылдардағы негізгі ESG көрсеткіштері..... 336
Басшылықтың растауы 352
Еншілес ұйымдар, бірлескен кәсіпорындар, бірлескен операциялар және қауымдастырылған ұйымдар 353
GRI көрсеткіштерінің кестесі..... 356
TCFD көрсеткіштерінің кестесі..... 378
TNFD көрсеткіштерінің кестесі 379
SASB көрсеткіштерінің кестесі..... 380
UNCTAD көрсеткіштерінің кестесі..... 384
Тәуелсіз аудитордың қорытындысы 387
Шоғырландырылған қаржылық есептілік 400
Глоссарий 495
Ұлыбританиядағы салық салу туралы ақпарат..... 499
Байланыс ақпараты..... 502

Есеп туралы

Жалпы ақпарат

GRI 2–3

Осы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2025 жылға арналған біріктірілген жылдық есебі (Есеп) Компанияның 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі қаржы-шаруашылық және операциялық қызметі, даму стратегиясы, сондай-ақ Компания қызметін жүзеге асыратын өңірлердегі тұрақты даму саласындағы жетістіктері туралы ақпаратты ашатын он төртінші есеп болып табылады. Алдыңғы Есеп 2025 жылдың сәуірінде жарияланған. Алдыңғы жылдардағы Есептердің электрондық нұсқаларымен Компанияның ресми сайтында танысуға болады.

Осы Есеп 2026 жылдың сәуірінде жарияланды.

Есеп тұрақты даму саласындағы есептілік стандарттары GRI Standards 2021, SASB Metals & Mining және климат жөніндегі ақпаратты ашу тәртібін айқындайтын TCFD ұсынымдары негізінде дайындалған.

Есепте Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Қоғамның ішкі талаптары мен ережелеріне, халықаралық корпоративтік басқару тәжірибесіне сәйкес негізгі деректердің мәні ашылған. Есепті дайындау кезінде келесі құжаттар ескерілді:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген эмитенттің ақпаратты ашу қағидалары, эмитент ашуға тиіс ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ эмитенттің қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты ашу мерзімдері;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ақпаратын ашу ережелері;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Корпоративтік басқару кодексі;
